



Б 83(5К)  
У51

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М




Г. С. Умарова, С. Ф. Шарабасов

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

883(БҚ)  
У51

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Г. С. Умарова, С. Ф. Шарабасов

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

*Оқулық*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
кәсіптік бастауыш және орта білім беру  
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы  
Астана-2007

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетін салыстырмалы оқыту маңызды әдістемелік тәсіл болып табылады. Белгіліден белгісізге қарай аяқ басатын ежелгі әдіс бұл жерде баға жетпес көмекші. Қазақ әдебиетінің шығармалары мен кейіпкерлері орыс тілді ортаға түсінікті де жақын болуына қол жеткізуіміз керек. Орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіне ортақ көздерді анықтап, өзара тарихи байланыстығын анықтау қажет. Шығармалардың тарихи және әдеби қайнар көздерін белгілі кезде талдау қиындық тудырмайды, олар түсінікті әрі жақын болады. Мысалы, С.Сейфуллин мен В.Маяковский шығармаларын салыстырмауға болмайды. Поэтикалық дарындары Қазан төңкерісімен қатар ашылған С. Сейфуллин мен В.Маяковский шығармаларына тән ортақ көріністер көп екені мәлім. Ақын-азаматтың, ақын-қайраткердің ыстық сезімінен туған поэзияны байытуға, дамытуға оның мүмкіншілік аясын кеңейтуге деген талпыныс пен дамылсыз шығармашылық ізденіс екеуіне де тән қасиеттер. Екеуі де өз халқының поэзиясына биік азаматтық пафосты енгізді. Екі туысқан халықтың поэзиясы да бұрын-соңды мұндай биік қоғамдық серпінді білмейтін-ді. Маяковский мен Сейфуллин шығармашылығының кейбір ортақтығымен қатар олар дара тұлғалы ақындар болатын. Оқытушының міндеті – оларды салыстыра отырып, қазақ ақыны дарынының сонылығы мен өзгешелігін толық көлемде ашып беру. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ поэзиясын оқи отырып, М.Жұмабаевтың, А.Блок пен С.Есенин поэзияларын салыстыра оқыту қажет. Қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқығанда орыс фольклорындағы осыған ұқсас құбылыстарға желі тартпауға болмайды. "Қобыланды батыр" эпосымен танысқан кезде Илья Муромец туралы, олардың пайда болу жағдай-

**Пікір жазғандар:**

Ибраева А.Д. – филология ғылымдарының кандидаты;

Ермекбаева А.Е. – педагогика пәнінің оқытушысы, әдіскер

У 51 Умарова Г.С. Шарабасов С.Ф.

Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 244 б.

ISBN 9965-35-120-1

Оқулықта қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі даму бағыты көрсетіліп, қазақ ақын-жазушыларының шығармашылық жолы, қаламгерлік қуаты және туындыларының тарихилығы баян етілген.

Кітап «Мемлекеттік емес тілдегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған.

У 4603020000  
00 (05)-07

ББК 83.3 (5 Каз) я 73

ISBN 9965-35-120-1

© Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф., 2007

© «Фолиант» баспасы, 2007

ларына, халық өміріндегі мәніне, қазақ және орыс халқы тағдырларының ұқсастық жақтарына тоқталып өткен жағдайда қазақ фольклоры эпосын оқушылар қызыға қабылдайды. Абай шығармашылығымен танысқан кезде А.С. Пушкин шығармашылығын, оның орыс әдебиетін дамытудағы тарихи рөлін еске алмауға болмайды. Абай есіміне Ә.М.Ю.Лермонтов, И.Крылов, В.Г.Белинский, М.Е.Салтыков-Щедрин, Л.Н.Толстой сияқты орыстың ұлы ақын-жазушылары да байланысты. С.Торайғыров пен М.Лермонтов сияқты ұлы протестанттардың, Ы.Алтынсарин мен К.Д.Ушинский, Н.Ф.Булгаков, сонымен қатар Л.Н.Толстой секілді орыстың тамаша ағартушы педагогтарының бейнесі өзінен-өзі жадыға оралады. Әр заманның алдыңғы қатарлы адамдары қазақ халқына, оның мәдениеті мен тарихына терең назар аударды. Бұл қатарда ұлы адамдар атын көптеп атауға болады, мысалы, А.С.Пушкин, Д.Н. Мамин-Сибиряк, В.Даль, т.б. зиялылардың есімдері бар.

Орыс жазушылары XIX ғасырдың басында-ақ қазақ халқының өміріне арналған көркем шығармалар жазды. Әйгілі "Түсіндірме сөздікті" құрастырушы В.Дальдің шығармаларын еске түсіруге тура келеді. Ол езілген қазақ халқына деген ықыласқа толы "Бикей и Мауляна", "Майна", "Уральский казак", т.б. әңгімелер мен повестер жазды.

Оқытылатын материалды әсерлі тұрғыда бере білудің мәні зор. Оқытушының сәтті таңдаған мәтіні, нақты да мәнерлі әңгімелеуі, оның әуезді дауысы студенттер көңілін аударып, оларға эстетикалық тәрбие береді.

Бұл бағдарлама материалдары біртұтас әдеби үрдіс желісін қалыптастыруға мүмкіндік беретін және ғылыми пән ретіндегі қазақ әдебиеті туралы толық ұғым қалыптастыруға ықпал ететін негізгі үш принцип бойынша іріктелді:

1. *Хронологиялық.* Қазақ әдебиетінің барлық материалдары ежелгі заманнан бүгінгі әдебиетке дейін қарастырылады.

2. *Тарихи-әдеби.* Әдеби шығармаларды нақты тарихи оқиғаларға байланысты қарастыруға көмек етеді, әр түрлі

тарихи дәуір бейнесі көрсетіліп, қарастырылып отырған шығарманың біздің заманымыз үшін маңызы ашылады. Мысалы, жыраулар шығармаларын оқытқан кезде олардың қоғамдағы рөліне, тіпті хандардың да олардың пікірімен санасуына тура келгендігіне және өз ақындық шабытымен шайқас алдында әскер рухын көтергеніне назар аударылады. Сол арқылы ақынның қоғамдағы рөліне көңіл бөлінеді. Көркем шығармадағы тарихи және жалпы адамдық оқиғалар арақатынасын нақты белгілеу қажет. Қазақ әдебиетіндегі жалпы адамдық аспектілерді анықтау, оқытушының сөз зергерлерінің нақты тарихи жағдайларға байланысты өз алдарына қойған моральдық мәселелерге көңіл аударуын талап етеді. "Қазақ әдебиеті тарихы" курсына тамаша көркем шығармалармен танысуға және олардың жалпы әдебиет дамуындағы бұрынғы жән қазіргі кезеңдегі маңызын айқындауға мүмкіндік беретін монографиялық шолу тақырыптары кіреді. Монографиялық тақырып желісінде жазушының бір немесе бірнеше шығармасы талданады.

Сонымен қатар монографиялық тақырыптар тек көркем мәтінді ұғындырып қана қоймайды, сөз суреткерінің өмірі мен қызметін түсінуге, оның рухани ортасы мен биік адамгершілігін, қазақ және әлем әдебиетіне қосқан үлесін, адамгершілік бейнесін ұғынуға және нақты мысалдар арқылы өз өнерінің қуатымен халқына және қоғамға қызмет ету идеясын, жазушы тағдырын түсінуге ықпал ететін жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтерді қамтиды. Мұны Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметін оқытқан кезде айқын көрсетуге болады.

3. *Теориялық.* Материалдың әр тарауында әдебиеттану саласынан теориялық мәліметтер де болады. Мысалы, "Көне түркі мифтері мен аңыздары" тақырыбын оқытқан кезде бұл жанрлардың ерекшелігі түсіндіріледі. Б.Майлиннің, Ғ.Мүсіреповтың шығармаларын өткен кезде әдебиеттегі әңгіме жанрын түсінуге, оның әр түрлі үлгілерімен танысып, эволюциясын бағамдап, XX ғасыр басындағы әңгімелердегі жаңашылдық пен дәстүрлілікті ұғынуға көмегі тиетін осы жазушылардың өз әңгімелеріне жүгінеміз.

Үнтаспадағы жазбаларды кеңінен қолданып, К.Байсейітованың, Б.Төлегенованың, Р.Бағланованың, Е.Серкебаевтың т.б. орындауындағы халық әндерін тыңдату оқушыларда үлкен әсер қалдырып, әдебиеттен рахат тауып, білімін арттыруға қосымша ықпал етеді.

Мүмкіндігіне қарай ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастырудың, мұражайларды аралаудың, әдеби ескерткіштермен танысудың, кино және театрларға барудың, әдеби кештер (мысалы "Абай және Пушкин", "Абай және Лермонтов", "Абай және Гете", "С.Сейфуллин және В.Маяковский", "Ш.Уәлиханов және орыс әдебиеті қайраткерлері" тақырыптарына) өткізудің берері мол.

"Қазақ әдебиеті тарихы" пәні 0307002 мамандығы бойынша топтарда 108 сағатқа есептелген.

### Көне түркі мифтері мен аңыздары

"Миф" терминінің анықтамасы, мифтердің пайда болу себептері, көне түркі мифтерінің ерекшеліктері. Ш.Уәлиханов жазып алған көне түркі мифтері, Қорқыт, Асан Қайғы және батырлар туралы қазақ халқының аңыздары.

### Қазақ халқының поэтикалық шығармалары

Қазақ халық шығармашылығы туралы жалпы ұғым. Халық поэтикалық шығармашылығының ерекшеліктері: ауызшалығы, ұжымдылығы, халықтығы, варианттылығы, авторы белгісіздігі, синкритизм, т.б. Ауыз әдебиеті – халықтың ұзақ ғасырлар бойғы еңбек тәжірибесінің жан-жақты бейнесі. Қазақ фольклор жанры туралы ұғым, оның қайнар көзі, пайда болуы мен дамуы. Әр халық фольклор жанрларының өзара байланысы және қазақ ауыз әдебиетінің кейбір жанрлық ерекшеліктері.

Халық ауыз әдебиеті – қоғамдық өмір айнасы. Фольклордың көркемдік-идеялық құндылығы. Ауыз әдебиеті және көркем әдебиет, олардың өзара байланысы. Қазақ фольклоры, оны жинақтау және зерттеу. Ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинақтау мен зерттеудегі алдыңғы қатарлы орыс зиялылары өкілдерінің рөлі.

### Қазақ тұрмыс-салт жырлары

Халық әндері. Халық өміріндегі әннің рөлі, әндер сипаттамасы. Көшпенді-малшылардың дүниетанымы мен еңбек қызметі халық әндерінің қайнар көзі ретінде. Ән поэтикалары. Тұрмыс-салт жырларының әлеуметтік және көркемдік мәні. Жыр түрлері: салт-дәстүр, лирикалық және тарихи жырлар. Салт-дәстүр жырлары – қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармаларының өте көне және кең таралған түрлерінің бірі. Салт-дәстүр жырларының мазмұны мен тұрмыстық жағдайлары және олардың пайда болу көздері. Той жырлары: "Жар-жар", "Сыңсу", "Беташар". Той жырларының идеялық мазмұны. Ондағы еріксіз әйел бейнесі. Салт-дәстүр жырларындағы драмалық әрекет элементтері. Салт-дәстүр жырларының көркемдік ерекшеліктері мен құрылымы. Жерлеу және ас беру жырлары – тұрмыс-салт жырларының бір түрі. "Қоштасу", "Естірту", "Жоқтау" ондағы қоғамдық және отбасылық, жеке қайғы бейнесі. Қазақтың қайғылы жырларындағы әр түрлі тақырыптар мен көркемдік тәсілдер. Лирикалық жырлар. Ондағы адамдардың рухани дүниесі, олардың еркін де бақытты өмір туралы арманы мен құлдық еңбекке деген жек көрушілігінің, тарихи жағдайлардың бейнесі. Тарихи жырлардың көркемдік-идеялық ерекшеліктері. XVIII ғ. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық өмірі туралы жырлар. Сырым Датов, Исатай Тайманов, т.б. көтерілістері туралы тарихи жырлардың азаттық әуендері. Ежелгі қазақ поэзиясының қалыптасуы мен дамуындағы халық әндерінің маңызы.

### Мақалдар

Мақал-мәтелдер – халық даналығының поэтикалық бейнелену нысаны. Мақалдардың идеялық-тақырыптық мазмұны. Ондағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар бейнесі. Мақалдардың көркемдік ерекшеліктері. Бұл халықтық жанрдың тұрмыста және әдебиетте қолданылуы.

**Жанр анықтамасы.** Ертегілердің пайда болуы мен ерекшеліктері. Ертегілердегі анимистік, тотемистік және сиқыршылық көріністер бейнесі. Ертегілердегі әлеуметтік күрес пен еңбек үрдістерінің бейнесі. Халық ертегілеріндегі халық үмітінің, ұмтылысының, арман-мүддесінің көріністері. Ертегілердің негізгі түрлері: қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы және тұрмыстық ертегілер. **Қиял-ғажайып немесе сиқырлы тылсым ертегілері** – халық мәдениетінің көне ескерткіштері. Қиял-ғажайып ертегілерінің кейіпкерлері, негізгі идеясы мен сюжеті. Табиғат күшін бағындыру, жақсылық пен зұлымдық арасындағы күрес және жақсылықтың жеңісі ертегі қиялының негізгі өзегі. "Ер Төстік" ертегісі – қазақ қиял-ғажайып ертегісіне тән ертегі. Қиял-ғажайып ертегілердің құрылымы мен тіл байлығы.

**Хайуанаттар туралы ертегілер.** Хайуанаттар туралы ертегілер генезисі, олардың тотемизммен, анимизммен байланысы. Хайуанаттар туралы ертегілердің образдары мен негізгі себептері. "Түлкі, аю, қасқыр, арыстан және бөдене", "Түлкі, аю және бақташы", "Үш дос", т.б. ертегілер. Хайуанаттар туралы ертегілердің әлеуметтік бағыты мен шиеленісі. Балаларға арналған хайуанаттар туралы ертегілердің танымдық дидактикалық сипаты. Хайуанаттар туралы ертегілердегі тілдік колорит пен баяндау тәсілі (манерасы). Тұрмыс-салт және сатиралық ертегілер. Тұрмыс-салт ертегілері – қазақ ертегілері ішіндегі ең бай жанр. Оларда тым ерте дәуірдегі, феодалдық-патриархалдық қоғамдағы күні кешегі өмір шындығы бейнеленеді. Оларда қазақ халқының антифеодалдық көңіл-күйі мен еңбек тұрмысы суреттеледі. Ертегілердегі әлеуметтік наразылық. Күлкі, әжуа – тап күресінің нысаны. Байларды, хандарды, молдаларды әжуалайтын ("Алдар Көсе", "Шықбермес Шығайбай", "Жиренше шешен", "Тазша баланың қырық өтірігі", "Бай мен кедей") ертегілері. Бұл ертегілердің реалистік сипаты, олардың поэтикалық ерекшеліктері. Халық ертегілеріндегі эстетикалық білім. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі халық ертегілерінің маңызы мен орны.

**Жанр анықтамасы.** Қазақ эпостары мен батырлар жырының шығу тарихы мен даму жағдайлары. Эпостардағы феодалдық ыдыраушылық жағдайындағы бірлік үшін, шет жұрттық шапқыншылардан жерін қорғау үшін күрес пен тарихи шындықтың бейнеленуі.

**Батырлық эпостар.** Батырлық эпостардағы образдар мен негізгі себептер. "Қобыланды батыр" эпосы. Туған жер қорғаны – Қобыланды, әйелдер, ер қанаты батыр тұлпарының және жаулардың бейнесі.

**Әлеуметтік-тұрмыстық эпостар.** (Лирико-эпикалық поэмалары). "Қыз Жібек" эпосы. Эпос махабатқа деген тұрақтылық, ар-намыс туралы ойларға толы. Эпостың көркемдік ерекшеліктері.

### Айтыс

Айтыс – қазақ фольклорындағы өзінше бай жанр. Айтыстың анықтамасы мен ерекшеліктері. Оның түрлері. "Біржан-Сара" айтысы. Осы айтыстың қоғамдық, этикалық-эстетикалық мотивтері мен көркемдік байлығы. "Жамбыл мен Құлмамбет" айтысы, таптық мүдделердің қайшы келуі және әлеуметтік қайшылықтар, осы айтыстағы феодалдық-патриархалдық қоғамның өнегелілік кемшіліктері.

Кеңес дәуіріндегі айтыстар.

### Көне түркі әдебиетінен XX ғасыр әдебиетіне дейін

**Кіріспе.** Қазақ әдебиеті көне заманнан қазіргі күнге дейінгі халық өмірінің көркем бейнесі ретінде.

**Көне түркі жазба ескерткіштері** (шолу) Енисей мен Шығыс Түркістаннан Кавказ бен Дунайға дейінгі Орхон-Енисей, немесе руникалық сына жазу мәтіндері. Өз тарихы туралы түркілердің алғашқы жазбалары (582-583 жылдар). Есік қорғанындағы "Алтын адам" зираты (б.д.д. 4 ғасыр). Көне Түркістандағы кітаптар: бұлама қағаз, дәптерлер, көбелектер, қағаз бүкпелер, қабықтар, пальма жапырақтары, жібектер, терілер.

**Алғашқы сөздіктер.** Махмұд Қашқари. "Түркі сөздері сөздігі". Эпикалық ескерткіш – "Қорқыт ата кітабы". Қорқыт – аңыз-әңгімелер кейіпкері.

**X-XII ғасырлардағы әдебиет.** Түркі әдебиетінің "Алтын ғасыры".

Әбу Насыр әл-Фараби – ерте ортағасырдың тамаша ойшылы, ғалым, философ, ақын, "Шығыс Аристотелі". Оның "Поэзия өнері туралы" кітабы.

**Ахмет Иассауи.** Ақын хикметтері. **Жүсіп Баласағұни.** "Құтадғу білік" – мыңжылдық классикалық түркі тілді халықтар әдебиетінің тамаша ескерткіші. Төрт құнды маңызы: Әділдік, Бақыт, Ақыл, Көнбістік.

### **XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті**

**XV-XVII ғасырлардағы поэзия.** Орта ғасырдағы Қазақстандағы тарихи жағдайлар көне поэзияның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері.

**Жырау** – қазақ ақындарының ежелгі түрі. Толғау – заман, өмір, оқиғалар туралы поэтикалық толғаныстар. Дербес шығармашылықтың фольклордан бөліну үрдісінің бастамасы. **Асан Қайғы, Шалкиіз жырау, Қазтуған жырау** – көне қазақ поэзиясының өкілдері.

**XVIII ғасыр әдебиеті.** Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастарға қысқаша сипаттама. Жоңғар шапқыншылығы, Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуының бастамасы, оның тарихи маңызы. **Бұқар жырау Қалқаманұлы** – XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі тұлғаларының бірі. Бұқар шығармаларындағы ауыз бірлік тақырыбы.

### **XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиет**

Қазақстан мен Ресейдің саяси-экономикалық қатынастарының нығаюы. Орыс жазушыларының қазақ халқының тұрмысына қызығушылығы. В.И.Дальдің "Бикей и Мауляна", "Майна", В.Н. Ушаков "Киргиз-кайсақ", Д.Н. Мамин-Сибиряк "Ақбоз ат", "Баймаған", т.б. Халық санасының өсуі, халықтық антифеодалдық азаттық қоз-

ғалыстары. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған көтеріліс (1836-37 ж.). Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин – жаңа қатынастардың алғашқы идеологтары, олардың батыс және орыс мәдениетіне жол ашуы.

**М.Өтемісұлы (1804-1846).** Ақын – қайраткер. Ақын шығармаларындағы тарихи оқиғалар көрінісі. Көтеріліс басшысы И.Тайманұлының бейнесі.

### **XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет**

Қазақ қоғамының экономикасы, мәдениеті мен әлеуметтік жағдайы. Тап күресінің шиеленісуі. Қазақстанда алдыңғы қатарлы демократиялық ой-пікірдің дамуы, олардың әдебиетке әсері.

**Қазақ ағартушылары.**

**Ш.Уәлиханов (1835-1865).** Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі негізгі мәселелер, өмірі мен қызметі, "Жоңғар очерктері", "Қырдағы мұсылмандық туралы", "Қырғыздар" т.б. еңбектері.

**Ы.Алтынсарин (1841-1889).** Ағартушы, жазушы-демократ, аудармашы, ақын. Алтынсарин әңгімелері мен новеллалары – қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның алғашқы үлгілері. Алтынсарин әңгімелерінің өміршеңдігі.

**А.Құнанбайұлы (1845-1904).** Абай – жаңа қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ақынның қызметі мен шығармашылық тағдыры, оның XIX ғасырдың II жартысынан қазіргі күнге дейін қазақ менталитетінің, рухани мәдениетінің қалыптасу үрдісіне ықпалы.

Ақын лирикасы. Оның шығармаларының негізгі тақырыптары. "Сегіз аяқ", "Қара сөздері", жанрлық және көркемдік ерекшелігі. Абайдың Батыс Еуропа және орыс әдебиетінің классикалық жазушыларының шығармаларынан көркем аудармалары. Абайдың ұлттық поэзия мен сазды дамытудағы рөлі.

### **Қорытынды**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының негізгі қорытындылары. Оның кейінгі әдеби үрдіс үшін маңызы.

## XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет

Қазақ халқының экономикалық, саяси-әлеуметтік өміріндегі бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық төңкерісіне, бірінші дүниежүзілік соғысқа және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туындаған өзгеріске байланысты XX ғасырдың басындағы әдеби бағыттарға сипаттама.

**С.Торайғыров (1893-1920).** Өмірі мен шығармашылығы. Оның лирикасының әлеуметтік мәні, жағымпаздық пен менмендікке келіспеушілігі, опасыздықты, надандықты, масаттанушылықты өжуалауы. Халқының тағдыры үшін ашынуы, туған жерге, Отанға, тілге деген махаббаты.

Ақынның махаббат лирикалары. "Қамар сұлу" романының мазмұнына шолу. Қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесі. "Адасқан өмір" философиялық поэмасы. Өмір мәні мәселелері.

**С.Көбеев (1878-1956).** Педагог жазушының қысқаша өмірбаяны. Д.Ушинскийден, Л.Толстойдан, И.Крыловтан және Ы.Алтынсариннен шығармашылық үндестігі. "Қалың мал" романы – алғашқы қазақ романдарының бірі. Тақырыбы, сюжеті мен композициясы.

### "Қайта оралған әдебиет"

Қазан төңкерісі. Қазақ кеңес әдебиетінің өмірге келуі. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылар: С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов, т.б. Осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің жанры мен тақырыптары.

**Ш.Құдайбердиев (1858-1931).** Өмірі және шығармашылық жолы, трагедиялық тағдыры. "Қалқаман-Мамыр" және "Еңлік-Кебек" реалистік поэмалары, олардың тақырыбы, көтерген мәселелері, сюжеті мен композициясы, образдар жүйесі. Л.Толстоймен хат алысуы. А.Пушкиннің "Дубровский", "Боран" шығармаларын қазақ тіліне аударуы. Қырдың жыршы-ақындары: Ақан сері, Біржан сал,

Жаяу Мұса, Балуан Шолақ (шолу). Серілер мен салдар поэзиясының ақын-жырау поэзиясынан айырмашылығы.

**А.Байтұрсынов (1873-1937).** Лингвист-ғалым, әдебиеттанушы, аудармашы, ақынның шығармашылық жолы. "Қазақ" газетіндегі тіл білімі, әдебиет, ағарту мәселелері бойынша мақалалары. "Жоқтау" жинағы. "Қазақтардың бас ақыны" мақаласы.

**М.Дулатов (1885-1935).** Ақын, жазушы, түрколог, алғашқы оқулықтар авторы. "Бақытсыз Жамал" романы. "Оян, қазақ!" поэтикалық жинағы.

**С.Дөнентаев (1894-1933).** "Уақ-түйек" өлеңдер жинағы.

**М.Жұмабаев (1893-1938).** Өмірі мен шығармашылығы, трагедиялық тағдыры. Жұмабаев лирикасы. Сауаттылыққа, білімге шақыру лирикасындағы философиялық төсілдер, ақынның Абай дәстүрін байытуы мен дамытуы. Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындық шеберлігі туралы" мақаласы.

**Ж.Аймауытов (1889-1931).** Ақын, Қазақстанның алғашқы драматургтарының бірі, педагогика, психология және өнерге байланысты оқулықтардың авторы. "Ақбілек" романы: қазақ әйелінің азапты жолдары.

**С.Сейфуллин (1894-1939).** Оның лирикалық шығармаларының сан-қилы тақырыптары. С.Сейфуллин өлеңдеріндегі жаңа заман лебі мен төңкерістік оқиғалардың бейнесі. "Тар жол, тайғақ кешу" романы: тақырыбы, композициясы, идеясы, кейіпкері, жанр ерекшелігі.

**Б.Майлин (1894-1939).** Өмірі мен шығармашылығы. Поэзиясы. Жаңа өмір құрылысшысы, күрескер ауыл кедейінің жиынтық бейнесі Мырқымбай туралы өлеңдер циклы. Б.Майлин – шағын әңгіме шебері. Жазушы әңгімелеріндегі ұжымдастыру тақырыбы, юмор.

**І.Жансүгіров (1894-1937).** Ақынның трагедиялық тағдыры. Лирикасындағы туған өлке сұлулығы. Ақынның Ресейге деген шынайы сүйіспеншілігі. Оның шығармаларындағы халықтар достығы тақырыбы. "Дала" поэмасы: ойы, тақырыбы, идеясы, композициясы, көркемдік ерекшеліктері; поэмадағы Отан тарихы. "Қайта оралған қазақ әдебиетіне" жаңаша көзқарас.



Бұл жылдардағы әдебиеттің негізгі мазмұны – Отан бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы халықтың қайтпас ерлігі. Жамбылдың әскери өлеңдері. Қазақстандықтардың майдандағы және тылдағы ерлігі туралы романдар (Ф.Мүсіреповтың "Қазақ солдаты"). Прозадағы тарихи тақырыптар. М.Әуезовтің "Абай жолы" (I бөлімі). Кеңес әскері туралы пьесалар. М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің "Намыс гвардиясы".

**Ж.Жабаев (1846-1945).** Ақынның дара тұлғасы. Шығармаларының тақырыптары: соғыс тақырыбы, өнер тақырыбы.

### Соғыстан кейінгі дәуір әдебиеті

Ұлттық ерекшеліктер мен кеңестік реализм әдістері. Қазақ әдебиеті мен туысқан халықтар әдебиеттерінің шығармашылық байланысының нығаюы. Қазақ әдебиеті әлемдік аренада.

**Ф.Мүсірепов (1902-1985).** Өмірбаяны туралы мәліметтер. "Қазақ солдаты" романы (шолу), "Оянған өлке" романы, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Ақан сері – Ақтоқты", "Амангелді" драмалары.

**М.Әуезов (1897-1961).** Өмірі мен шығармашылығы. "Қараш-қараш оқиғасы" повесі. Мазмұнына шолу. Әуезов – әңгіме шебері. "Абай жолы" романы. Романның идеялық тақырыптық негізі. Бас кейіпкері Абай – ойшыл ақын. Құнанбай мен оның серіктерінің бейнелері. Романдағы әйелдер бейнесі.

**С.Мұқанов (1900-1973).** Өмірі мен шығармашылығы. Әңгімелер тақырыптарына шолу. Жазушының басты шығармасы "Өмір мектебі". Трилогиядағы XX ғасырдың қазақ шығармашылық өмірі. Шығарма кейіпкерлері – жазушылар, тарихи қайраткерлер.

Қазақ жазушылары (Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Б.Момышұлы, М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Ә.Нұрпейісов, Д.Досжан, С.Мұратбеков және т.б.). Олардың шығармаларындағы негізгі тақырыптар мен өзекті мәселелер. Ақындар: О.Сүлейменов, М.Мақатаев. Қ.Мырза-Әлі, Ж.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов және поэзия тақырыбына жалпы шолу.

А.Сүлейменовтің, Мұрат Әуезовтің және М.Базарбаевтың әдеби сын шығармалары. "Заманды байланыстырушы өзектің" қалпына келтірілуі. Қазақ прозасы мен поэзиясының өзін-өзі айқындап, дамуына сыншылардың қосқан үлесі.

Заманның экологиялық және өнегелік мәселелері: Ә.Нұрпейісов "Парыз" Р.Сейсенбаев "Торығу немесе аруақтар құм кезіп жүр"

### Қазақстан халықтары әдебиеті

(Шолу)

Неміс әдебиеті: Г.Бельгер "Алыс сапар алдында". Ұлы Отан соғысы жылдарындағы неміс баласы, оның қазақ ауылындағы өмірі. Адамдардың интернационалдық туысқандығы.

Орыс әдебиеті: Д.Снегин "Алыстығы биіктікте" – Мәскеу қаласын қорғау кезіндегі Панфилов дивизиясының қазақстандық жауынгерлерінің ерлігі туралы.

И.Щеголихин "Қарлы боран". Тың игеру туралы роман.

Морис Симашконың "Қажы Хайям", "Фрагидің арбауы", т.б. шығармалары.

### Қорытынды

Қазақ және қазақстандық әдебиеттің дүниежүзілік әдеби үдерістегі рөлі. Ұсынылып отырған "Қазақ әдебиеті

тарихы" бағдарламасы "Орыс тіліндегі қазақ әдебиеті" мамандығы бойынша білім алатын күндізгі оқу студенттеріне арнап құрастырылған. Кейбір өзгерістер мен қысқартулар енгізу арқылы сырттай оқу бөлімдері үшін де пайдалануға болады.

Бұл бағдарлама курс бойынша бұрын болған типтік бағдарламаға сүйеніп, мемлекеттік идеологияға сәйкес дәстүрлі баяндаусыз қазақ әдебиетін ұғынуға, талпыныс жасалды. Кеңес жүйесі кезінде, шығармалардың тарихи контексіне, әдебиет жүйесінде барлық бағдарламалар мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша оқу құралдарына аттары ресми түрде енгендер және "тиым салынғандар" да, соңғы жылдары, яғни 1985-1990 жылдары ақталып, әдеби ортада есімдері жаңғырғандар да еніп отыр. Сондықтан, жалпы адамдық тәжірибеде қазақ әдебиетін қазақ халқының көп ғасырлық мәдениетінің бейнесі ретінде көрсетуге ұмтылыс жасап отырмыз.

## Қазақ әдебиеті тарихы (теориялық курс)



### Кіріспе "Қазақ әдебиеті тарихы" пәні

*Біздің халқымыз... дәл олар туралы  
ойлағандай жабайы да дөрекі де емес,  
біздің халқымыздың бай әрі  
поэтикалық құндылығын жоймаған  
тамаша әдебиеті бар.*

**Ш.Уәлиханов**

Әдебиет тарихы әдебиеттің дамуын, стильдер мен ағымдардың, тәсілдердің ауысуын, әдебиеттердің өзара байланысы мен басқа да әдеби үдерістерді зерттейді; бұрынғы шығармаларды зерттеп, талдау жасайды және жазушылардың көркем шығармаларына баға береді.

"Қазақ әдебиеті тарихын" оқытудың мақсаты – Қазақстандағы әдеби үдерістерді түсіндіру, оқыту тілі мемлекеттік емес мектептер үшін білікті қазақ әдебиеті мұғалімдерін дайындау.

"Қазақ әдебиеті тарихы" бойынша бағдарлама қазақ авторлары шығармаларының тәрбиелік әлеуетін (потенциалын) пайдалануды, олардың шығармаларын әлемдік және орыс әдебиетімен ажырамас бірлікте қарауды көздейді. Қазақ әдебиеті шығармаларын зерделеген кезде оның негізінде адамды рухани байытудың жатқанын ескерген жөн.

"*Біздің нағыз ұлтымыз – адам*", – деген болатын ағылшын жазушысы Герберт Уэлс.

Барлық әдебиеттер сияқты қазақ әдебиетін де "Адамтану" ретінде қарау керек: Адам дегеніміз кім, оның өмірінің мәні неде, оның ұлттық сипаты дәстүр, салт, тұрмыс арқылы қалай көрінеді?

"Қазақ әдебиеті тарихы" шартты түрде мынадай таурауларға бөлінеді:

1. Көне түркі мифтері мен аңыздары
2. Қазақ халық ауыз әдебиеті – фольклор
3. Көне түркі жазба ескерткіштері және XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті, көне түркі мифтері мен аңыздары
4. XIX ғасыр әдебиеті
5. XX ғасыр әдебиеті:
  - а) XX ғасырдың I-жартысындағы қазақ әдебиеті тарихы.

ә) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті тарихы және қазақ әдебиетінің қазіргі дамуына шолу.

Мектеп бағдарламасы бойынша көркем шығарманы оқу, мәтінді білуге негізделеді.

Алған білімді пысықтау реттілігі:

- 1) Сіздің алғашқы әсеріңіз;
- 2) Мәтінді қалай түсіндіңіз;
- 3) Қорытынды шығарайық;
- 4) Сыныптан тыс оқу.

Бәрінен бұрын оқушылардың көркем шығарманы қалай түсінгендігі:

- а) мәтін бойынша түсінігін айтудан;
- ә) мәнерлеп оқуынан;

б) инсценировкадан және басқа да өз бетінше шығармашылық жұмыстар түрлерінен көрінеді.

Сөзбен жұмыс: шығармадағы сөз мағыналарын түсінуден өз ойын құрастырып, пікір айта білуге дейін.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. "Қазақ әдебиеті тарихы" курсы нені оқытады?
2. "Қазақ әдебиеті тарихы" курсы оқыту мақсаты неде?
3. "Қазақ әдебиеті тарихы" бағдарламасы нені көздейді?
4. Қазақ әдебиеті шығармаларын оқу кезіндегі әлеуметтік-мәдени үдеріс негізі неде?
5. Сөйлемді толтырып жаз: "Біздің халқымыздың \_\_\_\_\_ әдебиеті бар" (Ш.Уәлиханов).

### Қазақ этносының пайда болуы

Шәкәрім Құдайбердиев өзінің "Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" деп аталатын ғылыми еңбегінде қазақ халқының қалыптасуының этникалық тарихын қазақ тарихнамасының әдебиеттерінде беруге талпыныс жасады. Автор бұл еңбегінде көшпелі халықтардың тарихын түркі-монғол шежіресі арқылы зерттейді.

Түркі тайпалары да арабтар немесе парсылар сияқты біртұтас халық болды, әртекті тайпалар бірігіп, тайпалық одақ құрып, көршілес елдерге жаугершілік жорықтарға аттанды, олар не жеңіп жауларын өздеріне қосып алды немесе жеңіліп соларға қосылып кетті, сөйтіп ру мен ру, тайпа мен тайпа араласып әр түрлі атала бастады....

Қазақтар өз бастауын Нұх пайғамбардың ұлы Яфеттен, Түкю (қытайша) түркі халықтарынан алады. Түркі сөзі "дулыға" деген ұғымды береді. Бұдан соң түркі халықтары Хун немесе Ғун деп аталды.

Бұл халықты (этникалық топтар, сондай-ақ, рулар, тайпалар) қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керей, дулат, үйсін сияқты тайпалар, яғни біздің тікелей ата-бабаларымыз құрады.

Кейіннен Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт баласына бөліп берді. Барлық татарлар Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы мен оның інісі Шағатайға тиіп, Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы деп аталды. Сонан соң Жошының ұрпағы Өзбек хан исламды қабылдағаннан кейін оның ұлысындағылар және біздің ата-бабаларымыз өзбектер деп аталды, ал Өз Жәнібек пен Керей сұлтандар XV ғасырда бөлініп шығып, дербес мемлекет құрды. Міне, қазақ хандығы осылай тарихи аренаға шықты. Ол кезде "казак" атауымен тек қазақтың үш жүзі ғана аталып қойған жоқ, басқа да тайпалар аталды. Олардың көпшілігі отырықшы болып, әр өлкеге тұрақтады да бірі ноғай, екіншісі башқұрт, енді бірі өзбек және сарт болып аталды. Ақыр соңында "казак" атауы тек бізде ғана қалды. Сонау Адам ата пайғамбардан басталып бүгінгі күнге дейінгі хронологиялық сатылы шежіре жоқ. Тіпті Өз Жәнібектен қазіргі күнге дейінгі ата-бабаларымыз туралы мәліметтердің өзі кейде шынайы, кейде ертегі сипаттас.

Қазіргі "қазақ" сөзі кейінгі жазылуы. Орыс ғалымы В.В.Радловтың "Сібірден" атты еңбегінің ескертуінде: "Радлов қырғыздар деп негізінен қазақтарды айтып отыр, алайда олардың дұрыс өз атауы казак", – делінген.

Қазақтардың мұндай теріс аталуы төңкеріске дейінгі әдебиетте кеңінен етек алды. Оларды казак-қырғыз, қырғыз-қайсақ, қырғыз-казак деп атады, ол қазақ халқының (казак) XV ғасырдан бері өз атауы болмағандықтан емес, ол атау тіпті XVI-XVII ғасырлардың өзінде болғанын А.Левшин XIX ғасырдың басында өзінің "Қырғыз-казак халқының атауы туралы" атты мақаласында айтқан болатын. "Қырғыз-қайсақтарды бөтен атпен айтып жүр, бұл атпен олардың өзі де, ресейліктерден басқа көршілері де атамайды", – деп жазады. "Қырғыз дегеніміз – тіпті бөтен халықтың аты. Казак атауы қырғыз-қайсақ ордасына өздері пайда болғаннан тиесілі, олар өздерін солай атайды. Халықтың өз атауын өзгерту ресми құжаттарда Сібірдің көршілес аудандарындағы орыс казактарымен шатастырмауға тырысу нәтижесінде жасалған дейді зерттеушілер". (Радлов В.В. Сібірден. – 579-580 б).

XV ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың белгілі тарих зерттеушісі Мұхамеджан Тынышпаев өзінің "Ұлы апаттар" ("Ақтабан-шұбырынды") еңбегінде: "Будагов сөздігі бойынша "казак" – шағатай тіліндегі сөз, оның мағынасы: қарақшы, қаңғыбас, еркін, – дейді. А.Левшиннің сөзіне сүйенсек, қазақылық – қаңғыбастық, қаңғыру және казак – қаңғыбас деген ұғымға саяды. Казак сөзінің басқа да мағынасы бар. Сонымен қатар шағатай тілінде разбойник – қарақшы, басмашы; бродяга – қаңғыған, қаңғыбас; вольный – бос, еркін болып аударылады, шағатай тілінде қарақшы деген сөзді еш уақытта да казак деп айтпайды. Қырғыздар қарақшы, қаңғыбас, еркін болғандықтан казак деп аталмаған, бұл жерде түсінік берушілер қателесіп отыр. "Казак" сөзінің мағынасын іздеу де орыс, араб, француз сөздерінің мағыналарын іздеген сияқты нәтиже бермейді. Казакты Әбілхайыр өзбегінен шықты деп дәлелдеу де көшпелі халықтарды жаппай қоныс аудару үдерісі мен Алтын Орда тарихын дұрыс білмеуден туындаған ада-сушылық. Жәнібек пен Керейге ерген рулар тобы аяқ астынан 1456 жылы шыға келген жоқ, ең болмағанда бірнеше ондаған жыл бұрын пайда болды; егер тарихта ол туралы айтылмаса – уақытында оны ешкімнің жазбағаны. Сөйтіп, қазақ этносының пайда болуы туралы мәселенің бірнеше болжамы бар. Бірақ қазақ этносының XV ғасырдан бұрын пайда болғаны анық", – деп жазды.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Қазақ халқы қалыптасуының этникалық тарихын алғаш \_\_\_\_\_ жасады?
2. Қазақтар \_\_\_\_\_ ғасырда өз алдына бөлініп шықты?
3. "Түркі" сөзі қандай \_\_\_\_\_ береді.
4. Түркі халқының басқаша атауларын атаңыз?
5. В.В.Радловтың қай еңбегінде "қазақ" сөзінің жазылуы "казак" халқы атауының түрі ретінде түсіндіріледі?

## Тарауға арналған тест тапсырмалары

1. "Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі" еңбегінің авторы:

- а) М. Жұмабаев;
- ә) А. Құнанбаев;
- б) С. Сейфуллин;
- в) Ш. Құдайбердиев.

2. Қазақ халқы қалыптасуының этникалық тарихын жасаған кім?

- а) М. Жұмабаев;
- ә) А. Құнанбаев;
- б) С. Сейфуллин;
- в) Ш. Құдайбердиев.

3. Қазақтар өз бастауын қай халықтан алды?

- а) шағатайтардан;
- ә) өзбектерден;
- б) печенегтер;
- в) түріктер.

4. Түркі сөзі не мағына береді?

- а) бас киім;
- ә) қоғам;
- б) бірігу;
- в) бірлік.

5. Түркі халқының қысқаша атауын атаңыз.

- а) ұйғыр;
- ә) половецтер;
- б) хун немесе ғұн;
- в) қазақ.

6. В.В. Радловтың қай еңбегінде "қазақ" сөзінің жазылуы "казак" халқы атауының түрі ретінде түсіндіріледі?

- а) "Орда тарихы";
- ә) "Қазаннан";
- б) "Ұлы жүт";
- в) "Сібірден".

7. "Қырғыз-қайсақ" туралы А. Левшинның қай мақаласында жазылады?

- а) "Қырғыздар туралы";
- ә) "Қырғыз тайпалары туралы";
- б) "Қазақ атауы жөнінде";
- в) "Қырғыз-қазақ халқының атауы жөнінде".

8. "Ұлы апаттар" еңбегінің авторы?

- а) В.В. Радлов;
- ә) М. Тынышбаев;
- б) Ш. Құдайбердиев;
- в) А. Левшин.

9. "Қазақ сөзінің мағынасын іздеу нәтиже бермейді" – деп айтқан кім?

- а) М. Тынышбаев;
- ә) А. Левшин;
- б) В.В. Радлов;
- в) Ш. Құдайбердиев.

10. Радловтың айтуынша, қазақ халқының атауы қай ғасырдан бері қолданылады?

- а) X ғасырдан бастап;
- ә) XII ғасырдан бастап;
- б) XIV ғасырдан бастап;
- в) XV ғасырдан бастап.

11. Қазақ этносының қай ғасырдан бұрын пайда болғаны анық?

- а) XV ғ.;
- ә) X ғ.;
- б) XIII ғ.;
- в) XII ғ.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Құдайбердиев Ш. Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Жазушы, 1990.
2. Аспандияров Б. Қазақтар тарихы бойынша жұмыстар. // "Простор" журналы, №11, 2002.
3. Уәлиханов Ш. Орда тарихы. – Алматы, 1985. – Т.2.

## XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ мемлекеттігі мәселелері



Қазақ мемлекеттігінің мәселелері XIX-XX ғасырлар бойы ғылыми әдебиеттерде тікелей немесе жанама түрінде қойылып келеді. Ол әр түрлі пікір бар: біреулері XVII-XVIII ғасырларда қазақтарда таптық жіктелу болды, алайда "мемлекеттік бірлестіктің бастапқы түрі" мемлекеттік нысан болды десе, екіншілері таптық жіктелу де болған жоқ, – дейді, ал үшіншілері – өкімет болды, бірақ мемлекет болған жоқ, – дейді.

Қоғамның экономикалық көрсеткіші оның дамуының маңызды көрсеткіші болып табылатыны анық. XVII ғасырдың 30 жылдарынан 1758 жылдарға дейінгі қазақ қоғамы үшін тек осы ғана басты көрсеткіш болып қойған жоқ, мұндай айқындаушы фактор жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес болды. Ұзақ та жанкешті күрес ел экономикасына, ішкі жағдайына, этникалық дамуына өз әсерін тигізді.

Қазақ мемлекеттігі XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы кезінде айқын сезілді. Қазақтардың мемлекеттік институтының дамуы Есім ханнан Абылай ханға дейінгі ұзақ үдерісте өзінің айқын көрінісін тапты.

Бұл әсіресе, XVII ғасырдың II жартысынан XVIII ғасырдың I жартысына тән. Қазақ хандығының басында Жәңгір, Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандар тұрды. Бұл кезеңдер сыртқы шапқыншылықпен күреске, аумақтық өсу үрдісіне, Қазақстан ішіндегі көптеген қоныс аударуларға, этникалық қауымдастықтың дамуына, қазақтардың өлеуметтік және саяси құрылысының өзгерулеріне толы болды. Дегенмен де, қазақ мемлекеттігінің *ерекшелігі үш жүздің бірлігінде* болды. Қазақ жүздерінің ішкі экономикалық және саяси жағдайлары салыстырмалы түрде тұрақты болды. Мәлімет көздеріне қарағанда Қазақ хандығына 1695 жылдары 32 қала кірген. Оқирғаның тұстасы Нұр-Мұхаммед: *Қазақ хандарының басты қалаларында ерекше сарайлары, қамалдары болды: Ұлы жүз Ташкентте, ал орта жүз Түркістанда орналасты. Олар өзгеріне қарай, көбіне жайлауда ордамен көшіп жүреді, ал олар жоқта үйлерінде ағайындары тұрады.*

Хандар жағдайы өзгерді, хан өкіметі сыртқы жауларға қарсы күресті ұйымдастырушы болды. Хандар маңызды шешімдер қабылдап рубасылармен, батырлармен, билермен бірігіп кеңес құрды. Жәңгір, Әбілхайыр хандар осындай қызметтер атқарды. Хандар заң шығару саласында да белсенділік танытты. Мұның дәлелі – Тәуке ханның "Жеті жарғысы".

Сұлтандар ықпалы күшейді. Қазақ қауымдары арасындағы саяси ықпал үшін билер мен сұлтандар күресі күшеюі. Билер ерте кезден-ақ жергілікті рулардан ақсақалдарды рухани ұстаз ретінде сайлады. Бірақ XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес пен саяси болмыс білім мен өмір тәжірибесін қажет етті. Бұған дәлел – Төле, Қазыбек және Әйтеке билер қызметі.

Батырлар ролі артты. Ерте кезеңдегі қазақтардың ауызша тарихи дәстүрінде батырлық қасиеттер қазақ хандары мен сұлтандарына телінді. Жоңғар шапқыншылығы кезінде бұл ұғым өзгерді. Шапырашты Наурызбай, Қанжығалы Бөгенбай, ал кейінірек Қаракерей Қабанбай, Тама, Есет, Шақшақ Жәнібек, т.б. батырлар болды.

Билер (ақсақалдар) идеология жаршысы болды. Қазақтардың әдеттегі "Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы" қағидалары жинақталып, жүйеленді. Кез келген мемлекетте заң шығарушылық қызметтің артуы – ел экономикасы мен әлеуметтік өзгерісі туралы байыпты дәлел. XVII ғасырдың басындағы Қазақ хандығында да осылай болды.

Тәуке хан тек үстемдік етуші топтардың ғана мүддесін қорғап қойған жоқ, сонымен қатар, хандықтың ішкі тепе-теңдігін сақтай білді. Соның кезінде "Жеті жарғы" заңдар жинағы жасалып, көршілес халықтармен және мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнады. Тәуке хан кезінде хандықтың саяси құрылымында елеулі өзгерістер болды.

Заң шығарушы және сот өкіметінің тұрақты органы болып билер кеңесі қалыптасты. Рубасылар, батырлар мен билер кеңесінің рөлі арта түсті. Мұндай кеңестердің шешімдері міндетті болды. Мысалы, жоңғарлармен күрес барысындағы маңызды мәселелерді шешу үшін 1710 жылы Қарақұмда жиын шақырылды, оған батырлармен бірге Қабанбай, Райымбек, Қазыбек, т.б. билер қатысты. 1726 жылғы үш жүздің өкілі қатысқан ұлы құрылтайда жергілікті ордабасы, қазақ қолының бас қолбасшысы болып Әбілхайыр сайланды. Бұл Төле, Қазыбек және Әйтеке сияқты үш бидің шешімі болатын. Қазақ қоғамының Ресейге бағыт алуының бастамасы да билер қызметіне байланысты еді.

Қазақ мемлекеттігінің айқын көрінісі Абылай хан тұсында көрініс тапты. Билер мен батырлар оның өкіметінің әлеуметтік тірегі болды. Бұл қоғамдық қатынастар жүйесінің ең ыңғайласқан, әр түрлі топтар мен әлеуметтік қабаттардың келісімді саясатының, қоғамдық қатынастардың тәртіпке келуі, әлеуметтік ширығудың, қоғамның ішкі келісімі орнаған заман болды. Бұл әлеуметтік өзгерістер қазақ мемлекеттігінің нығаюына үлкен рөл атқарды.

Қазақ хандығында тұрақты салық жинау болмағандығына қарамастан тұрақты әскері мен басқару аппара-

тын ұстаған, Қазақ хандығы XVII-XVIII ғасырдағы мемлекет қызметін атқарушы болып, ішкі міндеттерін тамаша атқара отырып, үлкен қиыншылықтармен өз саяси тәуелсіздігін берік ұстады. XVIII ғасырдың аяғына дейін сақтады. Тек Абылай хан өлгеннен кейін ғана жағдай өзгерді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Жоңғар шапқыншылығы \_\_\_\_\_ созылды?
2. Қазақ мемлекеттігі \_\_\_\_\_ айқын көрінді?
3. Қазақ мемлекеттігінің ерекшелігі неде?
4. 1695 жылы қазақ аумағында қанша қала болды?
5. Заң шығару және соттың қандай тұрақты органы болды?
6. Ел өміріндегі "Жеті жарғының" заңдар жинағының орны.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Тынышбаев М. Ұлы апаттар. (Ақтабан-шұбырынды). – Алматы: Жалын, 1992.
2. Галиев В. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ мемлекеттігі мәселелері. ("Қазақстанның мәдени контекстері: тарих және қазіргі заман". – Алматы, 1998.)
3. Аспандияров Б. Қазақтар тарихы бойынша жұмыстар // "Простор" журналы, №11, 2000.
4. Құрықбаев Ә. Жеті жарғы – қазақ қоғамы әдет-ғұрып заңдарының жинағы // "Ұлт тағылымы", 1999, №1.
5. Абылай хан тарихи антропологиялық зерттеу кітабы. – Түркістан 2000.
6. Қозыбаев М. Қазақтың данқын асырған: тарихи тұлға тұлғары // "Егемен Қазақстан", 2000, 1 ақпан.
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы: Дәуір, 1993.

## I ТАРАУ

### КӨНЕ ТҮРКІ АҢЫЗДАРЫ МЕН МИФТЕРІ



**Мифтер дегеніміз не?** Бұл адам мен әлемнің пайда болуы туралы, сондай-ақ ежелгі құдайлар мен батырлар туралы адам қиялынан туған шығарма.

"Миф" деген сөздің өзі гректің аңыз-әңгіме деген ұғымын білдіреді. Мифтер – адамзат дамуының орасан зор мәдени қабаты. Мифтерді білмей көптеген картиналардың, опералар мен балеттердің, поэтикалық шығармалардың сюжетін түсіну мүмкін емес. Ежелгі адамдар қалдырған аңыздар мен мифтер дүниеге, өзін қоршаған ортаға назар аудара бастаған, тек оны түсіндіруге, зерттеуге кірісе бастаған кезде пайда болған.

Олар шындықты ойдан шығарылған оқиғалармен араластырып әңгіме құрастырып, бір-бір дүниенің пайда болуы туралы, буырқанған теңіз бетіндегі толқындар туралы, адамдардың батыл, дана, қорқақ, ақылсыз болуы туралы, ормандағы жаңғырық туралы қызғылықты оқиғалар айтқан.

Екі мыңнан астам жыл уақыт өткеннен соң сол мифтерді қайта еске алудың керегі не? Бәрі бір біз оларда айтылған әңгімелердің барлығының шындыққа жанасуы

шамалы екенін түсінеміз ғой деп ойлайтындар бір маңызды мәселені ескермейді: мифтер қандай да болсын бір адамның еңбегі емес, көптеген ғасырлар бойы оларды жонып, сылап-сипап қалпына келтіріп отырған ұлы суреткер – халық екенін ұмытпаған жөн.

Миф шығару – адамзаттың мәдени тарихындағы маңызды құбылыс. Адам баласы сонау ықылым заманнан өзін қоршаған ортаға ойлы көзбен қарап келеді. Жер бетіндегінің барлығын кім жасады? Неге күн шығып, батады? Күн неге түнге ауысады? Неліктен түнгі аспанда ай мен жұлдыздар пайда болып, ақшыл жолақ құс жолы көрініп тұрады? Бұлт, жел, қар, жаңбыр, бұршақ неден пайда болады деген көптеген сұрауларға біздің арғы ата-бабаларымыз – көне түркілер жауап іздеді. Ежелгі адамдар табиғат құбылыстарын адам өмірімен, сезімімен байланыстыра қарады. Аспан, аспан шырақтары, жер, су, табиғат құбылыстары, т.б. тірі образ, елес бейнесінде қабылданып, мифологиялық қиял-ғажайып болып көрінсе, мифтердегі құдайлар (Тәңір, Ұмай ана), өз түрін өзгертіп бірде хайуан, құс, бауырымен жорғалаушы бейнесіне ауысып отыратын (Зевс, Жер-су), ал екінші жағынан – барлық құдайлар, рухтар, батырлар, отбасылық қатынастармен байланысты бейнеленді. Мұның өзі ежелгі грек, славян, үнді, скандинав мифтерінен, сондай-ақ көне түркі мифтерінен де байқаймыз.

*Көне түркі мифологиясы – түркі тілінде сөйлейтін халықтар (түрік, әзірбайжан, түркімен, қазақ, қырғыз, башқұрт, өзбек, татар, т.б.) мифологиялық жүйесінің жиынтығы.* Көне түркі мифологиясында үш дүние бары туралы айтылады: жоғарғы (аспан), ортаңғы (жер беті) және төменгі (жер асты). Бұл туралы О.Макова мен К.Жаңабаеваның "Алтын бесік" деген кітабынан және Ш.Уәлихановтың "Қырғыздардың космологиялық ұғымы" кітабынан оқуға болады.

Ең бірінші "көк аспан" (жоғарғы дүние) және "қара жер" (ортаңғы дүние) жасалды, сонан соң екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Күн сайын ай мен күн туатын көк аспанды түркілер "Әлемнің шатыры" деп ата-



ды. Әсіресе шығар күнге табынды. Көне түркілер үйлерінің есіктері күннің шығар беті шығысқа қарай ашылды.

Көне түркі мифологиясында жер беті төрт жағынан шектеулі төрт бұрышты деп түсіндіріледі. Ол адам баласының тұрағы.

Көне түркілер жоғарғы дүниенің иесі, бас құдай деп Тәңірге (көкке) табынды. Аспанға қарағанда – ғарыш бөлігі ешқашанда "Көк" (көк аспан) және "халық" (аспан күмбезі) деп аталмайды. Дүниеде барлығы: адам тағдыры, оның ғұмыр-жасы, қағандар билігі, мемлекеттік және әскери шешімдер тәңірдің билігінде.

Тәңірдің әйелі **Ұмай ана** – жер мен құнарлылық құдайы. Ол Тәңірмен бірге әскерлерге қамқорлық жасайды.

Орта дүниенің құдайы – қасиетті **Жер-су**. Ол Тәңірмен, Ұмаймен бірлесіп түркілерге қамқор болып, күнәсі барларды жазалайды.

Төменгі дүние құдайы – **Эрклиг**. Ол жоғарғы дүниеге қарсы, адамдарды айыруға күш салады.

Көне түркі мифтері арасындағы құдайлардың, адамдардың пайда болуы туралы, отты пайдаланудың, жер игерудің, қолөнердің шығуы туралы аңыздарды бөліп қарауға болады. Көне түркілердің мифологиялық ұғымы Бөріге (қасқыр), ата-баба аруағына табынуға байланысты (бұл туралы Ш.Уәлиханов жазып алған "Бұғы тайпасының аңызында" және М.Мағауиннің "Бір атаның балалары" повесінде айтылған).

Көне түркі мифологиясы да христиан діні енуіне байланысты құрылған ежелгі орыс мифологиясы сияқты, аумаққа ислам діні енуіне байланысты қуғынға ұшырап, тұтас жүйе болып сақталмаған. Тек бізге жеткені VII-XI ғасырларға жататын Орхон-Енисей жазбаларындағы мифтер, халық эпостарындағы көне мифологияның жаңғырықтары мен XIX ғасырдағы этнографтар, тарихшылар мен фольклористер жинаған жазбалар.

Ш.Уәлиханов жинаған Балқаш көлі, Іле мен Қаратал өзендері сияқты географиялық атаулары және Ай мен Күннің пайда болуы туралы қазақ халқының аңыздары сақталған. Бұл "Ай мен Күн", "Іле мен Қаратал" деп ата-

латын қазақ аңыздарында Ай мен Күннің, Балқаш көлінің, Іле және Қаратал өзендерінің пайда болуы туралы қиял-ғажайып оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар бұл аңыздарда біздің арғы ата-бабаларымыздың өнегелік қағидалары, сұлулық пен махаббат туралы түсініктері айтылады.

**Аңыз-әңгіме** – халық поэтикалық шығармасындағы бұрынғы болған оқиғалар мен нақты адам өмірі туралы мәліметтерден тұратын әңгіме.


**Аңыз** – қандай да бір тарихи оқиғаларға негізделген көбіне қиял-ғажайып ертегі түріндегі халық ауыз әдебиетінің шығармасы.

Көп жағдайда тарихи тұлғалар аңыз кейіпкері болады. Қазақ халық эпостары да орыс батырлық жырлары (былиналары) мен өзге де әдеби шығармалар сияқты: Ж.Жабаевтың "Өтеген батыр" М.Жұмабаевтың "Қорқыт" және "Батыр Баян" поэмалары, М.Әуезовтың "Еңлік-Кебек" пьесасы аңыз негізіне құрылған.


Абай өзінің "Ескендір" поэмасына Александр Македонский мен оның ұстазы Аристотель туралы аңызды арқау етті. Аңыздарда шындық қиял бір-бірімен ұштасып жатады. Бұған "Қорқыт", "Жер ұйықты іздеген Асан Қайғы", "Алып Ер Сары", "Елеңке Батыр" аңыздарымен танысу арқылы көз жеткізуге болады.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

- 1) Миф дегеніміз \_\_\_\_\_
- 2) Көне түркілер қай құдайға табынды?
- 3) Көне адам табиғат құбылыстарын адамның қай қасиеттеріне телді?
- 4) Көне түркі мифологиясы неліктен тұтас жүйе болып сақталмады?
- 5) Қазақ халық аңыздарын атаңыздар: \_\_\_\_\_
- 6) Аңыз дегеніміз \_\_\_\_\_
- 7) Артық сөзді сызыңыз



8) Көне түркі батыр-құдайының атын жазыңыз



### Қолданылған әдебиеттер:

1. Маркова О., Жаңабаев К. Алтын бесік (көне түркі мифтерінің желісі бойынша).
2. Уәлиханов Ш. Ыстықкөл жол жазбалары, Қырғыздардың космологиялық ұғымы.
3. Зуев Ю., Агелеуов Ф. Пұт – Тәңір құдайы.
4. Успенский Д. "Гераклдың он екі ерлігі" кітабының алғы сөзінен.
5. Ақышев А. Сақтар өнері мен мифологиясы.
6. Уәлиханов Ш. XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар, Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының аңыздары. – Алматы, 1985. – Т. 2.
7. Уәлиханов Ш. – Алматы: Жазушы 1985.
8. Қун. Көне грек аңыздары мен мифтері. – Алматы: Мектеп, 1979.
9. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002.
10. Ғұзыхан А. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.

Қазақ фольклорында халықтың данасы, философы Қорқыт туралы аңыз кең тараған. Аңыз – бұл өмірде болған оқиғаға негізделген халық ауыз әдебиетіндегі бір жанр, кейде қиял-ғажайып ертегілері түрінде жазылады.

Халықтың осы Қорқыт туралы аңызында өте ерте замандарда адамдардың болашағын болжап айтатын бір дана өмір сүргені айтылады. Оны Қорқыт деп атаған. Ол жер бетін шарлап, көпті көріп-білген адам. Жақсыны да, жаманды да көріп, барлығын ойға түйіп, салмақтап, шешімін тынымсыздықпен табуға тырысқан. Оны әсіресе, оны өлім туралы ой көп мазалаған. Ол барлық ғұмырын біреулер қартайып, біреулер жастай, біреулер бақытты болып, кейбіреулері бақытсыз; енді біреулер өмірге келісімен, енді біреулері кәрілік жасқа жетіп жер жастанады; неліктен адам баласы өледі? Бұл неге байланысты? – деген сұрақтарға жауап іздеумен өткізді. Жасы ұлғайған сайын өлім туралы көп ойланып, тіптен өлім түсіне де ене бастаған.

Бір күні Қорқыт түсінде көр қазып жатқан адамдарды көреді де, олардан:

– Бұл кімге арналып қазылып жатқан көр? – деп сұрайды.

– Қорқыт бабамызға, – деп жауап береді.

Бұл жауаптан Қорқыт қатты секем алып, туған жерін тастап ел кезіп кетуді ұйғарады. Бірақ қай елге барса да оған өзіне арналып қазылған көр алдынан шыға береді. Өзге елден де тыным таба алмаған Қорқыт туған жері Сырдария жағасына қайтып оралады. Осы жер мені өлімнен аршалайды деп ойлайды. Өмірдің қуанышын тек өзі сүйіп ойнайтын музыкалық аспабы қобыздан ғана табады.

Күндердің күнінде ол түсінде тағы да: "Сен өлім деген сөзді айтсаң өлесің", – деген қорқынышты дауысты естиді.

Арада бірнеше жылдар өтеді. Қорқыт қобыз тартып, жер бетін аралап жүріп өлім туралы қорқынышы басылады. Бір күні Қорқыт өгізін жоғалтып алып, оны таба-

ны тозғанша іздеп таба алмай, ызадан: "Өлсем де табамын", – деп, өлім сөзін айтып қалады.

Айтып қалғанына өкініп, қайтадан өмірі қыл үстінде қалады. Тағы да Қорқыт өлімнен қашып туған жерінен кетіп, Сарыарқа, шығыс, батыс, оңтүстікті түгел шарласа да, қазылған көр елесінен құтыла алмайды.

Жер бетінде жүруге өлімнен қорқып, ғажайып кілемге мініп, өзінің сүйікті қобызында ойнағанынан жанына медеу тауып, Сырдария бойымен жүзіп кетеді. Данагөй ұзақ саяхат кезінде жанын жегідей жейтін ойларын қобыз үнімен жеткізді. Оны самғаған құс та, жүйрік жел де, Сарыарқаның аңдары да тыңдайды. Тіпті өзен де қобыздың мұңды әрі қайғылы үнін тыңдау үшін қозғалыссыз тынып жатады.

Сырдария дананың қорғанышына айналады. Ал ол ғажайып кілем үстінде қобызымен тоқтаусыз күй тартып, жүзе береді. Өлім де Қорқыттың жүрегінен төгілген күдіретті күйін бұза алмайды.

Осылайша Қорқыт өліммен күрескен. Ол әбден шаршап-шалдығып қалғып кеткенде, өлім жыланға айналып, шағып өлтіріпті-мыс. Қорқыт өлген соң оны Сырдарияның жағалауындағы Қармақшының тұсына жерлеп, қобызды жанына қояды.

Аңызда Қорқыттың өзі өлгенмен, қобызының үні мен одан шыққан мұңды әуен тоқталмай жалғаса бергендігі және осы жермен жүріп өткен адам желмен тербелген шөптің сыбдыры іспететтес "Қорқыт, Қорқыт" деген сөзді ести алатыны айтылады.

Осы аңыздан біз шындық өмірдің қиялмен астарлас екенін көреміз, халықтың санасында Қорқыт қалай бақытты да ұзақ өмір сүріп, өлімнен құтылуға болады деген өмірдегі шешімсіз сұрақтарға толассыз жауап іздеген философ ретінде қалды. Ол өмір уытын өзі сүйіп тартатын қобызы арқылы қайтармақшы болды. Осыдан біз қазақ халқы үшін саз бен әннің рөлі ерекше екенін көреміз: өмір – жылдам ағатын ағыс, ал ән – мәңгілік тыныс.

Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Қорқыт кім?
2. Аңыз деп нені айтамыз?
3. Қорқытты қандай ой мазалады?
4. Дана өмірдің қызығын \_\_\_\_\_ тапты?
5. Қорқыттың күйін кімдер тыңдады?
6. "Қорқыт туралы аңыздың" ерекшелігі неде?

Қолданылған әдебиеттер:

1. Маркова О., Жаңабаева К. Золотая колыбель.
2. Краткий словарь литературоведческих терминов.
3. Келімбетов Н. Қорқыт ата кітабы // Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991.
4. Бекімбаев Р. Дәде Қорқыт // "Қазақ әдебиеті", 1997.
5. Смағұлов Б. Қорқыт және қазақ эпосы // Көкшетау, 1991.

### Әдебиеттегі аңыз-әңгімелер

Қазақ әдебиетінің көптеген өкілдері өз шығармаларының желісін аңыз-әңгімелер негізінде құраған. Мәселен: **Ж.Жабаевтың** "Өтеген батыр" ертегі-поэмасы (XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы туралы), **М.Жұмабаевтың** "Қорқыт" және "Батыр Баян" поэмалары, **М.Әуезовтің** "Еңлік-Кебек" пьесасы осыған мысал бола алады.

Қазақ халқында киелі құс аққу туралы аңыздары көп сақталған (қазір де халық оған сенеді). Бұл туралы **Ш.Уәлиханов** "Тенгри" (Бог, құдай деген мағынаны білдіреді) деген еңбегінде: "Киесінен қорқып аққуды атпайды, оны құстардың төресі дейді", – деп әңгімелейді.

Аққудың бейнесін сұлулықтың символы санап, бас иген ақын – **С.Сейфуллин**. Ол аққу туралы аңыздарды жинаумен шұғылданған. Өзінің құс киесі саналатын аққуға деген сүйіспеншілігін "Жаңа әдебиет" журналында жарияланған "Асыл құс – аққу туралы" атты мақаласында: "Жасыл жібектей ақтарылған теңіздің жылтырап қана жатқан тегіс бетін дір қақтырған тамаша аққу көшпелілердің арман-тілегін оятып, жанарларын жылытады. Аққулар ақшаңқай мамық төстерін тол-

қынға құштырып, құпия тереңдіктің үстінде тақал-  
пар жүзеді. Содан соң қың ұн шығарып, қанаттарымен  
асыл тас іспет моншақтап су шашып, кейіннен ақ ару-  
лар салқын мөлдір тереңдікке суңгіп шығып, өмірдің  
қуанышынан нәзік қиқу салу үшін қамыстың жаңа ғана  
өскен жапырақшаларын жұлқылайды. Күнәсіз ақ адал,  
күміс әуезді құстар теңіздің сәнін келтіреді. Тамаша  
табиғаттың аясында туып-өскен көшпелі ықзақ хал-  
қы аққуды сұлулықтың, асылдықтың, адалдықтың  
символына айналдырады", – деп түсіндіреді.

Сәкен Сейфуллин "Аққудың айырылысуы" атты поэма-  
сында аққулардың махаббатқа адалдығын жырлайды:

Аққу күйі бір мезгілде  
Сыңқылдады алыстан;  
Және бірі шыға келді  
Жақындағы қамыстан.  
Жақындағы көк қамыстан  
Шыққан аққу жырлады.  
Аққу салған ән алыстан  
Бері жүзіп зырлады.  
Жалғыз аққу жырақтағы  
Әнге салды "келем" деп.  
Сыңар аққу құрақтағы  
Тұрды күтіп, көлеңдеп.

Бірақ аққудың сыңарын атып түсіретін қатыгез адам  
да табылады:

Шіркін ғашық жан жолдасын  
Тастауға енді қимады;  
Мөлдіреген көздің жасын  
Моншақтатты, тыймады?  
Жылама енді, күйікті жар!  
Неге керек еңіреу?  
Кімге мұнша қыласың зар?  
Жер мен көк меңіреу!  
Талай сорлы жер мен көкке  
Сен тәрізді жылаған;  
Көздің жасын төгіп текке,  
"Мені де ал!" деп сұраған.

Өлімді де шіркін ғашық  
Сүйгенімен бір көрді;  
Жан күйігін мәңгі басып,  
Жұбайымен бірге өлді!

Абай Құнанбайұлы шығармаларында да аңыз желі-  
лерін кездестіреміз. Мысалға "Ескендір" поэмасын алуға  
болады. Ескендір образы – Александр Македонский  
халық ауыз әдебиетінде де, Шығыстың классикалық по-  
эзиясында да өте танымал. Көптеген ертегілер мен аңыз-  
дардан басқа Ескендір туралы Фирдоуси, Низами, Науаи-  
лердің ірі поэтикалық шығармалары, поэмалары бар.  
Бірақ Абай Шығыс дәстүрінен өзгеше, Македонскийдің  
жаңа бейнесін жасайды. Шығыс халықтарының ауызша  
және жазбаша шығармаларының көпшілігінде Ескендір  
тарихи шындықпен байланыссыз ертегі батыры, ұлы қол-  
басшы, дана би ретінде жырланады. Ал Абай "Ескендір"  
поэмасында ұлы қолбасшы дәріптеуден бас тартып, ша-  
мадан тыс атаққұмар, баққұмар, қатал адам бейнесін сом-  
дайды. Ескендірге ақылгөй Аристотель қарсы қойылады.

Поэма жазумен еңбектеніп жүріп Абай грек қолбас-  
шысы туралы тарихи әдебиетті оқиды. Поэmanın басын-  
да Ескендірдің Филипп патшаның баласы екенін хабар-  
лайды, оған Македония скипетр берген, он екі жасында  
таққа отырған. Жеңістерге жете жүріп, Ескендір көп  
елді қолына қаратып, талай халықты құлдыққа салады:

Қанішер қаһарлы хан ашуы көп,  
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.  
Сол күнде қошаметші айтады екен:  
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Қолбасшының бұдан әрі қарайғы суреттемелері оны ке-  
леңсіз мінез-қылықтарын тереңірек аша түседі. Ес-  
кендір – жауыз, қатыгез әрі қанішер. Тіпті бір тамшыға  
зәру қылған сарыққан сары далада шеккен азабы да, оны  
шексіз атақ-даңқ, байлық қуған жолынан, қатыгез ойы-  
нан бетін қайтара алмады.

Ескендір өзінің жорығында алтын қақпасы бар алып биік тауға кезігеді. Күзетші оған адамның көзі тағылған қураған қолбасшының бас сүйегін береді.

Таразыға салынған алтынның салмағын басып кеткен көзді бас сүйектің мән-мағынасын ертедегі даналардың бірі Аристотель шешіп береді. Бас сүйекті тек бір уыс **топырақ** қана баса алады. Мұның мазмұны мынау:

Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға, –  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда  
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ескендірдің жаулап алу жорықтарын, халыққа жасаған зорлығын, қатыгездігін, атақ-даңқ, баққұмарлығын ақын бсылай әшкерелейді. Зұлымдықтың жолына түскен адам сөзсіз бір тоқтамға келеді және Ескендір патша дана Аристотельдің ақыл-кеңесіне бас иіп, ойланады. Аристотель бейнесімен адамның ақыл-ойы салмақтанған.

Мағжан Жұмабаев аңыз әңгімеге сүйеніп, "Қорқыт", "Батыр Баян" поэмаларын жазған. Бұл поэмаларында ақын өз кейіпкерлері – Қорқыт пен Баян бейнелерін сомдайды, өз халқын сүйетін нағыз батыр, қайталанбас тұлғалары ретінде суреттейді. Оларды Мағжан шынайы патриоттар деп біледі.

Ілияс Есенберлин "Көшпенділер" трилогиясымен жаза бастаған кезде қазақ мемлекеті тарихына ғылыми-зерттеулер болған жоқ. Бұл жазушының өз кітабында аңыздарды көп қолдануының себебі болды. Олар: жырау туралы аңыз, Құралай мен Ноян туралы әңгіме, Ораздың өлімі туралы новелла, Әбілхайыр ханның келіні мен Орақ батыр махаббаттарының тарихы. Халықтың аңыз әңгімелерін қолдану Есенберлинге сонау ерте заман тарихын жандандыруға көмектесті және оған ол шеберлікпен қол жеткізді.

Сонымен бұдан байқайтынымыз, қазақ әдебиетінің ақын-жазушылары өз шығармаларында аңыз-әңгіме-

лерді пайдалана отырып, өз ой-түйіндерін кейіпкерлер бейнесімен жеткізіп, тарихи, фольклорлық материалдар мен қазіргі өзекті мәселелерді жиі біріктіре отырып қоғамдық проблемаларды шешкен.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ж.Жабаев \_\_\_\_\_ шығармасында халық аңызын қолданады?
2. С.Сейфуллиннің аққу туралы мақаласын атаңыз.
3. Автор аққудың дауысын суреттегенде қандай эпитеттерді қолданады?
4. "Аққудың айырылысуы" поэмасында \_\_\_\_\_ туралы әңгімеленеді?
5. Аңыздағы қолбасшы Ескендір бейнесін Абай Құнанбайұлы қалай суреттейді?
6. Абай "Ескендір" поэмасында \_\_\_\_\_ уағыздайды?
7. М.Жұмабаев Қорқыт пен Батыр Баянды қалай суреттейді?
8. Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясына аңыз әңгімелерді қолдану қандай нәтиже берді?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1984. – 130 б. Т. 1.
2. Аймауытов Ж. Мағжанның поэтикалық шеберлігі туралы // "Мысль" журналы.
3. Смирнов Н., Самбаева Ш., Адибаев Х. Қазақ әдебиеті. – А, 1988 ж.
4. Сейфуллин С. Таңдамалы. – Алматы: Атамұра, 2004.

### Қырғыздардың аспан денелері туралы түсінігі

Біздің заманымызға келіп жеткен аңыздардың қай мәдениеттің ықпалында пайда болғанын, қашан пайда болғанын анықтау, әрине, оңай дүние емес. Себебі бір зат ұғымы туралы әр түрлі түсініктер, көзқарастар болған. Адам аспанның күннің, айдың ықпалын сезінген, бірақ олардың ықпалы тек осы өмірде ғана, туғаннан дүниеден өткенге дейін әсер еткен. Мысалы, адам таби-

ғаттың күдіретті күшінің арқасында дүниеге келіп, ашуынан дүниеден өткен. Бірақ өлгеннен соң да табиғат күші әсер етіп, ол аруаққа айналатын болған. Оның о дүниедегі өмірі туған-туыстарының ақырғы сапарға шығарып салу дәстүрлерін орындауына, еске алуына байланысты деп сенген.

**От.** Қырғыздар мен қазақтар отты қасиетті деп білген. Монғолдар сияқты қырғыздар да отты ана деп атаған. Оттың тазартатын қасиеті бар деп түсінген, сөйтіп тазарту үшін екі оттың арасынан өткізген. Қырғыздарда тазарту үдерісін аластау деп атаған. Қыстаудан көшкенде олар көшімен екі оттың ортасына өткен. Көп алдында ант беруші Адам да отпен тазартылған.

**От үйдің қорғаушысы** болған, сондықтан табалдырықтан жаңа аттаған келіндерді отқа табындырған. Әйелдер отпен алақанын жылытып, жаңа түскен келіннің бетінен сипаған. Дүниеге нәресте келгенде де отқа құрбандық шалған. Жалпы қырғыздар отқа үлкен мән берген: отқа түкіруге, оттың үстінен аттауға, тіпті от жанған жерді басуға болмайды, себебі ол адам ауырып қалады деп ойлаған. Отты құрмет тұта отырып, оттың ашуынан қорыққан, сондықтан да көптеген аурулар оттың арқасында жазылған. От арқылы емдеуге келетін аурулар қатарына аяқ ауруы – ревматизм жатады, себебі ол ауру ескі орындарды басқаннан болады деп сенген.

**Қырғыздардың жұлдыздар туралы түсінігі.** Поляр жұлдызы – Темірқазық, Ақ аю – Жеті қарақшы, Плеядалар – Үркер, Шолпан – Қойшының жұлдызы, Таңшолпан-Шолпан, Құс жолы, т.с.с.

Қырғыздар күн күркірегенде құдай ашуын шақырып жатыр, ал найзағай ойнағанда жер бетіндегі малғұндарды құртады деп ойлаған.

Қырғыздарда "айналайын" деген сөздің өзі де үлкен мән берілген. "Айналайын" деген сөз "сенің барлық ауруыңды, жаман қасиеттеріңді өзіме, сені айналып қабылдап аламын" дегенді білдірген. Ертеректе баласын ажал аузынан алып қалу үшін ата-анасы мойнына белбеу тағып алып, "оның ауруын маған бер, оның орнына мені ал" деп баласы жатқан киіз үйден айнала жүгірген. Ал ауылдастары, туған-туыстары оларды сабырға шақырып отырған.

## Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар

1. Аруақ деген сөз нені білдіреді?
2. Қырғыздар отты қалай атаған?
3. Қырғыздардың ойлауынша оттың қандай киесі бар?
4. Қырғыздар жұлдыздарға қалай сенген?
5. "Айналайын" деген сөздің мағынасы түсіндір.

## Қолданылған әдебиеттер:

1. Уәлихановтың III. Этнографиялық жұмыс. – Алматы, 1984, – Т. 4.
2. Уәлиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – Алматы, 1984-1985.

## Тарауға арналған тест сұрақтары:

1. Кім аңыздардың негізінде шығарма жазбаған?
  - а) Абай;
  - б) Мамин-Сибиряк;
  - в) М.Жұмабаев;
  - г) М.Өтемісұлы.
2. Ертеде қазақтар неге табынған?
  - а) желге;
  - б) күнге;
  - в) отқа;
  - г) жерге.
3. Халық аңызы бойынша Қорқыт нені жасады?
  - а) қобыз;
  - б) сыбызғы;
  - в) домбыра;
  - г) баян.
4. III. Уәлихановтың айтуы бойынша өлген адамға тумалары неше күн бойы шырақ қойған?
  - а) 7;
  - б) 40;
  - в) 9;
  - г) 100.

5. Қырғыз-қазақтар адамдар өміріне нелер әсер етеді деп сенген?

- а) құдайлар;
- б) аңдар;
- в) жұлдыздар;
- г) планеталар.

6. Қорқыт туралы аңызды пайдаланып шығарма жазған кім?

- а) Б.Момышұлы;
- б) Ш.Уәлиханов;
- в) Ы.Алтынсарин;
- г) Р.Сейсенбаев.

7. Аңыз бойынша "Жерұйықты" іздеген кім?

- а) Қорқыт;
- б) Тенгри;
- в) Асан Қайғы;
- г) Ұмай.

8. "Темірқазық" – бұл ...

- а) ең жарық жұлдыз;
- б) ай;
- в) құсжолы;
- г) шолпан.

9. Александр Македонский туралы аңызды қай ақын шығармасына арқау етті?

- а) М.Әуезов;
- б) Абай;
- в) Ы.Алтынсарин;
- г) Ж.Жабаев.


10. Қай өзен туралы аңыз бар?

- а) Еділ-Жайық;
- б) Сырдария мен Амудария;
- в) Шаған мен Деркөл;
- г) Ертіс пен Есіл.

11. Көнегүрік аңыздарындағы төменгі әлем құдайы кім?

- а) Тенгри;
- б) Омай;
- в) Еркелік;
- г) Жер-су.

## II ТАРАУ ФОЛЬКЛОР



**Фольклор** – (ағылшын сөзі "folklore") – халық даналығы, халықтық білім, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы деген мағынаны білдіреді. Халық ауыз әдебиеті әр салада, әр түрлі жанрада дамыған. Тұрмыс-салт жырларынан бастап эпостық жырларға дейінгі бай мұра халық ауыз әдебиетінің жанрлық өресін танытады. Халықтың бүкіл тіршілігі өлең-жырларға арқау болған.

Фольклор – барша ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағы болумен қатар, халық тарихының дәстүрлі дүниетанымының жинақталған алтын қоры, халықтың рухани жан дүниесінің айнасы. Қай халық болсын өзінің тамырын танып, ұлттық келбетін айқындауда ғылыми сараның ең алдымен дәстүрлі дүниетанымының таусылмас қазынасы – фольклорға жүгініп жататыны да сондықтан.


Көптеген ғасырлар бойы басқа халықтардағы сияқты қазақ халқында да поэзиялық шығармашылықтың фольклорлық түрі де дамыды. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп, уақыт ұғымына қарай өзгеріп, толықтырып отырды.

Өнердің театр, сурет өнері, мүсін өнері, сәулет өнері сияқты басқа түрлерін дамытуға тұрмыс жағдайлары мүмкіндік бермегендіктен қазақтар үшін, көшпелілер мен малшылар сөз өнері құрметті болды. Ауыз әдебиеті халық-

тың жоғары дарындылығын, оның тұрмысқа, өмірге қатынасын бейнелеудің бірден-бір түрі болды.

**Қазақ фольклоры** – қазақ халқының ұлттық мәдениетінің құрамдас бөлігінің бірі. Қазақ халық шығармашылығы әндер, мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар, баталар, ертегілер, эпос, айтыстар сияқты алуан түрлі жанрлардан тұрады.

### Тұрмыс-салт жырлары



**Қазақтың тұрмыс-салт жырлары** – бұл көңіл-күйді, қайғы-мұңды, жан сезімін білдіретін халықтың салт-жораларымен, әдет-ғұрыптарымен, дәстүрлерімен байланысты лирикалық әндер. Тұрмыс-салт жырлары көшпелі малшының өмірімен, оның қазақ қоғамының патриархалдық-феодалдық қатынастар жағдайында қалыптасқан және дамыған сұлулық пен адамгершілік туралы түсініктерімен терең байланысып жатыр.

Олардың шығу тегі ертеден бастау алады. Сондықтан да малшылардың еңбек еткен кездегі әндерінде, күңтізбелік ғұрыптық әндер мен үшкірулерде аруақ шақыру отбасылық-ғұрыптық сиқыршылықтың іздері сақталған. Олар әдет-ғұрыптарда да сақталған. Әсіресе бақсылардың – емшілер мен сиқыршылардың өлеңдерінде көптеген ырымға сенудің көріністері бар.

Ислам дінін қабылдауға байланысты дәстүрлі қазақ халықтық ғұрыптары жүйесіне өзгерістер енді, ал ғұрыптық жырларға мұсылмандық идеялар мен бейнелер енді.

Қазақ тұрмыс-салт жырларының жалпы белгілері:

1) *әндік фольклордың еңбектік және тұрмыстық негізі;*

2) *тұрмыс-салт жанрының ғұрыппен, дәстүрмен, тұрмыспен тұтасып кетуі. Ол ғұрыптық жанрлардың қызметінде, мазмұны мен түрінде іс жүзіндегі тұрмыстық тұрдің эстетикалық түрмен үйлесім табуы арқылы байланысады.*

3) *Ескі нанымдардың және кейінгі ырымға сенушіліктің ғұрыптарда және олармен байланысты жанрларда (сиқыр, жануарларды пір тұту, ата-бабаларына табыну және басқалары) іздері сақталған.*

Тұрмыс-салт жырларына жататын жанрлардың бірі – бақсы өлеңдері, бәдік халық медицинасымен байланысты; Наурыз жыры мен жарапазан халықтық және мұсылмандық күңтізбемен байланысты; үшіншілері – той және жерлеу әндері, патриархалдық дәстүрлер мен ғұрыптар сақталған қоштасу, көңіл айту; төртіншілері малшылардың еңбегімен тікелей байланысты ән-жырлар.

**Күңтізбелік әндер** – бұл Наурызға арналған жаңажылдық әндер және жарапазан (ораза кезінде айтылатын әндер). Жаңа жыл немесе Наурыз көктемде тойланып, жаңа шаруашылық маусымының басталғанын атап өтеді. Мұсылман күңтізбесінің енгізілуіне байланысты оны 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңесуіне сәйкестендірді. Адамдар табиғаттың көктемгі оянуына, малдың төлдеуіне қуанды, көктемгі-жазғы көшіп-қонуға әзірленді, тойлады, ән айтушыларды қуана қарсы алды, оларға мол сыйлық берді. Сондықтан да жаңажылдық әндердің кейбірі сыйлық беруді сұраған өтініштер мен аяқталып отырады. Наурыздағы бұл әндер жарапазанды еске түсіретін. Бірақ олардан гөрі әуенді еді. Оларда тікелей дидактикалық тілектер молшылық: "Ұлыс оң болсын!", "Төрт түлік төлді болсын!", деген сияқты жақсы ырымға бастайтын игі ниет пен жақсы тілектер де көп:

*Ұлыс күні қазан толса,  
Ол жылы ақ мол болар.  
Ұлы кісіден бата алсаң,  
Сонда олжалы жол болар...*



Діни-дидиактикалық ойдан шығарып айтудың бір түрі – **жарапазан**. Оны ораза кезінде түні бойы айтқан. Онда далалық өлең шығарушылардың малдың мол болуын, қожайындарының денсаулығы зор болуын дйттеген әдеттегі тілектер (Наурыз әндеріне ұқсас) айтылады, бірақ бұл тілектер діни исламдық әуендермен ұласып жатты. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ауылдарының тұрғындарына тән екі жақты сенім сипатында "Құдай жарылқасын, аруақтар жебеп жүрсін..." деген сияқты ата-бабалар аруағына және Аллаға, пайғамбарларға, әулиелерге табыну түрінде болды. Наурыз әндері мен жарапазан да көтеріңкі үнмен айтылатын сөздер тізбегімен, кейде сирек болса да қара өлең түрінде орындалатын.

**Бақсы әндері.** Емдеу-сиқырлау қимылдарына ұласатын ұшықтаулар мен үшкірулер қазақтардың көне діни сенімі шамандықпен тамырласа байланысып жатыр. Бақсы (емші) әні де шамандықпен тікелей байланысты.

*"Шаман – сиқыршылық қасиеті және білімі бар адам. Ол ақын, музыкант, сәуегей және сонымен қоса дәрігер",* – деп жазды Ш. Уәлиханов.

Бақсылар сөздің жұмбақ мағынасы өздеріне ғана түсінікті екендігіне көпті сендірді.

**Бәдік.** Ескі дәстүр бойынша ауырып қалған малды емдеу үшін кешкісін күн батар алдында ырымдар жасалып, ғұрыптық әндер – ұшықтаулар айтылатын. Бұл кештер бәдік кеші деп аталды. Ауруды зұлымдық иелері жіберді деп санайтын жиналғандар Алладан одан құтқаруды сұрайтын. Көшпелінің аңғал материалистік түсінігі бойынша ауру жаны бар нәрсе ретінде ұғынылатын. Адамдар ауру да өздері сияқты көшіп кете алады, ал алысқа көшсе жақсы болады деп сенді. Осыған байланысты бәдік әндерінде ауруды көшіру жөніндегі "Көш, көш!" деген сөздік қайталаулар басты тақырыпты дамытатын еді.

Уақыт өте келе сиқырлық мәнін және ғұрыппен байланысын жоғалтқан бәдік ойындық сипатқа ие болды. Жастар сиқырлау әндерінің дәстүрлі түрін пайдалана отырып бір-біріне сүйіспеншілік сезімдерін жеткізді.

Осыдан келіп *бәдік қайым айтыс жанрының қалыптасуына негіз болды. Бәдік – сиқырлау әні, ұшықтау әні. Ән мен ғұрыптың атының өзі әнмен емделетін аурудың атын білдіреді.*

## Той жырлары

Той жырлары: той бастар, жар-жар, беташар, сыңсу.

**Той бастар** – үйлену тойына, түрлі қуанышты оқиғаларға, батырдың жеңіспен оралуына, қалыңдықтың табалдырықтан аттауына, құрметті адамдардың мерейтойына және т.б. – байланысты мерекелік дастарханды бастайтын, ашатын ән. Той бастарды ақын немесе жыршы (асаба) орындайды. Мерекені ашқан ақын қонақтарды құттықтайды, басталғалы тұрған той жөнінде баяндап береді. Той бастар үй иесіне немесе жиналғандарға алғыс сөздерін айтумен аяқталады. Той бастардың негізгі тақырыбы – даланың қасиетті дәстүрі болып есептелетін қонақжайлылық. Мереке аяқталарда айтылатын ән "**Той тарқар**" деп аталады.

**Жар-жар** – қыздың ұзатылу тойында айтылатын тұрмыс-салт өлеңі. Жар-жарда қыздың жаңа өмірінде оның тума-туыстарын енді күйеуі алмастыратыны, оның ендігі барлық сезімдері жарына арналатыны айтылады. Бұл өлеңде әйелдің өзіндік орны туралы халықтық түсінік көрініс табады, көшпелі халықтың патриархалдық-тектік ұғымына сай қыздың, әйелдің, ананың үлесіне тиген асыл мұраты туралы жырланады.

Ұзатылып бара жатқан қыздың **сыңсуы** – ұлттық тәрбие мектебінің тамаша үлгісі. Сыңсу қалыңдықтың туған ауылымен, құрбыларымен, жақындарымен қоштасуы кезінде айтылады. Алтын ұяны тастап, туған ел-жұрттан бөліну, жат босаға аттау оңай іс емес. Осының бәрін тәжірибелі де тәрбиелі халық жылай жүріп ән, жыр түрінде шеберлікпен үйлестіріп жасай білген. Тағы бір қызығы қыз жылап қоштасқанмен, ол қайғы емес қуаныш, қимастық сәтінің де белгісі.

Тойға қатысушылардың бірі қалыңдыққа жұбату әнін айтады. Бұл ән де әйелдің өмірдегі орнын есіне салады, оған жаңа отбасында бақытты өмір тілейді.

**Беташар** – мұнда ақын қалыңдықты күйеу жігіттің туыстарымен таныстырады, олардың әрбіреуіне мінездеме береді, қалыңдықты жырға қосады, өзін қалыңдық, әйел ретінде қалай ұстауы керектігі жөнінде ақыл-кеңес береді. Бұл әнде көңілді өзіл мен қалжың өте көп.

**Бесік жыры** – бұл дүниеге келгеннен кейін нәресте алғаш еститін жыры. Оған үлкендер өздерінің сөбиге деген сүйіспеншілігін және жақсы азамат болу жөніндегі тілектерін арқау етеді.

## Жоқтау

**Жоқтау** – қайтыс болған адамның жақсылығын, еліне істеген қызметін, жақсы қасиеттерін паш ететін тұрмыс-салт жыры, зарлы өлең. Абайдың ұлы Әбдірахман өлгенде шығарған жоқтауы, Кенен Әзірбевтің жазушы Сәбит Мұқанов қайтыс болғандағы "Қош бол, Сәбит" жоқтау өлеңі көпшілікке белгілі.

**Көңіл айту** – қайтыс болған адамның туыстарына арналған көңіл айту және жұбату жыры.

## Малшылардың өлең-жырлары

Қазақтың малшылық өлең-жырлары көне замандардан бастау алады. Олардың бірқатарында жануарларды шамандық пір тұтудың, сиқыршылықтың іздері сақталған.

"*Темірге (Ақсақ Темірге) дейін (XIV ғасырға дейін) қырғыздар (қазақтар) ата-бабаларының рухтарына – аруаққа, тазартатын күш ретінде отқа, айға, күнге, жерге және әрбір тұлкті жеке-жеке пір тұта отырып, өздерінің байлығын құрайтын жануарларға табынды*", – деп жазады Ш. Уәлиханов.

Халықтық аңызы бойынша төрт тұлктің пірлері бар. Сиырдың пірі – Зеңгі баба, жылқының пірі – Қамбар ата, түйенің пірі – Ойсылқара, қойдың пірі – Шопан ата болып табылады. Адамның еңбектегі серігі ретіндегі төрт тұлкі мал туралы өлең-жырлар көптеп таралған. Дегенмен де жануарлардың бейнелері аллегория емес. Бұл ертедегі адам ойлап шығарған және көне түрінде сақталған жануарлар бейнесі.

Талиға Бекхожинаның "Қазақтың 200 әні" кітабына Қазақстанның түрлі аймақтары жасаған фольклорлық экспедициялары кезінде жинақтаған фольклорлық-этнографиялық материалдары енгізілген.

Т. Бекхожинаның мұрасы өте құнды болып табылады, өйткені онда дәстүрлі мәдениетте бар фольклор мен музыкалық шығармашылықтың барлық жанрлары қамтылған: ғұрыптық фольклор – бақсы жырлары, бөдік, жарапазан; той жырлары – сыңсу, қоштасу, жар-жар, бет ашар; азалау ғұрып жырлары – жоқтау, жылау, дауыс шығару, жұбату; тұрмыстық жырлар – бала жұбату, қара өлең; балалар фольклорының және дидактикалық жанрлардың ән-жыр үлгісіндегі түрлері – ән-ертегілер, мысал-өлеңдер, ойын-өлеңдер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, сол сияқты кәсіптік эпикалық, әндік және аспаптық дәстүрлердің жоғары үлгілері.

Талиға апа өз кітабында жойылу қаупі бар жанрларды атап көрсеткен. Сонымен, қазіргі кезде фольклор әлеметтік себептерге байланысты жойылып барады, қазіргана түсінікті болған эпостық дәстүрлер қалың бұқараның идеологиядан бейтараптануының салдарынан ұмытылуға жақын. Өз кезеңінде көркем-поэзиялық түрдегі эпостық жанрлар қазақтардың ұлттық идеологиясын бойына сіңірген және ұлттық ділді (менталитетті) бейнелеген еді.

Кітапта Қазақстанның, сол сияқты Ресейдің (Бурятияның), АҚШ-тың, Қытайдың, Қырғызстанның этномузиканы зерттеушілерінің мақалалары берілген. Қазақстанның белгілі музыка зерттеуші ғалымы, мәдениет зерттеушісі және публицисі Әсия Мұхамбетова түркі-монғол халықтарының төңірлік күнтізбесін ұсынады және қазақтың дәстүрлі музыкасын жеткізуші салсерілер туралы әңгімелейді.

## Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Поэзия қандай тұрмыс-салт жырлары деп аталады?
2. Толықтырып жазыңыз: Той бастар – бұл \_\_\_\_\_

3. Жоқтау жырларының түрлерін атап шығыңыз.
4. Бесік жыры кімге арналған?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Бекхожина Т. "Қазақтың 200 әні" жинағы (1919-1995).
2. Кузбакова Г. От песен до эпоса // Казахстанская правда, 05.02.2002.
3. Валиханов Ч. О формах казахской поэзии. – Алматы, 1984. – 280 б.

### Дидактикалық жанрлар



*Даланың әндері, ертегілер мен мақалдар оқырманға қырғыздардың тұрмысын жырмен көркемдеу мақсатында жазылған тұтас кітаптардан да әлдеқайда тартымды. Өзін-өзі сыйлайтын әрбір би мен сұлтан мақалсыз сөйлей алмайды, әңгімелескен кезде әр сөзін мақалдап сөйлеуге тырысады.*

**Ш.Уәлиханов**

Дидактикалық жанр, дидактикалық әдебиет – бұл оқытуды, ақыл-кеңес беруді, ақпарат беруді көркемдік мінәжат ретінде жүзеге асыратын әдебиет. Қазақ фольклорындағы дидактикалық жанрдағы шығармалар көбіне

көлемі жағынан өте үлкен және түрі мен мазмұны жағынан алуан түрлі. Бұлар терме, тіл шеберлігін, қанатты сөздерді білдіретін шағын шешендік сөздер, мақалдар мен мәтелдер, баталар, жұмбақтар. Оларда мораль мен насихаттық сөздер есте сақтауға жеңіл түрде беріледі. Дидактикалық жанрларға тән ортақ ұқсас белгілерімен қатар олардың әрбірінің өзіне ғана тән ерекшеліктері де бар.

Термелер де насихаттық өлеңдер сияқты адамгершілікке үндейтін ақыл-кеңестер тізбегінен тұратын мазмұнымен ерекшеленеді. Термеде әр түрлі сипаттағы нақыл сөздер, ғибратты сөздер, өмірлік пайымдаулар қатаң тәртіппен және қатаң қисынды дәйектілікпен келтіріледі. Мұнда жеке бір жолдың немесе бір оймен біріктірілген екі, ал кей кезде бірнеше жолдың өз мағынасы болуы мүмкін. Олар бір шығармаға сыртқы түрі, ортақ ырғағы, сөздердің қайталануы арқылы біріктіріледі.

Терме дербес қолдануға болатын бөліктерге бөлінеді. Мұның басқа бір бөліктерге мазмұны жағынан қатысы жоқ, олар да өз алдына ой білдіре алады.

Терме дербес қолдануға болатын бөліктерге жеңіл бөлінеді. Мұның басқа бөлек бөліктерге мазмұны жағынан қатысы жоқ, олар да өз алдына ой білдіре алады.

**Шешендік сөздер** – бұл нақты оқиғаларға байланысты айтылған дана сөздер. Көбіне олардың тууына адамдардың арасындағы түрлі таластар, қақтығыстар себепші болады. Шешендік сөздер күнделікті өмірде әр түрлі жағдайларда туындады. Шешендік сөздерді туғызу үшін өз ойын өлеңмен бейнелі түрде білдіру талап етілетін. Қызыл тілде дес бермеген және сөйлеуде алдына жан салмаған сөз шеберлерін шешендер деп атады. Шешендік сөздердің көпшілігі халықтың ұжымдық шығармашылығының жемісі болғанмен, олардың арасында шығу тарихы тарихи тұлғалардың есімдерімен (Қазыбек, Сырым Датов, Асан Қайғы, Жиренше шешен және басқалары) байланыстырылғандары да бар.

Елдің айтуынша, С.Датов айтыпты дейтін шешендік сөздер өткірлігімен және тапқырлығымен ерекшеленеді. Бірде шешендік сөз сайысы кезінде одан сөз бен судың көзі не, сапар, жол, қыз және даудың мұраты не деген сұрақтар қойыпты. Сонда С.Датов былай деп жауап беріпті:

Сөздің көзі – құлақ,  
Судың көзі – бұлақ,  
Сапар мұраты – өту,  
Жол мұраты – жету,  
Қыз мұраты – кету,  
Дау мұраты – біту.

Әдетте шешендік сөздер екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде даналық сөздің тууына себеп болған өмірлік жағдайлар, жайлар туралы баяндалады. Ол негізінен қара сөз түрінде болып келеді. Ал өткір сөздің басты ойын білдіретін екінші бөлігі ұйқасты, ырғақты болады.

Қазақ фольклорында шешендік сөздер кейін келе пайда болған, олардың көпшілігі кейінгі көркем әдебиеттен бөлініп алынған, сондықтан да олар мәдениеттің ерте және көне ескерткіштерінде кездеспейді.

**Мақалдар** – ықшамдылығымен, бейнелілігімен және өмірдің әр түрлі құбылыстары туралы дәлдікпен айтылатындығымен ерекшеленетін, терең қорытылған ойға құрылған нақыл сөздер. Мақалдар философия жөніндегі халық түсінігінің көрінісі есебінде ғасырлар бойы қалыптасты. Олар ұрпақтан ұрпаққа ауыса отырып өңдеуден өтті, бірте-бірте жымдаса өріліп, бейнелі нақыл сөзге айналды.

Қазақ мақалдары көп мағыналы болып келеді, олардың айтар ойы әдетте сөз қолданысына байланысты болады. Оларды тақырыпқа бөлу мүмкін емес, өйткені мақалдар өте көп. Мақалдар мен мәтелдерде көрініс таппаған бірде-бір оқиға немесе өмір құбылысы жоқ. Мақалдарда халықтың еңбек тарихы, қоғамдық қатынастары, оның тұрмысы мен әдет-ғұрыптары көрініс тапқан. Халықтың мал өсірумен айналысқан ұзақ көшпелі өмірі мысалы мына мақалдарда бейнеленген:

"Көшкенде халық екіге бөлінсе, көппен бірге жүр: теңіз құрғамайды, халық адаспайды", "Ат – ердің қанаты".

Қазақтарда ақылды, тапқыр сөздер ерекше бағаланады, бұл жөнінде мына мақалдар туған:

"Өнер алды – қызыл тіл", "Иек көркі – сақал, сөздің көркі – мақал", "Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды".

Қазақ халқының мақалдарында халықтық мораль нормалары да бар, олар адам қандай болуы керек деген сұраққа жауап береді: "Бейнет, бейнет түбі – зейнет", "Еңбегі аздың – еңбегі аз", "Асыл – тастан, ақыл – жас-тан".

Халықтық ұғым бойынша адам еңбексүйгіш, ақылды, білікті, қайырымды, адал болуы керек.

Қазақ мақалдарына жинақылық, барынша дәлділік тән. Олар метафораның, метонимияның, антитезаның, аллегорияның, салыстырудың көмегімен жасалады. Қазақ мақалдары эпостық шығармаларды, ертедегі және қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің ескерткіштерінің құрамында кездеседі.

**Мәтелдер** – бұл өмірлік құбылысты, оқиғаны дәл және ықшам бейнелейтін күнделікті қолданылатын бейнелі сөз. Мәтелдердің мақалдардан өзгешелігі оларда үйрету, бағыт нұсқау, насихат болмайды. Мәтелдер нақты бір жай бойынша айтылған өткір ойдан тұрады.

Қазақ халқы үшін мақалдар мен мәтелдер ерекше маңызды болды. Олар қоршаған ортаны бақылау, табиғаттың құпияларына қанығу, жануарларды, көшпелі мал шаруашылығын игеру барысында алған түрлі еңбек дағдыларын осы дана сөздермен бекітіп отырған. Көшпелінің бай өмірлік тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа мақалдар мен мәтелдер арқылы таралды.

**Бата.** Бұл жанрдың пайда болуы табиғи жарық көздеріне табынумен байланысты болды. Бата ай жаңа туған кезде айтылатын. Олар жаңа шаңырақ құрған кезде, ересек өмірге қадам басқанда жастарға бақ-береке, денсаулық, табыс, алыс жолға шығар алдында сөттілік тілеген тілектерден тұратын.

Бата қатаң күнтізбелік тәртіпке бағындырылмаған, оны кездесу мен қоштасуда, дәм үстінде айтқан.

**Жұмбақ** – бұл заттар мен құбылыстарды олармен аздап болса да ұқсас нәрселермен салыстыра отырып тұспалдап айтатын фольклор жанры; әдетте табуға тиісті сұрақ ретінде қойылады. Жұмбақты ойдан шығаруға ерік берілген. Заттай және нақты елестету жолымен жасалады.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

- 1) Дидактикалық жанр дегеніміз не?
- 2) Терме – бұл \_\_\_\_\_
- 3) Мына сөйлемді аяқтаңыз: " Термедегі жолдар соңғы \_\_\_\_\_ біріктіріледі"
- 4) Нақты оқиғаларға байланысты айтылған дана сөздер бұл – \_\_\_\_\_
- 5) Мақалдар – бұл \_\_\_\_\_


### Қолданылған әдебиеттер:

1. Валиханов Ч. Словесность. – Алматы, 1985. – 385-390 с. Т. 4.
2. Валиханов Ч. Поговорки Большой орды. – Алматы, 1984. – 277 с. – Т. 1.
3. История казахской литературы в 3 томах. – Алматы, 1968. – Т.1.
4. Ақ бата: Бата сөздер. Құраст. С.Негимов, Т.Қазиұлы – Алматы: Жазушы, 2002 .

### Қазақ халқының ертегілері

*Түрлі халықтардың ертегілерін оқуды жақсы көремін.  
Көне авторлардың метафораларымен халықтың  
дүниетанымын ұғыну – бұл өте қызықты іс.*

**Олжас Сүлейменов**



Ертегі – бұл әдеттен тыс, ойдан шығарылған оқиғалар туралы ауызша өлең түріндегі халықтық әңгіме. Қазақ ертегілерінің дамуын былай елестетуге болады: XVI-XVIII ғасырларда қиял-ғажайып ертегілері мен тұрмыс-салт ертегілері барынша көп тарады. Бұл дәуірде Жиренше туралы ертегілер топтамасы қалыптасты, Алдар көсе туралы ертегілер топтамасы жаңадан пайда бола бастады. Түрлі соғыстарға байланысты қиял-ғажайып, батырлық (алыптар туралы) ертегілер шарықтау шыңына шықты.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезеңінде тұрмыс-салт және хикаялық ертегілері, сатиралық ертегілер белең ала бастады. Алдар көсе туралы ертегілер топтамасы түпкілікті қалыптасып болды, Қазақстанда Қожана-сыр туралы анекдоттар тарала бастады.

**Қиял-ғажайып ертегілері.** Қиял-ғажайып ертегілерінің тақырыбы қаһарманның ғажайып құралдардың көмегімен көптеген кедергілерден өтіп шығуы болып табылады. Егер қаһарман өзіне, өз күшіне сене отырып кедергілерден өтіп шықса, ол батырға айналады. Осындай батырлары бар ертегілер қиял-ғажайып, батырлар ертегілері деп аталады. Мұндай ертегілердің бірқатар өзіне тән ерекшеліктері болады.

Қиял-ғажайып ертегінің классикалық түрі мынадай композициялық сәттерді қамтиды: қаһарманның басқа дүниеге сапар шегуі, ғажайып затты алуы, қиын міндеттерді орындап шығуы, құда түсуі, зұлым күштерді жоюы, бақытқа жетуі. Әдетте оның соңы кейіпкердің сүйген қызына үйленуімен және таққа отыруымен аяқталады. Ертегінің классикалық түрі Шығыс пен Батыс халықтарында өте көп тараған.

Классикалық қиял-ғажайып ертегісінің қаһармандары әрқашан да жеңіске жетеді және барлық сындардан абыроймен өтеді. Оның әлеуметтік жағдайына маңыз берілмейді. Ол ханның, байдың ұлы да, аңшы-мерген де, малшы да, батыр да, кедей де, бай да болуы мүмкін – кім болса да ақыр аяғында өз бақытына ие болады.

Қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде батырлық ертегілер ерекше орын алады. Оларға батырлық эпосқа ұқсас

және көбіне олармен байланысты тақырыптар өзек болған. Бір жағынан алғанда, осы түрге жататын ертегілер қиялдау ертегілерінің ерекше тобын құрайды: мұнда да қаһарманның бұрынғы жаулары, мұнда да басқа әлемге сапарға шығу қайталаынады. Екінші жағынан алғанда, мұнда да батырлық эпос тақырыбына тән туған жерді, халықты, тайпаны, руды басқыншылықтан азат ету немесе қорғау туралы баян етіледі.

Қазақтың көне батырлық ертегісі – "Ер Төстік". Қазақ фольклорында бұл батыр туралы жыр жоқ.

"Керқұла атты Кендебай" атты басқа бір батырлық ертегінің сюжеттік негізі – батырлық көрсетіп құда түсу. Бұл ертегілер шығу тегі жағынан өте көнерген.

Айтылғандардан көп кейін пайда болған батырлар ертегілері батырлық эпоспен тығыз байланысты. Мысалы, "Таласпай мерген", "Ер Көкше және оның ұлы Ер Қосай", т.б. "Таласпай мерген" ертегісінің қаһармандары Қобыланды мен Қараман қазақтың батырлар жырынан жақсы белгілі. "Қобыланды батыр" туралы жыр – көркемдігі жағынан кемеліне келген жырлардың бірі. Батырлар ертегісінің жырмен байланысы желісімен және сюжеттік табиғатымен ғана емес сонымен бірге баяндау мәнерімен де астасып жатыр. Батырлар ертегілерінде де батырлар жырына тән өлеңмен баяндалатын суреттеулер кездеседі.

**Хайуанаттар туралы ертегілер.** Олар үш топқа бөлінеді:

1) сараңдық, ақылдылық, аңқаулық және басқалары сияқты адамдық сипаттары қарапайым түрде көрінетін *хайуанаттар туралы классикалық ертегілер*.

2) мысал өлеңдерге жақын ертегілер. Бұлар – хайуанаттар бейнелері шартты түрде басым немесе нашар көрінетін, ал суреттеу жағынан белгіленген норманы нақты көрсететін мысал ертегілер.

3) хайуанаттардың қандай да болсын бір белгісінің пайда болуы туралы баяндалатын *этиологиялық ертегілер*.

Хайуанаттар туралы ертегілердің шығу тегі көне тотемдік наным-сенімдермен байланысты. Адам табиғат күштеріне, хайуанаттардың жұмбақ және қорқынышты

әлеміне толық тәуелді бола отырып ой-қиялында бұл әлемді өзіне бағындырады. Мұнда хайуанаттар мен адамдар "қоғамы" бөлінбейтін тұтас күйінде бірігіп кетеді. Хайуан адамдардың бірге тұру ережесіне бағынады, оған адамның тілі түсінікті, ол жазалай да және кешіре де алады, мейірімді де және қатыгез де бола алады.

Уақыт өте келе табиғатқа үстемдік ету елестетуден нақты іске асыруға ұласқан кезде ғана тотемдік нанымдар да, ғұрыптар да, ертегілер де кейбір жұрнақтарын қалдыра отырып жойылып кетеді. Енді хайуанға секемдене қарауды ұмытқан адам оған мысқылмен қарай бастады. Хайуандар туралы алғашқы ертегілер аңдардың арамдығынан немесе аңғалдығынан адамдардың бойындағы кемшіліктер тұспалмен көрсетілетін ертегілерге айналды. Сонымен хайуанаттар туралы ертегілер өзінің басты сипатына – **аллегоризмге** ие болды.

Қазақ хайуанаттар туралы ертегілерінің өздері пайда болған тотемдік негізден ажырағанына көп уақыт болды.


**Тұрмыс-салт ертегілері.** Тұрмыс-салт ертегілерінде халықтың тұрмыс-тіршілігі кеңінен суреттеледі. Әсіресе, қоғам өміріне баса көңіл бөлінеді. Қазақтарда жұбайларға, отбасылық-рулық тақырыптарға арналған ертегілер аз кездеседі. Көптеген тұрмыс-салт ертегілері түрі жағынан новелланы, шағын қызықты әңгімені еске түсіреді. Мысалы, "Біту әже" ертегісі. Байдың ұлы қалыңдық іздеп жүргенде ұнатқаны кедей бақташының қызы болып шығады. Көңілі қалған жігіт ол қызды қылышпен ұрады, құйма алтынын ұмыт қалдырып кетіп қалады. Кедей бақташы байып кетеді, ал оның қызы сұлу қызға айналады. Бірнеше жылдан кейін жігіт тағы қалыңдық іздеуге шығады да, бақташының қызын танып, құда түседі. Ертегі "Тағдырдан қашып құтыла алмайсың", – дегенді меңзейді. Ертегі екі жастың қосылып, бақытты да ұзақ ғұмыр кешуімен аяқталады. Осылайша, бақыт байлықта емес екендігі сөз болады.

Осылай ертегіде ақыл мен адамгершілік жеңіске жетеді. Оңбағандықпен және алдаумен жылы орынды иемденуге тырысқан адамдар сөзсіз жеңіліске ұшырайды.

Тұрмыстық ертегілердің ішінде **сатиралық ертегілер** ерекше орын алады. Мұндай ертегілердің мақсаты ерсілік-оғаш қылықтарды әшкерелеу болып табылады. Сатиралық ертегілерде жәбір көрсетушілерді жеңу туралы халықтың көкейкесті арманы көрініс табады. Бұған "Алдар көсе мен Шығайбай" ертегісі мысал бола алады.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Олжас Сүлейменовтың ертегілер – "Ертегілер – бұл халықтың дүниетанымын ұғыну – \_\_\_\_\_", деген ойларын аяқтап жазып шығыңыздар.
2. Ертегі бұл халықтың \_\_\_\_\_
3. Қиял-ғажайып ертегілерінің идеясы \_\_\_\_\_
4. Жануарлар туралы ертегілердің топтарын атаңыз.
5. Тұрмыстық ертегілердің ішінде сатиралық ертегілердің айырмашылығы неде?
6. Тұрмыстық ертегілер қандай мақсатты көздейді?



**Эпос.** Қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі кең дамыған. "Эпос" сөзі көп мағыналы. Эпос – әдебиеттің үш түрінің бірі: (эпос, лирика, драма). Сондай-ақ, эпос – өте ерте замандағы оқиға, батырлар туралы халықтық шығарма. Мұндай шығарма тек өлең түрінде немесе өлең жолдары қосылған проза түрінде жазылады.

Эпостың тууы мен алғашқы дамуы қазақтың ақиқат құбылыстарымен қалыптасып, халықтың өмірлік және рухани

әдістерін бойына сіңіріп, тарихи ғасырлар бойына дамыды.

Эпостың түп-төркіні көне заманда жатыр. Сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен, мола құлпытастарынан, қазбалардан табылып, батырлар мен рубасылардың ерліктері мәңгі есте сақталды. Көптеген эпостық шығармалар рулардың шығарған өлеңдері негізінде туындаған. Қазақ эпосы өзіндік жанр ретінде XV-XVII ғасырларда қазақ халқының феодалдық езгі мен күресі тұсында қалыптасты. Эпикалық шығармалардың мәтіндері бізге ауызба-ауыз ақын-жыраулардың өлеңдерімен жетіп, олардың бір бөлімдері фольклористермен, оқымысты-шығыстанушылармен төңкеріске дейін жазылып алынды.

Қазақ халқының көптеген эпикалық өлеңдері мен жырлары батырлар туралы және ғашықтар туралы болып бөлінеді, оны фольклористикада батырлар жыры мен тұрмыс-салт жырлары деген терминдермен береді.

**Батырлар жыры** – бұл халық ауыз әдебиетіндегі тарихи жағдай, батырлардың халқы мен отаны үшін ерлік істері туралы шығармалар. Мұндай эпос негізінде батырдың жеңісімен аяқталатын күрес, жаумен теке-тірес жатыр. Сондықтан мұндай шығармалардың барлығы дерлік батырлар есімдерімен аталады: "Қобыланды батыр", "Қамбар батыр", "Алпамыс", т.б.

Эпостың басты кейіпкері – өн бойында халықтың жақсы қасиеттері бейнеленген батыр, жауынгер. Ол асқан күш иесі және азаматтық қасиеттермен ерекшеленеді.

Батырлар жырына характерлік гипербола, эпитеттер, айбынды, салтанатты стиль тән.

Батырлық эпос – бұл халқын ауыр қайғы-қасіреттен, өз руын жаудан қорғайтын, асқан күшімен ерекшеленетін батырлардың ерен ерліктері мен өмірлері туралы сюжетті өлең.

Батырлық эпос көшпенді өмір сүріп, ішкі және сыртқы жауларымен күрескен қазақ халқының өміріндегі тарихи жағдайлар негізінде туған.

**Батырлар жыры** – бұл үлкен тарихи даму жүргізетін өнер құбылысы. Қазақтың батырлық жырында тарихи

жағдай ерекше фантастикамен, батырлықпен бейнеленген. Эпикалық ескерткіштерді белгілі бір тарихи жағдаймен, тарихи тұлғамен байланыстыру қиын, дегенмен кейбіреуінің мазмұнына қарап, онда көрінетін қазақ халқының тарихи ширегіне қарап, өткен уақытын шамалауға болады.

Қазақтың батырлық эпосының өте көне нұсқасы VIII-X ғасырға, патриархалдық-рулық қатынастардың ыдырау дәуіріне жатады. Руаралық тыныштықтың бұзылуы, рулардың этникалық бірігуі, руаралық соғыс жөнінде сыбыстың тууы, жер ауыстыру, рубасылар мен ықпалды адамдар туралы мәліметтер эпостың негізін құраған. Эпикалық стильдің түзіліп және дамуы үдерісінде айтылған бөлімдер ірі батырлар есімі төңірегінде шоғырланған. Эпикалық шығармада батырлардың шыққан тегі айтылуы тегін емес: Қобыланды – қарақыпшақ руынан, Алпамыс – қоңырат руынан, Қамбар – ноғай руынан.

Алпамыс туралы жырда патриархалды-феодалдық қоғамның ыдырауын бейнелей отырып, халық бірлігінің қажеттілігі идеясы көрінеді.

XV-XVI ғасырларда Алтын Орда құлап, қазақ мемлекеті құрыла бастағанда, қазақ жеріне жоңғар феодалдары шабуыл жасады. Әсіресе, XVII ғасырдың орта тұсында қазақтарды қатты қыспаққа алды, оның артынан 1723 жылы жоңғар-қалмақ әскерлері шабуылдады. Осы дәуірдегі жоңғарлар мен қалмаққа қарсы батырлық күрестер батырлар жырын түпкілікті қалыптастырды. Тура осы тарихи кезең көптеген эпикалық шығармада көрініс табады.

Қазақ хандары мен еңбекші халық арасындағы күрес "Ер-Тарғын", "Ер-Көкше" эпикалық поэмаларында бейнеленген.

Кейінірек жазылған "Қарабек", "Өтеген батыр", "Арқалық батыр" сынды эпикалық шығармаларда батырлық тақырыбы социалды-саяси күреспен, қазақ даласындағы қоғамдық тартыстармен байланыстырылады. "Арқалық батыр" жырында қазақ халқының Ресеймен қосылуы тұсындағы көңіл-күйі, Ресей мемлекетінен қолдау ізде-

ген және өз халқының тағдырын ойлайтын батыр образы суреттеледі.

Эпикалық шығарманың бәрі бірдей халықтық емес. Мысалы: "Орақ-Мамайда" негізінен феодалдық ынта көрініс табады.

"Алпамыс" эпосы – өте көне батырлық жыр. Онда тек көненің тұрмыс-салт қатынастары ғана емес, көне мифтік ұсыныстар да бейнеленген. Оларда негізінен батырлардың өз тайпа мен руларын қорғауы, аңшы-мергендер туралы әңгімеленеді.

"Алпамыстың" көне түпнұсқалары бізге жетпесе де, ол туралы жыр түркі тектес халықтарда сақталған. Бұл алтайлық "Алып-Манаш" және "Алпамыш" батырлар жыры, татар халқының "Алпамыш" батырлық ертегісі, башқұрттық "Алпамыш пен Барсын-хылууы", қарақалпақ, қазақ, өзбек халықтарының "Алпамыс" – "Алпамыш" эпостары.

"Алпамыс" жыры негізінің көнелігін мойындап, оқымыстылар әр түрлі шешімге келеді. Біреулері Дешті-Қыпшақ кезінде XII-XIV ғ., екіншілері Арал, Сырдария сағаларында өзбек, қазақ, қарақалпақ халқының жасақталуынан бұрын құрылған қоңырат руының эпосы дейді.

Үшінші болжам бойынша "Алпамыс" батырлық ертегі ретінде VI-VIII ғасырларда оңтүстік Алтай таулары аясында, Түрік қағанаты дәуірінде құрылып және сосын XVI ғасырда көшпелі өзбектің Шайбани хандығында жайылған.

Фольклористердің басым көпшілігі Алпамыс туралы жыр дала көшпенділері арасында, патриархалды-рулық қатынастар жағдайында құрылған деп есептейді.

"Алпамыстың" қазақша нұсқауларын оқып зерттеу, оның кейінірек кезеңде құрылғанын көрсетті. "Алпамыстың" қазақша нұсқауларының ішіндегі әдеби жазылғаны – С.Аққожаевтың нұсқасы. Ол Қоңырат руының байы Байбөрінің баласы болмаған деген тарихпен басталады. Өскен соң өзін "қубас" деп кемсітетін өгей ұлы Ұлтанды тәрбиелейді. Ренжіген Байбөрі мал-мүлкін ұлестіріп, бәйбішесімен өз аулынан кетіп қалады. Көп



жылғы күйзелістері сәттілікпен аяқталып, олардың Алпамыс атты баласы болады. Ол бес-алты жасында-ақ батыр боп шығады. Одан соң айдай сұлу Гүлбаршынға үйленеді.


Жырдың екінші бөлімі – батыр мен қалмақ руларының тарихы. Алпамыс әйелімен туған ауылына келіп, қалмақтың ханы Тайшын әкесінің үйірін айдап кеткенін естиді. Айдалған мал үйірінің артынан қуып, мыстан кемпірдің айланымен зынданға түсіп қалып, көп жылдар сонда азап шегеді. Одан босанып және қалмақтарды талқандап Алпамыс үйіне қайтып оралады.

Үшінші бөлімінде белгілі сюжетпен аяқталады "күйеуі өз әйелінің тойының үстіне келеді". Алпамыс жоқта Ұлтан Алпамысты өлді деп сендіріп, батырдың мал-мүлкі мен отбасын әмеңгерлік салтымен өзі иемденбек болады. Бірақ Алпамыс Ұлтанды жазалайды. Эпос мерекелік салтанатпен аяқталады.


"Алпамыс" жырындағы батырлық-патриоттық тақырып отбасылық-рулық тақырыппен сәйкес келеді.

**Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:**


1. Эпос – бұл халықтық \_\_\_\_\_
2. Қазақ эпосы қашан қалыптасты?
3. Батырлық эпос – бұл \_\_\_\_\_
4. Батырлық жырда нелер көрініс табады?
5. Алпамыс туралы эпостың сюжетін баянда.
6. Фольклористикада эпос түрге бөлінген. Қате жауабын көрсет:



**7. Қайсысы батырлар жырына жатпайды?**



**8. Батырлар жырларында кездеспейді:**



**Әлеуметтік-тұрмыстық (лирикалық) эпос** – махаббат тақырыбы жырланатын, қазақ тайпалары мен рулары арасындағы күрделі қатынастар, даулар туралы өңгімеленетін фольклорлық шығармалар. Әлеуметтік-тұрмыстық эпостың өз ерекшеліктері бар:


1) мұндай эпостың тақырыбы махаббат, екі жастың өз бақыты жолындағы қиыншылықтары мен күресі тақырыбы болып табылады;

2) батырлық эпостағы шешуші мәнге ие емес әдет-ғұрыптар, тұрмыс пен рулық қарым-қатынастар әлеуметтік-тұрмыстық поэмалар мазмұнымен үйлесім табады. Мысалы, "Қозы Көрпеш Баян сұлу" поэмасының драмалық шиеленісінің негізінде ата-аналардың әлі дүниеге келмеген балаларын болашақта некеге тұрғызу мақсатында атастыру дәстүрі жатыр.

3) бейнелердің шыншыл баяндалуы. Егер батырлық эпосында батыр бес жасынан бастап әскери ерліктер жасайтын болса және шындықтан асып кететін болса, тұрмыстық поэмаларда адамдар өздеріне тән барлық қасиеттерімен ғана қалады.

Әлеуметтік-тұрмыстық эпостың ең белгілі шығармалары: "Қыз Жібек", "Қозы Көрпеш Баян сұлу", "Мақпал қыз", "Айман-Шолпан", т.б.

"Қозы Көрпеш – Баян сұлу" поэмасы ең көне және халық арасына кең таралған жырлардың бірі. Бұл жыр да "Қыз Жібек" сияқты басқа халықтарға көптен белгілі



*Қозы Көрпеш – Баян сұлуга арналған құлпытас. Суретті «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының Құсмұрындық тізімін жазу кезінде Ш.Уәлиханов салған.*

халық даналығының інжу-маржаны. "Қозы Көрпеш-Баян сұлудың" нұсқаларының бірі 1812 жылы Қазанда орыс тілінде (башқұрт тілінен аудармасы) шықты. Барабин татарларының нұсқасын және қазақ нұсқаларының бірін В.В.Радлов жазып алып, басып шығарды, алтайлықтарда "Қозын-Еркіш" эпосы бар. Осы халықтардың барлығы "Қозы Көрпешті" өзіміздікі деп санайды, ал қазақтардың арасында оның 16-дан астам нұсқасы бар.

1833 жылы Пушкин Оралда болғанда осы эпостың сюжетін жазып алды.

"Қозы Көрпеш-Баян сұлудың" әр түрлі нұсқаларында идеялық мазмұны мен композициясы өзгерістерге ұшыраған. Оларды екі топқа бөлуге болады: көптеген жағдайларда поэманың романтикалық бояуы өте басым және оның ақыры қайғылы аяқталады. Шөженің нұсқасы, Радловтың, Березиннің жарияланымдары және 1909 жылғы басылымы осындай. Бұларда осы өмірде қосыла алмаған Қозы мен Баян өз тілектерін "о дүниеде" жүзеге асырады. Мұнда "Ләйлі және Мәжнүнмен" үндестік бар.

Екінші топқа Жанақтың нұсқасы жатады, мұнда жастардың ана дүниеде емес, тіршілігінде бақытқа жеткендігі айтылады. Сонымен бірге көшпелі өмірдің қайшылықтары көрсетілмейді және олардың жағдайын жеңілдететін қосымшалар енгізіледі. Нұсқалардың ерекшеліктеріне сәйкес олардың әрбірінің композициясы да

бірінен-бірі өзгеше болып келеді. Жырдың Жанақ нұсқасының басы екі байдың достығынан басталады, шарықтау шегі Көсемсарының өлімі болып табылады, ал аяғы Қодардың өлімімен бітеді, яғни жақсы аяқталады. Басқа нұсқаларының шарықтау шегі – Қозының өлімі, шешілер тұсы – Баянның өзін-өзі өлтіруі, яғни, соңы қайғылы болып келеді.

"Қозы Көрпештің" бір белгілі нұсқалары көне дәстүрмен байланысты, басқалары өзгеріске ұшыраған, XVIII-XIX ғасырларда жаңартылған. Сонымен қатар кейбір, мысалы, ноғайлы сияқты көне атаулар жоғалып кетеді, ал олардың орнына Кіші жүздің шеркеш руы, немесе бағаналы (Орта жүздің наймандары) пайда болады. Дегенмен де олардың барлығында да алғашқы сюжеті сақталады.

**Поэманың негізгі тақырыбы** – бірін-бірі сүйген жастарды өлімге итермелеген ескі ғұрыптардың қаталдығы болып табылады.

"Қозы Көрпеш" лиро-эпосының негізі бүкіл дүние жүзінің фольклорында кездесетін романтикалық эпостың заңдары бойынша дамиды романстикалық махаббат тақырыбы болып табылады. Эпоста адамның мінезі, оның күресі, ішкі дүниесі, сезім тебіреністері шебер суреттелген.

Поэма көптеген көне нұсқаларда ғашық болған екі жастың қайғылы өлімімен аяқталады. Бірінші Қозы өледі, ал содан кейін қайғыдан құса болып Баян өледі. Олардың өлімінен кейінгі оқиғалар әр түрлі суреттеледі. Олардың ең бастысы – Баян мен Қозының тірілуі (бір нұсқада үш күнге, басқаларында үш жылға немесе 31 жылға тіріледі) және олардың бақытты өмірі.

Құлпытастың орнатылуымен байланысты басқа нұсқалар да кездеседі. Олардың бірінде Қозы мен Баянның молаларының үстіне бір-біріне ұмтылған екі гүл шыққаны туралы айтылады. Бірақ екі моланың ортасында жатқан Қодардың моласынан гүлдердің бірге гүлдеуіне мүмкіндік бермейтін көк тікен шыққан. Аңызда бұл Баян Қодарды құдыққа құлатып оған тас лақтыра бастағанда Қодар

оған: "Сіздерді тірі күндерінде айырдым, ал өлгеннен кейін екеуіңнің араңа тікен болып шығамын" деген сөздерімен түсіндіріледі. Бұл нұсқасында "Қозы Көрпештің" соңы Орта Азия халықтарының арасында кеңінен таралған "Тахир мен Зухра" поэмасының соңына ұқсас болып келеді.

Поэмада қазақтардың тұрмысы, рулық қоғамдағы адамдардың күрделі қарым-қатынастары бейнеленген, табиғат әсем суреттелген.

Поэма 11 буынды төрт жолды өлең түрінде құрылған. Бірақ батырлар жырындағы баяндау оған кіргізілген дәстүрлі тұрмыстық және ғұрыптық әндермен жиі үзіліп қалып отырады. Қазақтың халықтық поэмасының бірде-бірінде осы поэмадағы сияқты қазақ халық фольклорының шағын түрлері өте көп қолданылмайды: мұнда той әндері – жар-жар да, қоштасу да, естірту де, жоқтау да бар және олардың бәрі поэманың сюжетімен тығыз байланысады.

### "Қыз Жібек"

Қазақ халқында "Қыз Жібек" поэмасы кеңінен белгілі болған. Поэманың 16 нұсқасы басылып шыққаны мәлім. Негізгі нұсқасы – екеу. Бірі – өте көне, оны Қазалы түбінде тұрған ақын Мұсабай айтқан, келесісі – ақын, кітап шығарушы Жүсіпбек Шайхысламов бастырған және редакциялаған белгісіз жыршының нұсқасы.

Эпос кейіпкердің есімімен аталған. Оның тағдыры тақырыптық, сюжеттік және композициялық арқау болған. Эпостың сюжеті көп бөліктен тұрады. Ол шекті руының ханы Сырлыбайдың (кейбір нұсқалары бойынша Алшынбай байдың) қызы Қыз Жібектің және жағалбайлы руынан шыққан Базарбайдың ұлы Төлегеннің бейнелерімен өрілген екі бөлімнен, екі тараудан тұрады. Алғашқы бөлімі Төлегеннің Бекежанның қолынан қаза табуымен аяқталады.

II бөлімде Төлегеннің інісі Сансызбай, оның бір нұсқа бойынша әмеңгерлік заңына сәйкес, басқа нұсқа бойын-



М.Өтекешева "Қыз Жібек" рөлінде

ша оның ерлігіне, қаһармандығына сүйсінген кейіпкер қыздың өзінің шешімі бойынша Қыз Жібекке үйленуі туралы баяндалады.

"Қыз Жібек" поэмасының ерекшелігі адамды асқақтауында, соның ішінде өзіне-өзі өмірлік серік іздеуге батылы барған Жібектің бейнесінде, оның еркін қимылдарында, өз бетімен шешім қабылдауында екендігін атап айту керек.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. "Қозы Көрпештің" бірінші орысша аудармасы Қазанда қай жылы шықты?
2. "Қозы Көрпештің" барабин татарлары нұсқасы мен қазақ нұсқаларының бірін кім жазды?
3. "Қозы Көрпештің" белгілі нұсқалары нешеу?
4. А.С.Пушкин осы поэманың сюжетін қай жылы жазып алды?
5. "Қозы Көрпеш – Баян сұлыдағы" оқиғалар қандай заңдар бойынша дамиды?
6. Поэманың халықтығы неден көрінеді?
7. "Қозы Көрпеш Баян сұлу" поэмасындағы фольклордың шағын түрлерін атап шығыңыздар.
8. "Қыз Жібектің" ерекшелігі неде?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" (Кушмурунский список, сделанный Ч.Валихановым вместе с отцом). – Алматы, 1985. Т.1.
2. Қыз-Жибек // Журнал "Простор", 2001.
3. Жолдасбеков М., Каскабасов С. Пламя казахского эпоса // "Казахстанская правда", 21.06.2002.

**Айтыс** – бұл қазақ фольклорының поэзиялық жанры, суырып салма ақындардың жыр сайысы. Ол көне ғұрыптық әндерден, ойындардан бастау алады.

Айтыс рудың абыройын көтеретін жанр ретінде пайда болды. Ақын айтыса отырып өзінің руын, оның батырлары мен байларын, туған өлкесінің байлығын, оның жайылымдарын, табындарын мақтайды және қарсыластының руын, сол арқылы қарсыластың өзін кемітуге тырысады.

Ақындар айтыс кезінде суырып салма өлеңмен айтады, айтыс кезінде олардың ойларының көркемдігі мен тереңдігі, тілдерінің өткірлігі, білімі, тапқырлығы, өзіндік шеберлігі сынға түседі. Бұл өлең-жырлар домбыраның, қобыздың сүйемелдеуімен айтылады.

Ақындар айтысы әрі тыңдаушы, әрі төреші болып табылатын халықтың көз алдында өткізіледі. Тыңдаушылар екі жаққа бөлінеді, жігерлендіретін құптаған айқайларымен өз ақынын көтермелейді, кімнің жеңетіні жөнінде дауласады. Қызу түрде бірде-бір сөзді қалт жібермей, дәл және тауып айтылған сөздерді құптайды, айтысушы ақындардың жауаптарын назарда ұстап отырады. Ал ақындар болса тез суырып салып айтып, қарсыласына ойлануға мұрша бермей сөзден ұтуға тырысады. Олар қарсыластың және оның туыстарының өзімшілдігін аямай бетіне басады, өз руын, өзінің өнін мадақтайды. Айтыс бұдан бұрын айтқан сөзін қайтадан айтып қойғанша немесе сұраққа жауап беруге қиналып қалғанша созылады. Бұл жыр сайысында ең дарынды ақын жеңіске жетеді және оның есімі шартарапқа белгілі болады.

**Айтыстың композициясы.** Айтыстың кіріспесі, байламы, шарықтау шегі және шешімі болады. Кіріспе дегеніміз – ақындардың өздерін бір-біріне таныстыруы болып табылады. Содан кейін қатысушылар өздерінің өлкесін, өз руының атақты адамдарын, олардың игі істерін жырға қосады.

Айтыс екі түрге бөлінеді: қайым айтыс және сүре айтыс. **Қайым айтыс** – қыз бен жігіт арасындағы айтыс. **Сүре айтыс** – мазмұны жағынан күрделі кәсіптік айтыс.

**Айтыстардың тақырыптары:** халықтың қорғаушыларының ерлігі, ру аралық күрес, әлеуметтік теңсіздік, әйелдердің жағдайы, махаббат пен достық, еңбек пен жасампаздық, халық ағарту.

Қазақстандағы классикалық айтыстың үлгісі **"Біржан мен Сараның"** айтысы болып табылады.

Біржан Қожағұлов (1834-1897) – ақын, композитор, әнші. Ол бір топ ақындармен бірге ауылдарды, дала төсін аралап жүріп, бірде ақындардың сөз сайысында бірнеше рет жеңіске жеткен он жеті жасар сұлу Сара туралы естиді. Осыдан соң Біржан әдейі іздеп қыздың ауылына келді. Оның ақын қызбен айтысы – қазақ поэзиясының інжу-маржандарының бірі.

Сара Тастанбекова (1878-1916) он үш жасында қолына домбыра алды. Дарынды қыз ақындардың сөз сайысына батыл араласты.

"Біржан мен Сараның" айтысы ХХ ғасырдың көрнекті композиторы М.Төлебаевті "Біржан мен Сара" операсын жазуға шабыттандырды. Бұл опера – қазақ опера өнерінің ең үздік жетістіктерінің бірі, композитор онда Біржанның өзінің әндерін кеңінен пайдаланған.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

Сөйлемдердегі қателерді түзетіндер:

- 1) Айтыс – бұл өлеңмен айтылатын жыр сайысы.
- 2) Ақындар айтысқа арналған өлеңдері күні бұрын шығарып қояды.
- 3) Айтыстың композициясының кіріспесі, байламы және шешімі болады.
- 4) Қайым айтыс – жігіттермен сөз сайысу.
- 5) Сүре айтыс – батырлар арасындағы сайыс.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. История казахской литературы. / Под редакцией Н.С.Смирновой. – Алматы, 1968. – Т. 1.
2. Краткий словарь литературоведческих терминов.
3. Қазіргі айтыс. – Астана, Күлтегін, 2004, I-II кітап.

## Тарау бойынша тест сұрақтары:

1. Фольклор – бұл...
  - а) халық даналығы;
  - ә) халықтық киім;
  - б) халықтың нақыл сөзі.
2. Әлеуметтік-тұрмыстық ертегінің кейіпкері кім болып табылады:
  - а) жалмауыз кемпір;
  - ә) байдың ұлы;
  - б) Жиренше шешен.
3. Терме – бұл...
  - а) афоризмдер мен қанатты сөздер;
  - ә) ұлағаттық сөздер;
  - б) айналымдағы бейнелі сөз.
4. Асан Қайғы қайсысының авторы болып табылады:
  - а) мақалдар;
  - ә) терме;
  - б) шешендік сөздер.
5. Эпостың мынадай түрлері болады:
  - а) әлемдік;
  - ә) отбасылық;
  - б) батырлық.
6. Қобыланды батыр – ... қаһарманы:
  - а) батырлар жырының;
  - ә) әлемдік эпостың;
  - б) аңыздардың.
7. Мына сөз саптау халық ертегілерінің қай түріне жататынын анықтаңыздар: "Ерте замандарда дүниеде Ерناзар деген малшы өмір сүріпті":
  - а) қиял-ғажайып ертегілеріне;
  - ә) әлеуметтік-тұрмыстық ертегілеріне;
  - б) хайуанаттар туралы ертегілерге.

8. Қазақтар қандай жануарларды, аңдар мен құстарды қасиетті деп есептеді:

- а) бөдене;
- ә) аққу;
- б) жылқы.

9. Бірінші қазақ этнографы:

- а) Ш. Уәлиханов;
- ә) О. Сүлейменов;
- б) М. Шаханов.

10. Сөз басы қайсысында кездеседі:

- а) термеде;
- ә) ертегіде;
- б) жұмбақта.

11. "Дүниеде аңқау қасқыр болыпты". Қандай ертегі осылай басталады:

- а) қиял-ғажайып ертегісі;
- ә) әлеуметтік-тұрмыстық ертегі.


12. "Қыз Жібек" қай жанрға жатады?

- а) эпос;
- ә) терме;
- б) ертегі.

13. "Қозы Көрпеш Баян сұлу" ...

- а) батырлар жыры;
- ә) әлеуметтік-тұрмыстық эпос;
- б) әлемдік эпос.

### III ТАРАУ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ (X-XII ғ.)



#### Ежелгі түркі жазба ескерткіштері (Шолу)

Ерте замандарда Орта Азия мен Қазақстанның аумағында византия, араб, парсы, үнді және қытай мәдениеттері сияқты Шығыстың бірнеше ұлы мәдениеттері тоғысты.

X-XII ғасырларда Шығыс Түркістан мен Оңтүстік Тянь-Шань өңірі аумақтарында Қарахандықтар түркі мемлекеті болды, оның екі астанасы бар еді: батысында – Баласағұн, шығысында – Қашғар.

Тап осы кезеңде Шығыс халықтарының көптеген тілдерінде ғасырлармен бірге жасайтын шығармалар дүниеге келді, мысалы, Абулқасым Фирдоусидің атақты "Шахнаме" поэмасы (935-1020 шамасы). X-XII ғасырларда ғалым-энциклопедияшылар Әбу Насыр әл-Фараби мен Әбу Рейхан Бируни (937-1048) өздерінің баға жетпес жаңалықтарын жариялады.

Авиценна деген есім берілген Әбу Әли ибн Синаның (980-1037) атақты ғалым, дәрігер және ақын ретінде даңқы шықты. Мұнда дарынды математик, астроном, ақын-философ Омар Хаям (1048 шамасы-1122 кейін) және атақты

ақындар Қожа Ахмет Иассауи мен Жүсіп Баласағұни жұмыс жасады, ал бірінші түркі танушы ғалым, филолог Махмұд Қашқари бізге бірден бір қолжазба данасында жеткен "Түркі тілдерінің сөздігін" жасады.

Түркістанда X-XII ғасырларда түркі тілі, араб және парсы тілдері қолданылды. Түркі тілі далалықтардың, көшпелілердің тілі болды. Араб тілі діннің, заңдық іс жүргізудің, ғылымның, кейде поэзияның тілі болды. Парсы тілі тамаша поэзиялық туындыларда кеңінен қолданылды. Барлық үш тіл де жалпымұсылмандық араб алфавитін пайдаланды, ал түркіше жазу үшін ұйғыр алфавиті қолданылды.

Қараханид түркілерінің өздерінің бай ауызша халықтық поэзиясы болды. Махмұд Қашқари өз еңбектерінде осы жөнінде жазады. Осы айтқандарымызды қорыта келгенде, X-XII ғасырлар түркі мәдениетінің гүлденген кезеңі, оның "Алтын ғасыры" болды.

#### "Қорқыт ата кітабы" – эпикалық ескерткіш



Қорқыт қазақтардың мифологиясы бойынша әулие адам, дана, әнші, музыкант. Көне аспап қобызды ойлап табушы, халық мүдделерінің қорғаушысы. Ислам діні қабылданғанға дейін Қорқыт өлмейтін құдай есебінде болды. Ислам бекігеннен кейін Қорқыттың өлімі туралы аңыз пайда болды.

Қорқыт туралы ең көне аңыз әңгімелер оғыздардың VIII-IX ғ. аңыздарында және "Қорқыт ата кітабы"

оғыз эпосында сақталған.

Ол туралы аңыз әңгімелер бірінші Орта Азияда Сырдарияның жағасында пайда болды және ауыздан-ауызға тарап қазіргі күндерге жетті. Олардың көпшілігінде Қорқыт 300 жылға жуық өмір сүрген тайпа ақсақалы, оғыздардың, қыпшақтардың және қаңлылардың дана басқарушысы ретінде бейнеленген.

Қызылорда университетінің профессоры А.Айдосовтың есептеулері бойынша ұлы ойшыл, кәсіпқой әнші және өнер иесі Қорқыт 699 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыз тайпаларының арасында кейіннен ерте ортағасырлық түркі тайпаларының әдеби ескерткішіне айналған оғыз батырлық эпосын шығара бастады.

Қыпшақтар оғыз тайпаларын ығыстырған XI ғасырда олар Әзірбайжан мен Кіші Азияның аумағына көшті. Оғыздар жаңа отанында Қорқыт жырлаған өз батырлары туралы халықтық он екі аңызды қайта жаңғыртты. Осы аңыздар оғыздардың енді Кавказдың арғы жағы аумағында бастан кешірген көптеген оқиғаларымен толықтырылған. Оларда оғыз батырларының ерлігі, халық батырларының қара ниетті күштермен жекпе-жекке шығуы, түркі тайпаларының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің қалыптасуы туралы әсерлі баяндалған.

"Қорқыт ата кітабы" – бұл кейіннен түркімен, әзірбайжан, түрік және қазақ халықтарының құрамына кірген оғыз тайпаларының тарихын, тұрмысын, әдет-ғұрыптарын көрсеткен эпикалық ескерткіш. Осы шығарманың пайда болу кезеңін ғалымдар VIII ғасырдан XV ғасырға дейін әр түрлі етіп көрсетеді. Ерте ортағасырлық әдеби ескерткіштің бірден бір қолжазбасын 1815 жылы неміс шығыстанушысы Диц (1751-1817) Дрезден қаласының ұлттық кітапханасынан тапты. Ол оғыз батырлық эпосының он екі аңызының бірін аударды. Аударма, әсіресе осы әдеби ескерткіштің бас кейіпкері Дөпе-Гездің "Одиссеядағы" Полифем туралы аңызбен ұқсастығы қатты таң қалдырды. Дрезден қолжазбасы он екі аңыздан (9 дастаннан), ал Ватиканда сақтаулы тұрған екінші қолжазба алты аңыздан тұрады.

Эпоста Қорқыттың прототипі нақты тарихи тұлға – көріпкел ақсақал, болашақты болжаушы ретінде бейнеленген хандар мен батырлардың кеңесшісі және көмекшісі болып табылады.

Эпоста бір де бір сюжет жоқ. Ол атақты ақылгөй және көріпкел Қорқыт туралы мәліметтер берілген кіріспемен ашылады. Эпостың он екі тарауының әрбірі өз ал-

дына бөлек шығарма болып табылады. Он тарауы бірімен бірі барынша тығыз байланысты, шамасы Баяндур хан бастаған оғыз батырларының ерлік істері туралы баяндайтын бірыңғай цикл болуы керек. Көптеген тарауларда Салур Қазан батыр мен оның ұлы Аруз сияқты ерлер қайталанатын.

Зерттеушілер "Қорқыт ата кітабының" сюжеті, эпостық бейнелері, композициясы, өлең ұйқасы, көркемдік құралдары "Алпамыс", "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Қобыланды батыр" сияқты қазақ эпостарымен өте жақын екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар осы кітаптағы батырлардың есімдері мен кейіпкерлер, топонимиясы (географиялық атаулар) (мұнда Алатау, Қаратау, Қазығұрт, Арқа еске алынады) оның ежелгі қазақ жерінде пайда болғанын растайды.

Көптеген ғалымдар Қорқыт туралы аңыздарды, әңгімелерді, эпостық жырларды аударумен және зерттеумен айналысты. Оның ішінде В.В.Радлов, В.М.Жирмунский, А.Н.Кононов, А.Диваев, М.О.Әуезов болды.

М.Әуезов Қорқыттың өлімнен қашуы туралы аңызды зерттеді. Ол былай деп жазады: *"Аңыз жас кезінен бастап адам ғұмырының қысқа екендігімен келіспеген Қорқыттың өлімнің болмай қоймайтындығына қарсы күресуге ұйғарғанын баяндайды. Өзінің ойларынан азап шеккен және мәңгі өмір сүру туралы арманның артынан қуған Қорқыт адамдардан безіп кетеді, бірақ қайда барса да Қорқыттың көрі алдынан шығады. Сол кезде өз ойымен өзі аласұрған Қорқыт шырғай ағашынан бірінші қобызын ойып жасап алып, оған шектерін тағып өзінің азапты ойлары мен сезімдерін әуенге айналдырып ойнап кетеді. Сол кезден бері Қорқыттың әуендері мен ол жасаған қобыз жер бетін шарлап жүр және Қорқыттың есімі қобыздың шектері мен адамдардың жүрегінде өшпей сақталып келеді.*

*Ұзақ сапарлардан кейін Қорқыт Сырдарияның жағасындағы туған мекеніне оралады, бұл жерде ол шөптер мен гүлдердің, жануарлар мен құстардың өлгенін, адамдардың ыстық пен салқыннан, ауру мен аштықтан қыршынынан қиылғанын көреді. Кенет ол*

өзіне қарай ұлы жыланның жорғалап келе жатқанын байқайды, сол кезде Қорқыт қаптан қобызын алып шығады. Саздың әуенімен жылан ғайып болады, құстар тіріле бастайды, ағаштар жапырақ жамылып бойын тіктейді, көк пен гүлдер жайнап кетеді. Әуеннің ырғағымен өмір қайта ояна бастайды, ал Қорқыттың өзі моланы да және өлімді де ұмытып кетеді. Аңыз содан бері қарай сазды әуеннің өліммен күресіп келе жатқанын, ал Қорқыттың шынында да өлмейтін жанға айналғанын баяндайды.

Қазақстанда, ұлы ақылгөйдің туған және өмір сүрген Сырдарияның төменгі ағысында және Арал теңізінің жағасында Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент (Янгикент) қаласының үйінділері бар. Жосалы теміржол бекетіне жақын Қорқыт разъезінен 5 шақырым жердегі Сырдария өзенінің жағасында Қорқыт ата моласы бар, қасында мемориалдық кешен салынған.

"Қорқыт ата кітабы" бүгінгі күні де өзінің мәнін жойған жоқ. Түркі тайпаларының күресін жырға қоса отырып Қорқыт ата былай деп тұжырымдар жасайды: "Адам өледі, оның өзінен кейін қалдыратын рухани құндылықтары өлмейді", "Өркөкірекке де, менменге де өмірде бақыт қонбайды", "Әкесі өнеге көрсетпесе, ұлы мырза болмайды", "Анасы өнеге көрсетпесе, қызы ақылды ұқпайды".

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Орта Азия мен Қазақстанның аумағында қандай мәдениеттер тоғысты?
2. X-XII ғасырлардағы Шығыс Түркістан мен Оңтүстік Тянь-Шань өңірі аумағындағы астаналар.
3. X-XII ғасырлардағы дарынды математик, астроном, ақын-философ – бұл \_\_\_\_\_.
4. X-XII ғасырларда Түркістанда қандай тілдер қолданылды?
5. Осы тілдер қандай алфавитті пайдаланды?
6. X-XII ғасырлардағы түркі әдебиетінің кезеңі қалай аталады?
7. "Қорқыт ата кітабы" шығармасы қай ғасырда пайда болды?
8. Бұл кітапты кім және қашан тапты?
9. Қорқыт ата қандай тұжырымдар жасады?

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Книга моего деда Коркута. – М., 1962.
2. Айdosов А. Бессмертное наследие Коркут-аты. // "Мысль", №2, 2000.
3. М. Магауин. Қобыз бен найза. – Алматы, 1970.
4. Шербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. – М., 1959.
5. Кодар А. Легенда о Коркуте в перекрестке историологии и герменевтики. Культурные контексты Казахстана: история и современность. – Алматы, 1998.

#### X-XII ғасырлардағы әдебиет. Түркі әдебиетінің "алтын ғасыры"



Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби білімнің математика мен физика, философия мен медицина, астрономия мен ботаника, минералогия мен лингвистика сияқты білім салаларында белгілі. Оның трактаттарында әлеуметтанудың, этика мен эстетиканың түйінді мәселелері үлкен орын алады.

Әл-Фараби қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Фараб (Отырар қаласының көне аты) қаласында дүниеге келді, тәрбиеленді, оқыды және 20 жасқа дейін тұрды. Әл-Фараби "тархан" беделіне ие болған атақты түркі әскербасының отбасынан туған.

Әл-Фарабидің шығармалары: "Қайырлы қала тұрғындарының кітабы", "Азаматтық саясат", "Мемлекет қайраткерінің афоризмдері", "Бақыттың жетістіктері".

Ойшыл бақытқа жету деп адамның, мейлі ол егінші, ғалым, кәсіпкер болсын, өзінің өмірлік мақсаты мен қоғамдағы орнын табу жолындағы барлық белсенді іс-қимылын меңзейді. Әл-Фарабидің мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Аллағана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологията-



рына қарағанда Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: "Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады", "Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бірі-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады".

Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен бірі бөлінбейді.

"Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды", – дейді әл-Фараби.

### "Ғылымның пайда болуы туралы" трактат

Әбу Насырдың эстетикалық ілімінде адамның дене мен рухани сұлулығы қомақты орын алады.

"Табиғи әсемдік, – деп жазды ол адамның сұлулығын назарға ала отырып, – қашан да киім мен әсемдік заттары арқылы қол жеткізген сұлулықтан құнды".



"Адам тәнінің мінсіз жетілгендігі – бұл денсаулық: егер денсаулығың болса, оны сақтау керек, ал ол болмаса, оны тауып алу керек".

Ғалым поэзияның түрлерін жіктеп береді. Әбу Насыр поэзияны мазмұнына қарай мынадай жанрларға бөледі: трагедия, дифирамб, комедия, ямб, драма, айнос, диаграмма, сатира, поэма, эпос, риторика, амфигенезис және акустика, бұларған толық түсініктеме береді.

**Трагедия** – бұл арнаулы мөлшері бар поэзиялық жанр. Трагедияда басқаларға үлгі етуге болатын жақсы іс-қимылдар мен мақтан етерлік істер еске алынады. Әдетте музыканттар жеке дара билеп-төстеушінің алдында таргедияны ойнайды және билеуші өлгеннен кейін трагедияға қайтыс болған билеушіні еске алатын кейбір қосымша әуендерді қосады.

**Дифирамб** – көлемі трагедиядан екі есе үлкен поэзия жанры. Дифирамбта ешбір билеушіні немесе тұлғаны жеке мақтамайды, бүкіл адамзат баласына тән жақсы істер, жалпы мақталатын ізгіліктер мен қайырымды жандар ғана бейнеленеді.

**Ямб** – арнаулы мөлшердегі поэзиялық жанр, онда мақал-мәтелдер сияқты жалпы жұртшылыққа белгілі жақсы немесе жаман істер туралы нақыл сөздер орын алады. Бұл жанр араздасулар мен соғыстар кезінде, ашу мен ыза кернегенде пайдаланылады.

**Драма** – ямбқа ұқсас жанр, өзгешелігі мұнда белгілі адамдарға арналған мәтелдер мен нақыл сөздер еске алынады.

**Айнос** – өзінің жоғары шеберлігіне байланысты немесе олардың тамашалығы және таңданыс туғызуы арқасында қанағат сезімін туғызатын пайымдаулары бар поэзиялық жанр.

**Диаграмма** – егер де адамдар төртіпке бағынбаса және түзелмесе адамдардың заң шығарушылар адамдардың көңілдері күтетін қорқынышты суреттерді бейнелеуге қолданатын поэзиялық жанр.

**Эпос пен риториканы** Әбу Насыр бұл жанрлар стилінің салтанаттылығымен және тақырыптарының ұқсастығы-

мен ерекшеленетіндігінен және қоғамдық-тарихи оқиғаларды көрсететіндігінен бір айдардың астына қойды. Эпоста бұрын болған оқиғалар, ал риторикада жақында өткен оқиғалар суреттелді.

**Сатира** (лат. *Satira*) – бұл поэзиялық жанр. Өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерлерді өткір сынған алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар.

**Поэма** – бұл артықшылық пен жамандық, дұрыстық пен қателік суреттелетін өлең түріндегі жанр.

**Амфигенезис** – бұл жаратылыстану ғылымдарын суреттеген жаратылыстанушы ғалымдар жасаған жанр. Поэзия жанрларының ішіндегі поэзия өнерінен ең алшақ жатқан – осы жанр.

**Акустика** – бұл оқушыларды музыка өнеріне үйреткенде пайдаланылатын поэзияның бір бөлімі.

**"Риторика" трактаты.** Әбу Насырдың риторикасы – шешендік өнер туралы ғылым ғана емес, сонымен қатар жалпы көркем сөз туралы ілім болғандықтан барлық жағынан сендіру өнері болып табылады.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Әл-Фарабидің ойларын аяқтаңыздар:

а) "Табиғи әсемдік қашан да \_\_\_\_\_ сұлулықтан құнды".

б) "Адам тәнінің мінсіз жетілгендігі – бұл денсаулық, егер \_\_\_\_\_"

2. Толық жазып шығыңыздар \_\_\_\_\_

а) Трагедия – бұл \_\_\_\_\_

б) Дифирамб – бұл \_\_\_\_\_

в) Ямб – бұл \_\_\_\_\_


г) Драма – бұл \_\_\_\_\_

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби. АН Каз.ССР. Инс-т философии и права. – А., 1984.
2. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – А., 1984.
3. Аль-Фараби. Философские трактаты. – А., 1970.
4. Гафуров В.Г., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби. В истории культуры. – М., 1975.

### Ахмет Иассауи – ақын, ойшыл. Хикметтер (1103-1166)

Қожа Ахмет Иассауи кесенесін (мавзолейін) XIV ғасырдың аяғында Темір (лақап аты темірдей қатты Темір немесе Темірлан) салдырды. Орналасқан жері – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы. Темір хан жаулап алушы болды. Ол тұтас қалаларды қиратты, адамдардың бас сүйектерінен тұтас таулар орнатты. Ал, Орта Азияда, Қазақстан аумағында 63 жасында жер астына түскен және қалған өмірін сонда намаз оқумен және тақуалық етумен өткізген, былай қарағанда қарапайым адам болып көрінетін Ахмет Иассауидің құрметіне арнап кесенелік кешен тұрғызды.



Иассауидің екі атақты ұстазы болды, олар Арыстан баб пен шайқы Қожа Жүсіп Хамадани еді. Бұл жөнінде мынадай аңыз бар: "Мұхаммед пайғамбардың, (ол Алланың мәңгі шапағатына бөленсін) кезінде 33 дінді білген Арыстан баб ұстаз өмір сүріпті. Мұхаммед пайғамбар бүкіл халықтың көзінше оған аманатын – Исламның белгісі саналатын құрма сүйегін берген. Арыстан баб аманатты бүкіл өмір бойы алып жүрді және өмірінің тек соңғы кезеңінде ғана жоғалтып алмау үшін оны аузына салып сақтады. Ол Исламның белгісіне, өзінің аманатына лайықты адамды ұзақ іздеді, бірақ оны таба алмады. Аузына салған сүйек азая берді және жұқара түсті. Бірде далада келе жатқанда ол бір баланы кездестірді. Бала оған жақындап келді де: "Ақсақал, аманатымды беріңіз", – деді. Сол бала осы Қожа Ахмет Иассауи екен".

Иассауи 1103 жылы туды. Ол өзінің бірінші ұстазы қайтыс болғаннан кейін Бұқараға келіп, сопылық ілімнің шебері Қожа Жүсіп Хамаданидің медресесінде оқыды. Кейін сопылық ілімнің басшысы болды. Көп уақыт өтпей ол Ясыға (Түркістанға) қайтып оралады. Оның уағызшы, ақылгөй және ақын ретіндегі даңқы туған жерінен алыс жерлерге таралады.

Құдайды Тұлға, бүкіл жаратылыстың махаббаты мен мәні, ал адамды әлемнің патшалық бірлігі есебінде тану, сол сияқты жан мен рухтың дамуының тереңдігін тану Қожа Ахмет Иассауиді болашақ ұрпақтар үшін теңдесі жоқ ерлікке тең әдеттен тыс шешімге итермеледі. Мұхаммед пайғамбардың жасына келгенде (Мұхаммед пайғамбар 63 жасында өмірден өтті) 63 жасында жоғары біліктілігін көрсету үшін, адамдарға өмірдің соңы мен басы аралығында қас-қағым сәтке ойлануы және осы аралықтың мәнін ұғыну үшін мешітке жақын жерден қылу ует қазып, өмірінің 30 жылға жуық кезеңін сонда өткізді.

Қылу ует жерасты түрмесі болып табылатын зынданға ұқсас болды. Ол сонда қайтыс болды. *Ұлы әулие Қожа Ахмет Иассауи өзінің өмірімен және өлімімен нені айтып және дәлелдеп кетті?* Оның үні ғасырлар қойнауынан естілді ме, оның білімін болашақ ұрпақтарға жеткізетін тірі жан табылды ма?

Осы мәселе бойынша аңызға ұқсас әңгіме бар. Бірде Темір әулие Қожа Ахмет Иассауиға зиярат жасап, тағзым етуге шықты. Оның басындағы құрылыстың қарапайымдылығы мен қораштығын көріп оны жаңартуды ұйғарды. Бұл оның Тәуекел ханыммен үйлену тойына байланысты сәуегейлік айту кезінде жалғасын тапты. Барлық жаулап алынған елдерден болжам жасаушылар мен сәуегейлер шақырылды. Барлық шындықты айтып беруге батылы барғандар аз болды. Дегенмен де осындай адам табылып, оған мынадай ащы ақиқатты айтып берді: "Адам өлгеннен кейін жоғалып кетпейді, өлгенге дейін кім болса өлгеннен кейін де сол күйінде қалады. Сен, Темір, өзінді Темір ретінде сезінетін боласың. Бірақ сенің айналаңдағылар бұған ешқандай мән бермейтін болады – өйткені жер астында жатқан құр сүйектер ғана. Уақыттың ұршығы жарты ғасырды айналдырғаннан кейін саған сәлемдесуге бір адам келеді, сен оны танытын боласың, ақылға сыймайтын ғажайыпқа куә боласың да осы қас-қағым сәтте аспанның көрінбейтін дүниемен шектескен шекарасын көретін боласың. Бұл жақсы хабар саған Ясыдан келетін болады. Ясыда мешіт сал. Алла Ұлы және мейірімді".

Бұл сәуегей Темірдің Мединедегі рухани тәлімгері Мир Саид Берекенің өзі болды дейді, бірақ ол Темір өзіне шақырғанда менің Темірде жұмысым жоқ, егер Темірдің менде жұмысы болса маған өзі келсін, деген Зейн аддин Абу Бек Тамабади болуы да мүмкін. Темір оған өзі келген. Бұл кездесуді Темірдің сөзінен жазып алған оның тарихшысы Хафиз бен Амбру әңгімелейді. Ол (Темір) басқа пірәдәрлармен кездескенде олардың көзінен қорқудың белгісін байқайтын еді, ал Тамабадиден кездескен кезде өзін қорқыныш сезімі билеген.

Аңызға ұқсас бұл хикаядан Темірдің өзі жобалаған және салдырған зәулім кесене түрінде із қалды.

Ахмет Иассауи – сопылықтың түркі бұтағының көпшілік мойындаған басшысы, ойшыл, өлең шығарушы, *"Диуани хикмет"* (*"Даналық кітабы"*) жыр жинағы мен *"Насаб-наме"* дастанының авторы.

Иассауидің *"Диуани хикмет"* кітабы көне түркі тілінде жазылған. Оның түпнұсқасы сақталмаған, бірақ XV ғасырда араб әрпімен көшіріп жазылған көшірмесі бар. Ол XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында Қазанда, Ташкентте, Стамбулда бірнеше рет басылды. *"Диуани хикметті"* зерттеумен өзбек әдебиетшілері Ә.Р. Рустамов, Н.М.Маллаев, В.И.Зохидов, орыс ғалымдары А.Н.Самойлович, А.К.Боровков, Г.Ф.Благова, түрік ғалымы М.Ф.Кепрюлю-заде және басқа көптеген ғалымдар айналысты.

Ахмет Иассауи – ақын, ойшыл. Иассауидің XII ғасырда жазылған, бірақ біздің кезімізде де поэзиялық күшінің маңыздылығын жоғалтпаған *"Диуани хикмет"* кітабында ол адамдарды ізгілік пен әділеттілікке, дүниеқор болмауға, опасыз байлыққа қызықпауға үйретеді және азға қанағат ету, қызығу мен алдануға берілмеу, кедей адамды құрметтеу, тек материалдық игілікке құныққандарды жазғыру жөнінде даналыққа толы өмірлік кеңестер береді.

Иассауидің пікірі бойынша ашкөздік зұлымдықтың көзі болып табылады.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ахмет Иассауи неше жасында өзінің ерлігін жасады?
2. Иассауиді ерлік жасауға не итермеледі?
3. Ахмет Иассауидің жыр жинағы қалай деп аталады?
4. Ахмет Иассауидің қандай дастаны бар?
5. "Диуани хикмет" кітабы қай тілде жазылған?
6. Қай ғасырда осы кітаптың көшірмесі араб әрпімен көшіріп жазылды?
7. Ахмет Иассауидің XII ғасырда жазылған кітабының мәні неде?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Культурные контексты Казахстана: история и современность. – 148 с.
2. Абуов А.М. Мирозрение Ходжа Ахмеда Яссави. – Алматы, 1997.
3. Кожая-Ахмет Иассауи. Хикметы. – Алматы, 1998.
4. Шахмарден. Скрытый смысл хикметов Святого. // "Простор" № 8, 9, 11, 12, 2001., № 2, 3, 4, 2002.
5. Хикметы Яссави // "Евразия", № 2, 2001.

### Жүсіп Баласағұн. "Құтадғу білік" (шамамен 1020-өлген жылы белгісіз)



Жүсіп Баласағұнның "Құтадғу білік" дастаны – түркі тілінде жазылған бірінші шығарма. Кітаптың авторы Қарахан мемлекетінің үлкен қалаларының бірінде дүниеге келді, Фараб, Қашғар, Бұхара қалаларында білім алып, араб және парсы тілдерін жетік меңгерді, философияны, поэзияны оқып үйренді.

"Құтадғу білік" – XI ғасырдың ғылымы мен мәдениетінің түрлі салалары

бойынша тамаша пайымдаулар жинақталған шығарма. Дастанда бекке, уәзірге, әскер басына, хаджибке, елшіге, хатқа түсірушіге, қазынашыға, аспазға, емшіге, түс жорусыға, жұлдыз санаушыға, өлең шығарушыға, диқанға, малшыға, кәсіпкерге, саудагерге және басқаларына

қажетті қасиеттер әңгіме болады. Данагөй Жүсіп Баласағұнның қырағы көзі бүкіл қоғамды – төменнен жоғарыға дейін қамтыды.

Дастан қара сөз бен өлең түріндегі кіріспеден, сексен бес бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Алғашқы төрт бөлімі діни мадақтауларға, бесіншісі – жеті планета мен шоқжұлдыздардың белгілерін суреттеуге арналған, ал алтыншы – он бірінші бөлімдер негізгі бөліміне кіріспе болып табылады. Білім мен ілім, игі істер мадақталады. Дастанның сюжетті бөлігі он екінші бөлімнен басталады, ол бас кейіпкерлердің әңгімелері мен хат жазысуларынан тұрады. "Бүкіл кітаптың негізі ешқашан өзгермейтін бірнеше құнды ойды құрайды: біріншісі – әділеттілік, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл-ой, төртіншісі – күй талғамаушылық", – деп жазады автор. Дастанда осы төрт қасиетті бейнелейтін аллегориялық кейіпкерлер айтысқа түседі: Күнтуды – әділеттілік, Айтолды – бақыт, Огдүлміш – ақыл-ой, Огдүрмыш – қанағатшылық, игілік, күй талғамаушылық.

Кейіпкерлер дүниелік қызықтардың жалғандығы, маза бермейтін игіліктердің тұрақты еместігі, ізгілікті, әділеттілікті, ақыл мен білімді, ұстамдылықты, мырзалықты бағалау керектігі туралы сыр бөліседі. Дастанда билеушілерге ақыл-кеңес беріледі.

Кітапта еңбектің және кәсіптің қай түрі болсын маңызды деген ой білдіреді. Тек соны адал істей білген адам ғана өз еңбегінің жемісін көреді.

Автор мәтінге кіргізген нақыл сөздер, мақалдар мен мәтелдер дастанды ерекшелендіре түседі: "Түркілерде бұл жөнінде мақал бар, соны осы жерде келтірудің реті бар", "Түркі тілі дана сөздерді сақтаған, Бабалардың сөздерін тыңдау керек ол үшін, Бабалардың мақалдарын сақтау сенің борышың", – дейді автор.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. "Құтадғу білік" қай тілде жазылған?
2. Ж.Баласағұн қандай тілдерді меңгерді?
3. Дастанның кіріспесі неше бөлімнен тұрады?
4. Баласағұн адам өмірі туралы қандай пайымдаулар жасады?

**Махмұд Қашқари. "Түркі сөздерінің сөздігі"**  
(1029-1101)



**Махмұд Қашқари**, толық аты-жөні Махмұд ибн Әл-Құсайын ибн Мұхаммед, XI ғасырдағы атақты ортаазиялық филологтардың бірі болып саналады. Қарахандар ақсүйектері ортасынан шыққан. Әкесі Құсайын Мұхаммед Мәуренахрды жаулаушы Боғырханның немересі екен. Барыс ханның уәзірі болып (Ыстықкөлдің оңтүстік жағасы), кейіннен Қашқарға қоныс аударады.

Сол жерде сауат ашып, әрі қарай Бұхара мен Нишапурде жалғастырады. Осы қалаларда оқып жүрген кезінде тіл, фольклор, этнография, география, жаңа жерге орнығу, түркі халықтарының менталитеті қызықтыра бастайды. Жинақтаған мол тәжірибесі мен байқағанын ол өзінің басты еңбегі "Диуани лұғати-ат-түрктө" ("Түркі сөздерінің сөздігі", (1072-1073) зерделейді. Ғалымның бұл кітабы ерте ортағасырлық түркі халқының энциклопедиясы іспеттес. Онда XI ғасырда өмір сүрген көптеген түркі тайпалары жайындағы өте бағалы, кейбір жағдайларда таптырмайтын мәліметтер енгізілген. Сөздік этноним, топоним, рулық терминдер, әр түрлі қызмет атаулары, тағамдар мен сусын атаулары, үй, жабайы жануарлар, құстар, айлар мен апта күнтізбесі, дәрілік жабдықтар, астрономия, әскери, медициналық, діни, т.б. атаулар қамтылған. Сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этикалық нормалары мен құндылықтары, өзін-өзі ұстау әдеті тілге тиек етіледі. Әр түрлі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланыстар, Қазақстан мен Орта Азия аумағында болған кейбір тарихи оқиғалар жайында (мәселен, Александр Македонский жорығы туралы) құнды мәліметтер бар. Тарихшылардың назарын өзіне аударған – шығармадағы дүние жүзінің түрікше картасы. Кітапта 400-ден астам мақал-мәтел бар. Мысалы: "Құс қанатымен, ер атымен", "Егер саған кедей және кембағал қонақ (жо-

лаушы) келсе қонақты ұстамай әзір асыңды алып кел", "Ұлым, тайпаның басшысы (ұлысы) және данасы болғаннан кейін менің ақылымды тыңдап, рақымды болуға тырыс, өз біліміңді тарат", т.б.

"Түркі сөздерінің сөздігінде" түркі тілді фольклордың ғұрыптық және лирикалық әндер, батырлар жыры, тарихи хикаялар мен аңыздар сияқты негізгі жанрлары қамтылған. Сонымен қатар онда анатомия, медицина, ветеринария, астрономия туралы мәліметтер бар.

М.Қашқаридің "Түркі сөздерінің сөздігі" XI ғасырдағы түркі халқының өмірі туралы, олардың исламды қабылдаған кездегі және әсіресе Иранның исламы түріктің ұлттық дәстүрлерін толық жеңбеген кезіндегі рухани және материалдық дамуы дәрежесі туралы түсінік беретін ерте Орта ғасырдағы түркі диалектологиясының бірден-бір ескерткіші болып табылады.

М.Қашқаридің кітабы бүгінгі күнге Қашқари өлгеннен соң 200 жылдан кейін оны көшіріп жазған сириялық Мұхаммед ибн Әбубәкірдің арқасында жетті.

Бірінші рет "Түркі сөздерінің сөздігін" Венгер Ғылым академиясы 1904 жылы жарыққа шығарды, ал 1915-1917 жылдары Стамбулда түркітану саласы бойынша осы еңбектің үш томдық басылымының шығуы ғылым өлеміндегі үлкен оқиға болды.


**Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:**

1. М.Қашқари XI ғасырда кім болып саналды?
2. Оқу кезеңінде М.Қашқари қандай қабілеттерін көрсетті?
3. "Диуани лұғат-ат-түрк" ғылыми еңбегі қандай маңызға ие болды?
4. Кітапқа зерттеушілердің не себепті ерекше назар аударды?
5. Кітапта қанша мақал-мәтел және ауызша нақылдар бар?
6. Кітапта түркі тілді фольклордың қандай жанрлары қамтылған?
7. Осы кітапта ғылымның қандай салалары көрініс тапқан?

Қолданылған әдебиеттер:

1. Баласағуни Ю. Благодатное знание. – М., 1978.
2. Бартольд В.В. Тюрки.
3. Кашғари М. Словарь тюркских наречий.
4. Байназарова Г. Священная тюркская земля. – А., 1994.
5. Кайназаров Е.К., Кайназарова А.Е. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – А., 1992.

IV ТАРАУ  
XIV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



**Жырау поэзиясы. Толғау.**

*Қазақ әдебиеті және бауырлас Орта Азия халықтарының әдебиеті – орта ғасырлардағы түрік тайпаларының бай әдебиетінің заңды мұралары.*

**М.Мағауин**

XIV-XV ғасырларда қазақ әдебиеті дастандық толғау және эпостық поэзия түрінде орта түрік дәуірінде өркендейді. Ауыз әдебиеті сан ғасырлар бойы қазақ халқының тарихы мен рухани өмірінің дамуын бейнелейтін сирек деректердің бірі болып келеді. Бұл кезде қазақ хандығының дербес мемлекет ретінде қалыптасуы болып саналады. Қазақ көшпенділерінде эпостық шығармашылықтың дамуы сол дәуірдегі Орта Азия халықтарының эпостық поэзиясының өрлеуімен тығыз байланысты. Онда монғол шабуылынан кейінгі уақытта Манас, Алпамыс және Қырым батырлары жөнінде топтамалар шыға бастаған.

Орта ғасырларға түркі ақындары бүкіл өмірін күрес үстінде өткізіп, үлкен даңққа бөленген. Өз тұсындағы өміршілердің ешқайсысының да шашбауын көтермейді, тұраншылдығынан танбайды. Жыраулардың туындылары көңіл пернесін деп басар әсерлілігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраулардың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – түз адамының дүниетанымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады.

Ежелгі Қазақстан жерінде көптеген түркі тайпалары қоныстанған, олардың заманында өзіндік төл мәдениет, көне жазба түрлері және ауыз әдебиеті дамыған. Көне заманның Отырар, Баласағұн, Тараз және тағы сол сияқты қалаларында жүргізілген археологиялық қазбалардың көмегімен жазба әдебиет ескерткіштерінің үлгілері табылған. Бірақ та көптеген жазба ескерткіштер сол кездегі қырғын соғыстың салдарынан жойылып, жоғалған. Дегенмен, сол кезеңде қалыптасқан әдебиет кейінгі ғасырларда жалғасын тапқан.

Жыраулар көне түркі және ерте ортағасырладағы қазақ поэзиясының дәстүрін жалғастырушылар болып табылады. Олар поэзиялық жырларды суырып салма түрінде шығарып, көп жылдар бойы сол шығармалар ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетті. **Жырау** деген сөздің өзі "жыр" дегеннен шыққан, өлеңші, жыршы деген мағынаны білдіреді. Сол кездегі көптеген жыраулар тек қана өлеңші, жыршы емес, сонымен қатар олар тайпалардың көсемдері, жауынгерлердің жетекшісі, батыр болған. Олардан ел басшылары, қолбасшылар кеңес сұраған. Олар соғыс алдында өздерінің өлең жырларының әсерімен жауынгерлердің рухын көтерген. Жыраулардың кейбіреулері түс жорамалдай білген, ырымдарды, сонымен қатар табиғаттың құбылыстарын түсіндіре білген. Сондай қасиеттермен танымал болғандар: Қазтуған жырау, Шалкиіз және Бұқар жыраулар.

Жыраудың дәстүрдің негізгі жанры – **толғау**. Ол – ой толғамы, философиялық поэзия – маңызды қоғамдық

мәселелерді қозғайтын, өмір мен табиғат құбылыстарынан түсінік беретін жыршы-жыраулардың сүйікті жанры. Арнау өлеңдер, сыңсу, сырласу өлеңдері болған.

Толғаудың өзіндік құрылысы бар. Толғауда өлеңнің дыбыстық құрылымына ерекше мән беріледі, ұйқас, ырғақ сақталады, екпінді буынға көп көңіл бөлінеді.

Толғаудың екі түрі болған. **Философиялық толғау** және **лирикалық толғау**. Философиялық толғауда маңызды қоғамдық мәселелер қозғалған, табиғат құбылыстарына түсініктер берілген, дүниеде және өмірде болып жатқан өзгерістерді түсіндірген, моральдық тақырыптар бойынша болжамдар айтылған. Лирикалық толғауларда ақындар өздерінің асыл ойларын жырлайды. Толғаулар қобызбен, я болмаса домбырамен айтылған.

Жыраулардың шығармашылығында аса маңызды орын алған поэзиялық жанр – арнау-өлең. Ол белгілі өміршіге арналып, оны қылығын мадақтап, я болмаса әшкерелеген. Ондай өлеңдерде жыраулар өміршілерге тілек білдіріп, кеңес бере алған. Жыраулар халықтан өздерін бөлмеген, сондықтан олар өздері туралы айтқанда халықтың атынан сөйлеген. Олардың поэзиясын ерлік поэзиясы деп айтуға болады.

Соғыс кезінде жыраулар жорықтарға қатысып, ерлігімен көзге түскен батырларды, олардың қару-жарақтарын, не болмаса астындағы атын мадақтайтын өлеңдер шығарған. Жауынгерлерді ұрысқа қайраттандырған. **Жоқтау** – соғыста құрбан болғандарды еске түсіруге арналған өлең жолдары.



Жырау поэзиясының басты тақырыптары – халықтың игілігін ойлау, өмірдегі жақсылық пен зұлымдық, өмір мен өлім.

Жырау шығармалары ұрпаққа ғибрат, өнеге ретінде насихатталады. Жыраулар тілі өткір, нақыл сөз тән. Олардың көптеген елең шумақтары мақал-мәтелге айналып кеткен.

### Өзін-өзі тексеру тапсырмалары:

1. Жырау дегеніміз кім?
2. Қазақ қоғамында жыраулардың рөлі қандай болды?
3. Жырау шығармашылығындағы басты жанырды атаңыз.
4. Толғаудың екі түрін атаңыз: ...
5. Жырау шығармалары тілінің айырмашылығы қандай?

### Асан Қайғы

(шамамен 1361, 1370-1465)



*Ғылым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама.  
Жеңемін деп біреуді  
Өтірік сөзбен қостама.*

**Асан Қайғы**

Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы Еділ бойында тұса керек. Тарихи аңыздар Асанның әкесі саятшы екен дейді. Асан Алтын орда ханы Ұлұғ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болды. XV ғасырдың 20-жылдарында Ұлұғ-Мұхамед Ордадан қуылғанда Асан өз өміршісімен бірге кетеді. Көп ұзамай Қазанда билік құрған Ұлұғ-Мұхамедтің ақылгөйлері қатарында болған ақын, хан өлген соң Дешті-Қыпшаққа қайтып оралады.

1450 жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Сірә, Асан қазақтардың бұрынғы Көк Орда жеріндегі үкілі артып, қазіргі

Қазақстанның орталық және солтүстік-батыс алқабын қайтадан иеленген уақыты – 1465 жылы әлі тірі болса керек.

Асан Қайғы көшпелі халық тұрмысына жұт, табиғи апаттар көп нұқсан келтіретінін жете сезеді. Осыған орай, Асан Қайғының жанға жайлы өмір сүретін жер-ұйық, адамдардың теңдігі мен бақытының мекені болуы тиіс деп санады. Жер бетіндегі адамзат адал болуы тиіс деп ғибрат етті. XV ғасырдың орта шенінде Ақ Орда мен Алтын Орда күйреген соң, қазақтардың руларының Шығыс Дешті-Қыпшақтан Шу мен Талас өзендеріне үдере көшуін тудырған өзара феодалдық қырқысулар аңызда айқын суреттелген.

Асан Қайғы – қазақ халқының ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұрат еткен дала абызы. Осыған байланысты, Желмаясы мен жер жәннатын іздеген жырауды Асанқайғы деп атап кеткен. Тұла бойы ізгілікке толы, халқын сүйген дананы Ш. Уәлиханов "көшпенділер философы" деп атайды.

Асан Қайғының Жерұйықты іздегені туралы әңгімелерге – ол өзі болған жерлердің жай-күйін, халқын суреттейтін қанатты сөздер, бейнелі суреттеулер молынан кездеседі.

**Асан Қайғы** – қазақ дербес әдебиетінің алғашқы қалаушысы. Ол өз толғауларында адам табиғатын, мінез ерекшеліктерін, моральдық, этикалық қағидаларды аңғартады:

*Есті көрсең кем деме,  
Бәрі тұйғын табылмас.  
Қарындасың жамандап,  
Өзіңе туған табылмас.  
Адам әзіз айтар деп  
Көңіліңді салмағыл.  
Нәпсі алдаушы дүшпанның  
Насихитын алмағыл.  
Бақыты оянған ерлердің  
Әрбір ісі оң болар.  
Дәулеті күнге артылып,  
Не қылса да, мол болар.*



Өзінің лирикалық шығармаларында Асан Қайғы ру аралық алауыздық пен әділетсіздік орнаған заманның құбылыстарын әшкерелейді. Мысалы, өзінің бір толғауында ханның халыққа көңіл бөлмеуі жайлы жырлайды:

*Ай, хан, мен айтсам білмейсің,  
Айтқаныма қөнбейсің.  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.*

Салауатты, шаттық өмір, адамды сыйлау және инабаттылық әрдайым керек екенін жырлайды. Сондықтан да ақынды халық кейде "Қайғылы философ" деп атаған. Ол адамдарды жақсылық жасауға шақырған:

*Бұл заманда не ғаріп?  
Жақсыларға айтпаған  
Асыл шырын сөз ғаріп.*

Бұл ой бес ғасыр бұрын жазылған Асан Қайғының толғауында былай делінген:

*Замандасы болмаса,  
Қариялар болар тез ғаріп,  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
.....  
Мұритін тауып алмаса,  
Азғын болса пір ғаріп.*

Асан Қайғы қазақ әдебиетінде тұңғыш рет моральдық, этикалық қағидаларды, соның ішінде шындық, ақыл-ойшылдық сияқты зор қасиеттерді және дәрменсіздік, зорлықшылық сияқты өрескел қылықтарды айқындайды:

*Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа,  
Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,*

*Бұрынғыны қуыспа.  
Ақың болса біреуде  
Айыбын тап та ала бер,  
Ерегесіп ұрыспа.  
Сенікі жөн болса да  
Атың шықпас дұрысқа.  
Мінезі жаман адамға  
Енді қайтіп жуыспа.*

.....  
*Ашу – дұспан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа!..*

Сондықтан да Асан Қайғының шығармаларын салыстырумен, метафоралармен, қайталау әдісімен кейіпкерлерді терең және дәл көрсетуі арқылы XV ғасырдың классикалық поэзиясының шыңынан көруге болады.

#### Өзін-өзі тексеру тапсырмалары:

1. Асан Қайғының шын аты мен тегін атаңыз.
2. Асан Қайғы қандай жерді іздеген?
3. Сөйлемді толықтырыңыз: "Асан Қайғы – қазақ әдебиетінің \_\_\_\_\_"
4. Асан Қайғы нені ғаріп деп санайды?
5. Асан Қайғы қазақ әдебиетінде тұңғыш рет қандай әдет-ғұрып, эстетикалық түсінік туралы айтады?

## Қазтуған жырау (1420-өлген жылы белгісіз)



*Қазтуғанның өлең жолдары  
мақал-мәтелдерге айналған.  
Ақырында ол өзі де эпостық  
поэмалардың кейіпкеріне айналды.*

**М.Мағауин**

Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Дегенмен, бізге жеткен жекелеген туындылары оның әдебиет тарихы төрінен орын алуға лайықты екенін айғақтайды. Оның поэзиясы жауынгерлердің көшпелі өмірін, көзқарасын суреттейді. Және олардың тұрмысын, айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын бейнелейді. Ақын-жыраудың қиялының жүйріктігі, өткірлігі, бай және әдемі көркемдік әдістері сол дәуірдегі қазақтардың поэтикалық өнерінің жоғары деңгейде болғанын, сонымен бірге, өзіндік ерекшеліктері бар екенін білдіреді. Ұлттық бояуы жағынан айқын суреттелген, жасампаз романтикамен көркемдеген, нақылдық ой орамдары мен көркемдік тіркестерге бай Қазтуған жырау өлеңдері көп ғасырлық өнер мектебі мен әдеби үлгі ретінде санамыздан орын алды.

*Қайран, менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..*

"Белгілі биік көк сеңгір" атты толғауында жырау таудың әдемі көріністерін жырлап, адам туралы ойларға көшеді:

*Белгілі биік көк сеңгір  
Басынан қарға ұшырмас,  
Ер қарауыл қарар деп,  
Алыстан қара шалар деп;*

.....  
*Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,  
Жамандар мазақ қылар деп!*

Қазтуған жырау өз елін, жерін сүйетін және өз халқы үшін, оның бостандығы үшін қасық қаны қалғанша күрескен адам. Басқа ақын-жырауларды да соған үндеген.

Бүгінгі күнге Қазтуған жыраудың өлең мұраларының аз ғана бөлігі жеткен.

Қазтуған жыраудың "Мадақ жыры", "Туған жермен қоштасу" сынды туындыларын ежелгі қазақ поэзиясының таңдаулы үлгілеріне жатқызуға болады. Ақынның халық арқылы жеткен бірқатар толғаулары И. Березиннің "Түрік хрестоматиясында" (1862), Ғабдолла Мүштақтың "Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары" (1910) жинағында, М. Мағауиннің "Алдаспан" кітабында (1970) жарияланды.

### Өзін-өзі тексеру тапсырмалары:

1. "Қазтуғанның өлең жолдары мақал-мәтелдерге айналған", – деп кім айтқан?
2. Қазтуған жырау өмірде кім болған?
3. Қандай өзенге жыр арнаған жырау?
4. Жыраулар туралы Қазтуған нендей ой қалдырған?

## Қадырғали Жалайыр (шамамен 1555-1607)



Қадырғали Қосымұлы Жалайыр – орта ғасырдағы қазақтың ғалымы әрі атақты биі. Ата-бабалары Қараханидтер дәуірінен бері үздіксіз хан нояндары, уәзірлер, батырлар екен. Оның әкесі – Қосым бек, ал атасы Темшік батыр болған. Өзі хан ұрпақтарының тәрбиешісі және ханның кеңесшісі қызметін атқарған.

Оның ауылы қалмақ шапқыншылығына ұшыраған соң, Шығай ханның ұлы және Тәуекелдің ағасы Ондан сұлтан жау қолынан қаза табады. Қадырғали Жалайыр Ондан сұлтанның 13 жасар ұлы Ораз-Мұхаммедті алып, туыстарымен бірге Сібір ханы Көшімнің қол астындағы аймаққа қоныс аударады. Ол жерде үлкен би атағын алады. Қадырғали өзінің шежірелер жинағында былай деп жазған: *"Менің ата-бабам Ораз-Мұхаммед сұлтанның бабаларына қызмет еткен. Мен Ораз-Мұхаммедтің атасы Ондан сұлтанға қызмет еттім, ал бұдан кейін әрдайым Ораз-Мұхаммедтің қасында болдым"*.

Қадырғали Жалайыр тек өз ана тілін ғана емес, араб және парсы тілдерін де жетік білген, сонымен бірге классикалық шығыс әдебиеті, ғылым және мәдениет салалары бойынша терең білімі болған. Қадырғали өзінің білім байлығы жағынан Орта Азияның ұлы ойшылдарымен бір деңгейде болған. Оның білімділігі мен кеменгерлігін жоғары бағалап, Көшім хан оны кеңесшісі етіп тағайындады. Сонымен қатар, Қадырғали Жалайыр Сібір князі Сейдектің де кеңесшісі болған. Сөйтіп, кейін Қадырғали Жалайыр Көшім ханға қарсы шығып, Ораз-Мұхаммед пен Сейдектің қарым-қатынасын жақсартуға себепші болады. Сейдектің беделі жоғарылай түсті. Ресей жылнамаларында бұл дерек бойынша мәліметтер сақталған, оларға үңілетін болсақ: *"Сол кезеңде Сейдахмет князьдің билігінің күшеюі оның сарайына Қазақ Ордасының ханзадасы (Ораз-Мұхаммед) мен Қарашмырзаның (Қадырғали Жалайыр) келуіне байланысты"*, — деп жазылған.

1588 жылы Сібірдің әскербасы Д. Чулков айла-амалмен Қадырғали Жалайырды, Ораз-Мұхаммед пен Сейдекті тұтқынға түсіріп, үй шаруашылығы және отбасыларымен бірге Мәскеуге "аманат" ретінде жіберген. 1598 жылға дейін Қадырғали Жалайыр Мәскеуде патша сарайында өмір сүрді. 1590-1591 жылдары шведтерге, Қырым хандығына қарсы соғысқа қатысып, батылдығымен көзге түскені үшін орыс патшасы Федор Иванович 1592 жылы Ораз-Мұхаммед сұлтанға бұрын Қасым хандығының

құрамына кірген Ока өзенінің жағасындағы жерлерді бөліп берді. 1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп тағайындады. Қадырғали Жалайыр оның 4 өзірінің бірі болып сайланды.

Бұл кезеңде Қадырғали Жалайыр тікелей ғылыми қызметпен айналысты. 1600 жылы Қасым тұсында бастаған әйгілі жылнамалық "Жами ат-тауарих" ("Шежірелер жинағы") атты кітабын ол 1602 жылы бітірді. Жылнамада 157 бет бар және ол қытай қағазында өте ұқыпты жазылған. Шығыстың ойшылдары салған жолмен жүріп, ғалым өз еңбегін орыс патшасы Борис Годуновқа арнап жазды. Автор өзінің жылнамаларында шығыс елдері мен қалаларына шолу жасап, қазақтың кең даласын мекендеген түркі тайпалары мен руларына тарихи анықтама мен түсінік береді. Қарахандықтар дәуіріне тоқтала келіп, автор оғыздар туралы өз пікірін айтады. Парсы тілінде жазылған Рашид-ад-диннің "Жамиғ ат-тауарих" атты жылнамалық кітабына сүйене отырып, ғалым Шыңғыс ханның өзі мен оның әулеті туралы көптеген тарихи деректер келтіреді. Бұл еңбекте қазақ хандарының өмірі мен қызметі, қазақтың даласы, қалалары туралы құнды материалдар бар. Кітаптың XIII-XVI ғасырларда қазақ жерінде болған тарихи оқиғаларға арналған бөлімі аса қызығушылық тудырады. Бұл бөлімде XVI ғасырдағы қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы туралы, қазақ тайпаларының құрылуы, қазақ хандықтарының халықаралық және қоғамдық-саяси ахуалы, патриархалды-феодалдық қатынастардың қалыптасуы, сұлтандар, бектер, хафиздер және басқа әлеуметтік топтар туралы құнды материалдар көп. Автор ежелгі қазақ тілін жетік білген.

Қадырғали Жалайырдың жылнамасы — ежелгі қазақ тілінде жазылған алғашқы тарихи туынды. Ғалымдар оның еңбегінің ғылыми құндылығын жоғары бағалап, оны Орта Азия мен Моңғолияның көптеген көрнекті тарихшыларымен тең дәйрежеде деп санайды. Қадырғали Жалайырдың ғылыми еңбегін атақты орыс ғалымда-

ры, Қазан университетінің профессорлары Н.И. Ильминский, И.Н. Березин, академик В.В. Вельяминов-Зернов және Ш. Уәлиханов жоғары бағалаған.

### Өзін-өзі тексеру үшін тапсырма:

1. Қадырғали Жалайыр кім болған?
2. Қ.Жалайыр орыс шежірелер жинағында қандай есіммен аталады?
3. Қай сұлтанның баласын құтқарған?
4. Қ.Жалайыр қандай лауазымды атқарған?
5. Қ.Жалайыр өзі жайлы және өзінің үрім бұтақтары туралы жазылған еңбегі қалай аталады?
6. Өзінің ғылыми еңбегін кімге арнаған?
7. Шежіре-жинақта қай жылғы және қандай тарихи оқиғалар келтірілген?
8. Қ.Жалайырдың ғылыми еңбегін кім жоғары бағалаған?
9. Қ.Жалайырдың шежіре-жинақ еңбегінің қандай тарихи маңызы бар?

### Қолданылған әдебиет:

1. Қазақтар. 9 томдық анықтама. – А. 1998. – Т. 2.

### Шалкиіз жырау (шамамен 1465-1560)

*Жапалақ ұшпас жасыл тау,  
Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау.*

### Шалкиіз жырау

Шалкиіз жырау Тіленшіұлы Батыс Қазақстанда дүниеге келген. Қазақтың ақын-жыршысы, батыр және жауынгер. Әкесі Тіленші өз тұсындағы ірі феодалдардың бірі болған, ал шешесі Ноғай ордасының ұлы биі Мұсаның қызы екен. Үш айлығында анасынан айырылған Шалкиіз нағашы атасының қолында тәрбиеленеді. Көшпелі шонжарлар ортасынан шыққан жырау еш таршылық көрмей өседі. Бұл жағдайлар оның тұлға ретінде қалыптасуына және поэзиясына ықпал етеді.

Жыраудың шығармашылығынан бізге жеткені 600 жолдың шамасы. Осы азғантай мұрасының өзі-ақ сирек кездесетін дарын иесі екенін айғақтайды. 1917 жылғы төңкеріске дейін оның туындылары 12 өлең жинағы мен хрестоматияларға енді. Бұл сол кезең үшін астрономиялық сан есепті. Шығарма туындыларын орыс тіліне тәржімалаған ақын-жыршылардың бірі. Оның шығармалары орыс тіліне аударылып, сол дәуірдегі орыс оқымыстылары мен зерттеушілері жоғары бағалаған. Темір биге айтқандары әр түрлі жинақтар мен басылымдарда төрт рет қайта басылды.

*Алл, алл басқан, алл басқан  
Арабы торым өзіңсің.*

.....  
*Көбең семіз торыңмын,  
Көп құлыңның бірімін...*

Шалкиіздің Дешті-Қыпшақ әмірі Темірге арнаған екі толғауы сақталған. Онда толғау иесінің бейнесі толық көрсетілген. Ол сол заманның әдет-ғұрпының және дәстүрінің құлы екенін көрсетіп, екінші жағынан абыройлы өзгеше мінезді ақын екенін танытады. Шалкиіз феодалдық-патриархалдық қоғамның гүлденген шағында өмір сүрген. Сондықтанда оның шығармалары сол кездегі қоғамдық сана-сезімін білдіреді: "Сен сұлтансың – мен құлмын, сен сұңқарсың – мен қумын, – деді Шалкиіз жырау.

Талантты ақын өз заманының сана-сезімінің құлы екенін, өзі өміріне шын берілгендігін көреміз. Алайда, төкапшар жырау өміршісі сол кездегі соғыс моралін бұзғанда, иә болмаса өз айналасынан жоғары мәртебе бермей Шалкиіздің намысына тигенде, ақын ашуын жасырмайды:

*Жақсыңнан мені кем көрсең,  
Жаманыңмен тең көрсең,  
Ұялы берікке қос артып,  
Сен есенде, мен сауда*

*Ырысымды сындайын,*

*Сегіз қиыр шартараптан іздермін!*

*(«Би Темірге бірінші толғау»)*

Ол өз абыройын жоғары бағалай білген:

*Тебінгінің астынан  
Ала балта суырысып,  
Тепсінісіп келгенде  
Тең атаның ұлы едің,  
Дәрежеңді артық етсе тәңірі етті!!! –*

деп Өміршіге тікелей қарсы айтады. Аңыз бойынша содан кейін Өмір Темір мен ақынның арасында жанжал басталады. Сондықтан жауынгер-жырау көп жылдар бойы қуғын-да болады.

Шалкиіздің шығармашылығы – өзі жауынгер болған соң соғыс жорықтарының поэзиясы. Ақынның жырларынан тұлпардың танды көтеріп шапқандағы тұяқтарының дүбірі, қылыштың қағысқан дыбысы, садақ оғының ысқырығы, арпалысып жатқан жауынгерлердің ұрандары естілгендей болды.

Орта ғасырдың дүрбелең жылдары күшті басшыны қажет етті, тірі қалу үшін бірлікті, тәуелсіздікті сақтап қалудың амалы керек болды. Сондықтан да күйзеліс, арпалыс, астаң-кестең жағдайға қарсы жырау отандастарын бірлікке шақырады:

*Ау, бөрілер, бөрілер,  
Бөрімін деп жүрерлер,  
Әр бірінің баласы  
Алтау болар, бес болар,  
Ішінде абаданы бір болар,  
Абаданынан айрылса,  
Олардың әр біреуі  
Әрбір итке жем болар.*

Шалкиіздің шығармалары ұрпаққа ғибрат, өнеге ретінде насихатталады. Оларда жақсы және жаман адамдар арасы айрықша бөлінеді:

*Жақсы да келер бұл көпке,  
Жаман да келер бұл көпке,  
Төңірегін жиганда,  
Сыймайды екен бір кепке.*

Шалкиіздің өлеңдері айқындығымен, бейнелілігімен, қысқалығымен, тіл байлығымен ерекшеленеді.

Шалкиіз Тіленшіұлы толғаулары қазақтың суырып салма өнерінің негізін қалаушы ретінде классикалық үлгі болып табылады.

Көрнекті жыраудың қазақ көне әдебиетіндегі орны туралы жазушы-ғалым М.Мағауин "Бес ғасыр жырлайды" жинағының (– Алматы: "Жазушы", 1989. – Т.1.) беташарында былай деп пікір түйген: "Өзінің ұзақ өмірінде Дешті-Қыпшақтың төрт бұрышын түгел шарлаған, заманының бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген жырау бүкіл өмірін күрес үстінде өткізген.

Шалкиіз жырау ғұмырының көп бөлігін Ноғай ордасының билеушісі Темір бидің қол астында өткізді. Темір би өлгеннен кейін, Мамай мен оның кенже інісі Жүсіппен бірге болды. Исмайыл мен Жүсіп арасында күрес басталғанда, Шалкиіз жырау соңғысы жағынан табылды. Өмірінің соңғы жылдарын Хақназар хан тұсындағы Қазақ мемлекетінде өткізді.

#### Өзін-өзі тексеру тапсырмалары:

1. Біздің дәуірімізге Шалкиіздің қанша еңбегі жетті?
2. Шалкиіз қай өміршіге толғау арнаған?
3. Неліктен қуғанға түскенін атаңыз.
4. Шалкиіз жыраудың поэзиясы қандай тақырыпта жырлайды?

#### Бұқар жырау (1668-1781)

*Әлемді түгел көрсе де,  
Алтын үйге кірсе де,  
Аспанда жүлдіз аралап,  
Ай нурын ұстап мінсе де –  
Қызыққа тоймас адамзат!  
Бұқар жырау*



Жыраулар – қазақтың көне патриархалдық қоғамының өкілдері. Феодалдық-патриархалдық қоғам тоқырау заманына ұшырағанда, жыраулар да "сахна-

дан” түсуге мәжбүр болды. Жыраулық поэзияның соңғы көрнекті өкілі – Бұқар жырау.

Бұқар жыраудың қайда оқығаны, қандай өмір мектебінен өткені туралы нақты деректер жоқ. Ол тым ерте көтеріліп, Тәуке тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болған. Алайда, Бұқар Тәукеден соңғы өміршілермен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Сондықтан жырау кедейшілікке ұшырайды. Тұңғыш биограф Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінегіндей, Бұқардың, тіпті, сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді. Алайда, өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы ғана емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам уақыт жасаған. Қайтыс болғаннан кейін Баянауылда жерленген.

Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының бас идеологы болған. Ол түркі тектес халықтардың, сонымен қатар араб, парсы, қытай және жоңғар тілдерін жақсы меңгерген.

Бұқар жырау Қазбек, Әйтеке, Төле билермен бірігіп қазақтың тұңғыш заң жинағы “Жеті жарғыны” жасақтауға қатысқан, сонымен қатар сол кездегі елдің маңызды мәселелерін шешуге, халықтың мұңын ел басшыларына жеткізуге белсенді қатысқан.

Бұқар жырау өз шығармаларының маңыздылығы мен қазақ әдебиетінде алатын орнын сол замандағы Ресейдегі Державин, Ломоносов, Третьяковский және Сумароков сияқты белгілі адамдармен салыстыруға болады. Ақын-классиктердің түсінігі қоғамның мемлекеттік құрылымы жағынан, халықтардың және ел басшыларының өзара қарым-қатынастары жағынан, моральдық жағынан ұқсас болды. Қазақ елінің ішкі дау-жанжал күшейген кезде үш жүздің басын біріктіріп, жоңғарларға қарсы қол жинаған беделді басшы – Абылай хан. Ол қазақ халқының жоңғарлармен және Қытайдың цин

тайпаларымен қарсы күресінің қолбасшысы болған. Абылай қазақ елінің бірлігін нығайту заман талабы екенін терең түсініп, үш жүзді біріктіріп қуатты мемлекет құруды аңсаған. Абылай хан елдің сыртқы саясатын жүргізуде төзімділік пен айлакерлік сияқты қасиеттерімен танылған.

Бұқар жырау Абылайдың бас кеңесшісі болып, оны дана, ақылды басшы ретінде жақсы қолдап, қажет болса ханды сынаудан тайынбаған.

Жырау өз шығармаларында Абылайды сырт жауларға қарсы күресте айрықшы қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелейді. Ханның ашуланған уақытындағы қаталдығын, керек емес жердегі сараңдығын тоқтата білді:

*...Ашуланба, Абылай,  
Ашулансаң, Абылай,  
Көтерермін, көнермін,  
Көтеріп қазға салармын.  
Өкпеңменен қабынба,  
Өтіңменен жарылма,  
Басына мұнша көтерген  
Жұртыңа жаулық сағызба.  
Күнінде мендей жырлайтын,  
Тоқсан үште қария  
Енді саған табылмас!..*

Ақынның шығармалары философиялық және дидактикалық өсиет ретінде жарыққа шыққан, сондықтан оның көптеген өлеңдері афоризмге айналған:

*Ілімді түгел білсе де,  
Қызығын қолмен бөлсе де,  
Қызықты күні қырындап,  
Қисынсыз күйге түссе де –  
Өмірге тоймас адамзат!  
Жақындап ажал тұрса да,  
Жанына қылыш ұрса да,  
Қалжырап, көңілі қарайып,  
Қарауытып, көзі тұрса да –  
Үмітін қоймас адамзат!*

## Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Бұқар жырау туралы замандастары не айтты?
2. Бұқардан кейін жыраулар неліктен "сахнадан" түсуге мәжбүр болды?
3. Өмірінің соңғы жылдарында Бұқар жырау қандай дәрежеге жетті?
4. Бұқар жырау қандай заң шығаруға қатысты?
5. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығын орыстың қай ақынымен салыстыруға болады?

## Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақтар. – Алматы, 1998. – Т.2.
2. *Базарбаев М.* Қазақ поэзиясы және көркемдік ізденіс. – Алматы: Жазушы, 1995.
3. *Бес ғасыр жырлайды.* – Алматы, 1993.
4. Қазақстан ақындары. – А., 1978.
5. *Аравин.* Дала жұлдызнамалары.
6. Қазақстанның сәулет ескерткіштері.
7. *Ақшиев К.А.* Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері.

## Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) (1748-1819)

Шал ақын – ақындар поэзиясының өкілі. Қазақ ақындары ел аралап той-думандарда, үлкен жиындарда, меркелерде өлең жырларын орындаған. Ақындардың туындылары жырау поэзиясына қарағанда өте қарапайым болып көрінеді. Ақындардың шығармалары А – А – Б – Арифмалы он бір жолдық және төрт жолды немесе жеті жолды не болмаса сегіз жолды рифмаға еркін түседі, бірақ та ақындар поэзиясы тақырыбы бойынша әр түрлі. Ақындарды бұрынғы поэзиядан бас тартты деп ойлауға болмайды. Жырау поэзиясының жақсы қырларының көбі сақталып, бірақ олар жаңа дәстүрдің талабына сай толықтырылып, мағынасы жаңа жағдаймен үйлестіріледі, тақырыптық жағынан өте бай келеді.

Шал ақын ірі феодал отбасында (қазіргі Ақмола облысы төңірегінде) дүниеге келген. Болашақ ақынның әкесі Құлеке батыр Абылай ханның жақын серігі, өз тұсындағы беделді рубасылардың бірі. Оның баласы Тілеуке жас кезінде өнер жолына түсіп, даңқы шығып, аз ғана уақыт ішінде елдің сүйікті жыршысына айналды. Өмір бойы елді кезіп, халық мерекелерінде және үлкен жиындарда эпостық өлеңдерді, аңыздарды айтып, өзі шығарған суырып салма өлеңдерімен, талантымен тыңдаушыларды таң қалдырған.

Шебер ақын болғанымен, шаруаға қырсыз Шал өмірінің екінші жарымында кедейлікке ұрынады. Бірақ та ақын жағымпаздықты жаны сүймейтін ақын өзінің абыройын жерге таптатпаған, өзінің ақындық талантын сатпаған. Оған бәрінен де қымбат ақынның ар-намысы болды. Халық арасында өлеңдерінің кең тарағандығы, өлгеннен кейін шыққан атағының жұмбақтығы содан. Шал ақын қазіргі Сергеевка селосының жанында Аютас деген төбенің түбіне жерленді.

Ақынның қол жазбалары біздің заманға жетпеген, тек қана соңғы жылдары жазылған суырып салма түріндегі өлеңдері сақталған. Тақырып жағынан ақынның шығармаларын екі топқа бөлуге болады:

1. Түркі халықтарының поэзиясында жиі кездесетін – адам өмірін жасына қарай суреттеу. Ондай өлеңдердің көбін ақын жасы ұлғайған кезде жазған. Оның мінездемесі әр түрлі. Оның біреуі төрт жолдық речитатив, басқасы көлемді өлең – толғану, адам өмірінің басынан өліміне дейінгі жол. Ақын өлеңдерінде бозбалалық шағын; жасөспірімдік шақты содан кейін жастық шақты; қайталанбас 25 жасты содан кейін жігіттің ер жеткен 30-35 жастарын жырлайды. Ол – жел ұйығы сияқты жылдам өтетін керемет уақыт. Қырық жастан кейін адамның рухы биік, пышақтың жүзі сияқты ұшты болады, елу жасқа келгенде адам нағыз ақыл иесі болады, содан кейін аурумен жеңдіріп әлсіздікпен көрілік келеді. Одан соң өлім келеді. Әлем опасыз, құбылмалы, өмірдің барлық мағынасы сол адамға берілген қысқа өмірде, – дейді ақын:

*Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,  
Бір күні ажал келіп жаныңды алар,  
Жан шығып, дүниеден көшкеннен соң,  
Мал-мүлкің, әйел-балаң бәрі қалар.*

2. Ақынның шығармашылығында діни сарын оның өмірінің соңғы жылдарында пайда болады. Қолына домбыра ұстап жын-шайтандармен дос болған ақынның жас кезі діншілдіктің үлгісі бола алмайды. Өзінің бір шығармасында ақын діншілдікке 50 жасқа келіп бас бұрғанын мойындайды. Сондықтан да ақынның этикасында дін аз ғана орын алады. Шал ақынның түсінігі бойынша жақсылық та, жамандық та құдайдың атымен байланысты. Шал ақынның моралі діншілік емес, адамгершілік, сондықтан ақынның этикасы теологиялық емес. "Жақсылық отын адам жандырады, жамандық түтінін де адам салады; нұр шашуы – жақсыдан, мүшкілдік – жамандықтан, барлығы адам баласына байланысты", – деп Шал ақын ойын түйіндейді. Сондықтан да ақын өз шығармаларында сұрақ қояды, жақсылық неден басталады, кім жақсы, кім жаман, зұлымдық неден пайда болады? Жақсылықты ол көкке көтеріп, жамандықты айыптап, адамдарды оған қарсы қояды.

Шал ақынның біздің заманымызға жеткен мұрасы байлық пен кедейлік, о дүние мен бұ дүние жайы сөз етілетін философиялық-дидактикалық үлгідегі туындылар, көшпелілердің күнделікті өміріне, шаруашылығына қатысты тұрмыстық өлеңдер, жеке адамдарға арналған эпиграммалар, арнау жырлар мен әр түрлі жағдайда туған экспромттар. Жан-жақтылығы, өмірге жақындығы, елгезектігі, жыраулар поэзиясында қамталған жаңа тақырыптарға баруы Шал шығармаларының қазақ қауымының барлық саласына кеңінен тарауына ғана себеп болған жоқ, қазақ поэзиясының өрісін кеңейтті, қазақ топырағында реалистік дәстүрдің өркен жаюына септесер алғы шарттар жасады.

**Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:**

1. Шал ақынның аты мен тегін атаңдар.
2. Шал ақын қандай поэзияның өкілі?
3. Шал ақын нені биік не тұтты?
4. Шал ақынның шығармаларының тақырыбын атаңыз.

**Тарауға арналған тест сұрақтары:**

1. Жырау – көне өзгермейтін құбылыс:

- а) көші-қон;
- ә) отаршылық;
- б) бостандық.

2. Жыраулар төн қасиет:

- а) қиыстыру;
- б) суырып-салма;
- в) қиял.

3. Жыраудың сүйікті жанры:

- а) аңыз;
- ә) миф;
- б) толғау.

4. "Жігіттер, уақытымыз келгенде осы өмірден өтеміз" деп кім айтқан:

- а) Асан Қайғы;
- ә) Уәлиханов;
- б) Шал ақын.

5. Батыс Қазақстанда туған жырау:

- а) Қазтуған;
- ә) Бұқар;
- б) Шалкиіз.

6. Ш. Уәлиханов кімді "Көшпенділер философы" деп атады?

- а) Бұқар-жырау;
- ә) Шал ақын;
- б) Асан Қайғы.


7. Астрахань облысы Краснояр ауданында туған:

- а) Қазтуған жырау;
- ә) Шалкиіз;
- б) Шал ақын.



## V ТАРАУ

### XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



#### XIX ғасырдың II жартысы және XX ғасырдың орыс классиктерінің шығармаларындағы қазақ тақырыбы

Барлық кезде қоғамның көзқарасы және талғамы, қызығушылығының шынайы, саналы көрінісі, дамудың қозғаушы күші әдебиет болды.

*"Әдебиет, – деп жазды В. Г. Белинский, – халық санасы, ол халықтың ұмтылысы мен сезімінің, тарихының және болашақ туралы арманының көрінісі. Халық ұлдары – жазушылар тудырған кітаптар арқылы сол халықты жақын тануға болады"*.

Адамның өмірден алған әсерлері қанша бай болғанмен, әрқашан жеке тәжірибе шеңберімен шектелетіні белгілі. Әдебиет болса адамның рухани байлығын кеңейтеді. Лев Николаевич Толстой бұдан өнердің басты белгісін көрді. *"Өнер, – деді ол, – ... өмір үшін, жеке адам мен адамзаттың, жақсылық жасауына, бір сезімге біріктіретін адамдардың қарым-қатынасына қажет құрал"*. Әдебиет өнердің басқа түрлері сияқты әр түрлі ұлттар мен мемлекет арасындағы тосқауылды жоюға, бірін-бірі жақсырақ білуге көмектеседі, сол арқылы қарым-қатынас жасауға, бір-бірін түсінуге септігін тигізеді, қойылған сұрақтар мен қалыптасқан мәселелерге ықпал етуге негіз болады. Осындай істі орыс әдебиетінің классиктері XIX ғасыр басындағы қазақ тарихын, мәдениетін, халықтың сол кезеңдегі қиын, қарама-қайшылыққа толы даму жолын бейнелеу арқылы атқарып шық-

8. "Жақсы адамдар – үкі жетпес тау,  
Өлсе-дағы қалады олардың жақсы сөздері", – деген жолдардың авторы:

- а) Бұхар жырау;
- ә) Шалкиіз;
- б) Қазтуған.

9. Тәуке хан тұсында өмір сүрген жырау:

- а) Асан Қайғы;
- ә) Бұқар жырау;
- б) Қазтуған.

10. Төмендегі ақындардың қайсысы өке мұрасын сақтай алмаған:

- а) Бұқар жырау;
- ә) Асан Қайғы;
- б) Шал ақын.

11. "Білімге құштарлығын қандыра алмас халық". Кімнің сөздері:

- а) Шал ақын;
- ә) Бұқар жырау;
- б) Асан Қайғы.

12. Төмендегі жыраулардың қайсысы "хан халыққа дұрыс көңіл бөлмейді" деп айтқан:

- а) Қазтуған жырау;
- ә) Асан Қайғы;
- б) Шал ақын.

ты. Жазушылар бұрын әдебиетте болмаған қазақ өмірінің типтік жақтарын көрсетуге тырысты.

Қазақ өмірін көркем әдебиет мәтінінің беттерінде алғаш көрсеткен **В.А. Ушаков** болды, ол "Қырғыз-қайсақ" ("Киргиз-кайсақ") еңбегінде алғаш рет жалпы түрде қазақ әйелінің образын жасады. Ушаков қазақ туралы мәліметтерді шығарма сюжетіне экзотика үшін, байға сатылған қазақ жігіті мен қазақ әйелінің баласы Виктор Славин атты кейіпкердің романтикалық шығу тегін ерекше бейнелеу үшін енгізген.

Бірақ қазақ қоғамы өкілдерінің реалистік образы орыс әдебиетіне **В.И. Даль** (1801-1872) арқылы енді. Жазушы қазақтың дүниетанымын, қоршаған ортаға ықпалын, халықтың ұлттық салт-дәстүрін, этностың тұрмыстық, өмірлік шарттарын орыс әдебиетінде алғаш рет өзінің очерктері, ғылыми ізденістері, әңгімелері, повестері арқылы көрсетті. Дальдің 1833-1841 жылы Орынборда жазған барлық ғылыми, эпистолярлық, көркем шығармаларының және қазақ өмірін шынайы суреттеген мұраларының ішіндегі белгілісі – "Бекей мен Мәулен" және "Майна" повестері.

Ол бұл өлкені және адамдарын, олардың аңғал даналығын, мінез-құлқының тазалығын, қонақжайлылығын ұнатты. Даль қырда достасып кеткен бір қазақтың оған түйе сыйламақшы болғанын айтады. "Ол маған неге керек?" – дейді Даль. "Сенің үйің бар емес пе, соны тасып-алып жүресің", – дейді қазақ. Жазушы досына өзінің үйінің киіз үй сияқты жиналмайтынын, бір орында тұратынын айтады. "Ой, сенің үйің қызықсыз, – деп досы өз пікірін айтады, – түйені ал, үйіңді басқа жерге көшір, қызықты болады".

Даль қазақ даласы туралы өз күнделігінде былай дейді: *"Мына кең байтақ далада адамдар тұрады, ауылдар көшеді, аттар шабады, қара торы әйелдер атқа мініп шапқанда ерлерден кем емес. Бұрынғы адамдар ертеңгі күннің қандай болатынын жұлдыздарға қарап білген. Бұл жақта зират басына ағаш шықса, ол жерде әулие жатқанын білдіреді"*.

В. Даль қазақ халқының, тілінің даналығы мен дәлдігіне сүйсіне отырып, халық мақал-мәтелдерін жазып алады: "Жаман жегенін айтады, жақсы көргенін айтады". Жазушының қырағы көзі өмірдің басқа жағын да байқаған: адам шошырлық кедейлік, қанаушылық, құқықсыздық. "Түйе сойған ешкі сойғаннан ет сұрайды" деген мақал – жоқшылық өмірдің дәлелі. Даль ғылыми әдебиеттерде қазақ тілі жеке дамыған тіл деп айтқан бірінші түркітанушы-қазақтанушы болып саналады.

"**Бекей мен Мәулен**" повесінде Бекей Хиуадағы орыс тұтқындарынан Орынборға хат әкеледі: ол бұл әрекетін пайдәкүнәмдіктен емес, "өзінің жеке байланыстары бойынша" жасаған. Қазақтар өздерінің туыстарынан, руластарынан қашқанда орыстардан пана іздеп табатын жағдайлар кездесіп тұрған. Осындай оқиғалардың бірі "Бекей мен Мәулен" повесінде әңгімеленеді. Жан Күшік Бекейдің ағасын өлтірген кезде өменгер заңы бойынша Мәулен күйеуін өлтірген адамға шығуы керек. Сондықтан Мәулен үйінен Оралға көмек, пана іздеп қашады.

Повестегі бай қазақ Есенгелді және оның ұлдары Бекей мен Жан Күшік тарихымен байланысты оқиғалар шындыққа негізделген. Әлі күнге дейін халық бұл адамдардың есімдерін ұмытпай, жадында мәңгі сақтайды, ал Есенгелді мен Бекей жерленген жерлерді халық қадір тұтады. Есенгелді Аралтөбе ауылының (Сырым ауданы) аумағында, ал Бекей – аттас ауылда (қазіргі Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы) жерленген.

Жазушы алғаш орыс әдебиетінде қазақ әйелдері – Мәулен және Майна арқылы еркін, өз еркімен өмірлік жарын таба білегін әйелдер бейнесін жасады. Автор қазақ әйелдерінің табиғи әдемілігіне, өз балаларын қорғау үшін жасаған қайсарлығына сүйсінген. Сол арқылы Даль орыс әдебиетінде пайда болған мәселелерді шешуге өз үлесін қосты.

"Бекей мен Мәулен" повесінде қазақ халқы өмірінің әр түрлі тұстары егжей-тегжейлі суреттелген: бұл отбасылық, рулық қарым-қатынастар, керуен саудасы, су өнеркәсібі, әр түрлі салт-дәстүрлер.

Орыс классиктерінің қазақ тақырыбына қалам тартқандарының ішінде **Л.Толстой** да болды, ол 1862 жылы Башқұртстанда дем алып, емделген. Оның жолы Бүзүлік арқылы өтті (Орал қаласынан алыс емес), ал Оралда сол кезде оның Қырым компаниясындағы досы бар еді, соның үйінде қонақ болады.

Сапар тек демалыс пен кездесуден тұрды, бірақ 40 жылдан астам уақыттан кейін жазушы естеліктері арқылы Орал қаласында өткен оқиға туралы әңгіме жазды.

XIX ғасырда Орал жер аударылғандарға мекен болды. Мұнда декабристер, петрашевшілдер, Польшаны азат ету қозғалысына қатысушылар болды. Толстой поляктарға қатты жаны ашып, халықтық қозғалысты тұншықтырушы I Николай патшаны Николай Палкин деп атады. Бұл тақырып оның "Қажымұрат" атты кавказ повесінде жарқын көрініс тапты, бірақ бұл тақырып "Не үшін?" атты әңгімесінде кеңінен, айқынырақ суреттеледі.

Қазақтардың ауыз әдебиеті, тұрмысы, өмірі Д.Н.Мамин-Сибиряк, Г.Н.Успенский, В.Г.Короленко сияқты орыс жазушыларын қызықтарады.

**Д.Н.Мамин-Сибиряк** (1852-1912) өзінің "Оралдан Мәскеуге" атты очеркінде ("Русские ведомости", 1882-83) көптеген халықты қанаған патша саясатына қатты налиды. Оралға келген сапарында Мамин-Сибиряк ертегілерді, аңыздарды, наным-сенімдерді, әндерді және басқа да ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысты.

Қазақтар тақырыбына Д.М.Мамин-Сибиряк бірнеше шығармасын арнады. Бұл былай айтқанда "Лебедь Халтыгая" ("Қалтығай аққуы"), "Ханым көз жасы", "Баймаған", "Майя" (1892-93 жж.) атты "қырғыз" аңыздары. Бұл аңыздарда жазушының сөзімен айтқанда шеттен алынған "тілді, шығыс сөз айналымын, осы тақырыпқа тән құрастыру ерекше қасиеттеріне қолданған. Содан кейін тарихтан Кучум туралы аңыздың негізі алынған". Аңыздан басқа бұған "Қымызда" очеркі, "Охонин кірпіктері" повесі, "Исповедь", "Ақбоз ат" әңгімелері жатады.

"Баймағанды" сөзсіз аңыз жанрына жатқызуға болмайды. Турасында, бұл оқиға желісі қазақ халқының өмірінен алынған әңгімеге ұқсас. Соңы да белгілі типтік аңыз қорытындысына қайшы келеді: шындық өмірдегідей кедей малшы өзі сияқты кедей отбасының қызына үйленеді. Бірақ өзі байдың қызы Гүлзейінге құмартып, жатса-тұрса армандайды. Баймағанның қызына үйленгісі келген ниетін білген Гүлзейіннің әкесі Хайбіболла одан 100 жылқы және 500 сом көлемінде қалың мал сұрайды. Бұл да – қазақ байларының өмірінен алынған шындық көрініс.

Аңызда кедей малшылары Баймаған мен Ұрмұғұз бейнелері реалистік тұрғыдан суреттелген. Біріншісі – қиялшыл, суырып салма ақын, батыл да мейірімді жан. Бірақ оның ақылы да, өнегелі ойлары да пайдасы жоқ қазына болып қала бермек, себебі, тіпті Ұрмұғұздың өзі де "кедейлерде ешқандай ой болуы мүмкін еместігіне" кәміл сенімді.

Өзінің туған қызына да сәтті сауда-саттық заты ретінде қарайтын қатыгез, мейірімсіз, ұры бай Хайбіболла бейнесі – мейірімді Баймағанға қарама-қарсы бейне.

Гүлзейін мен бас кейіпкердің әйелі Мәкен секілді әйел бейнелері өте айқын берілмеген. Бұл бейнелерге қарағанда жасқаншақ, тіл алғыш, өзінің ауыр тағдырына көнген көрі Ұжына бейнесі сәтті шыққан.

Мамин-Сибиряк бұл шығармасында қазақ сөздерін, терминдерін, атауларын көп қолданды; алғаш рет оларды орыс әдебиетіне ендіріп, кең түсініктеме береді. Мысал ретінде төмендегі сөздерге тоқталайық: "қош" (дұрысы "қос") сөзі жазушының түсініктемесі бойынша: "қош" – дөңгелек киізден жасалған қырғыз палаткасы; "баранчук" ("бала") – сәби, бала; "салма" – жылқы етінен жасалған лапша; "көрпе" – жапсырмалы жамылғы; "батыр" – богатырь, т.б.

Шығарма желісінің шынайылығы мен өміршеңдігінде сөз жоқ.

"Қымыз ішуде" очеркінде жылы мейірімділікпен үлкен қара көзді, қиылған қасты қазақ қызының бейнесі

суреттелген. Қара торы, атжақты келбеті қолаң қара шапына үйлесіп тұрды. Ол үстінен түрлі-түсті бешпет жамылған қызыл көйлек киген. Қыздың киіміне тігілген күміс тиындар оның әр қимылы сайын сылдырлайды, әнге басатын.

Киіз үй толық суреттеледі. Көшпелі сақтардың үйлері Геродотқа ұнаған секілді орыс жазушысына Баймағанның "қошы" тек сыртқы пішінімен ғана емес, ішкі жинақылығымен ("мұнда бәрі өз ыңғайымен келістірілген болатын") ұнаған.

Автор қымыз ішу дәстүріне сипаттама береді (Лермонтовтың "Біздің заманның кейіпкерлеріндегі" "сулы қоғаммен" салыстырыңыз). Олардың ішінде қазақ тілін өте жақсы білетін және жазушыға жергілікті халықпен тілдесуге көмектесіп тілмәш болған мұғалім Егор Григорьевич болады. Қымыз ішу өте біліктілікпен сипатталған.

Мамин-Сибиряқтың қазақтар тақырыбына арналған очеркінде және басқа да шығармаларында патша әкімшілігі шенеуніктерінен аяусыз қаналып отырған кедей қазақтарға жаны ашығандығын білдіреді.

Мамин-Сибиряқтың "Ақбоз ат" әңгімесі жөнінде 1895 жылы "Русская мысль" журналында (№11) былай деп жазған: *"Ақбоз ат" әңгімесі қырғыздар (қазақтар) тұрмысынан алынған этнографиялық очерк, нәзік психологиялық сараптау, өмірінде ерекше жақсы көретін астындағы атын жоғалтқан атшының көңіл-күйі, өте қызық оқиғалар мен көріністерге толы, жеңіл әзілмен жазылған және басынан аяғына дейін қызықтап оқылатын әңгіме".*

Глеб Иванович Успенский (1843-1902) "Сақалды сәбилер" атты очерк жазған. Жазушы "кең байтақ даланың, табиғат күшінің молшылығын" толық пайдаланып, майтынын, көшіп-қонушылар да бұл жағдайларда айқын ұйымшылдық жоқтығын көрді.

Владимир Галактионович Короленко (1850-1920) 1900 жылдың маусым-желтоқсан айларында Орал қаласында болған. Осы сапардың нәтижесінде дала қазақтарының тұрмыс-салты, домбырада ойнау шеберліктерін "Қазақтарда" атты очеркінде кеңінен суреттеген.


Қорыта айтқанда: XIX-XX ғасырларда қазақ тұрмыс-тіршілігі тақырыбын көтерген орыс жазушыларының шығармалары басқа ұлттарға қазақ халқын, оның мәдениеті мен әдебиетін жақынырақ тануға септігін тигізді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. XIX ғасырда қазақтар туралы көркем шығарма жазған жазушыларының аты-жөнін жазыңыз:



2. Д.Н.Мамин-Сибиряк қандай шығарма жазған жоқ (артығын сызып тастаңыз):



3. Мамин-Сибиряқтың қай шығармасындағы кейіпкер "кедейлерде ешқандай ой болмау керек" деп санаған?


4. Мамин-Сибиряк қазақ қызының көйлегін егжей-тегжейлі суреттеген шығарманың атын жазыңыз:



5. "Майна" повесінің авторын жазыңыз:



6. Мамин-Сибиряк қазақ тақырыбына жазған шығармаларында қандай қазақ сөзін қолданған жоқ:



## Қолданылған әдебиеттер:

1. *Кереева-Канафиева К.* Русско-казахские отношения. – Алматы: Қазақстан, 1980.
2. *Фетисов М.* Литературные связи России и Казахстана (30-50 гг. XIX века). – М., 1956.
3. *Пышкин Б.* Толстовские места в Уральске. "Приуралье" 1978.
4. *Евстратов Н.Г.* Русские писатели в Казахстане. – А., 1979.
5. *Опря О.В.* Фольклорные традиции в творчестве В.И. Давля. – Самара, 2003.

## Махамбет Өтемісов (1804-1846)



*Әр халықтың борышы – әлем алдында  
өзінің ұлттық қасиетін көрсету.*  
Р.Тагор

*Махамбеттің жігіттік намыс,  
ұлттық рух туралы сөздері қазақтың  
бала кезінен құлағына сіңген.*  
Альберт Устинов

XVIII ғасырдың аяғына қарай Қазақстанның көпшілік бөлігі біржола Ресей құрамына қосылды. Қазақ поэзиясының талантты өкілдері өздерінің шығармаларында халқының ой-армандары мен ынталарын жан-жақты және айқан бейнеледі, халық қайғы-қасіретінің шежірешісі және оның қанаушыларға қарсы күресінің жаршысы болды. Осы саптың алдыңғы қатарында тұрғандардың бірі – Махамбет Өтемісұлы.

Махамбет (Мұхамед) Өтемісұлы мұсылманша жақсы білім алған, орыс тілінен сауат ашқан, ежелгі қазақ поэзиясы мен халық ауыз әдебиетін егжей-тегжейлі білген.

Ол өз өлеңдерінде халықтың ар-намысын оятып, қорлау мен қысымшылыққа шыдамай, күресуге шақырды.

Қазақ поэзиясында азаттық тақырып (тематика) Махамбет Өтемісұлы шығармаларынан басталады.

Махамбет 1939 жылы белгілі орыс саяхатшысы және жазушысы Е.П. Ковалевскиймен кездесті. Ол Махамбет туралы төмендегіндей жазады: *"Мен оны өз халқының ішінде өте тамаша, өз халқына жан-тәнімен берілген, өте білімді, орыс тілін жақсы білетін батыр тұлғалы, нағыз патриот, ізденгіш, сезімтал, өте сирек кездесетін әңгімешіл адам ретінде түсіндім"*. Махамбеттің ақындық келбеті адамдық келбетіне толық сай келеді.

Махамбет өз шығармаларында қазақ поэзиясының үздік қасиеттерін, әсіресе, ежелгі жыраулар мұраларын қолдана отырып, халықтың ой-арманы, көңіл-күйі, талап-тілегін деп баса білді.

**Махамбеттің азаматтық лирикасы.** Ақын халық көтерілісінің реалистік суретін көрсетіп, оның жеңілісін үлкен апат, ал халықтың бас қолбасшысы Исатайдың өлімін орны толмас қайғы ретінде қабылдады. Өзінің "Тарланым" өлеңінде Исатай бейнесін халық мүддесін бәрінен де жоғары қойған, үлкен азамат ретінде суреттейді:

*Атына тұрман болсам деп,  
Жұртына құрбан болсам деп,  
Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен,  
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен!  
Атқанын қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан,  
Еңселігі екі елі,  
Егіз қоян шекелі,  
Жараған теке мұшелі,  
Жауырыны жазық, мойыны ұзын,  
Оқ тартарға қолы ұзын  
Арыстан еді-ау Исатай!  
Бұл фәнидің жүзінде  
Арыстан одан кім өткен?!*

Махамбет шығармалары қазақ лирикалық поэзиясын тағы да бір сатыға көтерді. Оның азаматтық бағыты жоғарлады, тұлғалық бастауы тереңдей түсті.

Махамбет Өтемісұлының азаматтық поэзиясы XIX ғасырдың орыс әдебиетіндегі Некрасовтың поэзиясына ұқсайды. Исатай бейнесі Н. Некрасовтың өлеңіндегі Н. А. Добролюбов бейнесін еске түсірді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Қазақ поэзиясында ... тематика (тақырып) Махамбеттен бастап жырланды?

2. "Мен оны қаһарман еңселі, нағыз патриот ретінде көрдім", – деген Махамбет туралы пікір білдірген адам.

3. Махамбет халық сүйіктісі образын жырлады: (қате жауапты алып таста)



4. Махамбеттің өлеңдері XIX ғасырдың орыс ақындарының қай ақынының өлеңдеріне ұқсас?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан ақындары. – А., 1978.
2. Жұмалиев Қ. Махамбет Өтемісов. – А., 1948.
3. Шахматов В. Ақын Махамбет Өтемісовтың библиографиясы // "Вестник" АН КазССР, №3, 19.
4. Әбуталиев Н. Батыр тағдыры // Егемен Қазақстан. 22.05.2002.
5. Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер. – А., 1989.
6. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісов: өмірі мен қызметі туралы қысқаша тарихи очерк. – А., 1978.

### Тарауға арналған тест сұрақтары:

1. "Мен оны өз халқының ішінде өте тамаша, өз халқына жан-тәнімен берілген ретінде түсіндім", – деп М. Өтемісұлы туралы пікірді айтты:

- а) Ш. Уәлиханов;
- ә) В. Радлов;
- б) Е. Ковалевский;
- в) Ф. Достоевский.

2. Өз шығармаларында тарихтан "Қунум туралы аңыздарды" пайдаланған жазушы:

- а) В. Даль;
- ә) А. Пушкин;
- б) Д. Мамин-Сибиряк;
- в) В. Короленко.

3. "Жасқаншақ, тіл алғыш, өзінің ауыр тағдырына берілген көрі Ұжына" – қай шығармадан:

- а) "Баймаған";
- ә) "Қымыз ішуде";
- б) "Охонинаның қасы";
- в) "Ақбоз ат".

4. "Өңгіме-қырғыздар (қазақтар) тұрмысынан алынған этнографиялық очерк, психологиялық сараптау", – деген пікір қай өңгімеге қатысты айтылған:

- а) "Майя";
- ә) "Баймаған";
- б) "Ақбоз ат";
- в) "Охонинаның қасы".

5. Қазақтың "батыр", "көрпе", "салма" сөздерін орыс әдебиетіне алғаш рет енгізген кім:

- а) Д. Мамин-Сибиряк;
- ә) В. Даль;
- б) В. Короленко;
- в) Л. Толстой.

6. Атына тұрман болсам деп,  
Жұртына құрбан болсам деп,  
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,  
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен! – деген жолдардың авторы:

- а) А. Құнанбайұлы,
- ә) Ы. Алтынсарин;
- б) М. Өтемісұлы;
- в) И. Тайманов.

7. Исатай Тайманов бейнесі орыс әдебиетіндегі қай кейіпкерді еске түсіреді:

- а) Чернышевский романдағы Рахметов бейнесі;
- ә) Рылеев балладасындағы И. Сусанин;
- б) Некрасов поэмасындағы Добролюбов;
- в) Ломоносов одасындағы Пётр патша.

8. Қазақ халқы мен қазақ тілінің даналығына сүйсінетін орыс жазушысы:

- а) Л. Толстой;
- ә) А. Пушкин;
- б) В. Даль;
- в) Ф. Достоевский.

9. Оралда болып "Қазақтарда" атты очерктер жинағын жазған:

- а) В. Короленко;
- ә) Г. Успенский;
- б) А. Пушкин;
- в) Ф. Достоевский.

10. "Сақалды сәбилер" очеркінің авторы:

- а) Л. Толстой;
- ә) Ф. Достоевский;
- б) В. Даль;
- в) Г. Успенский.

11. В. Дальдің қазақтармен танысқандағы шығармашылық нәтижесі қай повесть:

- а) "Оралдық қазақтар";
- ә) "Яик";
- б) "Бекей мен Мәулен";
- в) "Майя".

12. В. Дальдің қай шығармасында қазақ қоғамындағы отбасылық, рулық қарым-қатынастар, керуен сауда, әдет-ғұрып суреттелген:

- а) "Майя";
- ә) "Майна";
- б) "Ақбоз ат";
- в) "Сақалды сәбилер".

13. "Оралдан Мәскеуге дейін" очеркін кім жазған:

- а) А. Радищев;
- ә) К. Рылеев;
- б) Д. Мамин-Сибиряк;
- в) В. Короленко.

14. М. Өтемісұлы кім болды:

- а) халық қайғы-қасіреті шежірешісі;
- ә) халық ауыз әдебиеті шежірешісі;
- б) халық аңыздары шежірешісі;
- в) халық өні шежірешісі.

15. М. Өтемісұлының "Тарланым" өлеңінің арқауы:

- а) қазақтың қиын өмірі туралы баяндайды;
- ә) қазақ батырлары туралы әңгімелейді;
- б) халық қаһарманы Исатай Тайманов ерлігі туралы жырлайды;
- в) қазақ даласының бай табиғаты туралы баяндайды.

## VI ТАРАУ XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



### Қазақстандағы саяси-қоғамдық жағдай және оның әдебиетке әсері

XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталды. Каспийдің жағалауынан Алтайға, Тобыл өзенінен Тянь-Шань тауларына дейінгі жерді алып жатқан орасан зор ел осы мезгілде капитализм империясының құрамына толық кірді.

1861-1867 жылдары реформалар феодалдық-басыбайлық формацияның тез ыдырауына және Ресейде капитализмнің дамуына өз әсерін тигізді, қазақ халқының отаршылдық жағдайын бекітті. Патшаның Қазақстанда отаршылдық саясатына байланысты қанаушылдықтың күшеюіне, шаруашылық пен мәдениеттің дамытуға тырысып, халық арасында араздықты өршітуге күш салғанына қарамастан, Қазақстанның Ресейге қосылуының қазақ халқының экономикалық және мәдени өмірінде өзіндік прогрестік маңызы болды. Қазақстанның өндіруші күштерінің, экономикасының және мәдениетінің дамуына мүмкіндік туғызды. Өлкеде жер өңдеу дамыды, қалалар мен өндіріс кәсіпорындары пайда болды, қазақ пролетариатының құрыла бастады.

Қазақ халқы орыс орыс жұмысшы табымен жақындасты, қаналған халықтардың патша үстемдігіне қарсы күресіне қатыса бастады. Қазақ және орыс халықтарының достығы қалыптасты.

Патша үкіметі, орыс помещиктері мен капиталистері қазақ халқына тек отаршылдық қанау мен құлдану тарапынан қараған болса, алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары мен жазушылары үлкен сүйіспеншілікпен қазақ халқының өмірін, ғұрпын, тұрмысын, поэзиясын зерттеді. Қаналған Ресей халықтарын сыйлау, олардың өмірін шын сипаттау алдыңғы қатарлы демократияшыл орыс мәдениетінің дәстүрі болды. Бұл дәстүрдің іргетасын орыс әдебиетінің классиктері А.С.Пушкинмен, М.Ю.Лермонтовпен, демократияшыл революционерлер В.Г. Белинскиймен, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбовпен қаланған болатын.

Ұлы орыс ақыны А.С.Пушкин 1833 жылы В.И.Дальмен бірге Е.Пугачёв бастаған шаруалар көтерілісінің тарихына байланысты деректер жинау үшін Орынборда және Оралда болды. Өзінің шаруалар көтерілісі жөніндегі еңбегінде және "Капитан қызы" повесінде ол қазақтар мен башқұрттардың көтеріліске қатысқанын, қазақ ханы Нұралының патша үкіметінің отаршылдық саясатын қолдағанын атап өтті. Ақын қазақтардың өмірімен, тұрмысымен, ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерімен танысты, "Қозы Көрпеш Баян сұлу" жырының мазмұнын жазып алды. 1833-1841 жылдары Орынборда және Оралда жұмыс жасаған В.И.Даль қазақ ауылдарында жиі болған, бұл туралы бірсыпыра очерктер, әңгімелер және "Бекей мен Мәулен" повесін жазған. Өзінің "Қырғыз-қайсақ" повесінде В.А. Ушаков жетім қазақ баласының ауыр өмірін суреттеген.

Петрашевскийдің ұйымына қатысушылардың кейбіреулері Қазақстанға жер аударылған. Ұлы украин ақыны Тарас Шевченко 1874 жылы Қазақстанға жер аударылып, мұнда 10 жыл тұрақтаған. Революцияшыл демократ-ақын қазақ халқының қаналған ауыр өмірін өз көзімен көрді және өзінің шығармаларында оларға деген аянышын және зор құрметін көрсетті.

Фабит Мүсірепов Шевченко жөнінде: "Оның өз халқына деген шексіз махаббаты бүкіл жер шарының халықтарына сүйіспеншілігін көрсетіп тұр. Өйткені, шынайы халық ақыны-интернационалист", – деп жазды.



Шевченконың шығармаларын қазақ тіліне шебер аударып берген **Әбділда Тәжібаев**, оны "ұстаз" деп атады.

Шевченконың шығармаларымен поляк ақыны **Г.Зелинский**дің қазақ тақырыбына жазылған "Қазақ", "Дала" поэмалары, революционер поляк суретшісі **В.Залесский**дің "Қазақ даласының өмірі" суреттер альбомы үндесіп жатыр. Поляк революционері Қазақстанға 1830, бұдан соң 1863 жылдары поляк революциялық көтерілістеріне қатысқандары үшін жер аударылған болатын.

Белсенді петрашевшілердің бірі **Ш. Уәлихановтың** жақсы досы ақын **С.Ф.Дуров** қазақ даласындағы патша озбырылығына қарсылық көрсете жүріп, қырдың білім құған адамдарын көріп шын көңілімен қуанған. 1849 және 1859 жылдар арасында Қазақстанда және Сібірде болған **Ф.М.Достоевский Ш.Уәлихановпен** достасып кетті.

1881-1882 жылдары "Русские ведомости" газетінде **Д.Н.Мамин-Сибиряк**тің "көптеген халықтарды жойылуға мәжбүр ететін патшаның қылмыстық саясатына" наразылық білдірген "Оралдан Мәскеуге дейін" очерктері жарық көре бастады. Орал бойын аралап жүріп **Мамин-Сибиряк** жергілікті халықтардың ертегілерін, аңыздарын, өлеңдерін, т.б. ауыз әдебиетінен шығармалар жазды. Жазушы қазақ тақырыбына "Баймаған", "Майя", "Ақбоз ат" және басқа "Қырғыз аңыздары" деген шығармаларын арнады, бұл еңбегімен бірінші рет орыс әдебиетіне қазақ сөздері мен есімдері енді.

Патша қанауына қарсы күрескен орыс халқының алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ даласына демократиялық орыс мәдениетінің және әдебиетінің ілімдерін жеткізді.

Қазақстанның XIX ғасырдың II-жартысындағы тарихи жағдайы қазақ халқының рухани күшінің дамуына, оның ішінде зиялы қауымның құрылуына, демократиялық оқу-ағарту ілімдерінің пайда болуына үлкен әсерін тигізді.

Басқа да ағартушылар сияқты, қазақ ағартушылары да әлеуметтік-экономикалық саяси жағдайлармен қанағаттанбайтын. Олар оқу-ағарту ісінің, өзін-өзі басқару-

дың, бостандықтың жанашырлары болды, қалың халық мүддесін қорғады. Қазақ ағартушылары қараңғы халық арасында ұлттық мәдениет пен әдебиеттің негізін қалады.

Тарихи жағдайдың күрделілігі, заманның жөне үйреншікті экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық және патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастардың тез өзгеруі, болып жатқан жаңа оқиғалар мен өзгерістер қазақ қоғамында сан-қилы ойлар мен толғаныстар туғызды. Кейбір ақындар күрделі тарихи жағдайларда, аласапыран заманда не істерлерін білмей, өткенді жоқтап, патриархалдық-феодалдық тұрмысты мадақтаумен болды. Олар бұл мезгілді "Зар Заман" деп атады. Аталған ағым өкілдеріне **Дулат Бабатайұлы (1802-1871)**, **Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)**, **Мұрат Мөңкеұлы (1841-1906)** сынды ақындар жатады. Бұлардың шығармаларында жоқтау мен дәрменсіздік басым. Егер **Д.Бабатайұлы** қайткенде де өз халқының жарқын болашағына сенім білдірсе, ал **Ш.Қанайұлы** келешектен еш жақсылық күткен жоқ.

## Қазақ ағартушылары

**Шоқан Уәлиханов – этнограф**  
(1835-1865)



*Өзіңіздің еуропаша толық білімді бірінші қазақ екендігіңізді есіңізге түсіріңіз. Оған қоса тағдыр Сізге кең пейіл мен ақ жүрек беріп Сізді тамаша адам етіп жаратты.*

*Ф.М.Достоевскийдің Ш.Уәлихановқа жазған хатынан*

**Ш.Уәлиханов (1835-1865)**, **Ы.Алтынсарин (1841-1889)**, **А.Құнанбайұлы (1845-1904)** өздерінің шығармашылық, ғылыми, қоғамдық, ұстаздық, еңбектерімен жаңа заманның көкейтесті

мәселелерінің жаршылары, ағартушылық көзқарастың өкілдері болды. Оларды қазақ қоғамының алдында тұрған зор және өткір мәселелерді шешуге деген жігер мен ұмтылыс біріктіреді.

XIX ғасырдың ортасынан 1905 жылғы революцияға дейін қазақ әдебиетінде оқу-ағарту ілімі ең басты ілім болды. Бұл қазақтың қоғамдық ой-өрісінің өскенінің куәсі. Қазақ ағартушылары Еуропа халықтарының алдыңғы қатарлы мәдениетіне бет бұру, еуропалық қоғамдық қозғалыстың демократиялық ғұрыптарын үйрену қажеттігі туралы ақыл-ойлары өте жемісті болды. Ш.Уәлиханов өзі қызмет еткен уақыт бойынша XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстанның жағдайына қатысты халық ағартудың саяси, философиялық, әлеуметтік принциптерін негіздеген қазақ зиялыларының бірінші өкілі болып табылады. Сондықтан да оны қазақ халық ағарту ісінің негізін салушысы және идеологы деп санауға толық негіз бар.

Уәлихановтың өмірі мен қызметі XIX ғасырдың 30-60-жылдарымен тұстас келді. Қазақстан тарихында XIX ғасырдың ортасы Ресейдің өлкені түпкілікті қарамағына алуымен және Далаға жаңа капиталистік қатынастардың енуінің басталуымен, ескі феодалдық құрылымдардың бұзылуымен ерекшеленеді.

Бұл патша отаршыларының реакциялық саясатына табанды қарсылық көрсеткен қазақ халқының тарихында атаулы кезең болды.

Осыған байланысты Уәлихановтардың отбасында қарама-қайшылықтар жиі-жиі туындайтын. Шоқанның әкесі, патша өкімшілігінің қолдауына ие болған Шығыс аға сұлтан болып тағайындалды және полковник шенін алды. Сонымен бірге ол білімді адам болды, орыс ғалымдарына қазақ халқының фольклоры мен тұрмысын зерттеуге көмегін көрсетті. Шоқан өзінің дамуында кадет корпусының қабырғасынан шыққан аңғал монархистен демократ-ағартушыға және атақты ғалымға дейінгі күрделі қарама-қайшылықты жолдан өтті.

Қазақ ғалымының сенімдерінің қалыптасуына Қазақстандағы сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай да елеулі ықпал етті.

"Кемелденген социализм" жылдарындағы кейбір ғалымдар көрсетуге тырысқандай Шоқан революционер-демократ болған жоқ. Ол сөздің кең мағынасындағы білім берудің, гуманизмнің жақтаушысы болды. Уәлиханов өзінің қысқа ғұмырын қазіргі заманға Орталық Азияның түркі халықтарының – қазақтардың, қырғыздардың, өзбектердің, ұйғырлардың, түркімендердің және басқалардың тілдері мен әдебиеттерінің тарихын зерттеуге арнады.

Уәлихановтың ғалым, жазушы, ағартушы ретіндегі көзқарастарының қалыптасуына оның орыс ғылымы мен мәдениетінің алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен қарым-қатынас жасауының рөлі зор болды. Ол шығыстанушы ғалымдар Г.Н.Потанинмен, И.Березинмен, А.Бекетовпен, жер аударылған петрашевшілер С.Дуровпен, Ф.М.Достоевскиймен және басқаларымен достық және шығармашылық байланыс жасады. Уәлихановтың ғылыми жұмыстарына П.П.Семёнов-Тянь-Шанский көңіл бөлді.

Ш.Уәлиханов Орта Азия мен шетелдік Шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетімен айналысты. Оның "Қырғыздар туралы жазбалары", "Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары", "Қырғыздың шежіресі", "Қырғыздардың көші-қоны туралы" (1926 жылғы дейін орыс тілді әдебиеттерде қазақтарды қырғыздар деп атап келді), т.б. еңбектерінде қазақтардың тарихы, этнографиясы, мәдениеті, олардың тұрмысы, дәстүрлері туралы өте көп дерек жинақталған.

Уәлиханов қазақтардың ауызша әдебиетінде өмір салты, дәстүрлері мен ғұрыптары көрсетілгенін, олардың шығармашылығы жинақтап алғанда "халықтың тарихи және рухани өмірінің толық бейнесін беретінін" бірнеше мәрте атап көрсетті.

Ағартушы өзімен замандас ақындар туралы құнды мәліметтер жинады, "Қозы Көрпеш Баян сұлу" халықтық эпикалық поэмасын жазып алды, қырғыздың атақты эпосы "Манастың" елеулі бөлігін орыс тіліне аударды. Уәлихановтың ақындардың суырып салмалық өнерінің ерекшеліктері туралы, қазақ өлеңінің ырғағы, халықтық өндердің жіктелуі (классификациясы) туралы

еңбектері өзінің мәнін әлі жойған жоқ. Уәлиханов жарқын болашаққа тек жалпыхалықтық білім алғанда ғана жетуге болады деп пайымдайды.

Жазушы, географиялық көптеген кітаптардың авторы Сергей Марков (1906) Орта Азияның атақты зерттеушісі Ш.Уәлиханов туралы баяндайтын "Шыңдарға бет алғандар" деген тарихи-географиялық повесть жазды. Онда XIX ғасырда Орта Азияны мекендеген халықтар мен тайпалардың өмірі мен тұрмысы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы жазылған және Верный қаласына ерекше тоқталып, оның болашағының үлкен екендігі туралы әңгімелейді. С.Марков өзінің жас ғалым – қазаққа деген сүйіспеншілігін мына өлең жолдарымен білдіреді:

*Чужая жизнь безжалостней моей  
Зовёт меня... И что мне  
делать с ней?  
Ведь можно лишь рукою Великана  
В лазоревой высокогорной мгле  
Куском нефрита выбить на скале  
Рассказ о гордом подвиге Чокана.*

Өлеңнің қазақша мазмұны:


*Қыршын кеткен басқа жанның өмірі  
Шақырады мені өзіне... Не істесем  
екен енді мен жай табу үшін көңілі?  
Тек алыптың қолымен ғана  
Жартасына жақұт таудың шыңы асқақ  
Шоқанның ерен ерлігі жайлы әңгімені  
Асыл тастармен ғана жазуға болады оны растап.*

**Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:**


Сөйлемдерді аяқтап жазыңыздар:

1. "Сіз еуропаша білім алған – бірінші қазақсыз" – деп сендірді Уәлихановқа хат жазған кім?


2. Уәлиханов қай саланы зерттеген жоқ:




3. Этнограф таныс болмаған ғалымның аты-жөнін алып тастаңыз:



4. Ш.Уәлиханов жазбаған еңбектің тақырыбын алып тастаңыз:



**Ыбырай Алтынсарин**  
(1841-1889)



*Әрқайсысымыздың борышымыз-  
өз Отанымызға мол пайда келтіру.*  
**Ы.Алтынсарин**

Ы.Алтынсарин қазақтың жазба әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Ол орыс-қазақ мектебінде білім алғаннан соң Орынбор қаласындағы облыстық басқармада аудармашы болып қызмет істеді, сонан кейін Торғайдағы қазақ балаларын оқыту үшін ашылған бастауыш мектептің мұғалімі болып орналасты. 1879 жылы оның "Қырғыз хрестоматиясы" атты кітабы жарық көрді. Бұл – ұлттық мәдениетіміз тарихындағы тұңғыш оқулық. Хрестоматия

тияда балалардың оқуына жеңіл тиетін бірқатар орыс жазушыларының еңбектері қазақшаға аударылып басылған. Ол мұра алуан жанрлы әрі мазмұны жағынан өте бай болып келеді. Онда өлеңдер мен аудармалар, төл әңгімелері топтастырылады. Кітаптың беташары ретінде "Кел, балалар, оқылық" өлеңі орналасқан.

*Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар.*

Осылайша, балаларды білім алуға шақырды.

Жалпы, Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында алғаш мектептер мен интернат ашуға барынша күш салып, жасөспірімдерді білім жолына түсуге шақырды. Осы жолда аянбай еңбек еткен ғалым Бірғыз даласында тұңғыш қыздар мектеп-интернаттын ашып, тарихи еңбек сіңірді. Бұл бастамада орыс достарының әсіресе, Қазан университетінің профессоры И.И.Ильминскийдің қолдауына ие болды.

Ы.Алтынсарин өзінің әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Бұл – оның айрықша атап айтар тарихи еңбегі. Оның әңгімелерінің көркемдігі жоғары, нақты оқиғаны дәл баяндайды және шыншыл. Жазушы-ағартушы адамдар бойында еңбексүйгіштік, адалдық, ізгілік, достықта сенімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дамытуға күш алды. Ол көптеген шығармаларында табынушылық, ырымшылдықты айыптайды, молдаларды әшкерелейді, дала билеушілерін сынайды ("Пасықтық", "Қанқұйлы ақсүйекке"). Жас өспірімдерді адал еңбек етуге шақырды. Бұл ойын "Қыпшақ Сейітқұл" әңгімесінде өте қызықты әрі тартымды етіп өрбітеді. Онда егін егіп, халықты соңына еріте білген Сейітқұл мен оның ұрлықпен күнелткен баукеспе ағасын

салыстыра отырып баяндалған. Оңай олжаға қызыққан ұры ағасы біреулердің қолынан қаза табады. Ал, Сейітқұл ақ адал еңбегінің арқасында мол дәулетке ие болып, халық арасында беделі артады. Әңгіме түйіні осындай.

Ағартушы ақыл, адамгершілік, еңбексүйгіштік, байқағыштық және кедей баласының төзімділігі, сонымен бірге бай баласының өмір сүруге бейімсіздігі, кедей ұлының жанкешті еңбекқорлығы туралы "Бай баласы мен жарлы баласы" әңгімесінде сүйіспеншілікпен баяндайды.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ы.Алтынсариннің есімі тарихта қандай атпен қалды?
2. Ы.Алтынсарин қай әңгімесінде егін шаруашылығымен айналасуды үндейді?
3. Алғашқы еңбегі қалай аталады және ол қай жылы жарық көрді?
4. Ы.Алтынсарин \_\_\_\_\_ негізін салушы.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. *Ы. Алтынсарин.* Таңдамалы шығармалары. – А., 1957.
2. *А. Дербісалин.* Ы.Алтынсариннің әдебиеттегі мұрасы туралы. – А., 1957.
3. *К. Жиреншин.* Ыбырай Алтынсарин. – А., 1958.
4. *Ы. Алтынсарин.* Таңдамалы. – А.: Жазушы, 1965.
5. *Т. Ақшолақов.* Аса көрнекті ағартушы // Қазақстан мектебі, 1981. №11, 22-26 б.
6. *Б. Кенжебаев.* Әдебиет белестері. – А., 1986.

**Абай Құнанбайұлы**  
(1845-1904)



*Халықтың рухани шығармашылығын  
Абай сияқты көтеріп биіктеткен  
қазақ ақыны әлі болған емес.*

**Әлихан Бөкейханов**

*Данышпандардың бәрі – ақын  
емес, ақындардың бәрі-  
данышпан емес, Абай – солардың  
екеуі де болды.*

**Сәбит Мұқанов**

*Ол қазақ халқының көп ғасырлық  
мәдениетінің жақсыларын алды да, бұл қазыналарды әлем  
және орыс мәдениетінің игілікті әсерімен байытты.*

**Мұхтар Әуезов**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне ұлы төңкерісті жасаған, жаңа қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушы – **Абай Құнанбайұлы.**

Ұлы ақын, философ, ағартушы-демократ 1845 жылы Семей облысының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абай ауданында дүниеге келді. Әкесі – Құнанбай белгілі ел билеуші, ірі феодал болды. Абай балалық кезін анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің қасында өткізеді. Ақынның үлкен тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен екі Ана бала кезінен Абай зердесін аңыз-әңгімелер, ертелігер, жыр-дастандармен сусындатты.

Абай алдымен ауыл молдасынан, кейіннен Семейдегі Ахмет Риза медресесінен арабша сауат ашады. Осы кезде ол Шығыс ақындарының еңбектерімен танысып, құмарта оқиды. Әдебиетке деген құштарлығы оянады. Кейіннен "Приходская школада" білімін жалғасырады, алайда, әкесінің елге шақыртуына байланысты оқуын аяқтай алмай қалады.

Құнанбай Абайды болыстыққа баулып, өз қасына ертіп ел, ру арасындағы дау-жанжалдарға араластыра бастайды. Елдің тауқыметті тұрмыс-тіршілігі бала Абайды тез есейтеді. Ол алғаш рет әкесімен оның айналасында-

ғылардың озбырлығына көз жеткізіп, әділдік халық жағында екенін түсінеді. Осы кезден бастап ел басшыларының іс-әрекетіне сын көзбен қарауға көшеді. Әділдік жолын іздеп, халыққа жақындай түсті.

Әділдік пен азаматтыққа нұсқар жолды Абай озық орыс мәдениетінен тапты. Сөйтіп, орысша білімін жетілдірумен болды. Кітапханадан кітап алдырып, оқып жүрген кезінде Е.Н.Михаэлиспен танысып, кейіннен бұл таныстық үлкен достыққа ұласып кетеді. Ақынның Михаэлиспен достығы оның демократтық-ағартушылық, халықтық көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Кейінірек Долгополов, Леонтьев, Гросс секілді өз заманының озық ойлы адамдарымен жақын араласып, орыс әдебиеті мен мәдениетінің өкілдері Белинский, Чернышевский еңбектерімен танысып, олардағы еркіншіл ой-пікірлерден нәр алды, Лермонтов, Пушкин, Тостой, Салтыков-Щедрин, Крылов шығармаларын құныға оқып, рухани биікке көтерілді. Бұл 70-80-жылдар болатын.

Орыс және Еуропа мәдениетінің үлгілерімен жүйелі танысу Абайдың демократтық көзқарасының, азаматтық тұлғасы мен ақындық болмысының қалыптасуына шешуші әсер етті.

Абай шығармашылығы жанры мен тақырыбы жағынан сан алуан: оқу-білім, ғылым, адамгершілік, еңбек, әлеуметтік, сатиралық, табиғат, достық-махаббат, өнер, т.б. Ол алдымен лирик ақын. Өлеңдерінде өз заманының қасіретін, білім, өнер іздемей, өтірік пен өсек, байлық пен мансап қуған замандастарының кейпін, қарапайым халықтың ауыр тағдырын, ел ағаларының болмысын шынайы бейнелейді. Қай тақырыпты жазсын, реалистік әдісті берік ұстанды, қазақ тіршілігінің тынысын боямасыз беруді мақсат етті.

Абай поэзиясында оқу-ағарту, ғылым тақырыбы негізгі тақырыптың бірі саналады. Өзі кешірек болса да білім алып, көкірегі оянған жас ұрпаққа жастық шақты босқа өткізбей, білім соңына түсуге шақырады.

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.*

*Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.*

Бұдан соң ақынның "Ғылым таппай, мақтанба", "Интернатта оқып жүр", т.б. осы тақырыптағы өлеңдері жетерлік.

Абай өлеңге, шынайы өнерге жоғары талап қоя білді. Оған:

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, –*

деген жолдары дәлел. "Ескі бише отырмын бос мақалдап" деп жаңа арнаға бет бұрды. Тыңдармандардан да соны талап етеді.

*Ескі бише отырмын бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап.*

Абай – үлкен өнерпаз, жан-жақты дарын иесі, оның сазгерлік өнері де бар. Бұл салада да көбіне жаңалық алып келеді. Жаңашыл ақын әндеріне ажаңа леп, соны әуен дарытты. "Сегіз аяқ", "Көзімнің қарасы", "Айттым сәлем, қаламқас", "Желсіз түнде жарық ай", "Татьяна әндері" әндері – ақынның өз тілімен айтсақ, "құлақтан кіріп, бойды алар" әндер.

Абайдың шығармаларының философиялық тереңдігіне, Еуропа әдебиеттерімен сусындауына да әсер етті. Көрнекті қайраткер Әлихан Бөкейханов "Абай Спенсердің, Льюистің, Дрәпердің және тағы басқалардың да еңбектерін оқыған", деп жазды.

Ол аударма өнерінің де негізін құрады, бірінші рет, Еуропа мәдениетінің шығармаларын – Пушкин мен Лермонтовты, Гёте, Мицкевичті, Байронды және басқалардың еңбектерін аударды.

Абайдың эстетикалық көзқарастары мен орыс революционер-демократтары – В.Г. Белинскийдің, Н.Г. Черны-



И.Н.Исабеков "Қаламқас" ақындары, философтары – Омар Хаямның, Хафиздың, Рудакидің, әл-Фарабидің шығармаларымен де жақсы таныс болған.

Абай мұрасының қомақты саласын 1890 жылдарда жазған қара сөздері құрайды. Олардың жалпы саны – 45. Қарасөздерінде білген-көрген, көңілге түйгенін жазып, өз кезіндегі қоғам өміріндегі, адам тіршілігінде маңызды мәселелерді деп басты.

Қырық үшінді қара сөзінде адамдарды бар білімдеріменен мез болып қалып қоймауға шақырды, оған сын көзбен қарауды ұсынды: "Сынауға жеткілікті ақылы бар адам, талдауға бейім тұрады, керек нәрсені керек емес нәрседен айыра алатындардың, көбіне рухы күшті болады.

Естігені мен көргенін ой елегінен өткізбейтіндер жаңаны қабылдап ала алмағаны былай тұрсын, ескіден білетіндерін жоғалтады". Ол өзінің ғибратында: "Өзге тіл мен мәдениетті білу адамды сол халықпен тең құқықты жасайды" – деген пікір айтады.

Өткен ғасырдың 90-жылдары француздар Абайдың "Қара сөздеріменен" және "Масғұт", "Ескендір" атты поэмаларымен француз тілінде танысты (Ғалымжан Мұқановтың аудармасы).

Француз Кристиан Висанти қазақ ұлы ақыны және философы Абайдың ұшқыр ойлары мен дәйек сөздерінің ХХІ ғасырда да маңыздылығы жоймағандығын және оны

шәкірттерді тәрбиелеу кезінде басшылыққа алуға болатындығын, Абай философиясын қолдана отырып, сол сияқты маманданған білімді және дарынды мемлекеттік шенеуніктерді тәрбиелеп шығарса, олардың Отанына жантөнімен шексіз қызмет ете алатындығына сенім білдіреді. Абайдың әлемтануына оның шығармашылығын зерттеуші-жазушы Леонид Соболев: *"Ғажап, патша режимінің езгісі жағдайында, патша өкіметін жеккөрушілік барлық орыс ұлтына тараған кезде, ұлтшылдар осы жеккөрушілікті өздерінің сатқындық мақсаттарына пайдаланған уақыттарда Абай бар даусыменен: "Егер орыс берсе кеңес, бұл кеңес жаман демеші деп батыл айтты..."* деп қатты таңданыпты.

Абай – жаңашыл суреткер, ол қазақ поэзиясын түр мен мазмұн жағынан мейлінше байытты, биік белеске көтерді. Көркемдігі үздік, халықтық мазмұны терең шығармалары арқылы жаңа сападағы әдебиеттің – сыншыл реализм әдебиетінің негізін қалыптастырды. Поэзияны қоғамға қызмет ететін өнер, ізгілікке бағыттайтын рухани күш деп санады, өзінің бейнелі, үздік көркем сөз айшықтары арқылы ана тілдің көркемдік қуатын, мөлдірлігін дәлелдеді.

Абай орыс әдебиетінен жасаған үздік аудармалары арқылы да төл әдебиетімізді байытып, мол рухани қазына қосты. Мұның бәрі жинақтай келе, Абайды қазақ әдебиетінің классигі, ұлттық зор мақтаныш етті.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Абай – жаңаша қазақ \_\_\_\_\_ әдебиетінің іргетасын қалаушысы.

2. С.Мұқановтың ойын жалғастырыңыз: "Данышпандардың бәрі – ақын емес, ақындардың бәрі – \_\_\_\_\_ Абай \_\_\_\_\_ болды".

3. XIX ғасырдың 80-жылдары Абайдың ақын әрі ойшыл болып қалыптасуына әсер еткен екі адамның аты-жөнін мына желіге жазыңыз:




4. Төмендегі тақырыптардың ішінен қазақ ақыны жырламаған тақырыпты алып тастаңыз:

Азаматтық лирика	Табиғат лирикасы
Экология жайлы өлеңдер	Махаббат туралы өлеңдер


5. Шығармашылығымен Абай таныс емес ақынның аты-жөнін сызып тастаңыз:

әл-Фараби	Әшбери
Хайям	Хафиз

6. Ақынның тағы бір поэмасының атын қосыңыз:



7. Ақынға музыкалық шығармалары таныс сазгердің аты-жөнін қосыңыз:



### Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Әуезов. Орыстың реалистік және қазақтың революцияға дейінгі әдебиетінің салттары.
2. А. Байтұрсыннов. Көрнекті қазақ ақыны // "Мысль" журналы, №11, 1997.
3. М. Базарбаев. Қазақ поэзиясы және көркемдік іздену. – Алматы: Жазушы, 1995.
4. Бүкіләлемдік әдебиеттің тарихы, 9 томдық. – Т. 7.
5. Ә. Қодар. Абайдың философиялық терминологиясы. Қазақстанның мәдени контекстері: тарих және қазіргі заман. – А., 1998.
6. Абай энциклопедиясы. – А.: Атамұра, 1995.
7. Абай елі. – А.: Өнер, 1994.
8. Ш. Әділбаева Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы // Қазақ және әлем әдебиеті, 2006. №3. – 18-19 б.

## Тарауға арналған тест сұрақтары:

1. А.Құнанбайұлы қай жерде дүниеге келді:

- а) Орал облысының Орда ауданында;
- б) Семей облысының Шыңғыс тауларында;
- в) Қостанай облысының Затобыл ауданында;
- г) Павлодар облысының Баянауыл ауданында.

2. Қырғыздың батырлық эпосы "Манастың" бірінші ғылым жазбасын кім жазды:

- а) Н.И.Веселовский;
- б) Г.Н.Потанин;
- в) Ы.Алтынсарин;
- г) Ш.Уәлиханов.

3. "Масғұт" поэмасы кімнің туындысы:

- а) А. Құнанбайұлы;
- б) Ы.Алтынсарин;
- в) Ш. Уәлиханов;
- г) С.Торайғыров.

4. "Қырғыз хрестоматиясын" жасаған кім:

- а) Г.Н.Потанин;
- б) С.Кәбеев;
- в) Ы.Алтынсарин;
- г) С.Торайғыров.

5. "Тоя ма адам көзі мың мен санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда" – шумақтары қай по-

эмадан үзінді:

- а) "Масғұт";
- б) "Ескендір";
- в) "Сегіз шумақты өлең";
- г) "Өзім туралы аңыз"

6. "Ағаш үй және киіз үй" әңгімесінің авторы:

- а) С.Торайғыров;
- б) Ы.Алтынсарин;
- в) С.Кәбеев;
- г) Ш.Уәлиханов.

7. "Қозы Көрпеш Баян Сұлу" эпикалық поэмасын жазып алған кім?

- А) В.Радлов;
- б) Г.Потанин;
- в) С.Торайғыров;
- г) А.Құнанбаев.

8. "Жиренше шешен" аңызын кім жазып алған:

- а) Ы.Алтынсарин;
- б) В.Радлов;
- в) Ш.Уәлиханов;
- г) Г.Потанин.

9. Қазақ прозасының негізін салушы:

- а) С.Кәбеев;
- б) С.Торайғыров;
- в) Ы.Алтынсарин;
- г) А.Құнанбайұлы.

10. Абайдың "Егер орыс берсе кеңес, бұл кеңес жаман демеші..." деген пікіріне таңданған адам:

- а) А.Пушкин;
- б) Ә.Бөкейханов;
- в) Л.Соболев;
- г) М.Базарбаев.

11. Абайдың философиясын білімді және талантты мемлекеттік шенеуніктерді тәрбиелеуге ұсынған адам:

- а) ағылшын Джек Лондон;
- б) француз Жюль Верн;
- в) американдық Роберт Шекли;
- г) француз Кристиан Висанти.

12. "Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бейшарасы" деген шумақтары Абайдың қай өлеңінен алынған:


- а) "Ақын";
- б) "Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы";
- в) "Жалынды (Отты) жанның екпіні туралы";
- г) "Күз".



## VII ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ I-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТЕР



### Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)



*Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам!*

**С.Торайғыров**

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда қазіргі Павлодар облысының шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Әубәкір кедей, момын, шаруақор болса да, балаларының оқуына жағдай жасаған. Сұлтанмахмұт алты жасында сауатын ашқан. 1903-1905 жылдары ауыл молдаларына сабақ алады. Кейін Баянауыл, Троицк қалаларында оқып, сауаттанады. А.С. Пушкин, М.Ю Лермонтов, И.К. Крыловтардың шығармаларымен танысады.

Сұлтанмахмұт – сыншыл реалист ақын. Ауылдағы таптық, әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық өмірдің мешеулігін, масылдықты, мәдениетсіздікті өткір сынға алады. Әсіресе, әлеуметтік лириканы көп жазған ("Қандай басшы", "Бұлар кім?", "Жазғы қайғы", "Міне, алақай!", "Айт", "Көшу", "Мұқышқа", "Қос үй", "Партияшыға", "Жас жүрек", "Соғыстың кесірі", "Өң бе, түс

пе?", т.б.). Бұлардың қай-қайсысында да болсын, қоғамдағы сұрықсыз жағдайларды өлтіре шенеп, қараңғылық пен надандық бұлтынан жұртын айыруға күш салған, адамның өз еңбегімен, күшімен бақыт, жол іздеуіне кедергі болмауын тілеп, бектік-феодалдық қанаудың, отаршылдық езгінің жойылуын аңсаған.

Сұлтанмахмұт философиялық лирикалармен қатар, қоғамдық-әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті сынап-мінеп, И.Крылов үлгісімен мысалдар да жазды. ("Арыстан мен тышқан", "Екі тышқан", т.б.).

Сұлтанмахмұт әйел теңсіздігі тақырыбына көп қалам тербеді. Әсіресе, "Қамар сұлу", "Кім жазықты" лирикалық романдары айрықша атап өтерлік. Өлеңмен жазылған "Қамар сұлу" романы тілі шұрайлы, ұғымға түсінікті, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Онда қазақ әйелдерінің төңкеріске дейінгі бұйығы өмірін суреттей отырып, патриархалды-феодалдық қоғамның қаталдығын әшкерелейді, әлеуметтік жүйені қатал сынайды.

Роман жанрындағы Сұлтанмахмұттың үлкен жеңісі – "Кім жазықты?". Пушкиннің өлеңмен жазылған "Евгений Онегин" романы типіндегі әдебиетіміздің алтын қазынасына қосылған шығарма. Тақырыпты таңдап алып, шешуі Торайғыровтың кемеліне келген суреткер екендігін айқындайды. Роман XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірін кең арнада реалистікпен суреттеген. Қамтымайтын, көкейге сұрақ ұялатпайтын мәселелер аз.

Қазақ ғылымнан кенде, өнерге, ел билеуге шорқақ. Оған кім жазықты? Қазақ халқы саясат, мәдениет, шаруашылық, кәсіпорын ашу, сауда-саттықпен шұғылдана нуда басқа халықтардан кенжелеп қалған. Оған кім жазықты? Қазақтың не басында, не малында, не жерінде ерік жоқ. Отаршыл үкімет ауызындағысын жырып алып, қақшып, өз жерінде сүтке тиген күшіктей етіп отыр. Оған кім жазықты? Батыс философтары, социал-утопистері, ақыл-ой кеменгерлері, социал-демократтар Герцин, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Некра-

сов көзқарастарымен жете таныс Торайғыров "Кім жа-зықты" романын жазу барысында олардан көп нәрсе үйренген. Өзіне сұрақты көп қойып, сол сұрақтарға жауап іздеген.

"Адасқан өмір" поэмасында автор дінге, ұлтқа қарамастан адам туған кезде ой мен адамгершілік тазалыққа ие деп пайымдайды.

Поэма "Мен – бала", "Мен – жігіт", "Мен тоқтадым", "Мен – кәрі" "Мен – өлік", деген 5 тараудан тұрады.

*"Табиғатында адам ізгі және мейірімді, әдемі қасиеттері де мол, бірақ мұның бәрі әдет-ғұрыптың, құдайдың, патшаның және алтынның иелігіне жеткенше ғана"*, – дейді автор.

Поэманың лирикалық батыры шындықты іздеп, өмірдің дұрыс жолынан адасады. Ол халыққа қызмет ету жолынан жаңылып, тек "өзі үшін ғана" өмір сүреді. Қартайған соң ғана өзінің дұрыс өмір сүрмегендігін біліп, адамдар алдындағы айыбын сезеді. Автор кейіпкердің осындай өзімшілдігін қатал айыптайды.

Торайғыровтың лирикасы тақырыбы жөнінен жан жақты: оның азаматтық және көптеген философиялық өлеңдері махаббат пен табиғатты жырлайды, ол алдымен азаматтық ақын болып саналады. Ақын жас ұрпақтарға былай деп үн тастайды: "Егер де сен, өз өміріңді арманыңның орындалуына арнасаң, онда біздің халқымыз бақытты болады, сыпайы дос!" ("Оқып жүрген жастарға").

"Адамдарды адасқан өмірден тек қана ұлы бауырлас-тықтың құтқаратынына" ақын қатты сенеді. Торайғыров үшін "шындық ғалымдар әлемінде ашылады".

Ұлы ақын, қоғам қайраткері, публицист, жазушы Сұлтанмахмұт 27 жыл ғұмырының ішінде артында бай рухани қазына қалдырған бірегей құбылыс.


#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. С.Торайғыровтың "Өлең һәм орындаушылары" жұмысы қай жанрға жатады?
2. Жазушының алғашқы романы қалай аталады?
3. Әжібай қай шығарманың кейіпкері?
4. С.Торайғыровтың қай поэмасы оның рухани өсуіне көмектесті?

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. С. Ахметов. Қазіргі замандағы даму және қазақ әдебиетінің салттары.
2. Н. Смирнова, Ш. Сәтбаева, Х. Әдібаев. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1988.
3. Б. Кенжебаев. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың жазушы-демократтары.
4. Б. Әбдіғазыұлы. Қазақ әдебиетінің тарихы және оған жаңаша көзқарас // "Егемен Қазақстан", 04.01.2002.
5. С. Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. – А.: Жазушы, 1987 ж.
6. Х. Сүйіншалиев. Шоқтығы биік бір тұлға // "Егемен Қазақстан", 1994.

#### Спандияр Көбеев (1878-1956)



Жазушы және педагог Спандияр Көбеев – XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық әдебиетінің белгілі өкілі. Оның өмірі мен шығармашылығы – ағарту саласында кіршіксіз қызметінің айқын мысалы. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы прозалық шығарма – С.Көбеевтің "Қалың мал" романы.

Роман кейіпкерлері – Қожаш және Ғайша жас оқырмандардың сүйікті кейіпкерлеріне айналды.

С.Көбеев 1878 жылы Қостанай уезінің Обаған болысында шаруаның отбасында дүниеге келді. Алғашында молдадан дәріс алды, сонан соң оның шыбықпен ұрып-соғып оқытатын тәртібіне қарсылық білдіріп, қашып тынды. Содан кейін ол Ы.Алтынсарин ашқан мектептен білім алды. Қабілетті бала көрнекті ағартушы-демократтың көзіне бірден шалынды. Ыбырайдың ақыл-кеңесімен ол Қостанай мектебі жанындағы педагогикалық сыныпқа түседі, оны 1901 жылы аяқтап шығады, сол кезден бастап С.Көбеевтің жарты ғасырдан астам уақытқа созылған педагогикалық және шығармашылық қызметі басталады. Көбеевтің шығармашылық қызметі 1910 жылы Қазан қаласында шыққан "Үлгілі тәржіме" атты бірінші кітабына енген өзінің "Отан" атты өлеңімен және И.А.Крыловтың мысалдармен және басқа авторлардың шығармаларын аударудан басталады. Бұл кітапқа 44 өлең кірген, оның ішінде 37-і Крыловтың мысалдары: "Емен мен Шілік", "Қарт пен үш дос адам", "Маймыл мен көзілдірік", "Анық қалындық", т.б.

1912 жылы оның "Үлгілі бала" деген белгілі хрестоматиясы жарық көрді.

Жазушы оқулық шығарарда Л.Толстойдың тәжірибелерін пайдаланып отырды. Бұл кітап балаларға көркем шығармалар арқылы адамдардың қарым-қатынасын, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы түсініктер беретін алғашқы оқу құралдарының бірі еді.

Жас Ғайшаның тағдырын баяндайтын "Қалың мал" (1913) атты бірінші қазақ романы – қазақ әдебиетінің құнды шығармасы.

Ғайшаның әкесі Итбай қызын кәрі бай Тұрлығұлға күйеуге беруді жөн санайды. Роман желісі өзгелермен салыстырғанда, күрделі емес, ол оқиғаны баяндау қарпайымдылығымен ерекшелене түседі.

Шығарманың негізгі тақырыбы – өзін күшпен зорлап тұрмысқа (күйеуге) берген қазақ әйелінің қарсылық күресі. Ғайша сүйікті жары – Қожашпен қосылып, өз ба-

қыты үшін күреседі. Оның бұл әрекетін қолдап, Қожаштың достары, өзінің анасы – Ақсұлу, Серғазы жәрдемдеседі.

Тұрлығұл мен Итбай бейнелері феодалдық қоғамдағы қара күштің иелері ретінде бейнеленеді. "Қалың мал" романының желісі С.Торайғыровтың "Қамар сұлу" романымен үндеседі. Бас кейіпкерлер – Қамар мен Ғайша; Ахмет пен Қожаш бір-біріне ұқсас және рухани да жақын. Бұлар жаңа заманның адамдары, олардың өмірге көзқарастары да жаңаша. Бірақ өзара айырмашылықтар да жоқ емес. Көбеевтің романында екі таптың өкілдері – байлар мен кедей қақтығысады, ол Тұрлығұл байдан романның кейіпкерлерінің жеке есеп айырысу, кек алу мақсатынан келіп туындайды. "Қамар сұлу" романының кейіпкерлері – оқыған білімді адамдар, олар ұлттық зиялы қауымның өкілдері болып табылады.

Көбеевтің кейіпкерлері – қарапайым ауыл тұрғындары. Бірақ олар дала билеушілерінің (манаптарының) құрбаны болғысы келмейді. Көбеевтің романы мақсатына жетіп аяқталады. Бақытты мәреге жету қазақ әдебиетіндегі бір жаңалық болып есептеледі. Романдағы халық ауыз әдебиетінің рөлі өте үлкен. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер ақындық мәтелдердің прозалық бөлігімен бірге өріліп, баяндауды шиеленістіре және әсерлілігін арттыра түседі.

Көбеев тәрбие және білім алу жөнінде біраз мақалалар жазды. Жазушының "Орындалған арман" атты кітабы – халықтың тағдыры туралы ой-толғаныстары, мұғалімнің ізгі де қиын еңбегі жайлы айтады, бұл педагог Көбеевтің өзіндік шығармашылық күнделігі іспеттес.

Жазушы-демократ, Ы.Алтынсариннің шәкірті және ізін жалғастырушысы С.Көбеев ұлттық шыншыл прозаның қалыптасуы және өз халқын сауаттандыру жолында айтарлықтай еңбек етті.

#### Өзін-өзі тексеруге берілген тапсырмалар:

Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз:

1. С.Көбеевтің "Қалың мал" романы \_\_\_\_\_ жанрмен жазылған.

2. "Орындалған арман" – бұл \_\_\_\_\_
3. "Үлгілі бала" – бұл \_\_\_\_\_
4. "Үлгілі тәржіме" – бұл \_\_\_\_\_
5. Көбеевтің "Қалың мал" романының қандай ерекшелігі бар?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Л.Н. Смирнов, Ш. Сатпаева, Х. Әдібаев. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1988.

### XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті



**Шәкәрім Құдайбердиев**  
(1858-1931)

Шәкәрім Құдайбердиев – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ірі тұлғалы ақын. Оның шығармашылық қызметі өмірінің қиын кезеңдерінде өтті. Шәкәрім –

ұлы Абай Құнанбайұлының немере інісі. Абайдың балалары Ақылбай мен Мағауия, Шәкәрім мен Көкбай Абай айналасындағы ақындар легіне кіреді. Жеті жасында жетім қалған Шәкәрім Құнанбай қажының қолында тәрбиеленеді. Ауыл молдасынан сауат ашады. Абай ақылымен көп ізденіп, түрік, араб, парсы тілдерін жетік меңгереді.



Шәкәрім өзінің әлемдік танымымен айқын көрінетін демократ, ағартушы, насихаттаушы, өз заманындағы озық идеялы тұлға. Ол Батыс Еуропалық және орыстың революциялық-демократиялық философиясымен, ағартушылықтың барлық бағыттарымен, Батыс пен Шығыстың көркем мәдениетімен жақсы таныс болды.

Ол әр түрлі жанрларда: поэзия, проза, дастандар, эссе, аударма, ауыстыру, жылнама тарихтары және т.б. жазды. Шәкәрімнің өзі тірі кезінде Семей қаласындағы "Ярдам" баспасынан "Қазақтардың айнасы" (1913) атты кітабы басылып шықты, оған XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, Абай қайтыс болған (1904) жылдарға дейінгі жазылған өлеңдері кірді.

1912 жылы сол баспадан "Қалқаман-Мамыр" мен "Еңлік-Кебек" поэмалары да жеке-жеке кітап болып жарық көрді. 1911 жылы Орынборда "Түрік, қырғыз, қазақ хем хандар шежіресі" кітабы шығарылды. Ол 1918-1924 жылдары "Абай", "Шолпан" ("Венера") журналдарында үзінді болып басылды. Соңында өлеңдер, мақалалар, эссе және "Ләйлі мен Мәжнүн" поэмасының аудармалары шықты. 1924 жылы Семей қаласында "Дубровскийдің әңгімесі", ал 1936 жылы Алматының "Әдебиет майданы" журналында "Боран" ("Метель") аудармалары басылған-ды (екеуі де Пушкиннің шығармалары).

1935 жылы С. Сейфуллиннің басшылығымен кіріспе сөзі жазылған "Ләйлі мен Мәжнүн" поэмасы жеке кітап болып басылып шықты (ол Низамиден жаңаша салынған).

1931 жылы күзде аудандық Мемлекеттік шекара басқармасының (ГПУ) қызметкерлері ұлы ақсақал Қажы

немесе "Мұтылған – Забытый" деген бүркеншек атпен қарбалас өмірден бой тасалап, ұзақ жылдар бойы тау-тас жағалап жүріп ақынды атып өлтірді.

20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында ақын "Бай тегінен шыққан" деген әңгімелер өріс алды, оны жаңа қоғамға жаулық пиғылда деп кінәлады, тіпті, қарақшылармен де байланысы бар деп уағыздады... Оны қуғындаушылар тіптен туған ошағынан айырды. Сөйтіп, 73 жасар қарияны тергеусіз, сотсыз өлтіріп тынды. Қанішерлер оның өлі денесін құрғақ құдыққа тастап, тек 1962 жылы сүйегін Абай жерленген Жидебай жаулауына әкеліп, оның моласының қасына көмді.

Ол қанша ақталып шықса да, аласұрған шенеуніктер, оның еңбектерінің басылуына үзілді-кесілді тыйым салды. Сонымен ақын екі рет атылды деуге болады: 30 жыл құдық ішінде қалды және 30 жыл өткесін заңды ақталып шықса да, одан "халық жауы" таңбасы өшірілмеді.

Ақынның біздерге "Мұтылған" деген бүркеншек атымен жазған 3 томдық өлеңдерінің қолжазбалары аштық жылдарынан (1932) аман-есен қалған кіші ұлы – Ахат арқылы жетті. Шөкәрімнің ең дарынды баласы – Қабыш аштықтан қайтыс болды. Ақынның жеке тұлғасы мен шығармашылығы күрделі құбылыс: оны түсіну үшін, туындыларын терең зерделеу қажет. Өлеңдерінен өз халқының тағдырын ойлаған адам екенін байқаймыз. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарама-қайшылықтар оның шығармашылығына әсер етпей қойған жоқ.

Қоғамдық құрылысқа, басқару жүйесінде, заман мораліне, адамдардың пиғылына көңілі толмай, үндемеуге ары жібермей, үндесе "үні шықпай", іштен тынған. Халықшыл, ұлтжанды азамат өзінің барлық шығармашылығын туған елінің тәуелсіздігі, отаршылық құрсауынан босап, егемендік алуына арнап өтті. Ақыры осы ойы өзіне таяқ болып тиді. Ел-жұрттан алыста, тау сағалап өмір сүруге мәжбүр етті.

*Кейбіреу "безді" дейді елден мені,  
Есалаң, айтады екен сезіп нені?*

*Хақихатты танитын баста ми жоқ,  
Ондайлардың сау емес анық дені.  
Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,  
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.  
Елу бес жыл жинаған қазынамды,  
Оңашада қорытам ойға салып.*

Шөкәрім – Абай жолын жалғастырушы шыншыл ақын. Ұзтаз ол да қара басының қамынан халық мүддесін жоғары қойды:

*Жуаны қылады зорлық,  
Момыны көргені қорлық,  
Теп-тегіс қулық пен ұрлық,  
Ал енді қайтіп ел болдық?*

*("Қазақтың жаманы болмас").*

Шөкәрім поэмаларында ескі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, түсініктен туатын әлеуметтік теңсіздік мәселесін көтерген.

"Қалқаман-Мамыр", "Еңлік-Кебек", "Қодардың өлімі", "Нартайлақ пен Айсұлу", "Мұтылғанның өмірі" поэмалары – соның көрініс. Ақын философиялық ой-толғаныстарын осы поэмалар арқылы береді.

Шөкәрімнің көркем аудармада ұстаған жолы – үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі. Тек Шығыс поэзияларын аударып қана қоймай, А.С. Пушкиннің "Дубровский" повесін, "Боран" әңгімесін, Л. Толстойдың "Асархидон патша", "Үш сауал" хикаяларының негізгі желісін сақтай отырып, қазақ ұғымына жақын етіп өлеңмен аударды. Лермонтов, Некрасов, Байронның өлеңдерін де қазақша сөйлетті.

1905 жылдары Меккеге қажылық сапармен барған ақын өмірден көрген-білгендерін философиялық ой-тұжырымдармен түйіндеді. "Мұсылмандық шарты" трактатын жазып шығарды, кенеттен келген ажал оған көп салалы этнофилософиялық "Қазақтар", "Үш анық" атты кітаптарын аяқтауға ғана мүмкіндік бермеді.

Шөкәрім Құдайбердиев – қазақ мәдениеті мен ғылымының көгінде өзінің жарқын жұлдызын қалдырған биік тұлға.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Шөкәрімнің кітабының атын толықтырып жазыңыз  
"\_\_\_\_\_ айнасы".
2. 1912 жылы басылған Құдайбердиевтің поэмаларының атын мына төртбұрыштың ішіне жазыңыз:  

--	--
3. Ақын А.С. Пушкиннің қандай шығармаларын қазақ тіліне аударды?
4. Ақынның бүркеншек аты \_\_\_\_\_
5. Шөкәрімнің революция туралы жазған шығармалары бар ма?
6. Шөкәрімнің шығармашылығы қай әдебиеттік бағытқа жаатады?
7. Шөкәрім поэмаларының негізгі тақырыбы қандай?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Базарбаев. Қазақ поэзиясы мен көркемдік ізденістер. – Алматы: Жазушы, 1995.
2. Қ. Мұхамеджанов. Шөкәрім Құдайбердиев. Қайтып оралған есімдер // "Простор" журналы, №5, 1994.
3. Ш. Сәтбаева. Шөкәрім Құдайбердиев. – А., 1993.
4. Саледдин Әли. Низами мен Шөкәрім // "Простор" журналы, № 5, 1994.
5. М. Базарбаев. Көрікті ойдан – көркем ой. – А., 1994.

### Ахмет Байтұрсынов (1873-1937)



*Ахмет Байтұрсынов –  
XX ғасырдың басындағы қазақ  
зиялыларының рухани көсемі.  
М.Әуезов*

Ахмет Байтұрсынов Торғай уезі Тосын болысының №5-ші ауылында дүниеге келді.

13 жасында әкесі Байтұрсынды патша үкіметіне қарсы шықты деп Сібірге

25 жылға жер аударып жібереді. Әкесі тұңғышымен қоштасып тұрып: *"Сені қандай қиындықтар күтіп тұрса да, суықтық, аштық, жалаңаштық, азаптың бәрінен өт, оқы. Үйде маған хат жазатын адам болуға тиіс!"* – депті. Ахметтің анасы қаншама қиыншылық кешсе де ұлын әуелі ауыл молдасына оқуға береді, содан кейін Торғай қаласына жібереді. Ахмет 14 жасында екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде, сонан соң Орынбордағы орыс-қазақ училищесінде оқиды.

Ахмет 12 жасында қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің таңдамалысын басып шығарады. 1895 жылы Ақмола мен Ақтөбеде болыстардың мектептерінде мұғалім болып істеген.

1905-1907 жылдардағы революцияны (төңкерісті) Ахмет Байтұрсынов пен оның жақтаушылары үлкен үмітпен қарсы алды, Петербордағы үкімет атына дербес жерлер беруін және білімді, мәдениетті орыстандыруды тоқтату туралы талаптарын жазған петициясын жөнелтеді. 1910 жылы А.Байтұрсыновты Қазақстанға тұрғызбай, Орынборға жібереді.

Ол сол жерде жүргенде де тіл мен әдебиетті зерттеу жұмысын тоқтатпайды, алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жазады. Сол кездерде Ахмет тіл мәселелері мен оқытудың әдістемелері жөніндегі ғылыми ізденістерін бастайды, қазақ жазуы реформасының қағидаларын өңдеп жетілдіруге кіріседі. Орынборда "Маса" деген өлеңінің алғашқы жинағы шығады, онда қазақ халқын сауаттандыру туралы ой толғайды. 1913-1917 жылдары "Қазақ" газетінің редакторы қызметін атқарады. А.Байтұрсынов газеттің алғашқы нөмірінде: *"Бұл ұнпарақтың мақсаты – халықтың мүддесін қорғау, қазақтар арасында ғылым мен мәдениеттің тарауына жағдай жасау, оларды басқа халықтардың өмірімен және жетістіктерімен таныстыру"*.

Сонымен бірге, бұл бағдарламада тілдің даму барысы, оны оқыту мен мектептер туралы сөз болады.

1917 жылы "Алаш" партиясының мүшесі болды.

1921 жылы БК (б) партиясының мүшелігіне еніп, белсенді қызмет атқарады.

А.Байтұрсынов – ҚазАССР (1920-1921) бірінші халық ағарту комиссары, ҚазОАК (Қаз ЦИК) мүшесі, өлкелік академиялық орталықтың төрағасы және ғылыми қызметкері (1921-1922), қазақ өлкесін зерттеу ісі бойынша төраға, наркомпростың (халық ағарту комитеті) ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі.

А.Байтұрсынов қызметінің тарихи құндылығы – ол ұлттық жазу жүйесін жасады, орфографияны жетілдірді, оның есімімен **"Байтұрсыновтың орфографиясы"** деп аталды. Бұл графикалық жүйе 1924 жылы заңдастырылып, қазақ халқының жазу мәдениетінің көтерілуіне, ел арасындағы сауатсыздықты жоюға көп көмек етті.

А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы болып табылады.

Ол алғашқы рет сауаттандырудың әріптік әдістемесін қолданды, **"Оқу құралы"** деген қазақ әліппесін жасады, сол сияқты **"Тіл-құрал"** атты қазақ тілінің оқулығын дүниеге келтірді. Ол өз ана тілінде негізгі лингвистикалық терминология жасаған адам.

1926 жылы А.Байтұрсыновтың **"Әдебиет танытқыш"** кітабы шықты, оған халық ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ жазба әдебиетінің кейбір шығармалары жинақталған.

1926 жылы Бакуде түркішілердің бүкілодақтық I съезі болды, онда латын әліппесіне өту туралы мәселе талқыланды. А.Байтұрсынов латын әліппесіне көшу ісіне қарсы сөз сөйледі, осы үшін кейінірек оны "ұлтшыл" деп жариялады.

Үш жыл өткен соң оған Отанын сатты, шетел ғылымдарымен байланысы бар деген айып тағып, соттайды.

1931-1934 жылдары оны екінші рет аударды, бұл жолы Карелияға жібереді. *"Қазақ халқының өткеніне көз жіберіп шолсаң, тағдырлары қанша қысқа болса да, білім алған адамдар ең мәнді де маңызды өмір сүріпті деген ойға келесің. А.Байтұрсынов солардың ішіндегі ең әйгілі тұлға, қазақ халқының рухани көсемі!"* – деп жазады М.Әуезов.

А.Байтұрсынов Архангельск облысына жіберілді. 1934 жылы Қызыл Крест комиссиясының құрамында

жұмыс істейтін Е.Пешкованың өтінішімен босатылды, бірақ 1937 жылдың 8 қазанында қайта тұтқындалып, жалған айыппен атылды.

1913 жылы "Қазақ" үнпарағының үшінші санында **"Қазақтың бас ақыны"**, ("Көрнекті қазақ ақыны") атты А.Байтұрсыновтың көлемді мақаласы жарық көрді, онда ол Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасына талдау жасаған.

Онда ол алғашқы рет Абайды өз заманының ұлы жартасы деп атаған, оның поэзиясын терең түсіндіреді, тақырыптарының кеңдігін, өлең құрап, шығарудағы ерекше шеберлігін айтады, ақынның орыс әдебиетімен байланысын, Абай шығармашылығының эстетикалық маңызын ашады.

А. Байтұрсынов шығармашылығының ішінен ерекше маңызға ие екі жинақты атап айту жөн. Олар: 1909 жылы Петербургте жарық көрген. **"Қырық мысал"** және **"Маса"** (1911).

**"Қырық мысал"** – Байтұрсыновты халыққа аудармашы ақын ретінде танытқан тұңғыш жинағы. Бұл еңбекке орысты әйгілі мысалшы-ақыны И.А. Крыловтың іріктеп, тілге икемді, қазақ ұғымына түсінікті деп аударған қырық мысалы енген. Жинақтың атауы да осыған байланысты.

**"Маса"** жинағында өз өлеңдерін топтастырып, ақын кіріспеде елді енжарлығынан, жалқаулығынан маса ыңызымен ояту мақсатында екенін айтады.

А.Байтұрсынұлы осы екі жинағымен Ы.Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының аудармашылық және ақындық дәтүрін жалғастырып, қазақ әдебиетін өзінің шығармашылық ізденістерімен байыта түсті. Ахметтің шығармашыл тұлғасының қалыптасуына Ыбырай, Абай мектебі мен алдыңғы қатарлы реалистік орыс поэзиясының да әсерлі-ықпалы айтарлықтай болды. XX ғасыр басындағы демократтық әдебиетке тән дәстүрлі ағартушылық, сыншылдық сипатта қалыптасты.

**Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:**

1. М. Әуезов Байтұрсыновты кім деп атады:
  - а) ұлт мақтанышы;
  - ә) ұлттың ар-ұжданы;
  - б) ұлт өншісі;
  - в) бірінші ақын деп.
2. Ахметке әкесі айтқан өсиет:
  - а) отбасын сақтап, қорғау;
  - ә) ағаларды қорғау;
  - б) аштыққа, азапқа шыдап оқу;
  - в) өмір бойы еңбек ету.
3. Қазақтың мақалдары-мәтелдері таңдамалысын неше жасында басып шығарды:
  - а) 20 жасында;
  - ә) 18 жасында;
  - б) 15 жасында;
  - в) 12 жасында.
4. Тарихта қандай атпен қалды?
  - а) бірінші қазақ әліппесін жасаушы;
  - ә) бірінші қазақ математикасы оқулығын жасаушы;
  - б) бірінші қазақ алфавитін (әліпбиін) жасаушы;
  - в) бірінші әдебиет оқулығын жасаушы.
5. Қазақ тілінің дамуы, оқу, мектептер туралы Байтұрсынов қай үнпарақтың бетіне жазды:
  - а) "Алаш";
  - ә) "Тұлпар";
  - б) "Қазақ";
  - в) "Айқап".
6. Абайдың шығармашылық мұрасын Байтұрсынов қай мақаласында талдайды:
  - а) "Абай";
  - ә) "Көрнекті қазақ ақыны";
  - б) "Сын ақылдың ақыны".

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. "Мысль" журналы № 11 1997.

2. "Орыс тілі және орыс мектебіндегі әдебиет" журналы.
3. Ш. Сәтбаева. XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ-европалық әдебиеттік байланыстар, 1982.
4. Ф. Ахмедов. Аханның өмірі мен кезеңдері // Жұлдыз, № 6, 1989. – 107-113 б.
5. А. Байтұрсынұлы. Жан сезімді кім түсінер? – А., 1994.

**Міржақып Дулатұлы**  
(1885-1935)



Міржақып Дулатұлы бұрынғы Торғай уезіндегі Сарықопа болысының №3-ші ауылында 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келді. Ата-анасынан ерте айырылған болашақ жазушы дәулетті тұратын ықпалды нағашысының қамқорлығына алынады. Оның үйінде бай кітапхана болыпты, қазақ зиялыларының өкілдері, француздар мен ағылшын зауыты иелері жиі қонақ болып келіп жатады екен. Міржақып жақсы білім алып, жан-жақты, дарынды боп өсті. Жас жазушы өзінің шығармаларын "Арғын" деген бүркеншік атпен жиі-жиі жазып жүрді. 1909 жылы оның "Оян, қазақ!" деген өлеңдер жинағы шықты. 1910 жылы қазанда оның "Бақытсыз Жамал" романы жарық көрді. Кітап оқырмандар жүрегіне жол тауып, таңқаларлық табысқа жетіп, орыс, неміс және француз тілдеріне аударылды. Ақжарқын мінез, нәзік сезімдер, жеңіл тіл, оқиға іс-қимылдарының қалыптан тыс өрбуі, еуропалық романдарының нышандарына тән болғанмен, кейіпкерлердің қарым-қатынастарында, табиғат суреттеулерінде қазақ ауылы өмірі, салт-дәстүр, ұлттық нақыштар байқалады.

Дулатов жарқ еткен ақын болатын – ол саяси лирикалық екі кітаптың иегері; философ ретінде, оның зорлық-зомбылықсыз қағидаларға негізделген идеялары Махатма Гандидің іліміне жақын; корректор ретінде – "Қазақ" газетінде редакторлық түзетуден өткізді. Сол заманның



ең көкейтесті мәселелері бойынша мыңнан астам мақалаларын жариялады.

Міржақып талантты математик болды, ол алғашқы қазақша математика оқулығын жасады, бұл оқулық араб алгебрасы мен әл-Фараби геометриясының жүйелеріне негізделді. Ол аудармашы да болып, Ленин мен Зиновьевтің еңбектерін тамаша аударды. Сонымен бірге, ол көптеген түркі халықтарының тілдерінде де жазды, неміс тілін білді, француз тілін игеріп алды, романстар шығарып, гитарада жақсы ойнады.

1905 жылы ол Қарқаралыда төңкерісшілер шеруіне қатысады, Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақ оқығандары патша үкіметіне петиция жазып, қазақ жеріне "переселендер" жібермеу, тағы басқа талаптар қойғанда Міржақып та солардың арасында болатын. Сол кездегі қазақ зиялыларымен және түркі саяси ұйым, бағыт өкілдерімен жүздесіп, пікірлесу Міржақыпты рухани, саяси тұрғыдан есейте түседі. Көңіліндегі халқының тағдыры, ұлтының жайы туралы тебіреністі ойларын өлеңмен де, публицистикалық мақала түрінде де көпішікпен бөлісе бастайды.

1907 жылы Петербургте "Серке" газетінде (№1) Міржақыптың "Жастарға" атты өлеңі, келесі санында "Біздің мақсатымыз" деген патшаның отаршылдық саясатын батыл сынаған алғашқы мақаласы жарық көрді. "Серке" газеті жабылып, М.Дулатов саяси сенімсіз адамдардың қатарына ілігеді.

20-жылдардың соңында Қазақстанда ұлт зиялыларын қудалау басталған кезде, М.Дулатов алғашқылардың бірі болып қамауға алынады. Жалған жаламен айыпталып, әуелі ату жазасына, кейіннен 10 жылға айдауда болады. 1935 жылы Соновец түрмесінде қайтыс болады. Тек 1988 жылы ғана ақталып шықты.

Қазақ прозасында жазушының "Бақытсыз Жамал" романы ерекше орын алады. Әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы тақырыбын көтеріп, екі жасты өлімге итермелеген ескілік иелерінің озбырлық әрекеттерін суреттейді.

Дулатов тұтқында жатқан кезінде, орыс тілін білмейтін түркі тілдес ұлттарға арнап, түрікше-орысша сөздік құрастырып шығарады. Дулатовтың өлеңдері, байқағандары (ескертулері), мақалалары "Соновец ақылдары" журналына басылады.

"Оян, қазақ!" өлеңдер жинағы мемлекет меншігіне тартып алынды. Ал, "Азамат" өлеңдер жинағына Шиллер, Пушкин, Лермонтов, Шекспирдің "Ромео мен Джульеттасы", Гётенің "Жас Вертердің қайғы-қасіреттері" және Карамзиннің "Жарлы Лизасын" аударып басты. Дулатовтың Ш.Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, А.Байтұрсынов шығармашылығы жайлы жазған зерттеу мақалалары және "Қазақтар мен қырғыздардың шығу тегінің тарихы" атты көлемді еңбегі, "Қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткіштері" атты екі бөлімнен тұратын кітабы және басқа да шығармалары нәзік эстетикалық талғаммен және асқан тереңдікпен ерекшеленеді.

М.Дулатов қиын да ауыр шығармашылық жолдан өтсе де, артына бай мұра қалдырды. Қандай мәселені болсын көтерсе, ең алдымен ұлттық мүддені, халықтың мұратын алға қойды. Алғашқы қазақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі болды.

Ол халықтың саяси ой-өрісін, санасын оятқан қазақ зиялы қауымы өкілдерінің бірегейі еді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Дулатовтың бүркеншек аты:

- а) Азамат;
- ә) Арғын;
- б) Алаш.

2. Дулатов қай романның авторы:

- а) Қыз-Жібек;
- ә) "Азамат";
- б) "Бақытсыз Жамал".

3. Дулатов қай тілдерді білді:

- а) француз;
- ә) итальян;
- б) ұйғыр.

4. Дулатов өлеңдер жинағы:

- а) "Оқы, қазақ!";
- ә) "Жұмыс жаса!";
- б) "Оян, қазақ!".

5. Дулатов аударған "Жас Вертердің қайғы-қасіреттері" кімдікі:

- а) Гёте;
- ә) Шиллер;
- б) Шекспир.

6. Дулатов қай пәннің қазақша оқулығын жасады:

- а) математика;
- ә) тарих;
- б) физика.

#### Қолданылған әдебиеттер:

- 1. Қазақтар. 9 томдық сөздік. Тарихи тұлғалар. – А., 1998. – Т. 2.
- 2. Қазақстан тарихы. – А.: Атамұра, 1998.

#### Сәбит Дөнентаев (1894-1933)



Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей губерниясының Ақсу болысындағы №4-ші ауылында дүниеге келді. Алғашқы дәрістерді жергілікті молдадан алып, 13 жасар Сәбит Маралды ауылына барып, татар Джаледдиннің медресесіне түседі, сонан соң Павлодарда Қасым қажының медресесінде оқиды. Бұл жерде ол Абай поэзиясымен танысады, қазақ және татар тілдеріндегі ғылыми және көркем шығармаларды қызға оқиды. "Айқап" журналының басылымдарын мұқият қарап танысады, сол жылдары (1911-1912) өзі де жазумен айналыса бастайды. 1915 жылы Уфада алғашқы "Уақ-түйек" өлеңдер жинағы шығады. Ақын қазақ оқымандарының жүрегіне жол та-

бады, зор беделдерге ие болады. Мұғалім болады, Екі-бастұз-Жармық темір жолы құрылысында жұмысшы, кейіннен хат тасушы қызметін де атқарады. 1916 жылы Рига түбіндегі солдат окоптарын да көреді.

Жазушының өмір тәжірибесі оған қазақ поэзиясына алғашқылардың бірі болып жұмысшы табы тақырыбын енгізуге себеп болды. Сәбит туған өлкесіне 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін оралып, Семейдегі мұғалімдік курсқа түседі.

1924-1930 жылдары Сәбит шығармашылығының ең жарқын гүлдеген шағы деуге болады. Бұл жылдары оның баспасөзге көптеген өлеңдері, сықақтары, очерктері, әңгімелері мен мақалалары жарық көреді.

Ақынның халыққа жанашырлығын келесі өлеңнен көруге болады:

*Алдау үшін көз жұмғанды өлді деп,  
Уансын деп ұмсығанды берді деп,  
Көңіл жұртпай шұлғығанды сенді деп,  
Нені көрсе, соған ерген балалық!  
Бістық ұрттап аузы күйген салқын деп,  
Иегіне шұлғау орап шарным деп,  
Жылтыраса санын соғып алтын деп,  
Сыртқы көзбен баға берген балалық!  
Шығын демей қирағанды, күйгенді,  
Тек отыр деп дүшпан көріп тигенді,  
Құбыжық деп бәркін теріс кигенді,  
Жығылғанын жұрттан көрген балалық!  
Ел қыдыртам, мінгіземін тайға деп,  
Қаймақ пенен тойғызамын майға деп,  
Алдағанның бірін ұқпай айла деп,  
Қолдағысын бәрін берген балалық!  
Заман өтіп бара жатыр желдетіп,  
Өзге халық өсіп жатыр ер жетіп,  
Текке отырған көздің жасын көлдетіп,  
Қашан кетер біздің елден балалық!*

( "Балалық" )

1930 жылдан бастап ақынның үздік туындылары оқулықтар мен хрестоматиялардың беттеріне шыға баста-

ды. Дөнентаев шығармалары қазақ әдебиетінен өзіндік орын алады.

Ол 1933 жылы 23 мамырда Семейде қайтыс болды. Ақынның соңғы өлеңдер жинағы 1935 жылы жарыққа шықты. 1950 жылы қазақ әдебиетінің баспасы С.Дөнентаевтің таңдамалы өлеңдер жинағын шығарды. 1951 жылы қазақ және орыс тілдерінде бір томдық өлеңдер жинағының академиялық басылымы шықты.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. С.Дөнентаевтың өмір сүрген жылдарын атаңыз.
2. Ақынды кімнің шығармалары қызықтырды?
3. Дөнентаевтың алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?
4. Дөнентаев қазақ поэзиясына алғашқы боп қандай тақырыпты енгізді?

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның жазушылары. – А.: Жазушы, 1969.
2. Б. Ысқақов. С.Дөнентаевтың өмір жолы мен шығармашылығы. – А., 1966.

#### Мағжан Жұмабаев (1893-1938)



*Мағжан Бекенұлы Жұмабаев –  
ағылшындарға Шекспирдің,  
орыстарға Пушкиннің қандай  
маңызы болса, қазақ халқына  
оның сондай маңызы бар.*  
Ә.Марғұлан

Мағжан Жұмабаев – сыршыл, суреткер, романтик, "мәдениетшіл ұлт ақыны", ешкімге ұқсамайтын дара тұлға. Оның өлеңдері жалынды болып келеді.

*Күлдей күңгірт шашы бар,  
Тоқсан бесте жасы бар,  
Көз дегенің – сұп-сұр көр.  
Таспиқ санап бүгіліп,*

*Жерге қарап үңіліп,  
Көрсө ауыр күрсінер,  
Менің бір қарт анам бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол анамды сүйемін.*

*Көзінде көк нұры жоқ,  
Аузында жұмақ жыры жоқ,  
Жалынсыз, усыз құшағы,  
Иірілмейді жыландай,  
Сөзі де жоқ құрандай,  
Білгені – қазан-ошағы.  
Жабайы ғана жарым бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол жарымды сүйемін!*

*Ұйқы басқан қабағын,  
Бастыра киген тымағын,  
Жалқаулықты жар қорғен.  
Жүрген ескі заңымен,  
Алдындағы малымен  
Бірге жусап, бірге өрген,  
Алаш деген елім бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол елімді сүйемін!*

*Сағымы сайран құрады,  
Бораны ұлып тұрады,  
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.  
Орманы жоқ, шуы жоқ,  
Мәңгі өлік сахарасы.  
Сарыарқа деген жерім бар,  
Неге екенін білмеймін –  
Сол Арқамды сүйемін!*

("Сүйемін")

Ақын дәулетті отбасында дүниеге келді. Оның әкесі Бекен би әрі болыс болды.

Мағжан – отбасындағы тоғыз баланың бірі. 4 жасынан бастап, болашақ әдебиетші үйдегі молладан шығыс

халқының тілдерін үйрене бастайды. Араб, парсы және түрік тілдерін оқуды Қызылжардағы медреседе жалғастырады, содан кейін сол замандағы жақсы оқу орындарының бірі – Уфа қаласындағы жоғарғы Ғалия мұсылман медресесіне оқуға түседі. Мұғалімнің ақыл-кеңесіменен орыс тілін оқумен айналысып, орыс және шетел әдебиеттерімен танысады.

1912 жылы Қазақ қаласында "Шолпан" атты тұңғыш жинағы жарық көреді.

1917 жылғы төңкерістен кейін Жұмабаев "Бостандық туы" газетінде редактор болып істейді. 1922 жылдан бастап 1923 жылдың аяғына дейін ақын Ташкент қаласында тұрып, шығармашылықпен айналысады. Ортаазиялық университетте лекция оқиды, өлеңдері журналдарға шыға бастайды. Бұл Мағжан шығармашылығының жемісті жылдары болды.

Осы жылдары ақынның "Батыр Баян", "Қойлыбайдың қобызы" атты өлеңдер жинағы жарық көрді, жалғыз прозалық шығармасы – "Шолпанның күнәсі" әңгімесі баспадан шығады. 1923 жылдан 1927 жылға дейін ақын көркемөнер институтының Брюсов шеберханасында оқиды.

Ол мұнда әлем әдебиеттерімен танысып, Гейне, Гёте, Шиллердің өлеңдерін аударды, Мережковскийдің, Бальмонттың, Блоктың, Есениннің поэзияларына еліктеп өлеңдер жазады. Мәскеуде жүргенде, ол "Алқа" әдебиет бірлестігін құру бағдарламасын жазып, онда әдебиет дамуының мәселелерін қалай шешуді және насихаттаудың жолдарын түсіндіреді. 1929 жылы Жұмабаев Қазақстанға оралғаннан соң, оны жасырын ұйым құрды деген желеумен тұтқынға алынады. 1931 жылдың қаңтарынан 1936 жылдың соңына дейін ақын жер аударылып Карелияда болады. 1936 жылы М.Горькийдің араласып көмектесуі арқасында ол Петропавлов қаласына қайтып оралады. Алайда, көп ұзамай ол қайта тұтқындалады. Абақтыдағы жай-күйін мына өлеңінен көруге болады:

*Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым гой, сар даламды сағындым.*

*"Қарашығым, құлыным!" – деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.*  
.....  
*Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!*  
.....  
*Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол айбынды ер, алашым!*  
*("Сағындым")*

1938 жылдың 19 наурызында "ұлтшыл" деп соңына шам алып түскендер ақыры Жұмабаевты атып тынады. Тек 1988 жылы ғана ол ақталып шықты. Ақын Жұмабаев үлкен ақыны В.Я.Брюсовтың шәкірті болатын, ол жас ақынның талантын ерекше бағалап, Мағжанды "Қазақтың Пушкині" атады.

Жұмабаев Александр Блокқа арнап өлең жазады:

*Александр Блок –  
Мәңгі жас жүрек  
Үмітін бір үзбеген.  
Батып ойлайтын ойға,  
Талмай қарап Айға,  
"Әдемі әйел" іздеген.*

*Көрінер деп күнде,  
Табылар деп түнде,  
Шарқ ғрудан талмаған.  
Александр Блок –  
Мәңгі жас жүрек,  
Қай жерге ол бармаған?*

*"Әдемі әйел" – идеал,  
"Әдемі әйел" – бір қиял,  
Блоктың басын байлаған.  
"Әдемі әйел" – бір ғұл,  
Блок – бір бұлбұл,  
Блок – бұлбұл сайраған...*

Мағжанның өзі де Блок сияқты көп өлеңдерін әйел тақырыбына арнайды: "Гүлсімге", "Сүй, жан сөулем", "Төгілген шашы", "Бәрінен де сен сұлу", "Н-ға", "Жас сұлуға" т.б. сияқты өлеңдері көп.

Белгілі жазушы, сыншы **Ж.Аймауытов**: "Мағжанның алғашқы шығармаларында "жекешіл-ақын", кейіннен ол өзін халқының ұлы сезініп, "Азамат-ақынға" айналды, оның поэзиясы романтизмге толы", – деп атап көрсетті: "Мағжан романтизмін қала қабылдамайды, оның жүрегінде туған даласы сүйкімді..."

Мағжан өзін табиғаттың бір бөлшегіндей сезінеді, табиғатты жырлап келіп, оның аясында өмір сүріп жатқан адамдар жайлы жазбау, әрине, мүмкін емес. Оған өткен өмір арман сияқты көрінеді... Мағжанның өлеңдеріменен қазақ әдебиетіндегі романтизм аяқталды деп айтуға болады... Мағжанның көптеген өлеңдері адамның көбіне жан сезімдеріне әсер етеді. Ақынға орыс бейнелеушілерінің ықпал жасағандығы аңғарылады".

"Мағжан – ақын, өте күшті ақын. Мағжанның қуаты – оның лиризмінің нәзіктігінде, сырластығында, кейіпкерлерінің ақындық жарқындығында, сөздерінің нақтылығында, оның сөздері Маржан жібі секілді нәзік те, мамық секілді жеңіл, әуенді де сазды. Мағжан – бірінші кезекте терең лирикалық ақын ...

Мағжан өлеңдері – оның өзінің жанымен, халқымен сырласады".

Ж.Аймауытов "Мағжанның ақындық шеберлігі туралы" сыни мақаласында: "Мағжан өлеңдері – қанықтырады, сағындырады, жылатады, оятады, қайғысына ортақтастырады, әл-қуат береді", – деп жазады.

Жұмабаевтің "Ертегі" (дерексіз поэма, басында "Ертегі-аңыз" ("Болмаған аңыз"), "Жүсіп хан", "Қорқыт", "Тоқсанның тобы", "Батыр Баян" поэмалары ақынның өткені мен бүгінгіге көзқарастарын бейнелейді. "Жазды күні қалада", "Шойын жол", "Айда атыңды, Сәрсенбай!" өлеңдерінде туып-өскен ауылын, оның табиғатын, қазақ даласын суреттейді.

20-30 жылдары Жұмабаевтың осы өлеңдері жаңаға қарсы ескішіл ақын деп кінәлауға себеп болды.

Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Қай поэма М.Жұмабаевтікі емес?

"Қорқыт"	"Мырқымбай"
"Батыр Баян"	"Қойлыбайдың қобызы"

2. Мағжанды өлем әдебиетінің қай өкіліне теңеді?
3. М.Жұмабаевтың шығармашылығында қандай әдебиеттік бағыт бейнеленеді?
4. Мағжан мен Есенин өлеңдері қалай үндеседі?
5. Мағжан шығармашылығы туралы сын мақала жазған адамды атаңыз?

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Ж. Аймауытов. Мағжанның ақындық шеберлігі туралы // "Мысль" журналы.
2. М. Базарбаев. Қазақ поэзиясы және көркемдік ізденулер. – А.: Жазушы, 1995.
3. Б. Майтанов. М.Жұмабаевтың ақындығы. – 2000.
4. М. Жұмабаев. Батыр Баян ("Алтын қор"). – Астана: Елорда, 1998.
5. А. Давыдов. Когда я читаю Магжана... Стихи выдающегося поэта в пересказе выдающегося переводчика А. Кодара.

#### Жүсіпбек Аймауытов (1889-1831)



Ж.Аймауытов – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі.

Ол Семей облысында дүниеге келген. Оның әкесі Аймауыт пен атасы Дәндібай орташа дәулетті қарапайым адамдар болған. Ауыл молдасынан сауат ашады.

1907 жылы Керекуде 2 кластық орыс-қазақ мектебінде оқыды.

1914-1919 жылдары – Семейдегі семинарияда оқып, кейіннен мұғалім болды.

1919 жылы елдің саяси өміріне белсене араласады.

1920-1922 жылдары – халықтық сауаттандыру Комиссариатында (Наркомпрос), "Қазақ туы" газетінде жұмыс істейді.

1922-1924 жылдары – Қарқаралыда мұғалімдік қызмет атқарды.

1924-1926 жылдары – Ташкентте "Ақ жол" газетінде қызмет істейді.

1926-1929 жылдары – Шымкент педагогикалық техникумының директоры болып тағайындалады.

1929 жылы – тұтқынға алынады.

1931 жылы – ату жазасына кесіледі.

1988 жылы – қаламгердің есімі ақталады.

Жүсіпбек Аймауытов өз өмірбаяны туралы: *"Біз ағамыз екеуміз молда да, етікші де, балташы мен сылақшы да, домбырашы мен әнші де болдық. Әкем домбырада жақсы ойнаушы еді. Екі үлкен апамыз домбыраны жақсы тартатын, солар бізді өлең айтуға үйретті, біздерге өлеңдер оқып беретін, білімді болды. Анамыз Бәтима жесір әйелдерді жиі жоқтау айтуға үйретіп жүруші еді"*, – деп еске алады. Ж.Аймауытовтың жазған *"Қартқожа"*, *"Ақылбек"* романдары, *"Күнікейдің жазығы"* повесі, *"Рабиға"* пьесасы, балаларға арналған ертегілер жинағы, сын мақалалары, аудармалары, оқулықтары – қазақ әдебиетінің баға жетпес құнды мұралары.

Жазушы "Қартқожа" романында ескі қоғамдық құрылыс жағдайын бай есігінде езіліп жүрген жалшының Қазан төңкерісінен кейін құлдық қамытынан құтылып, азаттық күреске белсене араласып, бақытын тапқанын бейнелейді.

Қартқожа бала күнінен бастап кедейдің ауыр өмірін, олардың теңсіз жағдайын көрді, ол өзінің бұл өмірді өзгертуге әлсіздігін сезінді. Ол бірде Алладан өзін кедейліктен құтқаруын сұрай бастады. Бірақ құдай оның құлшылығына көңіл бөлмеді. Сол уақытта ол орысша білім алсам деп арман етті. Кенеттен оның шаңырағын

бірінен соң бірі бақытсыздық шырмады. Олар малынан айырылып, аштыққа ұшырады. Қақаған қыстың аязында әкесі астық (дән) әкелуге кетіп бара жатып, үсікке ұшырайды, көп кешікпей қайтыс болады. Қартқожа молдаға шәкірт болып, балаларға дәріс береді, сауатын ашады. Ол орысша мектепте оқитын Жүніске кездеседі, ол Қартқожаның Шалкеш атты қызбен кездесуіне көмектеседі. Қаһарлы 1916 жыл туады, қазақтарды еріксіз әскерге алу басталады.

Ашуланған қазақтар әскерге алатындардың тіркеу кітабын өртеп, үйлеріне оралады. Имақан бәрін жинап көтеріліске әзірлейді. Қаруланған жігітер жиналып алып, жасақтар құрады.

Ақын Дәрмен Ақмоланың Иманжүсібін, Қарқаралының Баранқұлын, жер аударылып кеткендермен өлгендерді және басқаларды еске алады, бабаларымыздың әлемдегі күштілермен шайқасудағы батырлық істері туралы шешіле сөйлейді. Қартқожаны әскерге алып кетеді. Оның жаңа досы Андрей оған төңкеріс туралы ақпарат береді.

Қартқожа өзінің туған ауылына қайтып оралады. Семейде мұғалімдік курстар ашылып, Қартқожа соған оқуға жіберіледі. Курсты бітірген соң оқытушылық қызмет атқарады, Алашорда үкіметінің жұмысына қатысып, көңілі қалып кетіп қалады. Романның соңында Қартқожа Омбыдан (Омск) қайтып оралып, барлығын оқып білім алуға шақырады. Жеке бастан жұрт қамын барын ойлайтын дәрежеге көтеріледі.

Романда Қартқожаның жеке өз басының жайы көрсетілмейді, бірақ оның қорқыныш пен сенімсіздікке толы өмір жолы, жаңа өмірге үмтылысы көрсетіледі.

Қартқожаға әділеттіліктің, ерліктің, шыдамдылықтың белгісіндей болған Дәрмен, онымен оқптағы өмірінің барлық қиындығын бөліскен, оқуға баруына ықпал жасаған Хасен ерекше әсер қалдырады. Андрей Полидуб оны тұратын үймен қамтамасыз етіп, оқуға жіберіп, тағдырына араласады. Қартқожа оған шексіз ризашылығын білдіреді. "Қартқожа" – қым-қуат тарихи құбылыстарға

толы, поэтикалық қуаты мол, әрі шебер тілмен жазылған роман.

"Ақбілек" (1928 жыл) романы да осы тақырыптас, тіптен жалғасы іспеттес. Романда Ж. Аймауытов феодалдық-патриархалдық құрылыстың қатал заңы мен тәртібін бұзып-жарып шығып, бақытын қажыр-қайратымен, білімімен, тапқан жаңа заман әйелінің бейнесін сомдайды. Романның бас кейіпкері (батыры) Мамырбай байдың қызы – Ақбілек ақ гвардияшыл офицердің қолына түседі. Одан құтылып шығып, сүйікті жігіті Бекболатпен ыжолығысқанда, ол Ақбілектің жүкті екендігін біліп қойып, сатқындықпен тастап кетеді. Өз қайғысымен бет-бет қалған Ақбілек жақын туыстарының көмегімен қалаға барып оқуға түседі.

Төңкеріс қана оған өзі өз өмірінің қожасы екендігін сезініп, өзгертуге мүмкіндік береді. Осы ойды автор романымен бекітіп, түйіндейді.

Ақбілек Балташқа күйеуге шығады. Олардың арасында бұрын қазақ қоғамында болмаған, оған тән емес, басқаша қарым-қатынастар қалыптасады. Екеуі тек қана күйеуі мен әйелі емес, бірін-бірі жарты сөзден-ақ түсінетін екі жарты, бір бүтін еді.

Егер күйеуі баяндама дайындаумен немесе есеппен айналысып жатса, әйелі үйдің бар шаруасын мойнына алып өзі жасайтын. Кенет, Ақбілек кітап оқуға кіріссе, Балташ, жеңін түріп алып кешкі асты әзірлейді. Бұл сол кездегі қазақ қоғамы үшін мүлдем жат қылық болатын. Олар қайғы мен қуанышты бірге бөліседі.

Автор ішкі монологтарды шеберлікпен пайдаланады, ой толғаныстарын жеткізеді.

"Ақбілек" – бас кейіпкердің тағдыры арқылы қазақ ауылының өмірін сезініп, қабылдауға итермелейтін, жаңа өмір туралы жазылған бірінші қазақ романы.

1923 жылы "Лениншіл жас" журналында М.Жұмабаевтың 30-жылдық мерейтойының тұсында оның шығармашылығына егжей-тегжейлі талдау жасаған мақаласы басылып шығады. Бұл сын мақаласы "Мағжанның ақындығы туралы" деп аталады. Онда сыншы М.Жұма-


баевтың романтикалық және сентименталдық өлендерін ерекше атап көрсетеді, ол ақынның 20-жылдары "қазақтардың өткен тарихын, әсіресе, хандар бейнесін арман еткені" жайлы айтады. Сонымен қатар Мағжанның алғашқы ақындық жолының басталуында-ақ Абай поэзиясынан әсер алғандығын және оның көне қазақ поэзиясының дәстүрлерін меңгеріп алғандығын сөз етеді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Аймауытов қандай отбасынан шыққан:

- а) молданың;
- б) жарлының;
- в) орташа дәулетті адамның.

2. Жас Жүсіпбек кім боп жұмыс істеді:



3. Шығармалардың қайсысы Жүсіпбектікі емес?

"Қартқожа"	"Рабиға"
"Ақбілек"	"Ана"

4. Аймауытовтың повесі қалай деп аталады?

5. М.Жұмабаев шығармашылығы туралы жазылған сын мақаласы қалай аталады?

### Қолданылған әдебиет:

- 1. Б. Майтанов. Қазақ романының психология мен байланысы.
- 2. З. Ақышев. Ақ жүректі адам // Бес арыс. – А., 1992. – 396-401 б.
- 3. Б. Байғалиев. Ж.Аймауытов // "Жұлдыз" №6, 1989. – 176-180 б.

**Сәкен Сейфуллин**  
(1894-1938)



*Мен Сәкен Сейфуллинді көргенде,  
Қазақстанның бір бөлшегін  
көргендей болдым...  
Ол өз Отанын асқан құмарлықпен  
және жанкештілікпен сүйді.*  
**Г.Серебрякова**

Сәкен Сейфуллин – қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі. Тамаша ақын, прозашы, драматург, сыншы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келді.

Сауатын ауыл молдасынан ашқан ол 1916 жылы Омбы мұғалімдер семинариясын бітіреді. Ұстаздық қызмет атқарады. 1914 жылы Сәкеннің "Өткен күндер" атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарыққа шығады. Сол кездегі елдегі саяси-қоғамдық ахуал оны саясатпен белсене араласуға итермелейді.

Совет өкіметі жағында аянбай еңбек етіп жүріп, ол 1918 жылы Ақмолада бұл билік құлап, Совдеп басшылығы тұтқынға алынған кезде атаман Анненковтың қолына түседі. Азап вагонындағы және Омбыдағы Колчак лагерінде көрген барлық ауыртпалықтарын кейін өзінің "Тар жол, тайғақ кешу" атты мемуарлық шығармасында кеңінен сипаттап жазған.

Сәкен де барлық тұтастары секілді төңкеріс идеясына, оның болашағы сенді. Осы жолда ол "Советстан" поэмасын, "Қызыл сұңқарлар" революциялық пьесасын, жұмысшы табы туралы "Жер қазғандар" повесін және әйел теңсіздігі туралы көптеген мұра қалдырды.

"Сәкен Сейфуллиннің әрдайым бастаушы болып, ұрысқа баратындардай ылғи бірінші тізбекте жүретіндігі оның барлық әдебиеттік және саяси қызметін ерекшелендіре түседі", – дейді Леонид Соболев.

Оның саяси өткір бағыты – біздің уақытымызда да, өткен жылдардағыдай, әдебиетіміздің бірінші қатарында болғандығының кепілі іспеттес!

Міне, революционер, азамат, жаңа дәуірдің жазушысы Сәкен Сейфуллиннің тарихи рөлі осындай.

Сәкеннің анасы – Жамал көптеген ертегілер мен жыр-дастанды білді. Анасы арқылы жас Сәкен туған даласы туралы "Қыз-Жібек", "Қозы Көрпеш Баян сұлу", "Ер Тарғын", "Қобыланды батыр", "Алпамыс", сияқты жыр-дастандарды естіп өсті.

С.Сейфуллиннің жемісті шығармашылық сапары оның саяси күрес жолына түсуінен басталады. Сол төңкеріс тұсында және одан кейінгі кезеңдерде ақын, драматург, прозаик, әдебиет зерттеушісі ретінде жан-жақты танылады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының ерекше маңызды бөлігі оның лирикасы. Ақын өлеңдерінде сан алуан тақырыптарды – өз ғұмырын саналы түрде арнаған төңкеріс кезеңінің қатулы шындығын да, төңкеріс көсемі Ленинді де, өзі болашағына имандай сенген социалистік дәуірді де, балдай балалығы мен жалынды жастығы өткен туған өлкені де – бәрін де шабыттан жырына қосты.

Сәкен Сейфуллиннің шағын лирикалық поэмаларының ішінде "Аққудың айырылуы" мен "Лашынның әңгімесі" – орны бөлек, қымбат туындылар. Өмірде сұлулықты, пәктік пен шынайы сезімді, адалдықты ардақ тұтқан ақын осындай адамдық-эстетикалық идеалын қос аққудың ("Аққудың айырылуы"), жаралы лашын мен бала лашынның ("Лашынның әңгімесі") бір-біріне іңкәр сезімдерін суреттеу арқылы танытуды мақсат еткен.

Айна көлдің ажары болған қос жұбай аққудың айдын үстінде сағынышпен кездесуі мен бір-біріне деген мөлдір сезімдерін ақын асқан шеберлікпен суреттей келе, кенет шоқ қамысты тасалап келген қатыгез сұр мергеннің аққудың бірін атып түсіргенін айтады. Ғашық жарының жауыздық қолынан мерт болғанын екінші аққудың шарасыз күйіншіткі халі мен жарсыз өмірді төрк еткен ерлігі:

*Аққу тағы зарлап ұшып  
Жалғыз қалған жарына*



*Жығылды кеп суды құшып,  
Сұр мергеннің жанына.  
Қалған ғашық болмай ие,  
Моншақтаған жасына  
Шықты дауысы іші күйе  
Мергеннің кеп қасына.  
Сыңсып аққу суды шашып,  
Шырқ айналды зәлімді.  
Сұр мергенге төсін ашып,  
"Мені де ат!" деп жалынды, –*

деп жан тебіренерліктей шебер күйде суреттеп берген.

Арамдық мақсатына жеткен мерген қанша жауыз болса да, екінші аққуды атуға батылы жетпейді. Бойын күйік билеген, жұбайсыз өмірді мәнсіз деп білген қайран аққу ақырғы шешімге келіп, өлуге бекінеді. Алыс заңғар көкке – шырқау биікке самғап көтеріледі де, жерге найзадай шаншыла құлдырып, сұр мергеннің алдына құлап, мерт болады.

*Күйікті жар құлап өлді,  
Ақ төсінен қан ақты.  
Жұбайына ырза бол деп  
Бір-ақ серіпті қанатты.  
Өлімді де шіркін ғашық  
Сүйгенімен бір көрді.  
Жан күйігін мәңгі басып,  
Жұбайымен бірге өлді!*

Ақынның қорытынды шумақтарынан асыл махаббатқы ардақтаған, жауыздықты бетпердесін ашып көрсеткен идеялық түйін танылады. Ақын ұғымында сұлулық, шын ғашықтық, сезім мөлдірлігі – қастерлі, асқақ қасиеттер, түсініктер болса, аққу – халық түсінігінде сол сұлулық пен пәктікті танытатын қасиетті ұғымның бір өлшемі. Сондықтан да ақын Сәкен қос аққудың махаббат күйін романтикалық биіктікке көтере жырлай отырып, сұлулық пен адамдық мөлдір сезімді, айнымас адалдықты дәріптейді, әсемдікті сезінбейтін, қасиеттіні қастерлей алмайтын сұр мергенді айыптайды. Бұл – жан сұлулығын жақын тартатын ақынның осындай асыл қасиеттерді өзінше қорғауы.

Сәкен Сейфуллин – эпик ақын. Оның эпикалық туындыларының ішінде "Көкшетау" халық арасында кең танылды. Поэма көркемдігі, халықтық мазмұны тарапынан оқшаулығымен ерекшеленеді. Ол Сәкеннің туған жерге деген перзенттік махабатының көрінісі, ақындық шабыты мен суреткердің шеберлігінің шынайы үлгісі. Поэмада кербез Көкше өңірінің сұлу табиғаты – тауы, көлі, шыңы қайталанбас көріністермен жеке-жеке суреттеледі.

С. Сейфуллин проза жанрында да жемісті еңбек етті, оның қалыптасуына, уақыт талап еткен мәселелер мен тақырыптарды көркем игеруіне айтарлықтай үлесін қосты.

Ол прозалық туындыларында да өлеңдеріндегі секілді негізінен басты тақырып етіп төңкеріс дәуірі мен өмір шындығын алды. Төңкеріс тақырыбы оның 1917 жылы жазған романтикалық сипаттағы "Жұбату" әңгімесінен бастала келе "Айша" (1922), "Жемістер" (1935), т.б. повестерінде көрініс тапты. "Жер қазғандар" (1928) төңкерістен кейінгі кезеңдегі темір жол құрылысына арналған туынды. Бұларға қоса Сәкеннің "Біздің тұрмыс", "Сол жылдарда" атты аяқталмаған романдары да бар.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Сейфуллин жазған бірінші эпикалық поэманың аты:

- а) "Қазақстан";
- ә) "Советстан";
- б) "Қарағанды";

2. Ақынның революция туралы пьесасының аты:

- а) "Қызыл қырандар";
- ә) "Бүркіт балапандары";
- б) "Қызыл бүркіттер".

3. Сейфуллин қандай бейнені сұлулықтың, әдеміліктің символы санап, шығармасына қосты:

- а) атты;
- ә) раушан гүлін;
- б) аққуды.

4. Ақынды қай поэмасы үшін социалистік арман-мұратқа сатқындық жасады деп айыптады:

- а) "Альбатрос";
- ә) "Көкшетау";
- б) "Қызыл ат".

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Т. Кәкішев. Сәкен Сейфуллин.
2. Н. Жуанышбеков. С. Сейфуллин шығармашылығы мен өмірінің очерктері. – А.: Ғылым, 2000.
3. Қазақ совет әдебиеті. / М.Қ. Қаратаевтің редакц. – А.: Ғылым.
4. К. Мұхамеджанов. Қараңғылық қапасынан іс №... – А., 1989.
5. М. Базарбаев. Біздің әдебиетіміздің эстетикалық қазынасы.

### Бейімбет Майлин (1894-1939)

*Ол біздің алғашқы  
прозашымыз – суреткеріміз болды.*

**Ғ. Мүсірепов**



Б. Майлин – ұлттық әдебиеттің классигі. Ол қазақ әдебиеті жанрларының барлығына жуығының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Оның жазған 250-ге жақын ақындық, жүзден астам прозалық және драмалық шығармалары мен опералық либреттолары бар.

Сонымен бірге Майлин сыншы-сықақшы, сценарий жазушы, очеркші болды. Оның "Шаншар молда", "Неке қияр", "Көзілдірік" пьесалары қала көшелері мен қазақ киіз үйлерінде талай қойылды.

"Жабық жиналыс", "Хаттама", "Келін мен ене" және тағы басқа пьесалары да – құнды дүниелер.

Майлин Қостанай облысында дүниеге келді. Әкеден ерте бір жасында қалған ол жоқшылықтың зардабын тартады, жеті жасынан бастап байдың қозысын бағады.

Мұның әсері-жазушы Майлиннің қазақ әдебиетіндегі қысқа әңгімелер жазудың шебері болып шығуына ұштасады. Майлин мұғалім де болып қызмет істеді.

Әуелі екі жыл ауыл молдасынан, кейіннен Троицкидегі Уазифа Мектебінде (1913-1914) білім алады, 1914 жылы ол Уфадағы әйгілі "Ғалия" медресесіне түсіп, И.Қрылов, Н.В.Гоголь, Л.Н. Толстой, т.б. орысша жазушыларының шығармашылығымен танысады. Оған әсіресе, Чеховтың қысқа жазылып, көп ұғым білдіретін шағын әңгімелері ерекше әсер етеді. Чехов үлгісімен қысқа әңгімелер жазып, қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың майталманы болды. Алайда, денсаулығына байланысты "Ғалия" медресесін аяқтай алмай, ауылға барып мұғалімдік қызмет атқарды. Осы жылдары шындап өлең жазуға бет бұрады. Өзі көріп, куә болған әйгілі 1916 жылғы дүрбелең мен Қазан төңкерісі тұсындағы халық өмірінің шындығын алғашқы өлеңдеріне арқау етті. Халық тағдыры мен мұңы – Б.Майлин шығармаларының негізгі тақырыбы. Ол журналистік қызметін "Еңбекші қазақ" газетінде бастап, кейіннен "Ауыл", "Қазақ әдебиеті" газеттерінде редакторлыққа дейін көтерілді.

Жалпы 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдар – Бейімбет шығармашылығының мейлінше өнімді кезеңдері. Оның қаламгерлік есімін көпке кеңінен мәлім еткен өлеңдері, поэмалары, прозалық және драмалық туындылары осы кезеңдерде жазылып, жарық көрді.

Б. Майлиннің алғашқы өлеңдері қатарына "Мұсылмандық белгісі", "Байлыққа", "Ауыл" (1912-1915), т.б. жатады. Бұл өлеңдерде жас талапкер ел ішіндегі ескілікті, әдет-салтты, атақ-билікке таласқан ел ағаларының жағымсыз қылықтарын сынайды. Ақын барлық шығармашылық ғұмырында кедей өмірін жырлап өтіп, Мырқымбай бейнесін жасады.

Б.Майлиннің проза саласындағы шығармалары мол әрі олар алуан жанрлы. Әңгімелерінде автор негізінен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қағидаларын, бұрынғы өміріндегі ескі тұрмыстық жайларды, төңкерістен кейінгі кезеңдегі кеңістік шараларды (ауылды кеңестендіру, колхоздандыру), әйел теңдігін, т.б. арқау етті.

"Шұғаның белгісі" – Бейімбеттің алғашқы прозалық туындысы, ол 1915 жылы "Ғалия" медресесі шәкірттерінің "Садақ" деп аталатын қолжазба журналында жарық көрген. Автор кейіннен толықтырып, өңдеп 1922 жылы "Қызыл Қазақстан" журналына бастырды.

Әйел теңсіздігін негізгі тақырып етіп алған Бейәмбет Майлин басты кейіпкер – Шұға өмірі арқылы сол кездегі қазақ әйелдерінің басындағы қиыншылықтарды суреттейді. Шұға – байдың қызы, ал оның сүйген жігіті – Әбдірахман кедей отбасына шыққан. Кедейдің байдың қызына ғашық болуы – қыздың әкесі – Есімбектер үшін басынғандық, заманның азғаны. Екеуін қосуға болмайды деп шешкен қарсы топ Әбдірахманды жаламен айда-тып жібереді. Ғашығынан айырылған Шұға күйіктен қайғырып өледі. Өңгіме айдаудан оралған Әбдірахманның сүйіктісінің өлімінің үстінен шығып, Шұғаның қошта-су хатын оқып, ауыр азапқа түскен күйін суреттеумен аяқталады. Осылайша, автор аяулы жас Шұғаның өлімі мен Әбдірахманның азапқа түсуіне себепші – ескі әдет-ғұрып пен қанаушылық қоғам иелері кінәлі деп түйін-дейді. Екі жастың махаббатын баяндау арқылы төңкеріс-ке дейінгі қазақ қоғамына тән әлеуметтік шындықты көрсетеді.

Б. Майлин өз әңгімелерінде тек әйел теңсіздігін ғана көрсетіп қойған жоқ, ол сонымен қатар жаңа заман тала-бына сай қазақ ауылындағы тап тартысын, оған же-текшілік еткен қазақ әйелінің жаңа тағдырын да сурет-теді. Мұны біз халық арасында танымал "Раушан – ком-мунист" еңбегінен көреміз. Ауылда өскен қарапайым қазақ әйелі саяси өзгерістерге орай, бірте-бірте сана-сезімі өзгеріп, әлеуметтік күрескер болып қалыптасады. Бұл жолда ол төрт белестен өтеді. Ең алдымен Раушанның ауылдағы бұйығы, сол кездегі қазақ әйеліне тән тіршілігі суреттеледі. Екінші саты – Раушан өміріндегі үлкен өзге-рістерден – оның болыстық әйелдер жиналысына деле-гат болуынан басталады. Міне, осы кезден бастап, сана-сезімі өзгере бастайды. Ауылнай сайланып, ауылда тап күресінің тізгінін ұстауы – оның өміріндегі үшінші ке-

зең. Раушанның өсу жолындағы шешуші кезең – оның үш жыл Орынборда оқып, білім-танымын жетілдіріп, елге оралуы. Осындай қым-қуат оқиғаларды суреттей отырып, автор Қазан төңкерісі арқылы бас бостандығын алған қазақ әйелінің тіршілігін көрсеткен. Шығарма тілі шұрайлы, әрі езуіңе күрлкі үйірілетін жеңіл әзілмен жа-зылған. Оқиғалары да нанымды берілген.

Жазушының тірі кезінде оның 40-тан астам кітаптары баспадан шықты. 1960-1964 жылдары қазақ тілінде Май-лин шығармаларының 6 томдық жинағы жарық көрді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Майлинге ХІХ ғасырдағы қай орыс жазушыларының әңгімелері өсер етті?
2. Жазушының тірі кезінде оның қандай кітабы жарық көрді?
3. Б.Майлин шығармаларын атаңыз.
4. Б.Майлин поэзиясында қандай бейнені жасады?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Қаратаев. Бейімбет Майлин. – М.: Художественная литература, 1977.
2. Ахметов С. Современное развитие и традиции казахской литературы – Қазақ әдебиетінің бүгінгі өсу дәстүрі.

### Ілияс Жансүгіров (1894-1938)



*Я к словам народным издавна приник,  
Я со дна стремился вычерпать родник,  
Где спрятанные тайны и тайные  
слова.*

**И. Жансүгіров**

Ілияс Жансүгіров Талдықорған облы-сының Ақсу ауданында туып-өсті. Оның әкесі білімді, ел ішінде беделді адам бол-ды, оның үйінде ақындар, әншілер жиі

қонақ болатындықтан кішкентай Ілияс олардың орындауындағы халық ауыз әдебиеті шығармаларын ұзақ тыңдайтын еді. Әкесі араб тілін білді, халық фольклорының шығармаларын жинаумен шындап айналысты. Ілияс оның ықпалымен қазақтың атақты ақындары мен әншілерінің: Абайдың, Шернияздың, Махамбеттің, Ақанның, Біржанның таңдаулы шығармаларымен танысты. Өзі жақсы көретін сүйікті әншісі әрі сазгер Әсет Найманбаевтың орындауымен орыс ақындары А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың шығармаларының аудармаларын бірінші рет естіді.

Көп ұзамай болашақ ақын сол кезде Жетісуға белгілі "Мамания" мектебіне оқуға түсті, осы оқу орнында жүріп өлең жаза бастады, айналасындағылар оның ақындық қабілеті барлығын бірден аңғраған. Ілияс көптеген өлеңдеріне әнді өзі шығарды. "Мен өзіммен қатар ауылдастарымның арасындағы бірінші суырып салма-әнші болдым. Жиын-тойларды әнмен бастаған талай көңілді күндерді бастан өткіздім, айтыста сайысқа түстім", – деп ақын кейін есіне алады.

Жансүгіров – жан-жақты дарын иесі. Ол ақын, прозашы, драматург және фелетоншы болды. Оның кеңінен белгілі "Дала", "Күй", "Күйші", "Құлагер" поэмалары ұлттық әдебиеттің таңдаулы жетістіктеріне жатады. Оның алғашқы лирикалық өлеңдер жинағы "Беташар" деген атпен жарық көрді. Ақынның көзі тірісінде оның жиырмаға жуық жинақтары басылып шықты. Ілияс Жансүгіров өте қысқа мерзімде сөз шебері атанды.

30-жылдар – ақын шығармашылығының шарықтаған жылдары. Ол "Күйші", "Дала", "Құлагер" поэмаларын, "Жолдастар" романын, көптеген фелетондар мен очерктер, әңгімелер мен өлеңдер, сол сияқты пьесалар жазды. Осы мезгілде ол А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың шығармаларын аудару жұмысымен айналысты.

"Мәскеу – Қазақстан", "Гималай" (1929) өлеңдерінде автордың Ресейге деген сүйіспеншілігі көрініс табады, ақын екі халықтың достығын жырлайды. Жансүгіров үшін Мәскеу қазақ халқына ғасырлық азаптан босануға көмектескен орыс халқының бейнесі болып табылады:

*Мәскеу – Қазақстан.  
Есіңді жи, ел бол! – деп  
Аштың есік, Мәскеуім.  
Даладан, таудан, алыстан  
Саған қарай көшкен кім!  
Біліміңнің бұлағын  
Мейірі қанып ішкен кім?  
Октябрьдің ордасы,  
Сенде қайнап өскен кім?  
Сол сорлы елдің баласы –  
Мыңдаған жас әскерім,  
Ендеше ордан, одағым,  
Қамқорым, менің Мәскеуім!*

Жансүгіров достар ретінде Мәскеу бейнесі болып табылатын орыс халқын меңзеп отыр.

Ақынның өлеңдер топтамасы оның халықтық поэзияға, музыкаға деген сүйіспеншілігін білдіреді. Ол қазақ музыкасына, оның белгілі орындаушыларына, композиторларына, тамаша және шабытты шығармаларына – "Домбыра", "Жетісу суреттері", "Әнші" және басқа шығармаларын арнады. Осы өлеңдерді оқып отырғанда шебердің қолындағы домбыраның шектері біресе мұңды және жалынышты, біресе көңілді және қуанышты үн шығарғанын естігендей боласың. Олар осындай тамаша, бай және қарапайым тілмен жазылған:

*Тарт күйіңді, домбыра!  
Төгіл, төгіл тәтті күй,  
Тау суындай сылдыра,  
Желпін, желпін, жел соқтыр!  
Тауда тұман тұрмасын,  
Көкте бұлт ыдыра!  
Тыңдамаған қалмасын,  
Ойды-қырды қыдыра,  
Құлшына тарт, домбыра!*

(*"Домбыра"*)

Мұхтар Әуезов "Ілияс Жансүгіров "Дала", "Құлагер", "Күйші" поэмаларын жазу арқылы қазақ поэзиясын жаңа

белеске көтерді”, – деп жазды. Бейнелердің жарқындығы ойлау тапқырлығымен үйлесім тапқан. Поэмалар көтеріңкі көңіл-күйге толы және бейнелі айқын тілімен ерекшеленеді.

“Дала” (1930) – болмысты кең қамту жағынан халық өмірінің шынайы жылнамасы. Оқырманның көз алдынан даланың 300 жылға татитын тарихы кесе-кесек образдар түрінде өтеді. Поэма әрбіреуі халық өмірінің қандай да бір маңызды оқиғасын бейнелейтін жиырма бес тараудан тұрады. Сырттай қарағанда шашыраңқы, бірімен-бірі оқиғалардың хронологиялық тізбегімен ғана байланысып жатқан сияқты көрінетін осы тараулар шын мәнінде іштей жалпы ой желісімен және поэманың басты кейіпкерлері – халықтық бейнелермен тығыз байланысқан.

“Дала” – бүкіл поэманы лирикалық кейіпкер шынайы ойларымен және уайым-қайғысымен айшықтайтын тарихи әңгіме. Бірінші орында тарих пен халықты бейнелейтін дана қария түр. Халықтың қиын-қыстау сәттер мен күрестерге толы тарихи жолы қарияның көз-алдынан қайтадан өткендей болады. Оқиға желісі жағынан аяқталған поэзиялық аңыздар болып табылатын көптеген тараулар деңнің үстінде отырған және жердің гүліне – тарихтың дауысына, халықтың дауысына жіті құлақ тігіп отырған қарияны суреттеуден басталады:

*Көпті көрген бір кәрі,  
Талай-талай заманнан  
Тепкі көрген қыр шалы  
Дөңде отырған осы кез.  
Кейде айқайлап, қиқулап,  
Кейде күлкі, кейде зар,  
Жатты әйтеуір қыр шулап,  
Құлақ қоя, жұмды көз.*

Бүкіл поэма қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардан құрылған. Поэмаға фольклордың зор ықпалы тиген. Бұл еркін композициядан, баяндаудың тарпаң мәнерінен көрінеді. Ақын көркемдік, идеялық мұратын толғау

түрінде, төкпе-жыр үлгісінде, сөздерді еселей қолданып, градацияға ерекше мән беретін дәстүрлі әдісін – арнаулы сәтіммен қолданған. Сондықтан автор бір оқиғадан екінші оқиғаға еркін көшіп, бір дәуірден екінші дәуірге ауысып отырады. Мысалы, қария мен баланың бастан кешкен қиыншылықтары баяндалатын “Құл көгені” тарауынан кейін ұяттан құтылу үшін өзенге секірген тұтқын қыздың бейнесі берілетін “Құрбандық” тарауы берілген. Халықтың адам төзгісіз қиын өмірін суреттейтін “Отарға жорық” тарауына жат жерлік басқыншылардың шабуылдары туралы әңгіме қозғалатын “Жиделі Байсын” тарауы жалғасады.

Поэмада фольклордан алынған эпитеттер немесе салыстырулар ғана емес, ауызша поэзияның жоқтау, той бастау сияқты кейбір жанрлық үлгілері де кездеседі.

“Күйші” (1931) – халықтың өміріндегі өнердің рөлі туралы поэма. Бұл Кенесары хан билік құрған кездегі (XIX ғасырдың I-жартысы) дарынды сазгер-күйші Қасымовтың қайғылы тағдыры туралы әлеуметтік-психологиялық поэма. Жас дарынды хан өзінің қарындасы Қарашаш ханымға берген. Алғашқыда оның сұлулығына қайран қалған дарынды жас жігіт тамаша әуендер шығарады, бірақ қыз өнер жолына жаңа түскен музыканттың жанын түсінбейді. Сол кезде жас жігіт бос кеуде сұлуға сұқтану мен бостандықтың бірін таңдауға мәжбүр болады. Жас күйшінің қайғылы тағдыры ұлы Абайдың, Махамбеттің, Ақан серінің және басқа қазақ ақындары мен сазгерлерінің тағдырымен үндеседі. Өткен дәуірдің қапас дүниесінде жыр дарыған дарын жалғыздыққа дүшар болады.

Жансүгіров өзінің “Жолдастар” романымен қазақ әдебиетіндегі эпикалық жанрға және оны дамытуға үлкен үлес қосты. Онда революцияға дейінгі ауылдың өмірі туралы әңгімеленеді, түрлі адамдардың – түрлі әлеуметтік күштердің, соның ішінде еңбекші халық өкілдерінің тағдырлары суреттеледі. Феодалдардың ғасырлық езгісі үйсіз-күйсіз қазақ кедейлері тарапынан наразылықтың

тууын күшейтеді. Шығарманың кейіпкерлерінің – Сатанның, Мәмбеттің, Марданның тағдырларын мысалға келтіре отырып, жазушы қазақ кедейлерінің әлеуметтік-саяси күреске дейін қалай жетілгендігін көрсетеді. Әрбір кейіпкердің өз мінезі, өмірге деген өз көзқарастары бар, бірақ олардың барлығын ушыққан әділеттілік сезім, бостандық, ақиқат үшін күресуге деген ұмтылыс біріктіреді.

Жансүгіров орыс классикалық туындыларын қазақ оқырмандары арасында насихаттауға көп еңбек сіңірді. Ол А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың, Маяковскийдің, әлемдік классикалық поэзиядан Гейнениң, Гюгоның, Петефидің шығармаларын аударды. "Пушкинді түгел қазақ тіліне аударудың қажеттілігіне сенімдімін... "Руслан мен Людмиладан" эпиграммаларға дейін, "Капитан қызынан" фельетондарға дейін", – деп есептеді І.Жансүгіров. Өзі атақты "онегиндік шумақтың" бүкіл поэзиялық күшін сақтай отырып "Евгений Онегинді" толық аударып шықты.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. І.Жансүгіров қай өңірде туған?
2. Жас Ілиястың сүйікті әншісі және композиторы болған кім?
3. І.Жансүгіровтің белгілі поэмаларын атап шығыңыз.
4. Мұхтар Әуезов І. Жансүгіровтің поэмаларын қалай бағалады?
5. "Дала" поэмасында даланың қай тарихы туралы айтылады?
6. "Дала" поэмасының композициясының ерекшелігі неде?
7. Ілияс Жансүгіров поэзия мен прозадан басқа немен айналысты?
8. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталды?
9. "Күйші" поэмасының тақырыбы қандай?
10. "Күйші" поэмасында автор нені дәлелдейді?
11. Жансүгіровтің аудармашы ретіндегі дарыны неден көрінді?

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Научно-популярный справочник "Казахи".
2. Смирнова Н. Сатпаева Ш., Алибаева Х. Казахская литература. – А., 1979.
3. Сатпаева Ш. Казахская литература и Восток. – 1982.
4. Х. Абдуллин. Ілияс аға туралы // Жалын, №5, 1993. – 13-36 б.
5. М. Дүйсенов. Ілияс Жансүгіров. – А.: Ғылым, 1965.

#### Тарауға арналған тест сұрақтары:

1. "Қазақтарды оқыту жүйесі" еңбегінің авторы кім?
  - а) М.Жұмабаев;
  - ә) С.Сейфуллин;
  - б) С.Торайғыров;
  - в) Б.Майлин.
2. С.Торағыровтың өлеңмен жазылған романы?
  - а) "Кедей";
  - ә) "Кім жазықты";
  - б) "Қазақтың өлеңдер жинағы";
  - в) "Кәрілік".
3. С.Көбеевтің романы:
  - а) "Бақытсыз Жамал";
  - ә) "Адасқан өмір";
  - б) "Тағдыр";
  - в) "Қалың мал".
4. Ғайша қай шығарманың кейіпкері?
  - а) "Қалың мал";
  - ә) "Адасқан өмір";
  - б) "Өнегелі бала";
  - в) "Орындалған арман".
5. 1913 жылы Семей қаласынан Шөкәрімнің қандай кітабы жарық көрді?
  - а) "Қазақтардың айнасы";
  - ә) "Үмітім-балам";
  - б) "Еңлік-Кебек";
  - в) "Боран".

6. Шәкәрімнің Пушкиннен аудармасы:

- а) Ләйлі-Мәжнүн;
- ә) Ярдәм;
- б) Ақ қайың;
- в) Боран.

7. Ахметті "Қазақ зиялыларының рухани көсемі" деп атаған кім?

- а) Абай;
- ә) Мұхтар;
- б) Мағжан;
- в) Шәкәрім.

8. Төмендегі еңбектердің қайсысы Ахмет Байтұрсынұвтікі?

- а) "Оқулық";
- ә) "Өнегелі бала";
- б) "Тіл-құрал";
- в) "Мен жастарға сенемін".

9. Міржақып Дулатұлының бүркеншек аты?

- а) Арғын;
- ә) Жік;
- б) Қызылтаулық;
- в) Найман.

10. Майлиннің алғашқы өлеңі қайсі?

- а) "Мұсылманшылық белгілері";
- ә) "Раушан – коммунист";
- б) "Мұқтаждық";
- в) "Мамыр".

11. Міржақыптың өлеңдер жинағы:

- а) "Маса";
- ә) "Кел, балалар";
- б) "Оян, қазақ!";
- в) "Серке".

12. Мағжан қай басылымның редакторы болды?

- а) "Қазақ";
- ә) "Қазақ тілі";
- б) "Айқап";
- в) "Азаттық туы".


13. Мағжанды "Қазақтың Пушкині" деген кім?

- а) Лермонтов;
- ә) Есенин;
- б) Брюсов;
- в) Блок.

14. Төмендегі шығармалардың қайсысы І. Жансүгіровтікі?

- а) "Батыр Баян";
- ә) "Құлагер";
- б) "Қартқожа";
- в) "Шаншар молда".

## VIII ТАРАУ XX ҒАСЫРДЫҢ 40-60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ



### Жамбыл Жабаев (1846-1945)



*Мен – елімнің қыранымын,  
Мен – елімнің ұранымын.*  
**Ж.Жабаев**

Ұлы Отан соғысы қазақ халқына өлшеусіз қасірет әкелді. Шыңғыс хан жорығы, қалмақ қырғыны, 1932 жылғы Кеңес қырғынын көрген қазақ халқы бұл апатты да Отан қорғау деп түсінді.

Ұлы Отан соғысы әдебиетті көнігі халықтық поэзиядан басталады. Оның полифониялық үнін халық ақындары бастады.

Жамбыл – қазақ жазба-поэзиялық өнерінің ұлы шебері. Жамбылдың өлеңдерінде, оның домбырасының күйінде қазақ халқының ақиқат даусы естіледі. "Мен – елімінің қырағы қыранымын, мен – елімнің ұранымын", "Мен – сіздің Жамбылыңызбын", – деп ақын еңбекшілерге сөз арнайды. Ұжымдық мүдде жеке мүддемен үйлесімді түрде бірігіп кететін оның өлеңдері Жамбылдың өнерінің негізін құрайды. Ел ортасында жүрген ол халық мұңын жырлайды.

Жамбыл 1846 жылғы қыстық боранды түнінде жыртық киіз үйде дүниеге келді. Ол өз халқымен бірге жүз жылға жуық жасасты.

Жамбыл туған XIX ғасырда күн көрісін қамы үшін ауылдарды аралап жүрген ақындар, кәсіпқой әншілер баршылық-тын. Ән ақынды асырады. Әншілер, көбінесе, ел мүддесін жоғары қоя білді. Олар бұқара үшін ән салды. "Ақын өзінің суырып-салма өлеңін өзімен-өзі отырып жырламайды. Оған өткір ойдың қадірін білетін көрермен керек...". Бұл – қазақтың тұңғыш ағартушысы Ш.Ш.Уәлихановтың қағаздарынан алынған сөздер.

"... Ақындар өз жандарынан шығаратын өлеңдерін адамдар көп жиналатын жерлерде, жұртшылық алдында, ас берулер мен бәйгелерде, үйлену тойларында, қоғамдық бастамалармен байланысты жиындарда орындайды.

1892 жылы жазда Сырдария облысының Қазалы, Перовск және Ырғыз уездерінің қазақтары жиналған бес мың адамдық жиында ақындарды тыңдады. Жұлдызды түнде жиналған тыңдаушы көпшіліктің ортасында ақындардың дауыстары естілді. Оларды айқаймен жігерлендіріп отырды, оларға орамалдар, сыйлықтар лақтырды", – деп жазады И.В.Аничков 1897 жылғы жазбасында.

Суырып-салмалық өнерді меңгеру үшін Жамбыл басқа ақындар сияқты өзіндік өнер мектептерінен өтті. Ол жасөспірім және жас жігіт кезінде ауылдарды аралаған сапарларында Сүйінбай ақынның жанында жүрді.

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Жамбыл және басқа жас ақындар қазақтың Орта жүзінің атақты суырып салма әншісі Шөжемен бірге Қырғызстанға барып қайтты. Жамбыл Түркістан өлкесінің көрнекті ақындары – Майкөттен және Майлықожадан әндер мен жыр үйренді. Әрбір ақынмен кездесу оны шабыттандырып, халық арасында танымал ете бастады. Ол Жетісудің Үйсін, Жалайыр, Дулат, Албан және Суан сияқты бар-



лық руларының ауылдарында және Балқаштың жағалауында да болды. Бірнеше рет Қырғызстанға сапар шекті. Ондағы ауылдарда Жамбыл Көрғұлы, Алпамыс батыр туралы жырлады, "Манастан" үзінділер айтып берді. Өзінің Сүйінбайдан үйренген Сұраншы батыр және Өтеген туралы әндерін өз мәнеріне салып орындады.

Жамбыл көбіне өзіне жолда тоқтауға тура келген ауылдардың бай қожайындары туралы ойынан шығарған әжуа өлеңдерді айтып жүрді. Жамбылдың әділдікті жақтаған әжуа өлеңдері осы кезге дейін сақталды. Олардың қатарында "Мәнке туралы", "Кәмшат қыз", "Мәмбетке", "Шалтабайға", "Қалиға", "Кәкімге", "Мешкей Есенәліге" атты өлеңдері бар. Оларда Жамбыл халықтың және өзінің абыройын қорғайды. Ақын байлар мен болыстық билеушілерді, ауыл старшиналарының сараңдығын, халықтық мүдделерге мән бермейтіндігін сынайды.

Жамбыл жырларына көбіне, халық үшін күресе алатын бостандық сүйгіш кейіпкерді арқау етіп алады.

Жамбылдың суырып-салмалық өнердің биігіне айтыс арқылы жетті. Атақты ақын Құлмамбетті жеңу арқылы ол бүкіл Жетісуға әйгілі болды. Құлмамбет те, Сарбас пен Шашубай да айтыстың белгілі тарландары еді. Олардың артында бай ықпалды рулар тұрды. Кедейленген, күйі кеткен Шапырашты руынан шыққан ақын Жамбылдың жеңісінің құпиясы қайда жатыр? Ол айтыстың мазмұнын өзгертті, оған әдеттегіден тыс мазмұн енгізді.

Айтыс рудың беделін көтеретін, оның басқа рулар алдындағы артықшылықтарын мадақтайтын жанр ретінде қалыптасты. Айтысқа түскен ақын өз руын, оның батырлары мен байларын, оның жайылымдарын, табындарын, отарларын мақтады және қарсыласының өзін де, руын да кемітіп отырды. Айтысқа қатысушылар қарсыласының және оның туысқандарының абыройына қараған жоқ. Айтыс ақындардың бірі келесі ақын айтқан жырды қайталағанша немесе жауап бере алмай қиналғанша созыл-

ды. Жыр дауы бәсекелесуші рулардың айқасына айналған кездер де болды.

Бірақ Жамбылға өз руы Шапыраштының дәстүрлі артықшылықтарын дәріптеу, өзін-өзі мақтаумен сөз асыру аздық етті. Ол айтыстың шекараларын кеңейте түсті, жыр сайысын демократияландырды, оны жаңа әлеуметтік мазмұнмен толықтырды. Рудың дәстүрлі патриархалдық түсінігіне, оның байлығы мен тектілігін дәріптеуге ол халық, халықтың ерлігі, оның бірлігі туралы ойларын қарсы қойды.

Жыр сайысының тамаша мектебінен өткен Жамбыл айтыстың бүкіл ерекшеліктерін, барлық құралдарын, халық бұқарасының ойларын, сезімдері мен көңіл күйін білдіре отырып феодалдық төбе топтардың өкілдерінің бейнелерін жасауға жұмсады. Тындаушылардың қызығушылығын арттыра отырып ол образ-кейіпкердің типтік белгілерін бейнеледі, олар орын алған ортадағы нақты жағдайды айқындап көрсетті.

1917-1936 жылдары екі-үш ән және "Жүйрік уақыт" поэмасын жазды. Жабаевтың шығармашылығы түбірінен өзгереді, ол – халық таныған ақын және суырып-салма ақын. Еңбекшілер бұқарасының өзі де жаңа рухани бейнеге, кеңес өкіметінің кезіндегі өмірге байланысты жаңа қатынастарға өзгереді. Енді ақын Кеңестік Қазақстанның даңқын көтереді. Ол өз тақырыбын қазақ поэзиясындағы жаңа бейнелермен – совет өкіметімен және жаңа өкіметті бүкіл жүрегімен қабылдаған қазақ кедейлерімен ашты. Ақын мен халықтың армандары мен көзқарастары бір болды.

"Жүйрік уақыт" поэмасына автор бірыңғай эпикалық іс-қимыл мен уақытты енгізбейді, композицияны біріктіріп тұратын кейіпкер де жоқ... Өмір өз заңдарымен жылжиды, орыс патшасы II Николайдың билігімен хандар ауысады, осының барлығы қазақ халқына тек азапты күндер мен қасіреттер әкеледі, тек революция ғана халықты нағыз бостандыққа алып келді.

1936 жылы "Менің Отаным", "Сұраншы батыр", "Өтеген" поэмаларын жазды.

Жамбылдың шығармалары көбіне халық ауыз әдебиетімен сарындас. Ақын поэзиясының әлсіз жерлері

де бар, бірақ олар ақынның дарынын әлсіретпейді, мұны Жамбылдың санасындағы өткеннің қалдықтарына жатқызуға болар еді. Осыған қарамастан өз шығармашылығында халықтың өміріндегі ұлы өзгерістердің тарихи сәтін бейнелеген Жамбыл Жабаетты қазақ поэзиясында өз орнын иеленді.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Жамбыл \_\_\_\_\_ дүниеге келді.
2. Жамбыл ақындық поэзияның қандай мектептерінен өтті?
3. Ақынның белгілі поэмаларын атаңыз.
4. Жамбыл айтысқа қандай жаңалық енгізді?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Ауэзов М. Искусство айтыса Джамбула. Известия АН КазССР. Серия лит., 1948.
2. Смирнова Н, Сильченко М. Д.Джабаев (Вступительный очерк). – А.: Жазушы, 1980.
3. Зелинский К. Джамбул. – М., 1955.
4. Джамбул. Избранное. – М.: Худож. Лит., 1986.
5. Асыл бейне // "Егемен Қазақстан", 1996.
6. М. Қаратаев. Ізденіс іздері. – А., 1984.

### Ғабит Мүсірепов (1902-1985)



*Ғ.Мүсірепов – қазақ әдеби тілінің зергері.*

*Оның тілі, қазақ тілінің үнділігі мен нәрлілігін өз орнына қолдана білуі кез келген оқырманды таңғалдырады.*

**З.Қабдолов**

Ғабит Мүсіреповтың "Қазақ солдаты" романы қазақ әдебиетіндегі тамаша құбылыс болды. Роман арқауы кеңес халықтарының Отан қорғау жо-

лындағы бауырластық бірлігі негіз болған. Романда әлеуметтік құрылыстың артықшылықтары, жастарды тәрбиелеу мәселесі көтерілген.

Романның басты кейіпкері – прототипі Совет Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов болып табылатын Қайрош Сарталиев.

Үлкен прозалық шығармада замандастың өмірін, соның ішінде жеке өмірін, жауынгердің өмірін шынайы бейнелеу, оның майдандағы қаһармандығын, көңіл-күй әлемі мен ішкі дүниесін көрсету – қазақ әдебиетіндегі жаңа құбылыс. Сондықтан сара суреткерлік шешімді табу маңызды міндет болды. Қайроштың реалистік образын жасау жазушының ғана емес бүкіл қазақ әдебиетінің табысы болды. Романда басқа совет жауынгерлерінің де образдары жасалған: әзілқой және қуақы Самед Абдоллаев, алып тұлғасымен және батылдығымен ерекшеленетін Семен Зонин, бейбіт кезеңдегі еңбектегі күндерін жиі еске алуды жақсы көретін Петр Ушаков, суретші Сережа Астахов, Русаковтың, Ревякиннің, Мирошкиннің образдары есте қалады. Олардың барлығы тайсалмастан неміс фашистеріне қарсы айқасқа шығып Отан қорғауға қатысты, мызғымас достық олардың жеңіп шығуына жол ашты.

Ғабит Мүсірепов алғашқылардың бірі болып соғыс кезіндегі халықтардың бауырластық достығын көрсете отырып совет жауынгерлерінің бейнесін жасады.

Жазушының "Оянған өлке" романында да халықтар достығы идеясы негізгі арқау болған. Автор өз романын қазақ жұмысшы табының қалыптасуы мәселесіне арнай отырып, әр түрлі ұлтқа жататын жұмысшылардың арасындағы достық қатынастардың нығаюын көрсететін фактілерге жан бітіреді. "Мен әлі патша билігі жүріп тұрған кезеңде көшпелілердің өз даласында жаңа жол тапқандығы және қараған көп өскендіктен Қарағанды деп аталып кеткен жердегі мыс рудалары мен көмір кәсіпорындарына қалай жұмысшы болғандығы туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп беруді қажет деп санадым. Олардың шиеленісті тағдырлары, олардың өмірден жақсы орнын табу

туралы жаңа түсінігі – осының бәрі "Оянған өлке" романына негіз болды", – деп жазды автор.

Романның оқиғалары Ресейде XIX ғасырдың екінші жартысында капиталистік қатынастардың жедел дамыған кезеңінде өтеді.

Ғ.Мүсірепов "Автобиографиялық әңгімесінде" өзін соғысқа дейін атақты ақын және композитор Ақан серінің тағдыры қызықтырғанын жазады. Кейіннен осы жолда бас алмай еңбек етіп, Ақан сері мен Ақтоқтының махаббатын "Ақан сері-Ақтоқты" шығармасын әңгімелеп берді.

Мүсірепов 30-жылдары "Қыз Жібек", "Амангелді", "Қозы Көрпеш пен Баян сұлу" драмалық шығармаларын жазды. Мүсірепов "Амангелді" драмасын Б.Майлинмен бірге жазды. Амангелді – халық батыры, революция қарсаңындағы халықтық көтерілістің нағыз бастаушысы. Осы драманың желісі бойынша фильм түсірілді, оны көрсетер алдында Майлин жазықсыз жазалауға ұшырады. Осындай жағдай Мүсіреповпен де қайталануы керек еді. Алайда, оны "Правда" газетінде жарияланған фильм сценарийі өлімнен арашалап алды.

Мүсіреповтің шығармашылығында оның 30-40-жылдары жазған "Ашынған ана", "Ананың анасы", "Ер ана", "Ақлима", "Ананың арашасы" сияқты аналар жөніндегі новеллалар топтамасы елеулі орын алады.

1933 жылы жазушы М.Горькийдің "Адамның тууы" және "Италия туралы ертегілер" әңгімелерінің еркін аудармасын жасады. Аудармашы олардың стилінің романтикалық көтеріңкілігін сақтай отырып әңгімелердің көлемін біраз қысқартты және кейбір психологиялық сәттерді баса көрсетті. Олардың атауларын да өзгертті. Қазақ оқырманы "Адамның тууын" "Ананың анасы" деген атпен оқыды. Орысша түпнұсқасында адамның дүниеге келуіне басты назар аударылса, аударманың қазақшасында ананың бейнесіне, қасиетті аналық сезімге басты орын берілді.

Горькийдің әңгімелері Мүсіреповті аналар туралы новеллалар топтамасын жазуға итермеледі. Дегенмен де "Ана", "Ашынған ана", "Ананың арашасы", "Ер ана",

"Ақлима" – өзінің тамырларымен ұлттық топырақтан шыққан шығармалар. Горькийдің ықпалы жазушының өз дарынының ерекшеліктерін көрсетуге көмектесті.

Мүсіреповтің романтикалық шығармаларына оның өмірдің мәні жөніндегі келесі ойы айтылатын "Қыран жыры" әңгімесі жатады: "Өркім өзі жетуге ұмтылатын өз биіктігін таңдауы тиіс. Тіпті сен оған жетпеген жағдайда да оған жету жөніндегі жоғары мақсат сені рухтандырады: тіпті жоғарыға шыққан кезде де болмай қоймас құмарлықтар сені ұятқа қалдырмайтын болсын..."

"Ұлпан" романы – Ғ.Мүсіреповтің соңғы туындысы. Жазушы өз кейіпкерлері – Ұлпан мен Есенеі олардың көңіл-күйін деп басты. Есенеі – жан-жақты тұлға. Жаратқан оған қара күшпен қатар үлкен ақыл-ой берген. Ол таққа отырмаса да хан сияқты елге билік жүргізді, сол кездегі деңгеймен қарағанда жоғары білімді, оған қоса орыс әскерінің офицері болды.

40 жас айырмашылығына қарамастан айбарлы Есенеі уыздай жас Ұлпанға ғашық болады. Ұлпан жас әрі әдемі, дана жүрегі мейірімді, ұшқыр ойлы болып шықты. Есенеі оның ықпалымен қайырымдылық, ізгі жолына түсті. Ақыр аяғында Ұлпан Есенеіден жоғары, беделді болып шықты. Осыдан автордың өзінің әйел кейіпкердің жағында екендігі білініп тұрады. Мүсірепов Ұлпанды қазақтың "Мона Лизасы" деп атады.

Жазушының кітаптары қазақ әдебиетінің классикасын құрайды. Ғ.Мүсіреповты әлем жұртшылығы мойындады, халықаралық ЮНЕСКО ұйымының 2002 жылы Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығын атап өту туралы шешімі осының дәлелі болып табылады.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ғ.Мүсіреповтің соғыс туралы кітабы қалай аталады?
2. Қайырғали Смағұлов – кімнің прототипі?
3. Мүсірепов Ақан сері туралы қандай еңбек жазды?
4. Мүсірепов Ақан сері туралы қандай еңбек жазды?
5. "Ашынған ана", "Ақлима" қандай әңгімелер топтамасына кіреді.
6. Мүсірепов Ұлпанды қалай атады?

## Қолданылған әдебиеттер:

1. Шимырбаева Г. Мусрепов и кино // Казахстанская правда, 22.03.2002.
2. Смирнов Н., Сатпаева Ш., Адибаев Х. Казахская литература. Учебник для 9-10 кл. – А.: Мектеп, 1988.
3. Жумағалиев Б. Классик казахской литературы // Приуралье, 02.04.2002.
4. Тұтын қыз ("Пленница", повесть и опера. Ж.Ордалиева). "Простор" № 7, 8, 1995.
5. Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы.
6. Муканова Г. Устами художника вещает эпоха. "Мысль" журналы, № 4, 2002.
7. Даутова С. Натянутая струна драматизма. "Мысль" журналы, № 2, 2002.

### Мұхтар Әуезов (1897-1961)



*Сенің өлмес еңбектерің сені әлемдік  
көркем прозаның таңдаулы  
өкілдерінің қатарына қояды*  
Всеволод Иванов

Әлем әдебиетінде Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімі оның "Абай жолы" роман эпопеясы жарияланғаннан кейін белгілі болды.

"Абай жолы" – қазақ әдебиетінің әлемдік мақтанышы.

XIX ғасырдың 10-20-жылдары жазушы әңгімелер мен "Қаракөз", "Бәйбіше-тоқал", "Қорғансыздың күні", "Кінәмшіл бойжеткен", "Қаралы сұлу", "Қилы заман", "Қараш-қараш оқиғасы" повестерін жазды – бұл жазушының кемелденген тұсы болды. Осы шығармалардың негізгі тақырыбы төңкеріс кезіндегі қазақ ауылының өмірі мен тұрмысы, қорғансыз жандардың тағдыры болып табылады. Бұл қарапайым адамдардың зардап шегуі, өзгеге түсуі ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани ояну тұсы. Мұхтар Әуезов Майлин мен Торайғыровқа қарағанда *адамгершілік* тақырыбына көп оралады.

Автор бұл әңгімелерде әйелдер бейнесін ерекше бөліп көрсетеді. Әуезов әйелге Толстойша немесе Тургеневше емес, басқаша қарады. Онда әйелдердің тағдыры өте ерекше болып келеді. Жазушы шығыс әйелінің қайғысын шынайылықпен әңгімелейді, оның қайталанбас тұлғасын аса бір нәзіктікпен және құрметпен тілге тиек етеді.

Әуезовтің ерте кездегі шығармаларының өзінде өте бір таңқаларлықтай кемел қаламмен жазылған әйелдер бейнесінің галереясы жасалған. "Қилы заман" повесіндегі батыл Бекейге арналған шағын тараудың өзін оқыған адам бұл әйелді ұмытпайды. "Өскен өркен" романындағы бақытсыз Алуаға арналған бір ғана тарауды оқысаңыз, осы әйелді өмір бойы есіңізде сақтап қаласыз.

Ал "Қорғансыздық күні" әңгімесіндегі өр кеуде қыз Фазиза мен оның әжесін, кексе әйелді қалай ұмытуға болады.

Жас сұлу аярлықтың торынан қара үзіп шыққан кезде "Қаралы сұлу" есте сақталып қалады.

Абай эпопеясында дана ана Ұлжан мен мейірімді әже Зере және таза махаббаттың бейнесі Тоғжан да – қайталанбас тұлғалар.

1929 ж. Әуезовтің інжу-маржаны – "Көксерек" шағын повесі жарық көрді.

Александр Твардовский оны оқи отырып классикалық проза деп атады. Оны қасқырдың қаза тапқан қаншығын жоқтау көрінісі толқытса керек.

"Көксерек" Мәскеуде бірінші рет 1969 жылы жарияланды.

Әуезов 30-жылдары өмір қақтығыстарының психологиялық жағына көңіл бөле бастады, оны ең алдымен тарихтың түбірлі кезеңдеріндегі адамдар қызметінің әлеуметтік нақыштары қызықтырды. Бұл "Тартыс", "Айман-Шолпан", "Шекарада" пьесалары, "Шатқалаң", "Білек-ке білек" әңгімелері, "Абай" романы, Шекспирдің "Отелло", "Асауға түсау", Н.Г. Гогольдің "Ревизор", К. Треневтің "Любовь Яровая" шығармаларының аудармаларында көрініс табады.

"Түнгі сарын" (1934) тарихи пьесасы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына арналған.

М.Әуезовтің шығармашылығында және ғылыми қызметінде Абай Құнанбаевтың көркем мұрасы тақырыбына көп орын берілген, жазушыны ұлы ақынның өмірі қызықтырды. Сонау 30-жылдарға дейін Абайдың шығармашылығы жөнінде және оның қазақ халқының әдебиетін дамытудағы рөлі туралы қызу даулар болып жатты. Әуезов Абай шығармашылығын дұрыс ғылыми және көркем деңгейге жеткізу үшін өте көп күш-жігер жұмсады.

1937 жылы жазылған "Татьянаның қырдағы әні" үзіндісі болашақ романның тарауы ретінде еді. Жазушы өз шығармасын Абайдың ұлы Пушкинмен рухани байланысы эпизодынан бастады. Бұл тақырып автордың ойынша романның негізгі идеясын айқындайтын негізгі тақырыптардың бірі болуға тиіс еді.

Автор алғашқыда романды Абайдың қазақ және орыс мәдениеттерінің таңдаулы жетістіктерін бойына сіңірген екі халықтың ұлы екендігі туралы жазушының идеясын атап көрсету үшін "Телғара" (Абайға анасы мен әжесі берген "екі ананы тел емген" дегенді білдіретін) деп атауды ойластырған. Роман автордың алғашқы кездегі ойы бойынша үш кітаптан тұруы тиіс еді, бірақ жұмыс үрдісі кезінде оның шеңберлері кеңейтіле берді. Әуезов "Абай" романын екі кітап етіп жазды, ал оның жалғасы "Абай жолын" екі кітап етіп шығарды.

Жазушы "Абай" романының бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы аяқтады.

"Абай жолы" роман-эпопеясы – үлкен эпикалық ауқымдағы шығарма, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамының түрлі жіктеріне терең ене отырып дәуірдің кең және жан-жақты суретін беретін шынайы энциклопедиялық туынды.

Мұхтар Әуезов тарихи ақиқаттың негізгі мәнін бұзбастан тарихи деректер негізінде бейнелей отырып өмірлік құбылыстарды баяндауға мүлдем жаңаша қадам жасайды, жазушы оларды өзінің шығармашылық бейнелі се-

зімімен толықтырады, шындықтың мәнді жақтарын тереңірек ашуға, идеялық-көркем ойды толық жүзеге асыруға көмектесетін толық немесе ішінара ойдан шығарылған кейіпкерлерді енгізеді. Роман-эпопеяның тақырып көкжиегінің кеңдігі, онда көрсетілген адами тұлғалар мен тағдырлардың көптүрлілігі таңғалдырады.

*"...Әуезовтің романы – жетілдірілген, ұлы, көркем шығарма. Бұл өмірдің көптеген жақтарының бедерлі суреттерін беретін, адам өз бойында алып жүрген қуатты энергияны көрсететін, махаббат пен жеккөрушілікті және ең бастысы, тез есте қалатын жарқын бейнелер арқылы халықтық өмірдің тарихи жолдағы кезеңдерін көрсететін нағыз роман"* – деп жазды орыс жазушысы Л.Соболев.

Өмірінің соңғы жылдарында М.Әуезов қазіргі заманға арналған "Өскен өркен" шығармасын жазды. Кітапта суреттелетін оқиғалар қалада және кеңшарда өтеді. Автор зиялы қауым өкілдерінің бейнелерін жасайды, шопандардың, мақташылардың, құрылысшылардың өмірін суреттейді. Жазушы өз шығармасында моральдық көкейтесті мәселелерді күрделі мәселелер қатарына қосады.

Басты кейіпкер Нил Карпов – адамгершілігі жоғары, кең ойлап, көп толғанатын, мемлекеттік борышқа адал, жалпы мүддеге берілген адам. Карпов мал шаруашылығын дамытуды жеделдету жөнінде батыл ұсыныстар енгізеді.

*"Менің кейіпкерім – зиялылығы жоғары адам, орыс мәдениетін жеткізуші. Оның араласпайтын ісі жоқ – қазақ халқының өнері мен әдебиетінен жас жұбайлардың отбасылық қатынастарына дейін араласып жүреді, ол махаббатты ескі әдет-ғұрыптардан қорғайды және көшпелі жайылымның қиын жағдайларында қалған шопандар үшін қиналысқа түседі. Ол өзін түгелдей адамдардың жақсы тұруына, адамдардың жоғары, таза, көңілі нәзік болуына арнайды"*, – деп жазды М.Әуезов.

Әуезовтің шығармашылығындағы жетекші орын ұлы Абайға арналады. М.Маданова өзінің "Мұхтар Әуезовтің

шығармашылығы және француздық әдеби дәстүрлер” атты жұмысында *“М.Әуезов Абай поэзиясының үш басты көзін тапты, олардың ішінде ол халықтық поэзиялық дәстүрлерді, шығыс және орыс классикасын, ал олар арқылы батысеуропалық әдебиетті бөліп көрсетті”* – деп жазады. *“М.О.Әуезовтің беруіндегі Абайдың дүниетанымы”* мақаласында А.Қодар *“Әуезовтің Абайдың дүниетанымының үш көзі туралы тұжырымдарында шығыс мәдениеті мен орыс әдебиеті Абайға өзіндік ұлттық мәдениетінде сапалы ілгері қадам жасау үшін қажет болуы фактісіне көңіл бөлінбеген”* – деп атап көрсетеді.

Соған қарамастан біз М.О. Әуезовке ақиқатты айту өте күрделі болған сол кездің өзінде ол Абайдың дүниетанымын оған тән барлық көпқырлылығымен және тереңдігімен қарағаны үшін қарыздармыз. Өзінің ғылыми шығармашылығының және роман-эпопеясының арқасында Әуезовке Абайды ХІХ ғасырдағы қазақ мәдениетіндегі ең атақты тұлға ретінде қорғап қалудың сәті түсті.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. 1917 жылы М.Әуезовтің қандай пьесасы жарық көрді?
2. “Қилы заман”, “Қорғансыздың күні”, “Қараш-қараш оқиғасы” қай жылы жарияланды?
3. М. Әуезов қандай тақырыптарға көбірек назар аударды?
4. “Ғазиза – \_\_\_\_\_ өр кеуде қыз”. Қай шығармадан үзінді?
5. Твардовский М. Әуезовтың қай повесін “Классикалық проза” деп атады?
6. Әуезовтің “психологиялық пьесаларын” атаңыз.
7. “Телғара” – қай романының алғашқы аты?
8. Әуезовтің соңғы шығармасын атаңыз.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Великий писатель – гуманист. “Мысль” журналы №4, 1997.
2. Кедрина З. Мухтар Ауэзов, – М., 1951.
3. Абай. Наследники. На перепутье. – А., 1995.

7. Ахметов С. Современное развитие и традиции казахской литературы.

8. Творчество Мухтара Ауэзова и французские литературные традиции.

9. Ордалиева Ж. Концепция казахской музыки в творчестве Абая и М.Ауэзова: суфийские мотивы.

10. Кодар А. Мирвоззрение Абая в интерпретации М.О.Ауэзова (“Культурные контексты Казахстана: история и современность”). – А., 1998.

11. Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы.

12. Майтанов Б. М.Ауэзов – художник. – 1996.

### Сәбит Мұқанов (1900-1973)



*Ол ұлттық романның дамуына елеулі үлес қосты... Кейінкерлердің мінез-құлық сипаттамаларын бөлшектеп жасау – Мұқанов шығармаларының кредосы болып табылады.*

**Хасен Әдібаев**

Қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Сәбит Мұқанов төл әдебиеттің дамуына зор үлес қосты. Оның **“Болағөз”, “Мөлдір махаббат”, “Сырдария”** романдары және **“Өмір мектебі”** трилогиясы кеңінен белгілі болды.

С.Мұқанов 1900 жылы Қостанай облысының Преснов ауданында кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Ерте жетім қалды, жалданып жұмыс істеді, қой бақты, малдың соңында жүрді. Сирек және бос уақытта ауыл молдасынан сауатын ашты. Буыны бекімей жатып жетім қалған ол өмір тепкісін көп көрді. Жазушы өзінің балалық шағындағы ауыр күндері туралы есінде қалғандарды **“Өмір мектебі”** романында былай деп жазады: *“...жазда біз сүтпен және қымызбен ғана қоректендік, орыс поселкесінен алатын нанды көру біздерге мұң еді. Бірақ көбіне өзінің балаларына бермей қалатын менің ағайым*

мені мен қарындасым екеуімізге жоқшылық көрсеткен жоқ. Кейде апайымыз жайлап қана бір тілім нанды бөліп алып, ешкімге көрсетпей бізге тығып беретін.

Ағайымның отбасының күнкөрісі, әсіресе, қысқа қарай қиындайтын: ірімшік пен сүзбеден басқа жейтін ештеңе болмайтын. Күзде біз ең болмаса сорпадан еттің исі шығу үшін бұзау соятынбыз, бірақ оның өзі бүкіл қыс бойына жетпей қалатын еді".

Сәбиттің есте сақтау қабілеті ғажап еді: аңыздарды, өсиеттерді, халықтық эпостық шығармаларды жатқа айта беретін. Даладағы жиын-тойларда да өлеңдерін оқып жүрді. Мұқанов 15 жасында Абайдың, Ғабдолла Тоқайдың өлеңдерімен, шығыс классиктерінің поэмаларымен танысты. Кейін Мұқанов өз шығармасында Абайдың өлеңдерін алғаш қолға алуы туралы былай деп еске алады: "Мен алтыннан да қымбат нәрсені – Абайдың өлеңдер кітабын таптым. Бірінші қараған кезде автордың фамилиясын көргенде досымды көргендей қуандым... күні бойы бас алмастан оқыдым! Түні бойы оқыдым! Жатып оқыдым, тұрып оқыдым және оқыған сайын одан бас тарту қиынға түсті. Бұл бұрын-соңды естігеніме мүлдем ұқсамайтын дүние екен. Тоқайдың өлеңдері маған ұнады, бірақ мен олардың бәрін түсіне алмадым, кейбір араб және парсы сөздері мен үшін жұмбақ болып қалды.

Ал Абайда олай емес. Мұнда мен бәрін түсіндім. Өйткені ол маған түсінікті нәрселер – ауыл туралы, мен күнде кездесіп жүрген адамдар туралы жазған... Абай менің ой-түйсігімді өмір бойына жаулап алды".

1922-1926 жылдары Орынбордағы рабфакта оқыды.

1923 жылы публицистік және әдеби қызметпен айналыса бастады. Мұқанов "Абай – қазақ әдебиетінің клас-сигі", "Жамбыл – Қазақстанның халық ақыны", "Сәкен Сейфуллин" мақалаларын жазды.

1935 жылы Мәскеуге қызыл профессура институтының әдеби бөлімшесін бітіреді.

"Адасқандар", "Теміртас", "Өмір мектебі", "Жұмбақ жалау" (кейіннен өңделген және "Ботагөз" деп аталған),

"Балуан Шолақ", "Сырдария", "Тыңдағы толқындар" сияқты повестерімен романдары жарияланды.

"Ботагөз" (1938) романы жазушының үлкен жетістігі болды. Онда халықтың тарихындағы қиын кезең болып саналатын 1912-1919 жылдардағы оқиғалар, әлеуметтік тартыстар, түрлі қоғамдық күштердің қақтығыстары суреттеледі. Жазушы романға сол жылдардағы қазақ өмірінің үлкен иірімдерін арқау етіп, алуан түрлі, қайталанбас ерекшелігімен көзге түсетін кейіпкерлердің мінез-құлық сипаттамаларын терең аша отырып болмыстың эпикалық көрінісін толық қамтиды.

Романда басты кейіпкер, қарапайым ауыл қызы Ботагөздің адамгершілік, азаматтық есеуі, жас мұғалім Асқардың табанды күрескер-революционер ретінде қалыптасуы, Амантайдың саналы саяси қайраткерге айналуы, Кузнецовтың қанаушыларға қарсы күреске көтерілген қазақ кедейлерін топтастыру жөніндегі белсенді қызметі туралы әңгімеленеді.

Ботагөздің бейнесі жазушының үлкен табысы болып табылады. Ол нағыз махаббатқа иесі, бірақ оның мінез-құлық сипаттамасы махаббаттық шиеленістерінде емес, ең алдымен өткір әлеуметтік-саяси таптық күрестерде ашылады.

С.Мұқанов – тамаша әңгімеші, кейіпкерлерді әлеуметтік-психологиялық сипаттаудың шебері. Ол қазақ романының дамуына үлкен үлес қосты.

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. С. Мұқановтың трилогиясын атаңыз.
2. Абайдың өлеңдерімен танысқандағы көңіл-күйін айтып беріңіз.
3. Мұқанов кімдер туралы сын мақалалар жазды?
4. "Жұмбақ жалау" қай романның алғашқы аты?
5. Асқар, Амантай, Кузнецов – қанадай шығарманың кейіпкерлері?
6. Жазушының есімін көпшілікке белгілі еткен үш роман-ды атап шығыңыз.

#### Қолданған әдебиеттер:

1. Смирнова Н., Сампаева Ш., Адибаев Х. Казахская литература. – А.: Мектеп, 1988.

2. Ахметов С. Современное развитие и традиции казахской литературы.

3. Адибаев Х. Путь к народу – путь к счастью. "Дружба народов" журналы, №10, 1960.

4. Базарбаев М. Казахская поэзия: художественные искания. А.: Жазушы, 1995.

### Тарауға арналған тест сұрақтары:

1. Абайдың анасы:

- а) Зере;
- ә) Ділда;
- б) Кәмшат;
- в) Ұлжан.

2. "...Атжақты келген ұзын сопақ басының жоғарғы жағы қаз жұмыртқасындай. Жалғыз көзін қабағы жаппайды..." бұл "Абай жолы" романындағы қай кейіпкердің суреттемесі;

- а) Байдалы;
- ә) Байсал;
- б) Оспан;
- в) Құнанбай.

3. Қайсысы Ғ.Мүсіреповтің шығармасы емес:

- а) "Оянған өлке";
- ә) "Қазақ солдаты";
- б) "Ұлпан";
- в) "Ботагөз".

4. "Өмір мектебі" – мына жазушының тағдыры жөне шығармашылығы туралы автобиографиялық трилогия:

- а) І.Жансүгіров;
- ә) М.Әуезов;
- б) С.Мұқанов;
- в) Ғ.Мүсірепов.

5. "Өтеген батыр" – қай автордың туындысы:

- а) Ж.Жабаев;
- б) С.Мұқанов;
- в) А.Құнанбаев;
- г) С.Сейфуллин.

6. С.Мұқанов шығармасының басты кейіпкерлерінің есімдері:

- а) Қайсар мен Сұлушаш;
- ә) Алтай мен Сұлушаш;
- б) Мәшік пен Сұлушаш;
- в) Сәбит пен Сұлушаш.

7. Ғ.Мүсірепов қай жазушы жөнінде жазған жоқ:

- а) М.Горький туралы;
- ә) Т.Шевченко туралы;
- б) А.Солженицын туралы;
- в) М.Шолохов туралы.

8. М.Әуезовтің адамның табиғат дүниесімен қарым-қатынасын суреттейтін шығармасы:

- а) "Қаралы сұлу";
- ә) "Көксерек";
- б) "Қараш-қараш оқиғасы";
- в) "Қилы заман".

9. Суырып-салма өлеңдерді шығарушы, айтыстарға қатысушы;

- а) Т.Жароков;
- ә) Б.Момышұлы;
- б) Қ.Аманжолов;
- в) Ж.Жабаев.

10. Қайрош Сарталиев – Ғ.Мүсіреповтің қай шығармасының кейіпкері:

- а) "Оянған өлке";
- ә) "Қазақ солдаты";
- б) "Ұлпан".

11. С.Мұқанов қай шығарманы жазған жоқ:

- а) "Сырдария";
- ә) "Мөлдір махаббат";
- б) "Борыш";
- в) "Ботагөз".

12. М.Әуезовтің пьесасы;

- а) "Айман-Шолпан";
- ә) "Амангелді";
- б) "Қозы-Көрпеш";
- в) "Күйші".



## ІХ ТАРАУ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ПРОЗАСЫ



### Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыптардың дамуы

*Тарихты білу керек, тарих – бұл біздің өткен жадынамамыз. Жадынаманы, өткенді, өз халқының тарихын білу бізді ой-өрісі кең адамдар қатарына қосады. Өткендер туралы естелік – адамзат ақыл-парасатының негізі.*

**Әнуар Әлімжанов**

Өнердегі және әдебиеттегі тарихи дәуірдің нақты тарихи мазмұнын, оның қайталанбайтын келбеті мен көрінісін әдеби тұрғыда бейнелейді.

Еуропадағы тарихи романның негізін салушы ағылшын жазушысы Вальтер Скотт болып саналады. Ал Ресейде – М.Загоскинның "Юрий Милославский, немесе 1612 жылғы орыстар" романы (1829), А.С. Пушкиннің "Ұлы Петрдің азабы" және "Капитан қызы" атты шығармалары. Бұл жанр "Соғыс және бейбітшілік" роман-эпопеясында биік деңгейге көтерілді. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы Алексей Толстойдың "І Пётр" романын да осы тұрғыдан атауға болады. Автор романда тарихи процеске өзінің бағасын береді. Тарихи процесс туралы ұсыныстарында жазушының философиялық және адамгершілік мұраттары көрініс тапқан.

Тарихи тақырыпқа қазақ әдебиетінде ХХ ғасырда І.Есенберлин ("Көшпенділер" трилогиясы), К.Икрамов ("Болуы мүмкін бақыт"), Ә.Нурпейісов ("Қан мен тер"), Б.Момышұлы ("Артымызда Мәскеу"), Ә.Кекілбаев ("Үркер"), Ә.Әлімжанов ("Ұстаздың оралуы", "Жаушы" "Махамбеттің жебесі"), Д.Досжан ("Жібек жолы"), Б.Жандарбеков ("Сақтар" дилогиясы) қалам тартты. 2002 жылы бұл тізімге Мәді Қайыңбаев "Сұлу Сүзге" және Қадыр Әлімқұлов, Тұрсын Зәкен "Көкбөрілердің көз жасы" тарихи аңыздарымен қосылды. Бұл романға Шерхан Мұртаза: "Қазақ әдебиетінде Шыңғысханның өмірі туралы бұрын мұндай кең көлемде суреттеме болған жоқ, бұл аса күрделі еңбектің нәтижесі", – деп баға берді.

М.О.Әуезов бір сөзінде: "Қазақ тарихының көптеген жерлері жыртылған лентаны еске түсіреді" – деп атап айтқан екен. Бұл шындығында да осылай. Қазақ әдебиетінің сыншысы З.С.Кедрина: "Қазақ тарихшы-жазушылары барлық уақытта да ірі зерттеушілер болды. Олар көбінесе кәсіпқой тарихшылардан бұрын шындыққа сай тарихи тұжырымдама жасайды. Сондықтан да олар тарихи құжаттар мен бұлтартпайтын фактілерді іздеуге көп күш-жігерлерін жұмсайды", – деп көрсетті. Оны Әуезов эпопеясындағы Құнанбайдың тамаша бейнесі таң қалдырды. Бұл бейне өмірден алынған. Бірақ көп уақыт бойы ойдан шығарылған деп есептеді. Соңынан романда баяндалған, оның іс-әрекетін дәлелдейтін мәліметтер мұрағаттардан табылды. Демек, Әуезов өзінің шығармасында Құнанбай бейнесін жасамастан бұрын, тарих зерттеушілеріне дейін-ақ барлық құжаттармен танысқан деген қорытындыға келуге болады.

Ә.Кекілбаев та өзінің "Үркер" романын жазу үстінде осындай ерекше жұмыстар істеді. Ол Рига кітапханасында сақталған бір қолжазбаның сурет көшірмесін тапты. Бұл өзіндік ерекшелігі бар қолжазба күнделік, дәлірек айтқанда, ағылшын саяхатшысы Джон Кестлидің 1736 жылы Орынбордан Әбілхайыр ханның орда-



Обиш Кекілбаев  
(1939 ж.т.)

сына дейінгі жасаған саяхатының есебі. Саяхатшы нені көрді, кіммен кездесті, не туралы ойлады, осының бәрін жан-жақты жазған. Джон Кестли көмір бояумен Әбілхайырдың және оның ұлы Ералы сұлтанның суретін салған. Ханды, оның әйелін және төңірегіндегі адамдардың айтқан сөздерін жазған, Ресей мен қазақ даласы арасында орнаған байланыстарда белгілі рөл атқарған адамдардың аттарын атаған. Саяхатшы орысша да, қазақша да білмеген. Онымен бірге екі тілмаш болған. Бірі шебердің көмекшісі орынборлық Дитрих Юстус есімді 14 жасар неміс және Құлбай есімді татар малай. Мұның біріншісі немісше сөзді орысшаға, екіншісі орыс тілінен қазақшаға аударған.

"Үркер" романы Қазақстанның Ресейге қосылуының кездейсоқтығы туралы аңыздарды жоққа шығара отырып, бұл тарихи фактінің болу процесін нақты көрсетеді. Бұл, әрине, әдеби шығарма, сондықтан да автор тамаша ескі салт-дәстүрлерді, күрделі жол-жорамалдарды, әдет-ғұрыптарды жан-жақты және сүйіспеншілікпен жаза отырып, оның әлеуметтік мағынасын, философиялық қырын, халықтың ішкі рухын ашып көрсетеді.

Сан ғасырды қамтитын, ұзақ дәуірді сюжеттік желі еткен І.Есенберлин романдары тарихи қаһармандар тұлғасын ашса, Х.Есенжановтың төрт кітабы (пенталогиясы) азамат соғысы кезіндегі қазақ даласын қилы-қилы оқиға, тартыс, күрес арқылы бейнелейді. Тарихи адамдарды эпикалық жүйемен қатар лирикалық тебіреністе суреттеу де бар. Дала дауылпазы Сәкенге арналған Ғабит Мүсіреповтің "Кездеспей кеткен бір бейне" поэмасы, Сәкен Жүнісовтің "Ақан сері" романы, халық өнерпаздары жайлы Төкен Әлімқұловтың хикаят, әңгімелері – сондай шығармалар.

Есенберлин "Көшпенділер" трилогиясын жазған тұста қазақ тарихын қатаң ғылыми-зерттеу болмаған еді. Жазу-

шы оқырманға беймәлім материалдарды пайдаланып, Азия мен Еуропаның қиылысында жатқан қазақ даласының бес ғасырлық (XV ғасырдан бастап) тарихын баяндайды, Темір империясы құлағаннан кейін өз мемлекетін құруға ұмтылған қазақ халқының өзіндік даму жолдарын ашып көрсетеді. Соның өзінде бытыраңқы, басы бірікпейтін көшпелі тайпалардың бірігуі жалпы тарихи процестің бөлшегі ретінде көрсетілген.



Илияс Есенберлин  
(1915-1983)

Трилогия аясына XV ғасырдан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезең ғана еніп қойған жоқ, сонымен қатар жоңғарлар, қытайлар және басқа да шетел шапқыншылығы, тайпалар мен рулар арасындағы жер үшін, хандар мен сұлтандар арасындағы билік үшін қанды айқастар, көшпенділердің үстем тап өкілдерінің езгісіне қарсы күрестері сияқты трагедиялық оқиғалар толық көрсетілген. Аңыз-ертегі айтушылардың сөзімен жазушы оқырмандарды өткен ғасырдағы, шыңғыстықтардың билік жүргізген қапас дәуіріндегі оқиғалармен таныстырады.

І.Есенберлиннің трилогиясы – қазақ халқының тарихын суреттеумен қатар, ол ізгілік идеясына негізделген шығарма ретінде қазақ әдебиетіндегі маңызды құбылыс болды.

"Көшпенділер" трилогиясы – ірі көлемдегі көп салалы шығарма, қазақ әдебиетіндегі бірінші роман-хроника, тарихи жанрды дамытудағы жаңа баспалдақ болып табылады.

К.Икрамовтың "Болуы мүмкін бақыт" романы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді Имановтың ерлік тағдырын баяндайды. Бұл кітап түрлі халықтардың рухани өмірінің мәңгі өзара қарым-қатынаста екендігі айтылған.

З.Шашкиннің "Теміртауы", Т.Ахановтың "Бораны", О.Бөкеевтің "Мұзтауы", С.Мұратбековтың "Жабайы ал-

масы", Т.Әбдіқовтің "Өліарасы", т.б. – еңбек адамының адамгершілігі мен азаматтығын ыстық ықыласқа бөлей бейнелеген, реализм мен романтизмді шебер шендестірген, замандасымыздың арман-тілегін еңбек тынысымен қоса жырлаған айтулы шығармалар.

Тарихи шығарма тарих фактілерін біріктіріп қана қоймайды, мұнда тарихи оқиғалар сыртқы фактор ретінде, ал шығарманың маңызы автор көтерген проблемалардың адамгершілік-психологиялық жағынан жан-жақты баяндалады.

Қазақ прозасының классигі Ф.Мүсірепов: "Суретші ретінде мені ең алдымен адам, оның өмірі мен барлық іс-әрекетінің көріністері қызықтырады. Адамның ізгілікті де жарқын жан-дүниесі, оның бұрылысты сәттердегі, тағдырлар тоғысындағы қозғалысы, міне, нағыз әдебиеттің тақырыбы, суреткер зерттеуінің объектісі", – деп жазған болатын. Осы тұрғыдан алғанда тарихи романдар белгілі бір тарихи дәуірдегі адамдардың руханилығы, өмірінің мәні мен мазмұны, бақыты жөніндегі мәңгілік тақырыптарды шешуімен құнды.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ө.Әлімжанов: "Өткеннің естеліктері – \_\_\_\_\_" деген ойын аяқтаңыз.
2. "Махамбеттің жебесі" шығармасының авторы кім?
3. 2002 жылы Ш.Мұртаза тарихи баға берген роман қалай аталады?
4. Қазақ тарихын "жырымдалған лента" деген кім?
5. Сыншы З.С.Кедрина қазақ жазушы-тарихшыларына қандай баға береді?
6. "Көшпенділер" трилогиясының маңызы қандай?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Ө. Әлімжанов. Есенберлин және оның "Көшпенділер" трилогиясы.
2. Г. Бельгер. Үш шектің әуендері. – А.: "Жазушы", 1986.
3. Ж. Ордалиева. Тұтқын қыз // "Простор" журналы, № 7-8, 1995.

4. Т. Оразбайқызы. Бауыржанның кейіпкерімен жүздесу // "Простор" журналы, № 3, 2002.

5. Мәскеудегі Бауыржан Момұшұлының кеші // "Простор" журналы, №3, 2002.

6. Мұртаза Ш. Тұлпардың тұяғы // "Егемен Қазақстан", 1998.

7. С. Досанов. Ұлттық рухты оятқан ұлы суреткер // "Қазақ әдебиеті", 2006. – 6 б.

8. М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғарыұлы, А. Сейдімбек. Ел тұтқа. – Астана, 2001.

### Қазіргі қазақ әдебиетіндегі экологиялық және имандылық мәселелері

Қазақ прозасында жазушылар Ө.Нұрпейісов, Р.Сейсенбаев, Д.Досжан қазіргі қоғамның экологиялық және имандылық тақырыбын қозғады.

Әбдіжәміл Нұрпейісов есімі "Курляндия" (1948) романымен, кейіннен жаңа атаумен шыққан "Күткен күн" романымен, "Қан мен тер" (1984) романымен оқырманға таныс. 1999 жылы оның "Соңғы парыз" романы жарық көрді.



Әбдіжәміл Нұрпейісов  
1924 ж.т.

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов – Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

"Соңғы парыз" – әлеуметтік-философиялық роман, онда Арал теңізі трагедиясы жайлы сөз қозғалады.

"Парыз... Жалпы алғанда жер бетіндегі адам өмірінің бәрі – парыз. Роман осы туралы" – деп Герольд Бельгер өзінің "Үш әуен сарыны" кітабында атап көрсетеді.

"Соңғы парыз" романының авторы былай деп жазады: "Мен адамның моральдық-этикалық проблемаларын, әсіресе рухани жауапкершілік проблемасын көтергім келді. Арал теңізінің жағалауындағы балықшылардың тұрмысы соңғы жылдары күрделі болып

отыр: теңіз түрлі себептерден тартылып барады. Адам және табиғат қарапайым модаль тақырып ретінде беріліп отырған жоқ, керісінше, мені көптен бері толғандырып отырған проблема”.

“Классикалық реализм дәстүрін меңгере отырып, Сіз ең күрделі жанр - апокалиптикалық әдебиет жанрында жалғыз шығып отырсыз. Мұның өзі – рухани ерлік.

Роман бәрімізді ұлы Табиғатпен байланыста екенімізді еске алып отыруға шақырады, өйткені ол адамдарға шексіз жомарт та, апатты жағдайда қатал да болуы мүмкін”.

“Сіз сияқты адамдар – біздің мақтанышымыз”, – деп әдебиет сыншысы Мұрат Әуезов өзінің пікірін білдірді.

“Қоғамда осындай қызметте істей отырып, сен қазір нашарланып бара жатқан өлкеге қорғаныш және тірек болар едің. Ал сен ... оның арына ... бабалардың өсиетіне, болашақ ұрпақтың игілігіне қастандық жасайсың – деп Жәдігер өзінің бұрынғы кластасы Әзімді кінәлайды. – Егер адам нағыз адал болса, ол болашақ туралы да, қазіргіні де бірдей дәрежеде ойлауға міндетті...”

Теңіз біз үшін қасиетті. Бабалар бізге алтын, қала қалдырды ма? Әрине, жоқ, тек аңыздар мен өсиеттерді және теңізді қалдырды. Ал сенімен біз ұрпағымызға нені қалдырамыз? Күні-түні үстінен аңызға жел соғып тұратын, тұзды боран ұйытқып тұратын әйдік шұңқырды қалдырамыз ба? Болашақ ұрпақ өлі тұзды көріп не айтады?.. Тойымпаздық адамға ойсыз өмір сүруге құқық бере ме? Жалпы ойсыз, мұңсыз адам деген не?” – осындай сұрақтар Жәдігерге тыныштық бермейді.

Жәдігер – өкпелі ұрпақтың өкілі, оның ашуы, үрей-қорқынышы, болашақ туралы қамқорлығы бізді бей-жай қалдыра алмайды.

Арал үстінде тәжірибе жасай отырып, Әзім сияқты адамдар жерде жұмақ болады деп күтті. Жұмақ болған жоқ! Адамдар барлық іс-әрекеті үшін Табиғат алдында жауап беруі керек! Табиғат алдындағы өз қарызымызды қайтарып болдық па?! Бұл – Әбдіжамал Нұрпейісов прозасының терең мазмұны, оқиға желісі, оның авторлық тебіренісі.

2002 жылдың мамыр айында Қазақстанда Мемлекеттік сыйлықтың және М.Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты жазушы Дүкенбай Досжанның “**Ине ұшындағы өмір**” атты романы жарыққа шықты. Бұл шығарма өткеннің және қазіргі кездің кеселі туралы өзекті тақырыпқа арналған. “*Мен адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын жұқтырған жас жігіттің аянышты тағдырын баяндаймын*”, – дейді Д.Досжан. Бұл жинақты бейне, бірақ кітапта ойдан шығарылған нәрсе жоқ. Повестің басты кейіпкері Айбар зиялы ата-ананың дарынды баласы. Шетелдің беделді университетінде оқу, содан соң астанада өзінің бизнесін сәтті жүргізді. Өмірде басқа тағы не керек? Бірақ Айбар сауық-сайранға құмар болады, ақыр аяғында айықпас дертке ұшырайды. Ол өзін-өзі өлтіреді. Қайғыдан анасы қайтыс болады, әкесі ақылынан шатасады. “*Әрине қажыған, торыққан адамның жан-дүниесіне үңілу оңай емес, бірақ мен онымен бірге барлық қайғы-қасіретін бізден кешірдім. Жастарды қауіпті қадамнан алдын ала қозғамасақ, бізді қайғылы жағдайлар күтіп тұр. Бұл туралы барлығымыз ойлануға тиістіміз. Кітап – қауіптен сақтандырудың жолы. Жас ұрпақ санасына ізгілік нұрын себу керек, оларды рухани беріктікке, жақсы нәрселерге ұмтылуға тәрбиелеу керек*”, – дейді автор.



Дүкенбай Досжан  
(1942 ж.т.)

#### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Ә. Нұрпейісовтың жаңа романының аты \_\_\_\_\_
2. Нұрпейісовтың әлеуметтік-философиялық романы \_\_\_\_\_
3. “Соңғы парыз” романының тақырыбы \_\_\_\_\_
4. Сыншы Мұрат Әуезов “Соңғы парыз” шығармасын қандай баға берді? \_\_\_\_\_
5. “Торығу немесе аруақтар құмдарды кезіп жүр” романының авторы \_\_\_\_\_
6. Д.Досжан 2002 жылы жарық көрген повестің авторы. Повесть қалай аталады? \_\_\_\_\_
7. Д. Досжанның қандай тақырыпты қозғайды? \_\_\_\_\_

## Қолданылған әдебиеттер:

1. *В. Оскоцкий*. Нұрпейісов туралы сөз (Ә. Нұрпейісов "Қан мен тер", кіріспе сөзі). – А., 1986.
2. Ә. Нұрпейісовке – 70 жыл // *Аргументы и факты*, 1994.
3. *Г. Бельгер*. Үш шектің әуендері. – А., 1986.
4. *М. Пархоменко*. Сақтандыру кітабы // "Казахстанская правда", 2002.
5. *М. Базарбаев*. Әдебиетіміздің эстетикалық байлығы. – А.: Жазушы, 1976.
6. *Н. Анастасьев*. Небо в чашечке цветка. А.Нурпейсов и его книги в мировом литературном пейзаже. – А.: Өлке, 2004.

## Қазіргі поэзияның мәселелері

Поэзия адамның дүниеге, өмірге, қоршаған ортаға деген көркем сөзбен бейнелеген қайталанбас жеке көзқарасы, сондықтан да ол бостандықты, еркіндікті талап етеді. Поэзия түрлі жағдайлардың қуат, өсерін жоққа шығармайды, бірақ оның еркіне бағынбайды. Ол арқылы адам өзінің ішкі жан-дүниесінің толғанысын, пікірін білдіреді.

Осыған сәйкес, қазіргі қазақ ақындары дүниеге көзқарасын өзінше білдіреді, бірақ бәрі де өздерінің өлеңдерінде адам, сүйіспеншілік, табиғат, Отан, ана тілі сияқты дәстүрлі тақырыптарды бірдей жырлайды. Мәселен, Ақұштап Бақтыгереева ана тіліне қатысты жазады. Ана тілінің үнділігі, саздылығы және қайталанбас ерекшеліктері туралы жырлайды.

Жұбан Молдағалиевті ана тілінің тағдыры, туған жермен және халықпен, оның дархан даласымен тығыз байланысты бабалар тілі, аналар тілі мәселесі толғандырады ("Қазақ тілі", "Қазақшадан аударма", "Өсиет").

*Сәуле боп тұрсын санамда  
Өлді, үні мәңгілік.  
Білмесін-білсін түсімнен,  
Ұқпасын-ұқсын түрімнен,  
Танысын дүние ісімнен,  
Танысын туған тілімнен.*

Ж. Молдағалиев қандай тақырыпқа жазса да, азаматтық, ізгілік, адамгершілік мәселелері ол үшін ең бастылар, жалпы оның поэзиясының ой өзегі осындай.

"Ж. Молдағалиевтің шығармасынан біз нағыз қазақ поэзиясын көреміз. Оның поэзиясы даламыз сияқты шалқар, өлеңдерінен судың сылдыры, желдің шуылы, жасыл алқаптың дарқандығы көрінеді", – деп жазады қазіргі әдебиет танушы Мүсілім Базарбаев.

Молдағалиевтің "Мен – қазақпын", "Туған жер", "Қиял қанаты", "Дала дастарханы", "Жыр туралы жыр", және "Нұрлы жол" сияқты поэмалары бар.

Ақынға шығармасынан біз нағыз қазақ поэзиясын көреміз. Оның поэзиясы дарқан даламызды, сылдырлап аққан суымызды, бергенінен берері мол жасыл алқабымызды жырлайды.

Ана тілі туралы әңгімені Мұқағали Мақатаев та одан әрі өрбітеді. Ол орыс тілінің саздылығын және қазақ тілінің әуенділігін түсініп оларды жалғастыра алды.

Мақатаев Блоктың өлеңдеріне тәнті болды, оны "орыс поэзиясының алыбы" атады. Ол Блокты қазақшаға аударды. Поэзия оны Блокпен, Шекспирмен және Уйтменмен жақындастырды, олардың шығармаларын ана тіліне тамаша аударды.

Мақатаев әлемдік поэзиядан көп нәрсені үйренді, бірақ еліктеуші болған жоқ

*Қалқам,  
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен,  
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*

Ол халықтан, оның аңыздарынан алғанды ғана кері қайтарамын дейді. Ол – халық рухының, оның поэзиясының жаңғырығы.

**Олжас Сүлейменовтің** тілге қатысты ой-пікірлері ерекше.

О.Сүлейменов әлем тілдерінің өзара байланысын, қазіргі келбетінің қалыптасуына түрік тілі элементінің қатысын зерттеген бірқатар жұмыстардың авторы.

Ақын поэзиясынан ұлттық сарын байқалып тұрады. Ол орыс тілінде жазған өлеңдерінде шығыстың және қазақ лексикасының түр ерекшеліктерін, ұлттық поэзиясының ұнамды бейнелерін және басқа да элементтерді енгізген, осы арқылы өзінің шығармаларын қазақтың ұлттық дәстүрлерімен кірістірген.

Азаматтық, патриоттық шабыт, әлемдегі болып жатқан үлкен оқиғаларға белсенді үн қосу, оның детальдары мен фактілерін философиялық тұрғыдан ойлау, міне, Сүлейменов поэзиясының басты ерекшеліктері осындай.

Рухани жетілу ақынға қайта жаңғырған әлем бейнесін, ұлттық мәдениеттің жалпы халықтық мұраттармен біртұтас екендігін көруге мүмкіндік береді.

*Жоқ Шығыс,  
Жоқ Батыс та,  
Жыр-Отаным!  
Бар кешің,  
Бар әдемі бұла таңың.  
Жоқ Шығыс,  
Жоқ Батыс та,  
Кәдуілгі  
Егіздей екі ұлы бар ұлы атаның.*

70-жылдарда қазіргі қазақ поэзиясында тағы бір жарық жұлдыз пайда болды, ол **Фариза Оңғарсынова** еді.

Әбіш Кекілбаев былай деп жазды: "Әдебиеттің тереңдігі мен өткірлігінің өлшемі халықпен бірге қайғырда білу, Асан Қайғы, Бұқар, ұлы Абай, Махамбет осындайлығы мен ерекшеленген болатын.

Егер бүгін поэзияны осы тұрғыдан бағалайтын болсақ, Ф.Оңғарсыноваға көңіл аудармау мүмкін емес. Кейбіреулер оны қазақтың Ахматовасы деп атайды. Тіптен де олай емес. Жақын ұқсастығы да жоқ. Мінезі мен тағдыры жағынан Цветаеваға ұқсас, бірақ олар тіптен де өзгеше. Енді біреулер оны Махамбетке теңейді. Шындығында да рухы жағынан олар жақын, бірақ олардың өмір сүрген дәуірлер арасында ұзақ алшақтық жатыр. Әрине, бәрі де салыстыру арқылы көрінетіні дұрыс нәрсе, әйтпесе салыстыратын нәрсенің нақты шегін, оның маңызын айқындау қиынға соғады. Егер, шындығында да салыстыруды өлшем, міндетті шарт деп қарайтын болсақ, онда мен Фариза Оңғарсынованың баламасын әдебиеттен емес, музыкадан іздеген болар едім. Меніңше, егер Құрманғазы өлең жазса, қазіргі Фаризадай жазар еді де, ал егер Фариза композитор болса, оның музыкасы Құрманғазынікідей жарқылдап шалқып шарықтар еді".

**Ф.Оңғарсынова** – сыршыл ақын, адамның уайым-қайғысын, адами ой-толғанысын, балалардың ақиқат күлкисін дәл суреттеп бере біледі. Күрделі сезім гаммасын ұқыпты түрде бейнелеп көрсетеді. Мұнысы әсем және қарапайым шығып жатады. Оның туындыларына сезімнің қызуы, драматизмі, үндестігі тән. Лирикалық бастаулардан басым түсіп жататын симфониялық рух бар. Осыған табиғат көріністеріне, айналадағы әлемге, адамның адамгершілігіне, өз халқының тағдыры үшін толғанатын оның философиялық ой-толғаныстарын қосыныс, сонда бір адамның, бір ұлттың портреті ғана емес, суреткер уақытының тұтас портреті шығады.

Күрделі адам өмірінің қуанышы мен қайғысын, ол туралы өзінің сезімін шыншылдықпен көрсете білетін ақындар көп емес.

*Білмейсіңдер, мені әлі білмейсіңдер,  
Білмей тұрып бекерге күндейсіңдер.  
Секілдімін біреуге күнгейсіз жер,  
Күнгей болсам, тістеніп тілдейсіңдер,  
Сұмдық ойлап сұрланып жүр дейсіңдер.*

Ақынның махаббат лирикасы, азаматтық толғанысы қазіргі кездің тұтас, әсерлі картинасын жасайды.

Балалар, әлі әріптерді танымай тұрып-ақ, үлкендердің сөзінен **Қадыр Мырза Әлидің** өлеңдерін жаттап алып, айтып жүреді. "Оның шығармашылық диапазоны сондай кең, оны Бұқар жырауға және Махамбет Өтемісұлына теңеуге болады. Оның әр түрлі тақырыпқа жазған кез келген шығармасында әлеуметтік бояу көрініс тапқан" – дейді Қ.Мырза Әли туралы Ә.Кекілбаев.

Мырза Әлидің поэзиясы тематикасы жағынан әр алуан. Ол адамгершілік жас толқынға арнайды.

*Жігітке жиырма деп қараған кім?  
Жігіт емес бәрі шаш тарағаның.  
Туған күні тумайды ер,  
Туады ол  
Тұңғыш рет жұмысқа жараған күн.  
Бір ұғудай ұғып-ақ алғам мұны,  
Артық шығар марғаудан малдың құны.*

*Өлген күні өлмейді ер,  
Өледі ол  
Қолынан іс келмей бір қалған күні.*

Қ.Мырза Әли адамзат қоғамындағы адамгершілік тақырыбын жалғастырып, нақыл, өсиет әңгімелер (астарлы әңгімелер) де жазды. "Фибратнама" кітабынан алынған нақыл, өсиет әңгімелердің бірқатары мыналар:

Қаусырғанда бешпеттің екі өңірін өзара ұштастырып ұстап тұратын екі Үлкен Түйме бар. Ол екі Түйменің қарсысында әдемілік үшін екі түйме орналасқан. Әр жеңге үш-үштен шағын-шағын алты түйме тағы қадалаған. Тоқетерін айтқанда қызмет істейтін екі Түйменің төңірегінде түк бітірмейтін сегіз түйме бар.

Арамтамақтар қай жерде де жетіп жатыр!

(«Түймелер»)

– Мен Дөңгелектің баласымын! – деді сол Дөңгелектің жартысындай ғана Доға.

Баласы осындай. Немересі мен шөбересі қандай болар екен ертең?!

Азып бара жатқан бүтін дүние-ай!

(«Дөңгелек пен доға»)

XX ғасырдың соңында әлем әдебиетінде **Мұхтар Шахановтың** есімі жиі атала бастады.

"М.Шаханов – нағыз қазақ ақыны, бірақ оған ұлттық жіктелу жат, оны үлкен болашақ күтіп тұр, өйткені ақын аңыз әңгімелерді өз халқының тарихи қазіргі даналығымен ұштастыра, кірістіре отырып, әлемдік маңызы бар шығармалар жасауда" – деп жазды Ә.Кекілбаев.

Шаханов кеуіп бара жатқан Аралды, таязданып бара жатқан Балқашты құтқаруға шақырды, зиялылар арасында бірінші болып, 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының тоталитарлық режимге қарсы бас көтеруін табандылықпен қорғады.

"Өркениеттің адасуы немесе Қайыр Ханның жарияланбаған заңы" атты философиялық поэмасы ақынды

дүние жүзіне танымал етті. ЮНЕСКО 1999 жылы өзінің арнаулы шешімімен бұл шығарманы Парижде жұртшылыққа таныстыру конференциясын өткізді. Европаның 12 қаласында осы кітап бойынша конференция өтті. "ЮНЕСКО тарапынан Шахановтың поэмасынна осындай айтарлықтай мән берілуі Орталық Азияда қазіргі қоғамдық-философиялық ойдың жоғары деңгейде екендігін мойындаумен қатар, аталған поэманы әлемдік поэзияда қол жеткен зор жетістік ретінде қабылдауға байланысты болып отыр, онда автор ақынның санасы мен сезімі арқылы ХХ ғасыр тудырған өркениеттің жағымсыз зардаптарына қарсы ымырасыз күрдесуге шақырады", – деп Нобель сыйлығының лауреаты Ханс Петер Дюрр Шаханов поэмасына әлем жұртшылығының қызығушылығын осылай түсіндіреді.

Неміс философы Ф. Хитрец осы поэма туралы былай деп жазады: "Шахановтың поэмасы Батыс Еуропалық кеңістіктің "қара нүктесіне" орталық Азияның қойнауынан домалақ шар ретінде енген рухани ізгіліктің дабылын баяндаған поэма-эпопея.

Әлемді жаулап алушы Шыңғыс хан біздің көкөрай алқабымызды құртпастан бұрын қалай өмір сүргенімізді көз алдыңызда елестетіңізші; барлық өркениеттің пәлесі болған жаулаушы туралы мақтана аламыз ба, ол жайлы сізге мәліметтердің жетпеу себебі оны өзіміздің ортаазиялық кеңістігімізде жұтып қойдық. Көп қан төгілді, бірақ ол біздің даламыздың шаңқай Күнінің астында тез кеуіп кетеді екен...

Егер сіз Алтын Орда жаулаушысының қан құмарлығын көз алдыңызға елестете алмасаңыз, онда оны өз өңіріңізден іздеңіз. Сіз Гитлерді түпкілікті құртық деп ойлайсыз ба?!

Оның халықты, мәдениетті жек көруінің көріністерін барлық жерден бұгін де көруге болады, сондай көріністер монғолдың мейірімсіз билеушісі қалдырған қатал естеліктің мұрасы. ХХ ғасырдағы мәдениетке қарсы революция рецептісіндегі қауіптілік туралы Аллен Даллестің ескертуін қараңыз, ол "коммунизм құрсауынан босату үшін" Шығыс халықтарын ыдыратуға әзір

екендігін білдірген болатын. Кеш қалмай тұрғанда бізбен бірге айналаға көз салыңыз. Сіздер жасаған өркениетте қандай дәрежеде болмасын адасу бар".

М. Шаханов Ш. Айтматовпен бірлесіп "Құз басындағы аңшының зары" эссесін және "Сократты еске алу түні" атты поэмасын жазды.

Оның соңғы кездегі кең көлемді шығармасы "Жазагер жады космоформуласы" роман-поэмасы батыстың кейбір әдебиет зерттеушілерінің пікірінше қазіргі замандағы ең маңызды туындылардың қатарына қосылып отыр.

1990 жылдардың басында Қазақстанда 761 саяси өзгерістер кезінде М. Шаханов еліміздегі саяси жетекшілердің бірі болды, оның ерекше пікіріне көпшілік құлақ асты.

1992 жылы Жапонияда М. Шахановтың өлеңдер жинағы жарық көрді. Жапонның бес миллион тиражбен шығатын газеттерінің бірі "Өркениеттің адасуы" және "Жазагер жады космоформуласы" шығармаларына тұтас бет арнады, мұның өзі, әсіресе, "Қазіргі заманның жартыкеш адамының формуласы" елді бей-жай қалдырған жоқ.

2001 жылы Түркияда Ш.Айтматов және М.Шаханов түрік тілді елдердің "Әлемдегі ең үздік жазушысы және ақыны" деп жарияланды, 2002 жылы мамырда Тамбовта және Мәскеуде өткен Нобель сыйлығы лауреаттарының халықаралық конгресінде ("Ғылым, техника, қоғам және үшінші мың жылдықтағы Нобель қозғалысы") халықаралық Нобель ақпарат орталығы, Нобель комитетінің қоры, Ресей жаратылыстану ғылымы белгілеген және бірінші рет ғылым және мәдениет қайраткерлеріне берілетін Нобель атындағы Алтын медальмен марапатталды. Калифорния ғылым академиясы (АҚШ) М.Шахановты "Жазагер жаза космоформуласы" кітабы үшін А.Эйнштейн атындағы Алтын медальмен марапатталды.

Қазақ әдебиеті – әлемдік әдебиеттерінің алтын діңгегі тәрізді. Жер-жерден жетісулықтардың сыңғыры өуені, Тараз – Ордабасының тағылымы, Арқаның арыны мен сарыны, Батыс аймағының шапқыны мен шамырқануы – бәрі-бәрі қазақ әдебиетін құрап, бір мұхитқа тоғысады.




## Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. "Өлеңіммен өмір сүріп, лаулаймын" деп кім жазды?
2. "Жалғыз ауыз сөз" өлеңін кім жазды?
3. Ж.Молдағалиев қандай поэмалар жазды?
4. Кімнің поэзиясында ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық мұраттарымен бірлігі айқын көрінеді?
5. Кім жастарды шыдамдылыққа үйренуге кеңес береді?
6. "Нағыз қазақ ақыны, бірақ оған ұлттық жіктелу жат" деп Ә.Кекілбаев баға берген кім?
7. Мұхтар Шахановтың соңғы роман-эпопеясы қалай аталды?

## Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Базарбаев. Қазақ поэзиясы: көркемдік ізденістер: - А.: Жазушы, 1995.
2. Р. Абузаров. Жұбан Молдағалиев шағармасындағы еуразия өуендері // Приуралье, 07.10.2002.
3. "Заря" журналы, №12, 1989.
4. "Қызғыш құс". - А.: Жалын, 1994.
5. Ғибратнама // "Простор" журналы, №4, 1994.
6. Ә. Кекілбаев. Мұхтар Шаханов.
7. "Алақан" өлеңдер жинағы. - А.: Жазушы, 1984.
8. Шымырбаева Г. Мендегі саясаткерлік ақынды жеңе алмады // "Казахстанская правда", 2002.
9. "Простор" журналы, 1999.
10. "Ақ қанат" Өлеңдер мен поэмалар жинағы. - А.: Жазушы, 1981.
11. "Қазақстан әйелдері" журналы, №8, 1994.
12. М. Әуезов. Олжас Сүлейменов.
13. Ален Баске. Абай және оның Франциядағы әдеби мұрагерлері // Аргументы и факты, 1993.
14. Т. Ордабеков. М. Мақатаевтың шығарамашылығы туралы // Казахстанская правда, 07.07.2001.
15. М. Шахановтың "Сенім патшалығы" поэмасы және пьесасы туралы // Казахстанская правда, 06.07.2001.
16. Т. Айбергенов. Аруана - бауыр дүние. Өлеңдер. - А.: Атамұра, 2003.
17. А. Бақтыгереева. Ақ шағала. - А.: Өлке, 2001.

## Х ТАРАУ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТИ



XX ғасырдың аяғында Қазақстан егеменді ел болды, онда қазақтың ұлттық әдебиеті өркендеп дамумен қатар, Қазақстан аумағында басқа халықтардың да әдебиеті дамуда.

Ондай әдебиеттердің бірі – неміс әдебиеті. Оның көрнекті өкілдерінің бірі – Герольд Бельгер. Ол – белгілі қазақстандық жазушы және аудармашы. Оның аудармашылық талантын қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов жоғары бағалады, өзінің бірқатар әңгімелерін Г. Бельгер тәржімалағаннан кейін "Оянған өлке" романын оның жолма-жол аударуын қалады.

Бельгер қазіргі заман әдебиетінде сыншы ретінде де танымал болып отыр. Ол жазушылар Ә. Нұрпейісов, Х. Есенжанов, Ә. Кекілбаевтың шығармашылығы туралы сын мақалалар жазды.

Жазушы ретінде Бельгер өзінің повестерімен және әңгімелерімен танымал. Оның кейіпкерлері жазушының қазақ жерінде балалық шақтан бірге өсіп, достасқан қазақтар, немістер, орыстар. Тағдыр айдап, кішкентай неміс баласы өзінің әке-шешесімен бірге қазақ жеріне келді. Осы туралы "Алыс сапар алдында" автобиографиялық повесінде неміс баласының соғыс кезіндегі балалық шағы баяндалады. Қазақ ауылында нағыз достар тапты.

Не нәрсеге де ынталы неміс баласы аңғарғыш, ол былай деп еске алады: *"Мағрипа апай бидайды жақсы қуырады. Нағыз дәмді тамақ! Бидайды іріктейді, елейді және сүтке бөктіреді, содан соң бөккен бидайды аздап кептіргеннен кейін қазанға салып сары майға қуырады"*. Сенімді досы Ойрат осы дәмді қуырылған бидаймен сыйлап, оған қазақ сөздерін дұрыс айтуға үйретеді. *"Осындай дәмді қуырылған бидайдан ғана емес, саған деген ізгі ниеттен, жақсы көңілден, қамқорлықтан жаның жай тауып, жүрегің қуанышқа бөленеді екен..."* ("Алыс сапар алдында" повесі).

"Ертеңгі күн" повесінде автор ағасы Иоханес туралы, оның сүйікті қызы Ольгаға арнап айтатын жақсы көретін өлеңі, ана тілін ұмытпау туралы оның ақыл-кеңесі жайлы баяндайды: *"Жаманы сол, өлеңді ұмытсаң – ана тіліңді ұмытасың. Ана тіліңсіз сен өзіңе өзің бөтенсің"* – дейді ол.

Ө. Нұрпейісовпен бірлесе отырып, Г. Бельгер қазақстандық жазушы Морис Давидович Симашконың шығармашылығы туралы "Ұлағатты ұстаз" атты мақала жазды.

*"М. Симашко – орыс жазушысы, ешкімге ұқсамайтын өзіндік стилі бар. Ол классиктер дәстүріндегі жазушы емес, оны Горький немесе Шолохов сияқты кеңестік дәуірге дейінгі немесе таза кеңестік кезеннің романистеріне қосуға болмайды. Сол сияқты ол Солженицын немесе Синяевскиймен қатар тұратын диссиденттей емес. Одан айту мәнісінен гөрі, оның сәулесі мен шұғыласын маңызды деп бағалайтын эзотерикалық Ремизовты немесе Булгаковтың Фрейдін көруге болады..."*

Белгілі француз сыншысы Ален Баскенің "Фигаро" газетінде жазған бұл пікірі, 1992 жылы париждік баспа "Галлимар" шығарған Морис Симашконың кезекті тарихи романы "Ұлы Екатерина" жайлы. Жазушының шығармашылығын дәл сипаттайды. Осы жазушы шығармашысын орыс қана емес, дүниежүзі әдебиетіндегі бірегейлігін сыншылар әлденеше рет атап көрсетті. 1924 жылы Одессада интернационалдық студент отбасында дүниеге келген ол, Ұлы Отан соғысына қатысты, өзінің жарты ғасырлық өмірін Шығыс мәдениетінің тарихына, мемлекеттік және әлеуметтік-діни қозғалыс тақырыбына арнады.

Жазушының алғашқы драмалық шығармасы Орта Азияның ұлттық театрларында қойылды. 50-жылдардың соңында жазған "Қара құмда" және "Фрагиді азғыру" повестері А.Т.Твардовский редакторлық еткен "Новый мир" журналында жарияланды және бірден шетел тілдеріне аударылды. 60-жылдардың басында "Емшан" повесі жарыққа шықты, ол бүкіл Орталық Азияда және одан тысқары жерлерде үлкен пікір-талас туғызды.

Бірінші рет әдебиетте қатаң тарихи және эпикалық материалдар арқылы мәңгүрттену тақырыбы көтерілді. Бұл – өзгіде болған халықтардың ұлттық ерекшеліктерін ұмыттыратын қатерлі дерт. Жазушы өзінің шеберлігі арқылы әрбір қазақтың жүрегіндегі жусан иісі аңқыған туған өлкеге, Отанына деген сүйіспеншілігін өзінше сезініп, оқырмандарға шебер жеткізе білген.

Морис Симашконың барлық шығармасы әдеби дәстүрге ұқсамайды. Сонысымен де ерекше. Әдебиеттегі "ақтаңдақ" тақырыбына да қалам тартты. "Маздақ" романы бүкіл Шығыс тарихына әсер еткен біздің дәуіріміздің V-VI ғасырлары аралығындағы Сасанидтер империясының – Эраншахардағы бұқаралық әлеуметтік-діни қозғалысы баяндалады. Осы тақырыптан логикалық жалғасы М.Симашконың "Дабирдің арылуы" романы болып табылады.

Қазақ әдебиетінде тарихи романының дамуына жазушы Дмитрий Федорович Снегин (шын фамилиясы – Поцелуев, 1912 ж. т.) өз үлесін қосты. Оның үш бөлімнен тұратын "Верный қаласында" романы ағылшын тіліне аударылған. Оқырмандарға оның "Алыс маңайларда", "Шабуылға шыққанда", "Рейхстагтан шыққан елші", "Күзгі күн мен түннің теңесуі" және "Ақ қар" повестерімен таныс. Д.Снегин І.Жансүгіровтің "Кеңес", Қ.Аманжоловтың "Найзағай" өлеңдер жинағын орыс тіліне аударды.

Дмитрий Федорович Снегин 85 жасқа толу шағында "Флами, или Очарованные собой" ("Флами, немесе өздеріне таңғалғандар") кітабын жазды. Дүниеден көргені көп жазушы 30-жылдардағы астаң-кестеңі шыққан

аласапыран өмірді байыппен көз алдынан өткізеді. Өмірде кездесетін жақсы мен жаман, қайғы мен қуаныш сырларын парасат таразысына салады.

Қазақ оқырмандарына Поцелуев-Снегин ақын-романтик, азамат және Ұлы Отан соғысы шежірешісі, Жетісу туралы тарихи романдар авторы, терең психолог һәм аудармашы ретінде белгілі. Ол өзін әр түрлі жанрда шынықтырды, трилогиялық романдар жазатын зор қаламгер дәрежесіне дейін өсірді.

Жазушы шығармаларын мәңгі махаббат, адамдардың жанкештілігі тақырыбы айналасында өрбітеді. Автордың көпқырлы таланты, шығармашылық шеберлігі жүрек сырының ерекше бір нәзік түрлерін, мәңгі құндылықтарын шертеді. Әсіресе, қазақ даласының өзгерісі, жаңа дүниенің қозғалысы, жаңа мінездердің қалыптасуы, жастардың өзімшілдігі, жан бұлқынысы мен өзгерістерінің көкжиегі қалыптасады.

30-жылдардағы поэзия – жазушы өміріндегі жасыл белес. Аласапыран заманда жастардың өміртануы да әркелкі. Жас автор жаңа белесте өзін қоршаған қазақ, орыс, неміс секілді негізгі ұлттардың тағдырын, махаббатын, бүгінін һәм болашағын суреттейді. Олардың жеке тағдыры Отан мен халық тағдырымен мидай араласып, барлығы бір леппен, бір толқынмен келе жатқандай әсер қалдырады.

Жастық әлемі құпиясы мол, бір өзінде қайғысы мен қызығы алма-кезек келетін мезет емес пе? Дала ертегісі шынында да тартымды. Автор жастардың әр күн, әр аптасын тосын оқиғаларға толы шытырман қалпында суреттеп, тіпті, шөп дайындаудың өзін романтикалық серуен керуеніне айналдырып жіберді.

Повесте берілген өмір тарамдары әр алуан. Көркем баянның шебері алып дала көрінісіне шомылдырады. Табиғаттың тамашасына тоймайсыз. Әр деталь, табиғат парақтары таңғалдырады. Жастық шақтың алау дүниесіне кіресіз де, таңырқаудың, ғашық болудың, әйел жанын танудың беймәлім жақтарын түйсінесіз. Әсіресе адамның бозбала шағындағы нартәуекелі, көзсіз ерлігі, тапқырлығы жан-жақты суреттеген.

Повестің қаһармандары болашақ ауылшаруашылық мамандары – рухани таза таңғалу, қиыншылық пен қайғы-қауіптен бейхабар жаны мөлдір жандар. Олардың тәлімгері Петр Федюкин Прохоровка түбінде танкі тажалдарымен арпалыста қазаға ұшырайды, бас кейіпкер қарсыласы Юра Воскобойников тағдыр тәлкегіне шыдай алмай өзін өлімге тігеді, кәрі адайлардың әр жалғасы Аймақ Жансынов, өзін үнемі тепе-теңдікте ұстайтын Раушебах, жалын атқан қараторы Гукасьян, әрдайым шалдуар Лида Теплова, өнегелі өмірімен тарқатылған Августа Фосс пен әр жарқын ісімен есте қалатын жас ақын Глев Ливнев қоғамның ең жасампаз қаһармандары ретінде көңіл тұңғиығында қалып қояды.

Жазушы повесть баянында махаббат желілерін табиғи бояуға малса, пәлсапалық диалогтерде дала табиғатының көркем көрінісін бейнелейді. Махаббаттың ұшпа мінезін, жас бозбаланың күйіп-жану кезеңін, кейде сүйгені алдындағы бейкүнә жалғыздық, не кенеттен шабыттанып жалын атуын психологиялық тереңдікпен шеше білген. Повесте адам жан дүниесі де тапқыр суреттеледі. Адам тағдыры әр қилы шешіледі.

Дмитрий Снегин аталмыш шығармасында Б. Мырзагелдин өмірі арқылы қазақ халқының тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы философиясын терең тізе білген. Алып даланың дара сырын, халық даналығын қазақ тіршілігімен ұластырған. Әрбір парақ халықтың қанатты сөздері, дала пәлсапасының аңыз ұшқындары болып ұшады. Қаламгердің сөз саптауында терең халықтық мән жатыр. Қазақ даласына тосыннан келген неміс селосының қазақ арасындағы тұрақталуы, бірте-бірте бай қожалыққа айналуы, өзгеше тұрмыс пен мәдениеттің пайда болуы, осы арқылы салауатты бір халық легі өсіп-өніп шығуы – шығарманың заңды дамуының нышаны.

Рухани жаңару, сезімдердің бұлақ көзін ашқандай мөлдірлік ақын, прозашы Дмитрий Снегиннің романтикалық қиял қанатында есейгенін дәлелдей түседі. Көп кітаптардың поэтикалық бір бөлігіне Афонасий Феттің "Сары шымшық және іріңді су" өлеңін эпиграфқа алған:

*Үміт жүректе өлімсірейді,  
Бір жанып, бір сөніп,  
Қайтадан жаным  
Кете ме жасарып.*

*(Аударған С.Ф.Шарабасов)*

Дала ертегісінің диапазоны кең. "Ұйқысыз түндердің" философиялық топтамасы, жастар толғанысы мен "беймәлім оянудың" сыры мен қырын поэтикалық толқулармен ашады. Автормен бірге біз беймәлім аға ұрпақтың өмір қатпарларын армансыз аралаймыз. Табиғаттың тозуы, жүректердің ғайыптан шошуы, үздіксіз инфарктер, достардың ғайыптан елес беруі, өмір гимні, тарих тағылымдары, сұлулық пен парықсыз нарық, Анаға сыйыну, ұлғаю зары мен Құдаймен беттесу, Муза мен мәңгілік махаббат – бәрі-бәрі кинодағыдай көз алдыңыздан өтеді. Ақын өмірі терең қабатты һәм қасіретті, тағылымы мен көркемдігі таусылмастай. Осының бәрі Дмитрий Снегиннің жаңа кітапта жаңаша түлеуі, шынында да ол *"орыс жазушыларының ең бірегейі болып алып, Қазақстан және қазақтар туралы жаза бастады"*. (Академик М.Қаратаев).

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің нұрлы естелігіне арналған "Абай сонеттеріне гүлдесте" әңгімесі әрі соны, әрі төлімді. Қазақ даласының екі алыбына ғашық Дмитрий Снегин қатал заман, қытымыр мезгілдегі халқына шамшырақ болған ұлылар тағдырына сағыныш һәм таңғалыс сезімдерін туғызады. Екі алыптың ғалам түнегін ысырған әлеуметтік күштеріне табынады.

Сонетті тұңғыш оқығандар бұл үрдістің жақсы жаңалық екенін, Абай өмірбаяны емес, ақынның Еуропаға талпынысы, орыс тіліне, ұлыларына еліктеуі орыс халқы мен қазақ халқының біржола достығын жырлау, өзі де 1912 жылы ескі Верныйда дүниеге келген Дмитрий Снегиннің өмірлік мұратына айналғанын аңғарамыз. Ақынның сонет кітабына алғысөз жазған белгілі жазушы, әдебиет теоретигі Герольд Бельгер былай жазды: "Абай да анадан туған, ол да жер ана баласындай үміт соқпағымен жүрді, алысты-жұлысты. Мұң кешті, армандады, қуанды, сүйді, жек көрді,

қорықты, теңселді, ызаланды, уайым кешті, қайғы мен құлдыраудың бәрін көрді. Дмитрий Снегин көркем әдебиет дүрбісі арқылы Абай өткелдерін армансыз аралайды, оның өмір арналарынан парасат шуақтарын төктіреді.

Абай туралы сонеттер ақын жүрегінде көп тұнған. Оны жаздыруға Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің итермелеуі де сеп болған секілді. Гүлдестенің ұлының нұрлы естелігіне ұсынылуы осының айғағындай".

Халықтар достығы, рухани жаңару, жалпыхалықтық құндылықтарды бірге іздеу – ақынның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Дмитрий Снегин ұрпақтар дамуының ақиқаты мен дұрыстығына ақындық жүрегімен сенеді және жар салады:

*Жас емеспін, тоқтағам.*

*Кетем бе ізсіз өмірден.*

*Сөнбеймін жұлдызым жоғары.*

*Данышпан тұмары мойнымда,*

*Аспаным сыйлаған жасымда.*

*(Аударған С.Ф.Шарабасов)*

Дмитрий Снегин жаңа кітабын парақтағанда, ақынның өміршеңдігін, әр шығармасы оқырманын табатындығын және әр кітап жаңалық құсындай жылылық әкелетінін мойындауға тиіспіз.

**Иван Павлович Щеголихин** (1922 ж. т.) – қазіргі қазақ жазушыларының бірі. Ол Алматы дәрігерлік институтын бітірген. "Бір институтта" (повестер мен әңгімелер, 1958 ж.) шығармалары оқырмандарға жақсы таныс, бұл роман, повестері Варшавада, Софияда басылып шықты.

С.Сейфуллиннің "Тар жол, тайғақ кешу", С.Мұқановтың "Балуан Шолақ", Х.Есенжановтың "Көп жыл өткен соң" романдары мен повестерін орыс тіліне аударды.

**Иван Петрович Шухов** (1906 ж. т.). *"Әдебке шын беріліп жұмыс істеді, өзінің адалдығымен, мейірбандылығымен және бірегейлігімен қызғанышты, пайдакүнем есепті білмейтін таза, мейірбан достықты қалыптастырды.*

*Ол дарынды жазушы болатын, ойларын айқын айта алатын қабілеті бар"*, – деп атап көрсетті қазақ әдебиетінің

кемеңгері Ғ.Мүсірепов. И.П.Шухов әдебиетте "Пресновка әсерлері" повестер топтамасымен, белгілі "Қасірет белдеуі", "Өшпенділік" романдарымен белгілі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Оның романдарын М.Горький жоғары бағалады, ол "Өшпенділік" романын М.Шолоховтың "Көтерілген тыңымен" қатар коюды ұсынды. "Пресновка әсерлері" революция, азаматтық соғыс, шаруашылықтарды ұжымдастыру тұғырған күйзелістер, халықтың бойын ұялаған өмірлік күш-қуаттар туралы баяндалады.

### Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар:

1. Г.Бельгер қандай жазушылар туралы мақалалар жазды?
2. Қазақ классиктерінен кім Г.Бельгер туралы жақсы пікір білдірді?
3. Жазушы қандай повесінде неміс баласының соғыс кезіндегі балалық шағын баяндайды?
4. М.Симашконың қандай романы туралы Аллен Боскенің француздың "Фигаро" газетінде (1992) пікірі жарияланды?
5. Симашко қандай повесінде бірінші рет мәңгүрттену тақырыбын көтерді?
6. "Верный қаласында" романының авторы кім?
7. "Бұрқасындатқан қар" шығармасын кім жазды?
8. И.П.Шухов қандай еңбектер жазды?

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан жазушылары. – А.: Жазушы, 1969.
2. "Аргументы и факты", №7, 2000.
3. "Простор" журналы, №5, 1995.
4. Ә. Нурпейісов, Г. Бельгер. Ұлағатты ұстаз // "Казахстанская правда", 16.03.1999.
5. Талант феномені (И.П.Шухов өмірбаянынан). "Простор" журналы, №1, 2002.

XX ғасырдың 90-жылдары жаңа дәуірдің басталуы қазақ әдебиетінің дамуына елеулі өзгерістер әкелді. Қазақстанның егемендігі туралы бүкіл әлем білді. Қоғамның саяси ұйымдарындағы түбегейлі өзгерістер, сөз бостандығы, халықтың өз тарихының аз зерттелген тұстарына қызығуы, қуғын-сүргінге ұшыраған абзал азаматтарымыздың жарияланған өлеңдері – бәрі-бәрі осы кезге төн еді.

Юнеско Халықаралық ұйымының шешімі бойынша дүние жүзінің жұртшылығы қазақ классиктері: Абай Құнанбайұлының, оның ізбасары Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығын (2002 жылы) кеңінен атап өтті. Ғ.Мүсіреповтің шығармалары әлемнің 34 тіліне, соның ішінде француз, ағылшын, неміс, испан тілдеріне аударылды. 200 томдық дүниежүзілік көркем әдебиет хрестоматиясына М.Әуезовтың "Абай жолы" мен Ғ.Мүсіреповтің "Этнографиялық әңгімелері" енді.

Шахановты әлем таныды. Бірнеше халықаралық сайыстардың жеңімпазы атанып, жоғары марапатқа ие болды. Кітаптары бірнеше тілге аударылды.

XIX ғасырда А.С.Пушкин қазақтың "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" халықтық эпосының көркем сұлулығына қызықты. Сондықтанда ол орыс оқырмандарының танысуына жағдай жасады.

Қазақтың белгілі этнографы Ш.Уәлиханов қырғыздың "Манас" эпосын жазып алып, оның айтарлықтай бөлігін орыс тіліне аударды.

Шәкәрім Құдайбердиев өзінің ақын және философ ретінде қалыптасуында ақындардың фольклорлық шығармаларына ғана емес, Шығыс пен Батыстың әдеби тәжірибесіне де сүйенді. Оған Омар Хаям мен Пушкин, Низами мен Толстой сынды классик кемеңгерлері жақын болды. Оның пікірінше, "тарихты өз бойына патриотизм мен басқа халықтарға деген сүйіспеншілікті ұштастырыған суреткер ғана жасай алады". "Адамның қадір-қасиеті қандай ұлтқа жататындығында емес, рухани

қазынаға қандай үлес қосқандығымен көрінеді", – деп өткен Шәкәрім халықтар бірлігін жырлады.

XX ғасырдың 90-жылдары француздар Абайдың қара сөздері мен "Масғұт", "Ескендір" поэмаларымен танысты. Француз Кристиан Висанти қазақтың ұлы ақыны және философының нақыл сөздерінен үзінділер келтіре отырып, Абай сөздері XXI ғасырда да өзекті екенін және оны жастар тәрбиесінде қашанда басшылыққа алуға болатындығын, Абай философиясын қолдана отырып, өз Отанына адал, білікті де талантты мемлекет қызметкерін тәрбиелеуге болатындығын айтып кеткен болатын. Бұл – біздің халық үшін зор мақтаныш.

Дүние жүзі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясы арқылы XIX ғасырдағы қазақ мәдениетімен, тұрмысымен танысты. Әуезовтің көрнекті шығармасы – шағын повесі "Көксеректі" А.Твардовский "Классикалық проза" деп бағалады. Аталмыш шығарма орыс тіліне аударылғаннан кейін барша әлем халықтарына да жетті. Берлинде үш рет басылып шықты.

XX-XXI ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – ВИЧ инфекциясы тақырыбын қазақ әдебиеті де қамтыды. Оған Д.Досжанның "Ине ұшындағы өмір" атты шығармасы дәлел бола алады.

*Жалпы айтқанда, қазіргі қазақ және қазақстандық әдебиет тұрмыс-тіршіліктің рухани көріністерін дәл бейнелеуге үлес қосуда, мұнда әрбір жазушы және ақын өмірді өзінше көрсетумен және көркемдік дарынының бірегейлігімен ерекшеленуде.*

## Әдебиеттану терминдерінің сөздігі

**Айтыс** – қазақ фольклорындағы поэтикалық жанр, суырып-салма ақындардың жыр сайысы.

**Ақын** – халықтың жыршысы. Өз өлеңдерін ақындар шекті аспап домбыраның сүйемелдеуімен айтады. Ақын шығармаларына қарағанда, жыраулар поэзиясы күрделірек болып келеді. Өлең құрылысының өзі жыраулар поэзиясындағыдай күрделі емес. Суырып салма ақындар өлеңді он бір буынды төрт тармақты қара өлең ұйқасымен (а-а-б-а) немесе жеті, сегіз буынды шұбыртпалы ұйқаста шығарады. Айтыс ақындары поэзиясының тақырыптары әр түрлі. Ол тақырыптар күнделікті тұрмыста болып жатқан жаңалықтарды, салт-дәстүрді қамтиды.

**Апокалипсис** – "ақыр заман", әлем мен адам тағдырлары туралы мистикалық әңгімелер мазмұнындағы Библияның бөлімі.

**Әдеби шығарманы мәнерлеп оқудың тілі** – әдеби шығармаларда өмір құбылыстарын, адамдарды, оқиғаны әсерлі жеткізу үшін жазушы троптың түрлерін қолданады. Троп автор тілінің ойы-эмоционалды мәнерін күшейте түседі. Троптың түрлері: метафора, салыстыру, гипербола, ирония, эпитет, т.б.

**Жырау** (жыр сөзінен шыққан – батырлық өлең, жыр мағынасында) – бұл ақын, қазақ ауыз әдебиетінің көне өкілдерінің бірі, өлеңді шығарушы әрі орындаушы. Көшпелі кезеңдерде жыраулар көптеген қоғамдық міндеттер атқарған, батыр, бір рудың көсемі, көшбасшысы болған. Олар жауға аттанар алдында әскерлердің рухын көтерген, хандардың кеңесшісі болған.

**Әдеби шығармалардың идеялық мазмұны.** Автордың суреттеп отырған оқиғаға қатысы, өмір идеалдарының жиынтығы шығарманың тақырыбы мен идеясының тығыз байланысты екенін көреміз. Идеалдарының жиынтығы шығарманың идеялық мазмұнын құрайды.

**Композиция** – шығарманың құрылысы, ондағы бөлімдердің, бейнелердің, эпизодтардың, көріністердің орналасуы мен өзара байланысы. Жазушы мінездер бай-

ланысын, оқиғаның әрбуін, эпизодтардың қолданылу ретін, суреттеулердің, диалогтар мен монологтардың, автордың өз сөзінің орны мен рөлін, шығарманың бөлімдерге, көріністерге бөлінуін ойластырады. Мәтінге лирикалық үзінділер, эпизодтар қосылуы мүмкін.

**Лирика** – көркем әдебиеттегі үш туындының бірі. Эпос пен драмадан айырмасы лирикада белгілі бір өмір құбылысы, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйі суреттеледі.

Лирикалық шығармадағы көтеріңкі эмоционалды мазмұн мәнерлеп оқуды талап етеді. Сондай-ақ, лирикалық шығармада көптеген адамның көкейінде жүретін ақынның жеке толғанысы айтылады, оны поэтикалық күшпен жеткізеді.

Лириканың тақырыптары бойынша бөледі: саяси, философиялық, махаббат және табиғат лирикалары, т.б. Лирикалық шығармалар көп тақырыпты, бір ғана көңіл-күй лирикасының өзінде әр түрлі тақырыпша қамтылады: махаббат, достық, азаматтық сезім.

**Әдеби сын** – әдебиеттанудың құрамдық бөлімі, яғни әдебиет туралы ғылым. Әдеби сын әдебиетті қазіргі кезеңінің дамуы тұрғысында бағалайды, әдеби шығарманы қазіргі заманғы көзқараспен талдайды. Әдеби сын сол даму кезеңінде қоғам алдында тұрған міндеттен туады.

**Әдеби бағыт немесе әдеби ағым.** Жазушыларды идея-талғам қалпы ортақтығына байланысты біріктіреді. Кейде бағыт өте кең көлемдегі түсінік (мысалы роман-тизм), ал ағым – бағыттың ішкі тармағы (азаматтық романтизм) болып түсіндіріледі.

**Әдеби тип** – қоғамдық топтар, халықтар, адамзаттың мінез-құлық, тұрпаты шоғырланған әдеби бейне. Әдеби типтік бейненің жарқын жекелігі мен ортақ мәнділігі өте маңызды: біріншісінен әдеби бейне болмайды, екіншісінен бейненің құны болмаса, оқушының ойы мен жүрегіне жол таба алмайды.

**Әдеби ерекшелік** – автордың әлемге деген өзіндік қарым-қатынасы ашылатын әдеби бейне. Идеал, әсемдік пен мейірімділік туралы ой тек қана жағымды кейіпкер-

лердің бойында емес, жағымсызға жататын әдеби дара-лық та бар, олар да адамдарды оқытып, тәрбиелейді.

**Әдебиеттің халықтығы** – кең көлемді қоғамның рухани ынтасымен, салтымен, демократиялық идеалымен тығыз байланысты шығармашылықтың немесе әдеби шығарманың идеалық-көркемдік құндылығы.

Әдебиеттің халықтығы жазушыға жақын ұлттық мінезбен ғана сәйкестендірілмейді. Тысқары әлемді өз халқының көзқарасымен көрсеткен ақын халықтық боп қалады.

"Әдебиеттің халықтығы" термині халыққа кеңінен тараған әдеби шығармалар, әйгілі мағынасында да қолданылады.

**Образ** – әдебиет теориясындағы басты, анықтаушы түсінік. Образда нақты, жекеленген, солай бола тұра, дәл сол тұрғыдағы тұлғаларды шоғырлаған адам өмірінің суреттемесі. Бір адамның бейнесіне жалпылама мінездеме берілгендіктен, оның тууына жалпы мағынаны күшейтетін әдеби ой да қатысады. Образ жазушының идеал туралы ойынан бөлінбейді.

**Автордың қоғамдық қалпы.** Жазушы шығармасында мінез-құлық құбылыстарын жалпылап, типтендіріп, өзінің шығармашылық фантазиясынан өткізіп алады. Суреттемеге өзінің көзқарасы мен заңдылықтарын айтып, оның қозғалысымен, дамуымен өмірді көрсетуге тырысады.

**Поэма (грек сөзі)** – лирикалық характердегі, ұзақ өлең түріндегі эпикалық шығарма. (С.Сейфуллиннің "Көкшетау" поэмасы)

**Публицистика (латын сөзі)** – бұл қоғамдық өмір құбылыстарын көрсететін, өзекті мәселелерді көтеретін очерктер, мақалалар, сұхбат, алғысөз, мәліметтер, ойтүрткілер, корреспонденциялар, кітаптар. (А.Байтұрсынов тіл, әдебиет туралы мақалалар жазып, публицистика жанрында еңбектенеді).

**Реализм** – өнер мен әдебиеттегі көркемдік бағыт. Реализм ықыласында фактілер, оқиғалар, адамдар, заттармен бірге өмірге лайық заңдылықтар да бар. Реализм

өмірдің тұлғаларын (жағымды да, жағымсыз да) толығырақ алып, сонысымен оқушысының өміртанымдарын толықтырады.

Өмір құбылыстарын таңдау, оны бағалау, оларды маңызды, типтік тұрғыда көрсете білу – барлығы да жазушының өмірге деген көзқарасына, өміртанымдылығына, заманының алдыңғы қозғалысын аулай білуіне байланысты. Шынайылық адам мінезін қоршаған ортаға, әлеуметтік жағдайға байланысты ашады. Қалыптасқан мінез-құлық шынайылығы типтік жағдайдардан туындайды деп түсіндіреді.

Халықтық пен тарихилық – оны басқа әдеби бағыттардан бір қадам алға оздыратын реализмнің маңызды жеңісі.

**Өлең.** 1) прозадан бөлек, көркем тілдің ерекше түрі. Өлеңде бастысы – оның ырғақты құрылуы. Өлең тілінде ырғақ екпінді және екпінсіз буындардың дұрыс кезектесуіне, үзіліс, тармақтың аяқталуы, ұйқасқа байланысты анықталады. Орыс тіліндегі өлеңдерде ырғақты ұйымдастырудың басты принципі өлеңнің құрылысына байланысты.

2) Өлең жолдары. "Стих" сөзінің орнына "Стихотворение" деген сөзді қолдану дұрыс емес. Бірақ көпше түрдегі "стихи" сөзі поэтикалық шығармашылық деген мағынаны білдіреді.

**Тармақ** – бүтіндікті құрайтын өлең тіркесі. Ең шағын тармақ – екі жолды.

**Суфизм** – зияткерлік (интеллектуалды) ислам.

**Толғау** – бұл өлең – ойтолғама, философиялық поэзия – бұл маңызды қоғамдық мәселелерді қозғайтын, өмір мен табиғат құбылыстарынан түсінік беретін жыршы-жыраулардың сүйікті жанры. Арнау өлеңдер, сыңсу, сырласу өлеңдері болған.

Толғаудың өзіндік құрылысы бар. Толғауда өлеңнің дыбыстық құрылымына ерекше мән беріледі, ұйқас, ырғақ сақталады, екпінді буынға көп көңіл бөлінеді.

**Экспромт** – тіл, айтылу және орындалу кезінде, әзірліксіз туындаған өлең, музыкалық шығарма т.б.

**Эпос** (гректің *epos* сөзінен шыққан – *сөз, әңгіме, өлең* мағынасында) – әдебиеттің басты туындыларының бірі.

Эпика жанрының басты түрлері: роман, повесть, әңгіме, новелла, әдеби очерк.

**Эссе** (*француз сөзі*) – сын, публицистика жанры – бір зат, не бір жай туралы алдын ала түсінікті көрсететін прозалық нұсқа.



## Мазмұны

Алғы сөз ..... 3

Кіріспе. "Қазақ әдебиеті тарихы" пәні ..... 17

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ мемлекетігі мәселелері ..... 24

### I ТАРАУ

Көне түркі аңыздары мен мифтері ..... 28

Қорқыт туралы аңыз ..... 33

Әдебиеттегі аңыз-әңгімелер ..... 35

Қырғыздардың аспан денелері туралы түсінігі ..... 39

### II ТАРАУ

Фольклор ..... 43

Тұрмыс-салт жырлары ..... 44

Дидактикалық жанрлар ..... 50

Қазақ халқының ертегілері ..... 54

Эпос ..... 58

Айтыс ..... 68

### III ТАРАУ

Ортағасырлық түркі әдебиеті (X-XII ғ.) ..... 72

Қорқыт ата кітабы ..... 73

Түркі әдебиетінің "алтын ғасыры" ..... 77

Ахмет Иассауи – ақын, ойшыл. Хикметтер ..... 81

Жүсіп Баласағұн "Құтадғу білік" ..... 84

Махмұд Қашқари "Түркі сөздерінің сөздігі" ..... 86

### IV ТАРАУ

XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті ..... 89

Жыраулар поэзиясы. Толғау. .... 89

Асан Қайғы ..... 92

Қазтуған жырау ..... 96

Қадырғали Жалайыр ..... 97

Шалкиіз жырау. .... 100

Бұқар жырау ..... 103

Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) ..... 106

### V ТАРАУ

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті ... 111

XIX ғасырдың II жартысы және XX ғасырдың орыс

классиктерінің шығармаларындағы қазақ тақырыбы ..... 111

Махамбет Өтемісов ..... 118

### VI ТАРАУ

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті ..... 124

Қазақстандағы саяси-қоғамдық

жағдай және оның әдебиетке әсері ..... 124

Шоқан Уәлиханов – этнограф ..... 127

Ыбырай Алтынсарин. .... 131

Абай Құнанбайұлы ..... 134

### VII ТАРАУ

XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет ..... 142

Сұлтанмахмұт Торайғыров. .... 142

Спандияр Көбеев ..... 145

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті ..... 148

Шәкәрім Құдайбердиев ..... 148

Ахмет Байтұрсынов. .... 152

Міржақып Дулатұлы ..... 157

Сәбит Дөнентаев ..... 160

Мағжан Жұмабаев ..... 162

Жүсіпбек Аймауытов ..... 167

Сәкен Сейфуллин ..... 172

Бейімбет Майлин ..... 176

Ілияс Жансүгіров ..... 179

### VIII ТАРАУ

XX ғасырдың 40-60-жылдарындағы әдебиет ..... 188

Жамбыл Жабаев ..... 188

Ғабит Мүсірепов ..... 192

Мұхтар Әуезов ..... 196

Сәбит Мұқанов ..... 201

## **IX ТАРАУ**

Қазіргі қазақ әдебиеті .....	206
Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихи тақырыптың дамуы .....	206
Қазіргі қазақ әдебиетіндегі экологиялық және имандылық мәселелері .....	211
Қазіргі поэзияның мәселелері .....	215

## **X ТАРАУ**

Қазақстан халықтарының әдебиеті .....	223
Қорытынды .....	231
Әдебиеттану терминдерінің сөздігі .....	233

**УМАРОВА Гүлнәр Сидеғалиқызы  
ШАРАБАСОВ Серікқали Ғабдешұлы**

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ**

*Оқулық*

ІЗДІРАС

Қазақстан Республикасының Конституциясы ..... 205

Қазақстан Республикасының Заңдары ..... 206

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен  
Қарарлары ..... 211

Қазақстан Республикасының Әкімдерінің Жарлықтары ..... 213

ҚАЗАҚ

Қазақстан Республикасының Конституциясы ..... 220

Қазақстан Республикасының Заңдары ..... 221

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен  
Қарарлары ..... 222

АМАРОВА Гүлнәр Орманбаева  
ШАРАБАНОВ Сәдуақас Қасымұлы

**ҚАЗАҚ ӨЛІМНІҢ ҚАЗАҚ**

Жауапты редакторы **Айгүл Талпақова**  
 Техникалық редакторы **Раушан Тұрлынова**  
 Көркемдеуші редактор **Жеңіс Қазанқанов**  
 Корректоры **Гүлширан Құлымбетқызы**  
 Компьютерде беттеген **Айгүл Талпақова**

Басуға 28.02.07. қол қойылды.  
 Пішімі 84x108 1/32. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
 Шартты баспа табағы 12,81.  
 Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 44/1844.

ҚАЗАҚ ӨЛІМНІҢ ҚАЗАҚ  
 1778 Жылдан бері А.Ш. ҚАЗАҚ БАСПА А.Ш. 000010  
 ҚАЗАҚ ӨЛІМНІҢ ҚАЗАҚ  
 1778 Жылдан бері А.Ш. ҚАЗАҚ БАСПА А.Ш. 000010

«Фолиант» баспасы.

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды.

010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 87/1